КӘКІМБЕК САЛЫҚОВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ





КӘКІМБЕК САЛЫҚОВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Тоғызыншы том

ЖЕЗКИІК

Әнге оранған өлеңдер жинағы

"Фолиант" баспасы
Астана-2009

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5
С 18

С 18 **Салықов К.**
Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2009.
Т. 9. Жезкиік. *Әнге оранған өлеңдер жинағы.* – 344 бет.

ISBN 9965-35-763-3

48846

Қазақтың көрнекті ақыны Кәкімбек Салықовтың көптомдық шығармалар жинағының тоғызыншы томы болып табылатын бұл еңбекке ақынның өлеңдеріне жазылған әндер топтастырылды. Өленнің шұрайлысы мен шырайлысы ғана сұлу әнге арқау бола алады десек, лирик ақын атанған К. Салықовтың 500-дей өленіне 60-тан астам композитор ән шығарыпты. Олардың көпшілігі халыққа кеңінен танымал болып, жұртшылықтың сүйіп айтар әндеріне айналды. Бүгін қолдарыңызға тиіп отырған жинақ – автордың әнсүйер қауымға деген тағы бір тамаша сыйы.

С 4702250202
00 (05) 09

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-35-763-3 (Т. 9)
ISBN 9965-35-115-5

© Салықов К., 2009
© «Фолиант» баспасы, 2009

ЖЕЗКИІК

Әні Нұрғиса Тілендиевтікі

Жезкиік, біздің жаққа қалай келдің?
Жолымды көлденеңдеп жанай бердің.
Күтпеген қуаныштың хабарындай,
Жалт еткен жанарыңа қарай бердім.

Асықпа, көрейінші жөндеп қана,
Қалайын өзімді-өзім емдеп қана.
Тез өткен кездесуді жалғастырып,
Көп күндер ән салармын сен деп қана.

Құмарым қайта көріп қанар ма екен?
Әл бітіп салқын жүрек жанар ма екен?
Қапылыс әлде біреу атып алып,
Сағыныш әуресіне салар ма екен?

Сұлуды адам жаны қимайды екен,
Беймезгіл еске түсіп қинайды екен.
Жезкиік, сен есіме түскен кезде,
Бір өзім Сарыарқаға сыймай кетем.

АҚЫНДЫҚ ПАЙҒАМБАРЫ – АБАЙ АТА

Әні Нұрғиса Тілендиевтікі

Ақындық пайғамбары – Абай ата,
Айтқаны ақыл-кеңес әрі бата.
Осылай Жамбыл атам бағалапты,
Сыр шертіп, жыр төккенде ағындата.

Қайырмасы:

Ақындық пайғамбары – Абай ата.

Өлеңдей қара сөзі жарасымды,
Терең ой өтті кешіп сан асуды.
Білмейді заты қазақ өнерпаздар,
Абайлық дана жолдан адасуды.

Қайырмасы.

Деместей тірі пенде қалай ұғар,
Нұрлы сөз жан баураған арайы бар.
Қазағым шын бақытты ел екен ғой,
Патшасы ақындықтың – Абайы бар.

Қайырмасы.

1992

ЕРКЕ БАЛА

Әні Нұрғиса Тілендиевтікі

Аспанда самғап қалықташы, еркем,
Жалықпашы жетсең ғарышқа.
Абайдай асқақ шарықташы, еркем,
Еркеле жүрсең де алыста.

Қайырмасы:

Еркелеші маған,
Еркелетсін заман,
Жұлдызым ертерек жайнасын.
Еркелеші күнге, еркелеші гүлге,
Еркелік жоғалып қалмасын.

Болмасын, еркем, болашағың сараң,
Сарғайтпасын арман жоғалып.
Бұйырсын ұшқын Абайлықтан саған,
Қазақшыл әуендер оралып.

Қайырмасы.

Дүлдүлдер өтер өршеленіп өрден,
Ұмтылады төрге бесіктен.
Күтемін сені қиялдаған жерден,
Өкініш өртейді кешіксең.

1992

ӘЙГЕРІМНІҢ ӘНІ

Әні Нұрғиса Тілендиевтікі

Қызығып жерге ай туды,
Сызылып өзен, сай күлді.
Үздігіп бұзбай антымды,
Абайым деймін, Абайым.

Көрмесе болып шерменде,
Сағынып аңсап келгенде.
Ырқына көніп ергенде,
Абайым деймін, Абайым.

Төгіліп сөздің сарасы,
Ән болып көздің қарасы;
Жазылып жүрек жарасы,
Абайым деймін, Абайым.

Өрбісе өсек жаласы,
Сенбеуін жатқа қарашы.
Адамның асыл данасы,
Абайым деймін, Абайым.

Шәрбатқа елтіп күлемін,
Ләззатқа балқып түледім.
Алладан жалғыз тілегім,
Абайым деймін, Абайым.

Жүрекке сәуле құйылып,
Тағдырдан бақыт құйдырып;
Ішімнен үнсіз сиынып,
Абайым деймін, Абайым.

ӘЙГЕРІМНІҢ АЛҒЫСЫ

Әні Нұрғиса Тілендиевтікі

Жұлдыздар көкте жанғанда,
Бұлбұлдар әнге салғанда.
Биледі бойды қуаныш,
Серттескен жерге барғанда.

Таңсығын жүрек жапқанда,
Үмітім шырақ жаққанда.
Тар құшақта көз тақап,
Құлшындым шәрбат татқанда.

Аялап сүйіп алғанда,
Тынысы көкірек жарғанда.
Балқыдым, күйдім, өртендім,
Жеткендей жаным арманға.

Мезетте сүйіп мақтаған,
Теңеу жоқ дәлдеп таппаған.
Шығып та кетпей шыбын жан,
Құдайым қалай сақтаған?

Рахаттан құшақ талғанда,
Ләззатқа құмар қанғанда.
Асқақтап, шалқып, әндеттім:
– Махаббат бар, – деп, – жалғанда!

ӘЛҚИССА

Әні Нұрғиса Тлендиевтікі

Алатау мен сұлу Көкше арасы,
Бәрі тұтас қазағымның даласы.
Сонша жерді сойылымен қорғаған
Бабаларым осал емес шамасы.

Қайырмасы:

Түркі тектес тіліміз,
Қаз дауысты үніміз.

Тайталасып тағдырмен,
Есен қалдық, тіріміз.
Әлқисса, біз қазақпыз!
Дербес елміз, азатпыз!

Бар сырымды байқа менің көзімнен,
Жарқ етеді ақ боталы боз інген.
Сұңқар сүйгіш, тұлпар сүйгіш қазақпыз,
Кең даласын Алтын Орда сезінген.

Қайырмасы.

Байтақ дала, ұлы дала – мекенім,
Қасиет қонсын жалғасындай Меккенің.
Сыртқы жаудан, ішкі даудан сақтасын,
Сонда аңсаған арманыма жетемін.

Қайырмасы.

АҚ ТЫРНАЛАР

Әні Еркеғали Рахмадиевтікі

Барады аспандатып ақ тырналар,
Тізілген бұлт төсінде ақ сырғалар.
Кетті ғой жылы жаққа жаутаң қағып,
Ғаламат жер бетінде таптырмаған.

Қайырмасы:

Ах-ау, ақ тырналар,
Ақ сырғалар!
Тұңғыш сезім,
Мөлдір кезім,
Толды ғой ақ сырғаға екі көзім.

Кең сайда ойнаушы еді лала гүлдей,
Кеткенін қалды-ау туған дала білмей.
Алыстан ғашық әнін естігенде,
Жүрегім лүпілдейді бала күндей.

Қайырмасы.

Жан зекет сыйлы күндер көрген едім,
Сездім ғой қимай қанат сермегенін.
Тағдырдың жүйрік жүрек бере салып,
Қарашы ұшар қанат бермегенін.

Қайырмасы.

1976

СӨЙЛЕЙДІ ТАҒДЫР СОНДАЙДА

Әні Еркеғали Рахмадиевтікі

Сағынбай көңіл толғай ма?
Толғанбай қиял торлай ма?
Махаббат дерті ой қозғап,
Сөйлейді тағдыр сондайда.

– Ауылға жетер жол қайда? –
Дей қалшы ұшқан торғайға.
Шырылдап саған тіл қатар,
Сөйлейді тағдыр сондайда.

Еленděп көңіл болжай ма,
Аңсаткан арман ол қайда?
Дос деген адам қас болып,
Сөйлейді тағдыр сондайда.

Жезкиік қайда, мен қайда?
Кездесу шаттық жолдай ма?
Ұшарға қанат таба алмай,
Сөйлейді тағдыр сондайда.

Қиялға қыран қонбай ма?
Алыстан шолсам болмай ма?
Ел мұңы естен бір кетпей,
Сөйлейді тағдыр сондайда.

1988

СӘКЕН АҒА

Әні Еркеғали Рахмадиевтікі

Сұңқарлық пен сұлулықты жалғаған,
Сендей асқақ, Сәкен аға, бар ма адам?!
Тайғақ кешу бас құрбаны болмасаң,
Есіміңді білер еді-ау бар ғалам.

Қайырмасы:

Аңсағандай аңыз-арман асылың,
Қандай ару демес сені ғашығым?
Жігіттіктің қыраны едің ақиық,
Ақындықтың бастадың бір ғасырын.

Сені атамай бітпес көңіл дауасы,
Сенсіз қазақ толмас өнер сабасы.
Саған мәңгі алғыс айтар сексен көл,
Көкшетаудың орман, тоғай, даласы.

Қайырмасы.

Өрде киік өтсе сені еске алар,
Бір көрем деп қимай қарап көз талар.
Әсем әнің тау жаңғыртып, ел кезіп,
Жүрді сенен болмағанда еш хабар.

Қайырмасы.

Байтақ елдің дербестігі – ұраның,
Ар-намыстың жақтың өшпес шырағын.
Терезесі теңдес ақын болса да,
Өзгелерден биік самғар бір әнің.

Қайырмасы.

1994

ӘЛДИ ЖЕҢГЕМ

Әні Еркеғали Рахмадиевтікі

Жеңеше, әлдилеген әнің қандай?!
Ай толқып, жұлдыз естен жаңылғандай.
Аңсаған сәби әуен сүйсіндірді,
Жарылқап жан шырағы жағылғандай.

Қайырмасы:

Бал құндаққа батайын,
Бөбек болып жатайын.
Ұмытайын өмірді,
Жұбатайын көңілді,
Салшы, жеңгем, әлдиге,
Әлди жеңгем, әлдиле.

Тапқандай ынтық көңіл азық гүлін,
Қайталап «әлди» күтсем жазықтымын.
Әуелеп әсем әлди сездіреді,
Тіршілік таңғажайып нәзіктігін.

Қайырмасы.

Әлемді ән аялап, күй жайлаған,
Мамыражай тәтті өмірді қимайды адам.
Айлы түн, ауыл кеші шақырғандай,
Астана ауасына сыймай барам.

Қайырмасы.

1989

ЕСКЕ АЛАЙЫҚ

Әні Еркеғали Рахмадиевтікі

Тында, қалқа, шын құмарта,
Жаңа әнімді нәресте.
Құрдастарды, шын достарды
Сағындырып сал еске.

Бірге жүрген баяғы,
Қайда достар саяғы?

Көңіл аусын,
Тусын маусым,
Жаным құштар елеске.
Балғын шағым,
Мөлдір сағым,
Көрінер сол кеңесте.
Отырайық ән салып,
Ата-ананы еске алып.

Нәр алыппыз,
Жаралыппыз,
Ауыл берген батадан.
Мәңгі бірге,
Бұзбас ірге,
Қалған мирас атадан.
Отырайық ән салып,
Ағайынды еске алып.

Туған далам,
Ата-анам,
Естен мәңгі қалған жоқ.
Жол пішемін,
Сол үшеуін
Риза етсем арман жоқ.
Ұшсам қанат талмайды,
Туған жер естен қалмайды.

1993

АҚҚУДЫҢ КӨГІЛДІРІ

Әні Еркеғали Рахмадиевтікі

Мен көрдім сыңар аққу көгілдірін,
Өзгертті құс-періште өмір нұрын.
Ару құс ғашық назын әуелетсе,
Балауса жас күнімдей төгілді үнім.

Қайырмасы:

Қалқиды аққу көгілдір,
Жүрегім – толқын, өмір – гүл.
Жастық шақ қайта оралған,
Не деген ғажап өмір бұл?!

Ұлытау жайбарақат көре бермей,
Тербелді Би-Фатима жебегендей.
Жас аққу жақын келіп құшақтасты,
Сүйістік Қыз Жібек пен Төлегендей.

Қайырмасы.

Жайнады бір көруді несіп етіп,
Ойнады құс қамысты кешіп өтіп.
Салды ғой салтанатты саңқылына,
Білген соң кім тұрғанын есі кетіп.

Қайырмасы.

Жас аққу елестейді өзің болып,
Сенемін, сенбеймін де көзім көріп.
– Талай жыл қайда жүрдің, ақ періштем? –
Дей бердім сәлемдескен сөзін бөліп.

Қайырмасы.

1993

ҚҰДАША НЕШЕ ЖЫЛДЫҚ БОЛАДЫ ЕКЕН?

Әні Еркеғали Рахмадиевтікі

Той келді ауылымды шарықтатқан,
Күн туды бал шәрбатты қанып татқан.
Жас отау шаңырағы берік болсын,
Қазақтың бір түндігі анықтатқан.

Құдағи, құдашалар қонақ екен,
Бәрін де құшағыма орап өтем.

Құданы мың жылдық деп ел атаса,
Құдаша неше жылдық болады екен?

Ән салсам құдағиды таңдандырып,
Елінде жүрсін бізді арман қылып.
От құшақ, ұшқыр бидің қызуымен,
Бастарын жіберейік айналдырып.

Аймақты ақ дидарың нұрландырып,
Құдаша, кейпің ғажап тұрған күліп.
Мың алғыс айта берем, арнай берем,
Қоймаса құдай сені бұлдандырып.

ОСЫНАУ ӘНГЕ САЛҒАЙСЫҢ

Әні Еркеғали Рахмадиевтікі

Жол түспей бізге жалғанда,
Жан-жаққа кеттік арманда.
Осынау әнге салғайсың,
Есіңе мені алғанда.

Елестеп көрсең алданба,
Кездесу күтіп қамданба.
Осынау әнге салғайсың,
Жабырқап жалғыз қалғанда.

Өртеніп лаулап жанғанда,
Сарғайып дерттен талғанда;
Осынау әнге салғайсың,
Көзіңнен маржан тамғанда.

Барамыз ұзап әр маңға,
Тағдырға қатал таңданба.
Осынау әнге салғайсың,
Сағыныш жүрек жарғанда.

1990

АҚАН СЕРІ

Әні Еркеғали Рахмадиевтікі

Ұқсаған тұлпарға да, сұңқарға да,
Болғаны қандай жақсы атаң дана?!
«Бір сырлы, сегіз қырлы» бар қазақта,
Атасы серіліктің – Ақан ғана.

Сұлу саз, асыл жырдың аққан селі,
Кемеңгер әншіліктің ақтангері.
Саятшы, бапкер, ұстаз, ел ағасы,
Жан досы Құлагердің – Ақан сері.

Жын емес, пері де емен тақсыр күлген,
Тозған ел дүлдүлі еді бапсыз жүрген.
Жасқантқан Жәңгір ханды Исатайдай,
Сарыарқа патшасы еді тақсыз жүрген.

Аспанда шарықтаса «Қараторғай»,
Сырымбет сырласады дара толғай.
Дүниеден Құлагермен Ақан өтіп,
Қызыққа қалды біздің дала толмай.

ТІРШІЛІККЕ ҚҰШТАРЛЫҚ

Әні Еркеғали Рахмадиевтікі

Үйқым сергек, күлкім аз осы күнде,
Шошыну жоқ селк етер тосын үнге.
«Жаспын», «жаспын» дегенге жасармайсың,
Көп құбылмай, құрбым-ау, қосыл бірге.

Балғын кезім, бал сезім елес берді,
Көзге оралтты айшуақ белестерді.
Еске алайық ақ қайың, ақ сүт өмір,
Жан шырағы жағылған кеңестерді.

Көзім шалса құлшынар менің жаным,
Ақ дидарың көркейтті өмір сәнін.

Тіршілікке құштарлық қайдан десем,
Ол – осынау жалғанда сенің барың.

Асау жастық қайыра орнайтындай,
Тайпаламын мәреде жорға атындай.
Бойым қызып, мәз болам жұбанышқа,
Ойым қызық өлім де болмайтындай.

1992

СҮЙШІ, СҮЙШІ, ЕРІНБЕ

Әні Еркеғали Рахмадиевтікі

Мен саған ғашық едім, білесің бе?
Түсіме таң мезгілде кіресің де...
Оятқан тұңғыш сезім жылы жүзің,
Жол ашқан шамшырақтай жүр есімде.

Қайырмасы:

Келші, келші, керілме,
Сүйші, сүйші, ерінбе.
Сыймай тұр ғой сағыныш,
Жанарыңа сенің де.
Сүйші, сүйші көз ілмей,
Сүйші балғын кезіңдей.

Не деген келбетіңнің оты керім,
Жаныңның жасырмайды не тілерін.
Сағынып, аңсап, сусап кездескенде,
Жарылып кетер ме екен көкірегім?!

Қайырмасы.

Көркейткен ақ желкендей көк теңізді,
Жайнатты ақ дидарың өшкен ізді.
Сан жылдар кездестірмей көңіл жыққан,
Тағдырға кешірейік өкпемізді.

Қайырмасы.

1994

САҒЫНТПА

Әні Еркеғали Рахмадиевтікі

Көбейсін ғашық жүрек шат күндері,
Азайсын сағыныштың ақ түндері.
Ашылсын кездескенде айдың жүзі,
Басылсын баяғының салқын желі.

Қайырмасы:

Сағынтпа,
Сағынта көрме, сағынтпа.
Мен саған әлі керекпін,
Сен маған мәңгі керексің,
Сағынтпа, қалқам, сағынтпа!

Балалық бар қызығын қайталайық,
Жоғалған көп жылдарды қайтарайық.
Үздіктім үніңді аңсап, келші бермен,
Менде жоқ бір өзіңе айтар айып.

Қайырмасы.

Аңсатқан әр сағаттың сұрақ бәрі,
Сарғайтты сағыныштың сынақтары.
Жарқ етші көз алдымда еркеленіп,
Лауласын ғашық жүрек шырақтары.

Қайырмасы.

ЖАСА, БІЗДІҢ ҰЛЫТАУ!

Әні Еркеғали Рахмадиевтікі

Кең, дархан етегіңді, Ұлытауым,
Жайлапты қазақ деген ұлы қауым.
Еліме егемендік ерік берсе,
Әнге орап баурайыңды жылытамын.

Қайырмасы:

Киікті жер – киелі,
Ұларлы жер – ұлағатты.
Кең даланың кіндігі,
Арманы – елдің бірлігі,
Абылай конған асыл бел,
Жаса, жаным ғашық жер!

Төсіңнен тұғыр тапқан мың арысым,
Ұлытау – байтақ дала тұмарысың.
Жау келсе ата-бабам ту тіккен жер,
Тойлайық егемендік қуанышын.

Қайырмасы.

Өзіңдей қасірет кешкен сынап қайғы,
Өзге тау бар қазақты жұбатпайды.
Ел сыйлап «қасқа жол» мен «ескі жолды»,
Жаңа жол бағытында тұрақтайды.

Қайырмасы.

1992

САРЫАРҚА

Әні Еркеғали Рахмадиевтікі

Сарыарқа – сайын дала даңқың асқан,
Аққу-қаз айдын көлде мауқын басқан.
Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай
Сайрандап, сал-серілік салтын ашқан.

Қайырмасы:

Туған ел жайлап
Жатырсың жайнап,
Сарыарқа – алтын аймақ.
Ақбөкен көшкен,
Самал жел ескен
Сағынтқын кетпей сен естен.

Көкшетау, Баянауыл, Қаркаралы,
Ақ маржан аспанынан ән тамады.
Сексен көл сырнай-керней қарсы алғанда,
Адамның аялайды аңсағаны.

Қайырмасы.

Жамылған торғын тоғай киелі өлкем,
Табылмас жер ғажабы сенен көркем.
Құба бел қыз төсіндей жан баурайды,
Құлагер құс қанатты жүйткіп өткен.

Қайырмасы.

Атағың Абылай қонған дастан-аңыз,
Жалғасты дербес елде салт-санамыз.
Есілге Алатаудан ел көшкендей,
Төсіңде құлаш жайды Астанамыз.

Қайырмасы.

20.02.2004.
Астана – Алматы

АҚҚУЫМ, ОРАЛДЫҢ БА АЙДЫНЫҢА?

Әні Кенжебек Күмісбековтікі

Бар еді тату күндер аққуды өпкен,
Барады баурап үні «Гэккулеткен».
Сарыарқа сырнайлатқан сәні келді,
Жыл құсы жылы жақтан аққу жеткен.

Қайырмасы:

Аққу-қаздар саңқылдайды,
Көлде құстар ән тыңдайды
«Гэккулеткен»,
Осы екен ғой біздің көлге аққу жеткен.

Ғаламат көзге алыстан көрінгенің,
Айдынның жан саяхат төріндемін.

Махаббат қуанышқа шомылғанда,
Көрдің бе ән нөсері төгілгенін?

Қайырмасы.

Табиғат дәру екен қайғылыға,
Сыр айтам сен келер деп ай нұрына.
Аңсатқан ауыр күндер ұмыт болып,
Аққуым, оралдың ба айдыныңа?

Қайырмасы.

Қуансам бақытыма тап болардай,
Толғандым ару құска ат қоя алмай.
Ей, қалқа! Таң мезгілде сырласайық,
Толқынға тербетіліп жатшы оянбай.

Қайырмасы.

ҚҰС БАЗАРЫ – ҚОРҒАЛЖЫН

Әні Кенжебек Күмісбековтікі

Қазақтың құс базары Қорғалжында,
Күн сүйген күміс көлдер толған нұрға.
Аққудың аққу сүйіп омырауын,
Таратты қоңырауын орман-нуға.

Қайырмасы:

Құс базары құлпырған,
Толқып жатыр ынтық ән.
Келші, қалқа, бермен кел,
Сүйісіп жатыр көл мен көл.
Жарқ еткенін жанарың,
Бір көргім кеп барамын.

Сайраған шымқай ғашық үнін терем,
Сағынған бала күнді сырым терең.

Құс әні, көл жағасы қызық еді-ау,
Бетіңнен мың сүйгенім білінбеген.

Қайырмасы.

Аққулар көз қиығын ұзатпастан,
Айтады біздер жайлы ұзақ дастан.
Есіме түсіп кетті албырт кезім,
Құстарға қарай-қарай құшақтасқан.

Қайырмасы.

Саумалкөл мөлдіріне тұнып тұрған,
Қоңыр қаз қонар ма екен қызықтырған?
Аңсадым жаным құштар сол мезетті,
Өмірдің мұң мен зарын ұмыттырған.

Қайырмасы.

1993

АСҚАҚТАСЫН АСЫЛ ӘН

Әні Кенжебек Күмісбековтікі

Жеке-дара көрінгендей шын тұлпар,
Бұлт төсінде жарқ еткендей бір сұңқар.
Ақ дидарың көз алдымда елестеп,
Әнім келді қуанғанда бір шырқар.

Қайырмасы:

Сыбырласар, сырласар,
Бір көргенде мың жасар.
Асқақтасын асыл ән,
Жаным менің ғашық ән,
Сағынғанда бір басар.

Терісқақпай шертіп, қағып үн жасар,
Кел, домбыра! Кезек жетті сырласар.
Аққулардай айдын көлді толқытқан,
Әнім келді жан құшағын бірге ашар.

Қайырмасы.

Кел, домбыра! Тық-тық басып шапшаңда,
Не бітеді сенсіз уақыт шашқанда?
Бірге оралып келер ме екен құстармен,
Ғашық әні естіледі аспанда.

Қайырмасы.

1974

ДҮЛДҮЛДЕРДІҢ БІРЛІГІ

Әні Кенжебек Күмісбековтікі

Отты жыры дүлдүлдерден нәр алған,
Мұң мен зары кетпес ойлы санаңнан,
Ақан сері, Құлагермен қазақта,
Бір ақын бар жаны бірге жаралған.

Қайырмасы:

Ол – ардақты Ілияс,
Ол – Ақанның үні жас.
Құлагер – достық шырағы,
Құлагер – бірлік пырағы.
Дүлдүлдердің бір болады-ау қашанда,
Туған елдің жүрегінде тұрағы.

Бәйге өрінде оқтай зулап аққанда,
Қылаң емес, баран оза тартқанда,
Бір ақын бар еске түсер бейнесі,
Жас Құлагер сәт жұлдызын жаққанда.

Қайырмасы.

Жазатайым жығылса бір сәйгүлік,
Күн күрсініп, толғанады ай біліп.
Қай сайыста іздесең де піріңді,
Бір ақынды есіңе тез ал, жігіт.

Қайырмасы.

КӨКШЕТАУ – ДАРХАН, ДУМАН ЖЕР

Әні Кенжебек Күмісбековтікі

Тау жетпес Көкшетауға жер бетінде,
Сөз жетпес теңеу болар келбетіне.
Саясы сексен көлдің жаралыпты,
Жүректің жұқа жерін емдетуге.

Қайырмасы:

Даналар елі,
Құлагер өрі,
Абылай алаң құрған жер.
Көгілдір көркем,
«Гәккулі» өлкем,
Көкшетау дархан, думан жер.

Көк мұнар көсем таулар кербез, асқақ,
Ту тіккен бар қазаққа ұран тастап.
Оқжетпес, Сырымбеттер туған екен,
Өтуге сұлулықтың көшін бастап.

Қайырмасы.

Қазақтың тарихы бар ән тасында,
Жаңғырды Ақан әні жартасында.
Жалындай Құлагердің желкілдейді,
Көшкен бұлт көкшіл таулар алқасында.

Қайырмасы.

1992

САҒЫНЫШ САЗЫ

Әні Кенжебек Күмісбековтікі

Ән салма, қалқам,
Ауылды аңсап мен барда.
Онсыз да болам,
Өзімнен-өзім дел-сал да.

Аз ғана күндер
Аңсамай жүрген болайын,
Онан да менің
Көңілімді, сәулем, сен де алда.

Көре алмай қалдым
Биылғы жылдың көктемін,
Аққуға аққу
Махаббат нұрын төккенін.
Ақ құба қыздың
Ақ маралдай керіліп,
Сағынып кеттім
Жанары жайнап өткенін.

Жусанның иісін
Сағындық шыққан бұркырап.
Құлыншақ әні
Жайлауда қалды-ау шұрқырап.
Құштарлы жерден
Қияға қалай ұштым деп,
Жүректің шетін
Өкініш кетті-ау жұлқылап.

Көкседі жаным
Сандуғаш салған көп үнді.
Сағынған сәтте
Көп үннен сәуле төгілді.
Оралып көзге
Анамның асыл бейнесі,
Жұқарған жүзі,
Жүректі тербеп көрінді.

БЕУ, АҚМОЛА – АСТАНА!

Әні Кенжебек Күмісбековтікі

Аққу қонған ақ көлдер сырнайлатып,
Самалына Сарыарқа күй байлатып;
Көшіп жатыр астана Ақмолаға,
Ерке Есілдің жағасын мың жайнатып.

Қайырмасы:

Құтты болғай,
Мықты болғай,
Қайта туған жас қала.
Түрлене бер,
Гүлдене бер,
Беу, Ақмола – астана!

Дабылынан азаттшыл жаңғырықтың,
Қайта туды қазаққа жаңғырып күн.
Дербес елім жарқ етіп шыға келді,
Даңғылына жол салып мәңгіліктің.

Қайырмасы.

Әлдеқалай түспейді адасып нұр,
Ақ тілек пен болашақ санасып тұр.
Тұтастығын сақтауға байтақ елдің,
Ақмолаға ақ орда жарасып тұр.

Қайырмасы.

1996

СЕРІ КҮНДЕР, ҚАЙДАСЫҢ?!

Әні Кенжебек Күмісбековтікі

Сағынышым жүрегіңді жайласын,
Сандуғаш боп көкірегіңде сайрасын.
Құрбылармен құлын-тайдай тебіскен,
Сайраны мол, сері күндер, қайдасың?

Зымырайды уақыт тыным ала алмай,
Тебіренемін жан тыныштық таба алмай.
Тербетеді, тілдеседі домбыра,
Қайран жастық қайтып келер хабардай.

Жылдар жылжып бара жатыр әріге,
Артта қалды кешегінің бәрі де.
Маң бәйбіше жұбайларды қыздар деп,
Өзімізді жұбатамыз әлі де.

ЕЛ ШЕТІНДЕГІ ЕЛЕСТЕР

Әні Кенжебек Күмісбековтікі

Жасымнан жан сарайын алаулаған,
Көлдері Қорғалжынның жалау маған.
Шоқ қайың, күрең жартас жарқ еткенде
Елестеп кетті талай қалаулы адам.

Қайырмасы:

Бел-белеске қарасам,
Ұққан сырым орасан.
Жауды жеңіп тоқтаған,
Тауды бабам деп қалам.
Өнер төрі дарынды ел,
Барыңды айтты сағым бел.
Сыбырлайды әжемдей,
Сарыарқада самал жел.

Көңілдің көзін ашып сымбаттаған,
Туған жер, әр дыбысың қымбат маған.
Кезім жоқ сайда бұлбұл сайрағанда,
Рәбиға ән салғандай тіл қатпаған.

Қайырмасы.

Сары бел, күміс көлдер бар айналам,
Жарқырап көз тартады шарайнадан.
Үкілі Ыбырай мен келе жатқан
Ілияс күйші ме деп қарай қалам.

Қайырмасы.

Әндетіп Балуан Шолақ серіменен,
Қосылып кербез дала желіменен;
Алыстан Дәулет күйші аңыратты,
Қобызы боз інгендей еңіреген.

Қайырмасы.

ДҮНИЕДЕ МЕН СҮЙЕТІН БІР АДАМ БАР

Әні Әсет Бейсеуовтікі

Достарым, не болғанын сұрамаңдар,
Шалқысам, шарықтасам сынамаңдар.
Жүрегім еріп кетті,
Ерік кетті,
Дүниеде мен сүйетін бір адам бар!

Достарым, аты-жөнін сұрамаңдар,
Кеудемді кернеп жүрген бір-ақ ән бар.
Жүрегім балқып кетті,
Шалқып кетті,
Дүниеде мені сүйген бір адам бар!

Достарым, сынамаңдар, сұрамаңдар,
Күтеді екеумізді гүл алаңдар.
Сөзімнің жалғаны жоқ,
Арманым жоқ,
Дүниеде мен сүйетін бір адам бар!

1954

ҚАЙДАСЫҢ, ҚАЙРАН, АЛҒАШҚЫ?

Әні Әсет Бейсеуовтікі

Ауылдың шетін аралап,
Көктемім, күзім жалғасты.
Жастық шақ берген аманат,
Қайдасың, қайран, алғашқы?

Балдырған сезім ұялшақ,
Бетінде жалын жандырған;
Қайда екен сол бір құмар шақ,
Есімнен лебің тандырған?

Шырайлы жүзің жаққан нұр,
Қыз-қиял іңкәр балапан.
Қызуын әлі сақтап жүр,
Мойныңа тиген алақан.

Жүгіре басқан келді еске,
Көлеңкең күміс айдында.
Аялап сүйдің сол кеште,
Құлшынып құшақ жайдың да.

Қиыла қарап қиғаш қас,
Күткендей сәтті жол тілеп.
Құлыншақ білек, қолаң шаш,
Өтеді көзден желбіреп.

Сағыныш бойға әл берген,
Салады еске салмасты.
Талмаурап тәтті таң көрген,
Қайдасың, қайран, алғашқы?

1990

АБАЙ ӘНІН ҚЫЗ АЙТТЫ

Әні Әсет Бейсеуовтікі

Таңғажайып мөлдір, таза көктемде,
Келуші едік көк көрпелі бөктерге.
Сонда ақтарды ақ тілегін жас жүрек,
Ақ тамақтан сүйгім келіп кеткенде.

Қайырмасы:

Көп шыдауға қалжырап,
Сүйгім келсе қазір-ақ,
Абай әнін қыз айтты,
Сабыр қыл деп азырақ.

Сүйдім беттен, улы шәрбат тарады,
Қара көзден мөлдір моншақ тамады.
Қуаныштың жарқ еткенін көргенде,
Құшақтағым келіп әуре салады.

Қайырмасы:

Көп шыдауға қалжырап,
Құшақтар ем қазір-ақ,

Абай әнін қыз айтты,
Сабыр қыл деп азырақ.

Болды аймаққа хикаямыз жария,
Қос жағаны қайта қосар дария.
Қолқа салып қаракөзге жалындым,
Көп кешікпей құрайық деп жанұя.

Қайырмасы:

Көп шыдауға қалжырап,
Қосылар ем қазір-ақ,
Абай әнін қыз айтты,
Сабыр қыл деп азырақ.

1994

АДАМДАР, АҚҚУЛАРДЫ АТПАҢДАРШЫ

Әні Әсет Бейсеуовтікі

Аққу құс айдын көлді паналайды,
Қарайды бермен қарай, қарамайды.
Көлді емес, қамысты емес, құрақты емес,
Ол менің жүрегімді аралайды.

Құс қайда аққуға тең келетін,
Кезім көп әніне жан тебіренетін.
Адамдар, аққуларды атпаңдаршы,
Көрмейік ару құсты көлде жетім.

Мамық төс, ақ тамағы бұлғақтайды,
Маңайды көзбен шолып тіл қатпайды.
Адамдар, аққуларды атпаңдаршы,
Патшасын сұлулықтың кім сақтайды?

Аңсаймын, асыл құсқа асығамын,
Орнайды онсыз жерде басыма мұң.
Адамдар, аққуларды атпаңдаршы,
Жеткізсін мәңгілікке ғашық әнін.

1975

АРАЛ КЕУІП БАРАДЫ

Әні Әсет Бейсеуовтікі

Қара көзі жер-көкті біріктіріп,
Жүруші еді қамысқа киік кіріп.
Көлде ойнайтын нән жайын, ақ сазандар,
Кетті көзге сағыныш үйістіріп.

Қайырмасы:

Арал кеуіп барады, Арал кеуіп!
Марал кеміп барады, марал кеміп!
Болашақтан ұят қой, бау, жарандар,
Кетті дейді-ау бұл жерге адам келіп.

Құрып кетті талай жыл еткен талап,
Қиындыққа кездестік текше қабат.
Теңізді іздеп өзендер шұрқыраса,
Арал жатыр әлсіреп көкке қарап.

Қайырмасы.

Құм ойнады. Өзгерді түріміз де,
Үздік-создық шығады үніміз де.
Арал құрғап барады бау, замандас!
Бір амалын жасайық тірімізде.

Қайырмасы.

1983.
Мәскеу

МАҒЖАН НАЗЫ

Әні Әсет Бейсеуовтікі

Кер заман, салдың талай амалыңа,
Жаза алмай жүрміз ескі жараны да.
Баладай отпен ойнап, шоққа күйген,
Түсірем дейсің тағдыр табанына.

Қазағым, көне берме осындайға,
Момындық ұрындырар тосын жайға.
Тірі жан қанша берік болса-дағы,
Жазықсыз ит қорлықтан шошынбай ма?

Аруақты көтеріңдер төбе, төрге,
Ағыбай бата берер өжет ерге.
Хан десек күндей айқын Абылайды ал,
Науанды Кенекемнен бөле көрме.

Кейде өмір келтірмесе тілдесуге,
Төгіліп-шашылды ғой нұр төзімдер.
Түбі бір, түркі тектес Тұран елін,
«Мін болды-ау» шақырғаным бірлесуге.

1992

КӨКАРШЫН – ҚАЗЫҒҰРТТЫҢ ЕЛТАҢБАСЫ

Әні Әсет Бейсеуовтікі

Көкаршын, құстың асыл серкесі едің,
Сен бердің жерге тірлік, елге сенім.
Топан су қаптағанда барлау салған,
Қолында Нұх пайғамбар еркесі едің.

Елге аян – Қазығұртта кеме қалған,
Пайғамбар сен айтпасаң неге барған?
Көкаршын, қазағымның алғысын ал,
Құтқарып топан судан жебеді Аллам.

Көрінген су бетінде жалғыз арша,
Шіркін-ай, белгі берді саған қанша?!
Көкаршын, Қазығұртта Елтаңба бол,
Тіршілік енді қайта жаралғанша.

1992

ҚАСКЕЛЕҢДЕ ҚҰДАША

Әні Әсет Бейсеуовтікі

Келемін құданы іздеп Қаскелеңге,
Басамын жаным құштар жақсы өлеңге.
Қыз-қыркын көлде құстай қаулап жатыр,
Қуандым бас құдашам жас дегенге.

Қайырмасы:

Қаскелеңде құдашам,
Мен шыдармын сынасаң.
Көп ішкізсең қақпалап,
Мас қылмайды ақ шарап.

Жыға алмайсың аспенен,
Жал-жаялы баспенен.
Мені жықсаң, жығарсың,
Серпіп қалған қаспенен.

Келемін көп қарайлап Қаскелеңге,
Қорықпаймын құдаларым сақ дегенге.
Той болса алтын-күміс аптасады,
Тұрса да мың тексеріс қақ төбеңде.

Қайырмасы.

Құдаша, тамашаға сенесің бе?
Қаскелең десе тұрсың сен есімде.
Ақ желкен аясында кездесерміз,
Құдалық деген дария кемесінде.

Қайырмасы.

1992

ОРАЛШЫ, АҚҚУЛАР – АРУЛАР

Әні Әсет Бейсеуовтікі

Қайдасың, қайдасың,
Былтырғы сырнайлы саңқылдар?
Саңқылда, сәулем-ау,
Құштарлық маздатқан шалқу бар.
Көк майса жұпары аңқиды,
Жер-көкте толқу бар, балқу бар.
«Гәккушіл», аққушыл тосады ауылдар,
Оралшы, аққулар – арулар.

Үніңе үздіксем
Көкірек көксеген дәру бар.
Келіңдер, келіңдер,
Шаттансын достарың зәру, зар.
Жер-ана гүл шашты өңірге,
Көңілде арманшыл ағын бар.
Үмітін үзбейді сағынған ауылдар,
Оралшы, аққулар – арулар.

Көркіңе құмартсам
Қоскөлдің жағасын тамсантқан.
Ғашыққа жан пида
Сезімтал мінезің аңсатқан.
Біздің ел аққуды атпайды,
Атқанын табиғат қақсатқан.
Қарсы алар айдын көл, құт мекен ауылдар,
Оралшы, аққулар – арулар.

1980

АҢСАДЫМ

Әні Әсет Бейсеуовтікі

Ақ марал едің пәк жаның,
Кездеспей көптен шаршадым.
Өзіңдей аппақ гүл көрдім,
Лапылдап тұрған ақ жалын...
Аңсадым.

Түбінде жалғыз аршаның,
Сайрады құстар таң сарын.
Ақ тоты ғажап үзілтті,
Тебірентіп бүкіл жер шарын...
Аңсадым.

Көбейтіп көлдің мұң-зарын,
Іздей ме аққу жан-жарын?
Еріксіз бірге қосылып,
Аққуға ауды аңсарым...
Аңсадым.

Шыдармын дейсің канша күн,
Үздікті жүрек, хал шағын.
Сұраймын сені келсе кім...
Арнаймын сәлем барса кім...
Аңсадым.

1992

БІР ТАМАША ӘН ҮШІН

Әні Әсет Бейсеуовтікі

Арманым қырдан қашқан киік екен,
Махаббат тақ пен төрден биік екен.
Ай, аспан алты айналып кетсе-дағы,
Мен сені өмір-бақи сүйіп өтем.

Қайырмасы:

Көрдім ғажап көркіңді,
Жан жүрегім серпілді,
Жойдың ескі дертімді.
Бердім соның бәрі үшін
Бір тамаша ән үшін
Бесті асаудай еркімді.

Тірі жан сұлулыққа таңғалады,
Таңғалса із тастайды жан талабы.
Хан да өтер, хазірет те өтер, біз де өтерміз,
Ұрпаққа сәлем айтып ән қалады.

Қайырмасы.

Әніңе көкей тескен қана бердім,
Жұмағын бұл жалғанның жаңа көрдім.
Тозаққа тірі тастап жіберсе де,
Келіп тұр тап қасында қала бергім.

Қайырмасы.

Наз қоңыр, нұрлы шуақ әнің қандай,
Жүруші ем бал-шәрбатқа шөлім қанбай.
Жанымды бота көзің баурап кетті,
Есімнен біржола жаңылғандай.

1994

БІЗ – ҚАЗАҚПЫЗ, АЗАТПЫЗ

Әні Әсет Бейсеуовтікі

Сұлу Көкше, өр Алатау арасы,
Бәрі тұтас қазағымның даласы.
Сонша жерді сойылымен қорғаған
Бабаларым осал емес шамасы.

Қайырмасы:

Түркі тектес тіліміз,
Қаз дауысты үніміз.
Өшіп кетпей жер-көктен,
Көшіп жүріп ержеткен,
Қыран мінез қазақпыз,
Біз – қазақпыз, азатпыз.

Бар сырымды байқа ойлы көзімнен,
Елестейді ақ боталы боз інген.
Сұңқар сүйгіш, тұлпар сүйгіш бабамыз,
Кең даласын Алтын Орда сезінген.

Қайырмасы.

Ұлан-ғайыр, байтақ атамекенім,
Көз тартады кең жазира екенің.
Сырткы жаудан, ішкі даудан сақтасын,
Сонда аңсаған арманыма жетемін.

Қайырмасы.

САЛШЫ, ҚАЛҚАМ, ТАТЬЯНАНЫҢ ӘНІНЕ

Махаббаттың құлы жас пен кәрі де.
А.Пушкин

Әні Әсет Бейсеуовтікі

«Махаббаттың құлы жас пен кәрі де»,
Сұлулыққа сұқтанады бәрі де.
Сан жылдарғы сағынышым азайсын,
Салшы, қалқам, Татьянаның әніне.

Айтылмаған арыз, назым бар саған,
Бір сұлуды еске салдың аңсаған.
Салшы, қалқам, Татьянаның әніне,
Дертті жүрек демін алсын шаршаған.

Қайталашы әсем толқын ырғағын,
Бір қозғалсын көңілдегі сыр қалың.
Ай қабағың аумайды екен сол қыздан,
Келіп отыр қайта-қайта тыңдағым.

Мен жолаушы сансыз керуен мұң артқан,
Сен өткіздің асу бермес құзарттан.
Салшы, қалқам, жаным құштар әуенге,
Бір көрінсін ақ дидары құмарткан.

Қарақаттай мөлдір көзің саналы,
Қарашығың жанымды өртеп барады.
Салшы, қалқам, қайта-қайта сол әнге,
Қанат жайсын махаббаттың хабары.

1993

МАҒЖАН – АҚЫНДЫҚТЫҢ АБЫЛАЙЫ

Әні Әсет Бейсеуовтікі

Абайды ақындықтың күні десем,
Ай керек жарқыратар түнін көшем.
Қазағым, соның бәрін ойлар ма едің,
Тәуелсіз ел боп қайта тірілмесең?

Қайырмасы:

Ақындық әлемінің нағыз айы,
Ақжолтай сиқыр сөздің Ағыбайы.
Тұранды ұран еткен қыран-қазақ,
Мағжан – ақындықтың Абылайы.

Жан еді берері көп оқ алмаса,
Амалсыз атын ерте доғармаса.
Абайдан кейінгім деп кімді айтар ең,
Мағжан ортамызға оралмаса?

Қайырмасы.

Көтерсе өжет ақын берекемді,
Сарасы өлең сөздің ере келді.
Оянса көп ұйқыдан «Батыр Баян»,
Еске алдық Наурызбай мен Кенекемді.

Қайырмасы.

1992

КЕЗДЕСУ МЕН ҚОШТАСУ

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Қуансақ та есең деген хабардан,
Кездесуде, жүздесуде бар арман.
Тірліктегі тату-тәтті күндерің
Кездесу мен қоштасудан жаралған.

Кездескенде қуанамыз бәріміз,
Қоштасарда қиналады жанымыз.

Кездесу мен қоштасудың арасын,
Жалғастырып жатады екен сағыныш.

Кездесуден қоштасулар қалмайды,
Кезектесіп ғұмырыңды жалғайды.
Кездесуді аңсамаған адамдар
Бірін-бірі өмір-бақи алдайды.

1970

ҒАЖАЙЫП СӨЗ «АЙНАЛАЙЫН»

Г.Н.Анчабадзеге

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Грузин досым қазақша сөз сұрады,
Қимастықтың, сыйластықтың ұраны.
Еркелі сөз естіген жан елжіреп,
Құштар жүрек болар мәңгі тұрағы.
«Айналайын» деген сөз бар дедім мен,
Айналады шын жүрекпен берілген.
Шын айналсақ, шыр айналып кетеміз,
Көз жұмғанша айнымастай сеніммен.

Қайырмасы:

Ғажайып сөз дайма-дайын,
«Айналайын», «айналайын».
Ғажайып сөз қайталайын,
«Айналайын», «айналайын».

«Айналайын» дейді қазақ бауырын,
Айналады достың адал, тәуірін.
Алыс жолдан аңсап-сусап келгенде,
«Айналайын» дейді туған ауылың.
Қара көзді айналғанда сүйсініп,
Зекет болып кетер бүкіл тіршілік.
Қанаттанар, қайғы-дерттен арылар,
Рахаттанар түн ішінде күн шығып.

Қайырмасы.

– «Генецвале» табылған сөз, жаттармыз, –
Деді досым, – әнге қосып баптармыз.
Бүкіл әлем сөйлегенде бір тілде,
«Айналайын» деген сөзді сақтармыз. –
Махаббаттың жалауындай шырғалаң,
Шырайлы сөз адам жанын нұрлаған.
Жаралыпты жер, күн, барлық жұлдыздар,
Бірін-бірі «айналудан» бұл ғалам.

Қайырмасы.

1983

ТАШКЕНТ ЛИРИКАСЫ

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Қаранғаршы Ташкенттің келбетіне,
Жұлдыз қонған сияқты жер бетіне.
Дос құшағы бөледі қуанышқа,
Сұлу гүлзар, сүмбіл су тербетіле.

Егіз елдің ежелгі бас қаласы,
Көне тарих әйгілі тас қаласы.
Жаңа өмірдің бақытты жас қаласы,
Азияның аруы – Ташкент сұлу,
Ақ мақта, хан атластың астанасы.

Ғимараттар қол созған аспанына,
Сүйсіндірсе тік шырқау асқағына.
Сұмдық сұлу Ташкенттің қара көзі,
Шақырады қыз тосқан жас шағыма.

Оюлары-ай сым саусақ үзгіштеген,
Бояулары-ай таң сәуле сүзгіштеген.
Ән тамады хан атлас жарқылынан,
Өрнектерін өзбекше тізгіштеген.

Дәулетке сай сәулетке қарап өтем,
Мүсіндері мұлтіксіз ғажап екен.
Ташкент қайта туыпты, Ташкент сұлу,
Көкірегімде қуаныш ала бөтен.

БАЛҚАНДАҒЫ САҒЫНЫШ

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Араладым талай жер шартарабын,
Орындадым ортаймас жан талабын.
Өздеріңе ешбір жер жетпейді екен,
Ұлытауым, Көкшетау, Қарқаралым.

Балқан барып байлығын байқағаным,
Сұлулығы таңдантса сай-саланың,
Жетпей тұрған бір жерін іздегенде,
Аттарыңды ардақтап қайталадым.

Еділ, Жайық елестеп кезектеген,
Аққулары алдымнан тез өтпеген.
Тентек жүрек қинайды
Жас баладай:
– Тез кетейік елге, – деп безектеген.

1979

ТУҒАН ЕЛ

Ескендір Хасанғалиевтікі

Туған ел, асыл бейнең көз алдымда,
Көрмесем сағынышқа төзе алдым ба?
Арманым тіршілікте болмас еді,
Ақтасам парызымды өз алдыңда.

Қайырмасы:

Жүрсең де қайда,
Жүз ойлап табынбайтын;
Туған елін
Жүрек жоқ сағынбайтын.

Ғажайып туған елдің жаңа таңы,
Лүпілін жүрегімнің санатады.
Самал жел сипап өтсе елестейді
Анамның аялаған алақаны.

Қайырмасы.

Ұмсынсам көлде аққудың аппағына.
Құлшынсам өрде киік шапшаңына;
Мың мәрте алғыс айтам осынау жерде
Адал жар, асыл достар тапқаныма.

Қайырмасы.

Тың өлке, ғарыш жолы – Қазақстан,
Өзіңмен жаным бірге жаралыстан.
Шалғайда шарықтасам аумайды екем,
Аңсаған өз ұясын бала құстан.

Қайырмасы.

Туған ел, жетсе үнім құлағыңа,
Ұқсар ем сарқылмайтын бұлағыңа.
Алатау аясы мен сексен көлді,
Жер-көктің қимай кетем жұмағына.

1976

АҚЫННЫҢ ДОМБЫРАСЫ

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Қалыпты жүдеп жетімек,
Сауықшыл досы ақынның.
Тұр екен көңілі шетінеп,
Азасы батып жақынның.

Айырды тағдыр егізді,
Сезеді жүйрік санасы.
Осы екен ғой дегізді,
Жер мен көктің арасы.

Құлшынысқа сақтаған,
Жоқ бүгін дүлдүл серігі.
Тым-тырыс бұлбұл желігі,
Күй оралмас баптаған.

Жаудырайды пернелер,
Парлаған көздің жасындай.
Төгіліп түсер термелер,
Түйілді сайдың тасындай.

Келмейді қайта, келмейді,
Жаңғырған үні жалғанбай.
Бермейді дыбыс, бермейді,
Үзіліп шегі қалғандай.

1977

«АЛТЫН ҚҰМДАҒЫ» ТЕБІРЕНІС

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Ойлы кейпін қарашы жазғы орманның,
Тап осылай тебірентер наз қонған күн.
Дауыл күнгі теңіздей толқып-толқып,
Білдім, сәулем, бір толқу аз болғанын.

Ән жеткізер шақырсаң келмесіне,
Сендіреді мың ойлап сенбесіне.
«Алтын құмда» алаңсыз аунап жүрсем,
Іңкәр қызы «Аққұмның» келді есіме.

Толқып жатқан толқындар баяғыдан,
Аумайды екен ақбөкен саяғынан.
Ала құлан сияқты ала толқын,
Ала бұлттың иіскейді тамағынан.

Соның бәрін көргенде біріндетіп,
Ән оралды денемді дірілдетіп.
Мен де жаудым жаңбырдай таңда тынған,
Түні бойы шатырды дүрілдетіп.

БОЛГАРИЯ ТҮНДЕРІ

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Естілгенде құрбылардың күлгені,
Екі аяқты бір баспаймын ілгері.
Сарыарқаның самал желін жұтқандай,
Саяң жақсы, Болгария түндері.

Елден келіп іздегендей бір мені,
Желге оралды бала ғашық үндері.
Алматыда жұлдыз санап жүргендей,
Сұлу екен Болгария түндері.

Қара теңіз толқып құлақ түргені,
Ән төгілді, көкірегім гүлдеді.
Ең алғашқы кездесудің кешіндей,
Қандай ғажап Болгария түндері?!

ДОС ТІЛЕГІ

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Ақ бидайдың алтын дәніндей,
Аңсаған дос асыл әніндей,
Алатаудай асқар тілекпен,
Досың келді ашық жүрекпен.
Болгария торғын белдері,
Ауылымдайсың туған жердегі.
Самға, самға! Достар, достар!

Махаббатқа жайлау құрғандай,
Мәңгі көктем жайнап тұрғандай.
Масайратып құмар қандырар,
Жер екенсің жігер жандырар.
Болгария толқын таулары,
Қырым, Көкше көзден аунады.
Самға, самға! Достар, достар!

Шетел дейтін қандай кемі бар?!
Әкем өткен майдан төрі бар.

Ескерткішке толқып қарадым,
Есімдерін елтіп санадым.
Болгария, жасыл бұйраттар,
Мұнаралар мәңгі сыйлатқан.
Самға, самға! Достар, достар!

Сайрандасып шалқып қайтамыз,
Бар арманды сарқып айтамыз.
Ортақ тілек бізді басқарды,
Бұлт баспасын бейбіт аспанды.
Болгария – Қара теңізің,
Біздің ел де сенің егізің.
Самға, самға! Достар, достар!

ЖӘЙРЕМ ӘНІ

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Қайда жүрсің
Қиял болған сәулем?
Сенсіз қызық
Болмас жастық дәурен.
Туған елде
Сұлу жер мен сүйген,
Оның аты, оның аты – Жәйрем.

Жалт қараса
Желген киік саймен,
Жарық жұлдыз
Телміреді аймен.
Сарыарқада
Кен қопарған бір жер бар,
Оның аты, оның аты – Жәйрем.

Асыл еркем,
Бәрі сенің әурең.
Бар сырымды
Білші осы әннен.
Бір өзіңе іңкәр болған жігіт бар,
Жүрген жері, жүрген жері – Жәйрем.

Құшақ жайған
Шалқар дала, таумен,
Көркейеді
Біздер еккен баумен.
Махаббаттың
Жұмағындай қала бар,
Оның аты, оның аты – Жәйрем.

1980

АҚСҰҢҚАР ҚАНАТЫНДА

Әшірбек Құнанбаевқа

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Көкшеде тұлпардай заулап,
Жарқ етсең Ұлытаудан;
Бұл күнде күш-жігер қаулап,
Жаңарды үміт-арман.

Қайырмасы:

Ел үшін алысқа самға,
Бақытты сағатыңда.
Құтты жол бастасын алға,
Ақсұңқар қанатында.

Кен қазып, қара тер төккен,
От пен су арасында;
Ізің бар сен салып кеткен,
Қаныштың қаласында.

Қайырмасы.

Сәлемін алпысың берді,
Атыңды анықтаған.
Кеш емес, тал түсің келді,
«Отырар» боп шарықтаған.

Қайырмасы.

Құттықтап алпыспен сені,
Сарыарқа хабарлады.
Таскындап қуаныш селі,
Алатау ән арнады.

Қайырмасы.

05.11.1998.
Алматы

ӘЛЕМНІҢ СЕГІЗІНШІ ҒАЛАМАТЫ

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Өрінде жаңа заман бас қаламыз,
Төрінде Сарыарқаның астанамыз.
Торқалы тойға келген меймандарды
Жүректің лүпілімен қарсы аламыз.

Қайырмасы:

Тамсанады меймандар,
Ән салады меймандар.
Аспан сұлу, ай сұлу,
Торғын тоғай, сай сұлу.
Астанадан асады
Жер бетінде қай сұлу?!

Келгендер алыстан да, жақыннан да,
Құмары бір көрмесе басылған ба?!
Қазақтың астанасы құшақ жайды,
Туған күн мерейтойы ашылғанда.

Қайырмасы.

Тәуелсіз елдің асыл аманаты,
Жас сәулет жасап жатыр жаңа саты.
Астанам ертең ғана атанады –
Әлемнің сегізінші ғаламаты.

Қайырмасы.

Сұлу саз ұяласа әр гүлінде,
Жалғадық ән тілі мен гүл тілін де.
Толқып тұр Астананың ақ тілегі,
Қарындас дәм-тұз тосқан кірпігінде.

Қайырмасы.

26.02.1998

САЛЫҚ ПОЛИЦИЯСЫ

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Құптасаң, достым, нарықты,
Парызың – өтеу салықты.
Қазына толса, ел толар,
Қуантар барша халықты.

Қайырмасы:

Адал аттап ар үшін,
Адам үшін, Заң үшін,
Біз – салық полициясы,
Сақтар елдің табысын.

Адалдық жолын қумасаң,
Арсыздың сөзін тыңдасаң,
Саламыз қармақ бұлтартпай,
Жымқырып, алдап, ұрласаң.

Қайырмасы.

Жарқ етсе құдың төбесі,
Тәубеге келер жер осы.
Біздерміз сенім ақтайтын,
Халықтың сауыт, жебесі.

Қайырмасы.

01.03.1998

САРДАР ӘНІ

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Біз сардармыз міндетке тік тұратын,
Ел талабын есерге ұқтыратын.
Біз халықтың оң қолы, оң көзіміз,
Ішкі тәртіп бұзғанды ықтыратын.

Қайырмасы:

Қазақстан қыранымыз,
Ант беріскен қырағымыз.
Ішкі тәртіп – күшті тәртіп,
Қасиетті ұранымыз.

Ақ ниетпен ұлдарың сапқа кірді,
Сардар болып қол бастап, атқа мінді.
Қала, дала, сақтаймыз ырысыңды,
Айлакерге алдырмай тапқаныңды.

Қайырмасы.

Бүгін бізді сынап тұр ғасыр, ғалам,
Әлі де көп пәлекет басылмаған.
Алаяқты, суық қол, баскесерді
Талқандауды, туған ел, тапсыр маған.

Қайырмасы.

1998

БІЗ ДЕ ЕРТЕҢ САРДАРМЫЗ

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Тәуелсіздік қуаты қарқындаған,
Аңсап күткен орнады алтын заман.
Сардарлыққа сайланған сарбаздармыз,
Болсын дейтін ел аман, халқым аман.

Қайырмасы:

Қазақстан қыраны,
Ант беріскен қырағы.
Ішкі тәртіп – елімнің
Қасиетті ұраны.

Отан-ана қараса үмітпенен,
Қорқу, үрку, жоғалсын күдік деген.
Ел ішінде тыныштық жасап өтер,
Нағыз сардар – ақтұйғын жігіт деген.

Қайырмасы.

Әділеттен айнымас бір ісіміз,
Қалың елдің қынапта қылышымыз.
Сардарлықтың жолынан тайынбаймыз,
Ант сақтаймыз сөнгенше тынысымыз.

Қайырмасы.

1998.
Алматы

ШЫҢҒЫС АҒА

Шыңғыс Айтматовқа

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Ұқсаған заңғар шыңға,
Ақтаңгер, дүлдүл тұлға.
Таныттың қырғыз елін,
Қанықты ғасыр сырға.

Қайырмасы:

Атың зор, өзің зорсың,
Манасқа мирасқорсың.
Тектісің, Шыңғыс аға,
Жетпісің құтты болсын!

Мұхтарды ағаладың,
Абайды бағаладың.
Атағын Орта Азия
Ортайтпай жаңаладың.

Қайырмасы.

Жалықпас жарыстағы
Алатау арыстаны.
Өрлей бер биіктерге,
Төрге жет алыстағы.

Қайырмасы.

Тойласа дәуір бүгін,
Толқыса тәуір күнің,
Ән шырқап, жыр қосамын,
Қыздырып бауырлығым.

Қайырмасы.

01.10.1998.
Алматы

ҚЫЗЫЛЖАРЫМ, КӨКШЕТАУЫМ

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Ерке Есіл,
Кербез Көкше,
Аққу-қаздай таранған.
Қатар жатыр бел-белесте,
Жер жұмағы жаралған.

Қайырмасы:

Қызылжарым,
Көкшетауым – қатарласқан қос желкен.
Келді сәнің,
Қосылыпсың бауыр басқан дос өлкем.

Сегіз сері,
«Гауһартасым»,
Ақан, Біржан топ жарған.
«Гәккулеткен», «Аққу жеткен»,
Ақын елде жоқ арман.

Қайырмасы.

Жарқын ашық,
Мәңгі ғашық,
Жер жұмағы жаннатсың.
Көш көлікті, алдың ашық,
Мәңгі достық жайнатсын.

Қайырмасы.

1997

ТОЙ-ДУМАН

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Беу, ағайын, тойда
Ән мен күйге тойма.
Қан ойнасын бойда,
Шырқа, кәрі-жас.

Қайырмасы:

Биле, еркем, жайнап,
Келші құстай сайрап.
Әкел жүлде байлап,
Қарқын, қайрат бер.
Биле, құрбым, балқып,
Жетші күйге қалқып.
Той тумастай артық,
Шалқыт, толқыт, кел!

Беу, құрбылар, биле,
Қос жанарды түйре.

Бас жаңаша биге,
Биле, кәрі-жас.

Қайырмасы.

Той дүбірін тыйма,
Құдағиды сыйла,
Құдашаны қина –
Десін бәрі жас.

07.02.2001.
Алматы

БІРЛІК ТӨРІ – АСТАНА

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Асыл аймақ, Есіл еркем,
Құтты болсын көшің көркем,
Ел аңсаған!
Жасап қазақ биік төрін,
Қыран-қала биіктедің,
Мен жар салам.
Тілек қосқан барлық достың,
Жүрек тербеп басын қостың,
Сен өркенде.
Нұрың жансын, асыл мекен,
Саған бақыт ғашық екен,
Кең өлкемде.

Қайырмасы:

Бірлікке бастаған,
Ардақты жас қалам.
Киелі Астанам –
Бас қалам.

Ата жолын білген едім,
Құштар жаным бірге менің,
Сен шарықта.
Сәлем алшы, тәжім етем,

Заман сырын мәлім етем
Мен халыққа.
Әнім – шашу, күйім – тұмар,
Шаттық кернеп, болдым құмар
Жас сәулетке.
Елге ырыс, жерге қорған,
Төрің толсын, Алтын Ордам,
Мол дәулетке.

Қайырмасы.

18.01.1998.
Алматы

АРДАГЕРЛЕР

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Адамзаттың ақыл-ойы тұнған,
Адал жаны азаттыққа құрбан.
Туған елге қамал болып туған –
Ардагерлер, ардагерлер!

Жас ұрпаққа сәуле сепкен нұры,
Ел бақыты ең ардақты сыры.
Жанарлары жаң баураған жылы –
Ардагерлер, ардагерлер!

Азайтам деп қайғы-қасірет, мұңды,
Тамшы тері ар-намыс боп тынды.
Қан майданда кешкен талай сынды –
Ардагерлер, ардагерлер!

Армандасқа ақ ниетті серік,
Сөз бен ісі бұлжымастай берік.
Байтақ елім соңына ерген сеніп –
Ардагерлер, ардагерлер.

Шындық сүйсең кете алмайсың аулақ,
Сұмдық сүйсең ала алмайсың жаулап.

Басқан ізін гүл ораған қаулап –
Ардагерлер, ардагерлер!

Бас тартқанда біздің бодан күйден,
Тәуелсіздік асыл жолын сүйген.
Болашаққа үміт, сенім үйген –
Ардагерлер, ардагерлер!

МОЙ КЫЗЫЛЖАР И МОЙ КОКШЕТАУ

(Перевод Валерия Антонова)

Музыка Ескендера Хасангалиева

Игривая Есиль,
Красивый Кокше,
Как лебеди и гуси красующиеся,
Заполнили вместе просторы,
Рожденные быть земным раем.

Припев:

Мой Кызылжар,
Мой Кокшетау – близнецы, как два паруса.
Прояснился ваш вид,
Возродились (объединились) родные два края.

Вы – как песня
Сегиз Сере «Гаухартас»,
Как Ахан и Биржан – властелины публики.
Как песни «Гакку», «Возвращение лебедя»,
Вы – счастливый край поэзии (земля-поэт).

Припев.

Откровенные,
Вечно влюбленные,
Вы – рай земли, святыня.
Пусть путь совместный будет ярким,
Вечной дружбой окрыленным.

Припев.

ІНІМ БАР

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Інім бар ардақты,
Сүйкімді, салмақты
Мінезі өлең арнатты.
Інім бар тыныстай,
Күш-қуат ырыстай,
Адал дос, бауыр туыстай.

Қайырмасы:

Інім бар самғаған,
Ар-намыс жалғаған,
Өзгеден жүрген жоғары.
Ол – қанат жігерім,
Ол – берік тірегім,
Жүрегі бірге соғады.

Айтыста сөзімсің,
Тартыста көзімсің,
Айнымас серттен өзімсің.
Сенгенім саған сол,
Бірлесті барар жол,
Аман бол, інім, аман бол.

Қайырмасы.

04.08.2001.
Алматы

ҚАЙДАСЫҢ, ЕРКЕМ?

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Асылым, еркем,
Ай қабағың жайнаған,
Ажарың көркем
Ақ тотыдан аумаған.
Тілдессін әнім
Сағынышты жүрекпен,

Басылсын шерім
Жанартаудай қайнаған.

Қайырмасы:

Қайдасың, еркетайым, келсеңші,
Құлшынған құшағымда көрсемші.
Келсеңші, сағындым.

Қайдасың, сәулем,
Ең ардақтым болып ең,
Шалқыды дәурен
Қимастықтың жолымен.
Оңалтсын тағдыр,
Шаттығымды оралтсын,
Өзіңді берген
Махаббаттың қолымен.

Қайырмасы.

Ән төкті самғап
Құштарлықтың талабы,
Ашылды жайнап
Табиғаттың қабағы.
Қайдасың, еркем,
Көз алдымда жарқ етші,
Бір саған қарай
Жер айналып барады.

Қайырмасы.

20.10.2001

«ҚАЗТРАНСОЙЛ», ШАРЫҚТА!

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Мұнайдан тасқын селдетіп,
Қазақтың атын шығардың.
Достармен бірге әндетіп
Мақтауға сені құмармын.
Көп алғыс арнаған
Даңқыңа сенді бар ғалам.

Қайырмасы:

«Қазтрансойл», шарықта!
Орнасын байлық халыққа. *(2 рет)*
Шарықта, шарықта!
Орнасын байлық халыққа.

Мұнайлы құбыр толқыған,
Тілекті біздің ақтайды.
Ардақтап сені шалқып ән
Болардай аңыз мақтайды.
Айтуға жалықпан,
Алғыс ал сүйген халықтан.

Қайырмасы.

Мұнайым ақты – қара алтын,
Өмірдің өңін түлетті.
Байлықтың жолын жаңартып,
Дербестік берді тілекті.
Алда көп арман бар,
Құсқанат елге жалғаңдар.

Қайырмасы.

АСЫЛ ДОСТАР

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Қайдасыңдар, қайдасың, қимастарым,
Тату өскен бедел дос сыйластарым.
Өмірімде сендерге кім жетеді,
Құлын-тайдай тебіскен құрдастарым?

Қайырмасы:

Асыл достар, жаны асылдар,
Алдымызда нар асулар.
Қиял жеткен қияндардан,
Іздеп мені табасыңдар.

Көз жасындай Көкшетау көлдері ме,
Баянауыл «Қыз бөрік» белдері ме,
Алатаудың ақ өркеш аскары ма –
Ұксатамын бәрін де өздеріңе.

Қайырмасы.

Шартарапқа шарықтап кетсеңдер де,
Айтар сөзім арналар көп сендерге.
Сағынышым сымайды жүрегіме,
Махаббат боп алғашқы өтсеңдер де.

Қайырмасы.

ДАРИКО

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Жаным сүйген жарым сенсің, Дарико,
Шаттық үйген таңым сенсің, Дарико.
Арым сенсің, барым сенсің, Дарико,
Дарико, Дарико, Дарико.

Төрімдегі сәнім өзің, Дарико,
Көңілдегі әнім өзің, Дарико.
Асыл арман бәрі сенсің, Дарико,
Дарико, Дарико, Дарико.

Жалындаған жалынымсың, Дарико,
Ағындаған дарынымсың, Дарико.
Тірліктегі тәңірімсің, Дарико,
Дарико, Дарико, Дарико.

Ән теремін қабағыңнан, Дарико,
Үн өремін тамағыңнан, Дарико.
Шыққым келмес жанарыңнан, Дарико,
Дарико, Дарико, Дарико.

Қанша көрсем табындырған, Дарико,
Көзден тайса сағындырған, Дарико.
Бір сен үшін жаным құрбан, Дарико,
Дарико, Дарико, Дарико.

От жалынды қызық берген, Дарико,
Достарымды тізіп берген, Дарико.
Жан жүрегін үзіп берген, Дарико,
Дарико, Дарико, Дарико.

22.04.2003.
Алматы

ДАРИКОНЫҢ ТОЙЫНДАҒЫ ТЕБІРЕНІС

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Тойлаймын аққу құстай асылымды,
Жайнатқан менің жаңа ғасырымды.
Кел, достар, құттықтайық еркелетіп,
Патшасы сұлулықтың ғашығымды.

Нешеге келгенін де айта алмаймын,
Лайық бір өзіне ән таңдаймын.
Өмірде ең тамаша тойым осы,
Мен қалай су жорғадай тайпалмаймын?!

Қыздай жас менің ғажап Дарикошім,
Қосағым құдай қосқан әрі досым.
Тойында тоқсан түрлі ән саламын,
Кел, достар, шырқап, толғап, бәрің қосыл.

Шалқыған өрім де өлең, төрім де өлең,
Дарико жайнап жүрсе көңілденем.
Осындай ғажайып жан жаралмаса,
Соқпай-ақ өтер едім өмірге мен.

22.04.2003.
Алматы

ЖАСАЙ БЕР, МҰНАЙШЫЛАР!

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Каспийдің толқынымен алысқандар,
Ақиық қырансыңдар алыс самғар.
Көркейткен дербес елдің келешегін,
Сендерсің, мұнайшылар, арыс жандар.

Қайырмасы:

Айбынды мұнаралар,
Су кешіп, құм аралар,
Құтты көш құрайсыңдар;
Дауылға шыдайсыңдар,
Жасай бер, мұнайшылар!

Атырау атырабын жадыратқан,
Әлемге алау сілтеп дабыл қаққан;
Ақтаудан сарқыраған мөлдір мұнай,
Ен байлық өзендері ағып жатқан.

Қайырмасы.

Тасыған қара алтынды құбырларың,
Бұлқынып жасап жатыр дүбірлі ағын.
Қазақтың сәт тілейді кәрі-жасы,
Сүйсінтіп қызу майдан ғұмырларың.

Қайырмасы.

Сендерді батырлар деп айта аламын,
Сенім мол келер күнге, жай табамын.
Ең асыл нұрын төксін атқан таңдар,
Түн келсе жарқыратсын ай қабағын.

Қайырмасы.

03.03.2003.
Астана

ҚҰБЫРШЫЛАР ӘНІ

Әні Ескендір Хасанғалиевтікі

Туған ел, туды күнің жаңаланған,
Мұнайың бағыт тапты қалап алған.
Құбырлар қан тамырдай тарап кетті,
Қара алтын тасымалдап салаланған.

Қайырмасы:

Құбыршылар, қарқында,
Жеңіске ұмтыл, тартынба.
Асқақтасын атағың, *(2 рет)*
Тірегің сенің халқыңда.

Мұнайым құлаш жайды, бұлақтанды,
Алысқа, талай елге ұзап барды.
Құбырлар – таудан аққан өзендердей,
Толқыған арналары тұрақталды.

Қайырмасы.

Бастаса жер бетінде қызық ғұмыр,
Жол салар су түбінде жүзіп құбыр.
Атағы асыл өнер тез жайылсын,
Құбыршы ғарышкердей тапсын тұғыр.

Қайырмасы.

ҒАШЫҚ КЕЗ

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Ғашық кез – мезет,
Мезгілі жетіп нәр алдық,
Сыйламау оны –
Өзіңе деген жамандық.
Менсінбеу оны –
Менсінбеу ата-анаңды,
Саналы пенде ғашық кез жебеп жаралдық. *(2 рет)*

Ғашық кез – көктем,
Сүйсінген жүрек ашық кез,
Кірпіктер, тоқта,
Байқасын көкірек ашып көз.
Салтанат қайда
Сол сәттен асар дүниеде,
Жасасын дей бер адамға адам ғашық кез. *(2 рет)*

Ғашық кез – маусым,
Мамыржай жұмақ орнайды.
Аңсаған арман,
Бақытың онсыз толмайды.
Шіркін-ай деймін,
Есіме түсіп өткен күн,
Адамдар неге айнымас ғашық болмайды? *(2 рет)*

Ғашық кез – дәурен,
Бастайтын бақыт, бірлікке.
Сол үшін ғана
Келгендей болам тірлікке.
Сәулем-ау, саған,
Достар мен туған еліме,
Ғашықпын мәңгі, көңілде зіл жоқ бір нүкте. *(2 рет)*

ҮШ АРЫС

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Кең даланың кемеңгер перзенттері,
Аңыз-дастан атқарған міндеттері.
Үш сұңқарын, үш тұлпар, үш арысын,
Ғаламат қой туған ел құрметтеуі.

Қайырмасы:

Жаңа өмірге жар салып,
Азат таңды қарсы алып.
Еңіреп туған елім деп,
Абайдың інілері,
Қазақтың ірілері-ау –
Сәкен, Ілияс, Бейімбет.

Өлең-жырдың әлемін ашқанында,
Сол үшеуі тұрады бас жағында.
Үркерленіп барады үлкенденіп,
Үш жұлдызым туған ел аспанында.

Қайырмасы.

Ақсұңқарын дауылпаз, бұлан-өрін,
Күйші дала құс қанат құлагерін.
Үш арысын қайтарып құшағына,
Ардақтайды салтанат құрады елім.

Қайырмасы.

СЕН – МЕНІҢ ЖАЛҒЫЗ ЖАРЫМСЫҢ

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Махаббат әсем туысың,
Сұлуым, еркем, қалқашым.
Сен – менің Жетісуымсың,
Жайнатқан асыл Балқашын.

Қайырмасы:

Сәулесі сөнбес таңымсың,
Қызуы қайтпас жалынсың.
Тірлікке тірек барымсың,
Сен – менің жалғыз жарымсың.

Достарым еркін жайлаған,
Береке қонған төрімсің.
Көкшетау шолпы байлаған,
Сен – менің сексен көлімсің.

Қайырмасы.

Жүлделі жүрек байыдым,
Шәрбатың ғажап балқытқан.
Өзіңсің Еділ, Жайығым,
Каспийді кербез шалқытқан.

Қайырмасы.

Жүзіңнен шаттық көрініп,
Аялап, құшып, айқардым,
Сен – менің Марқакөлімсің,
Ажарын ашқан Алтайдың.

Қайырмасы.

Дүние төрткүл түсінсін,
Байқасын байтақ айналам.
Айдында ерке құсымсың,
Аққулар патша сайлаған.

Қайырмасы.

АБАЙЫМ

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Салдың сөз сарайын,
Пайғамбар – пенде боп.
Екінші Абайым,
Әзірше елде жоқ.
Ойлы сөз сан алуан,
Айтылды қаншасы?!
Ақын боп жаралған,
Сенсің ел патшасы.
Ерекше санасы,
Сенсің ел данасы.

Ғашықпен тілдесіп,
Сырлассаң мұң артып,
Жас ұрпақ бірлесіп,
Үндесті құмартып.
Туар деп сендірген,
Махаббат күн, айы.

Өзіңсің мен білген,
Ақындық құдайы.
Ерекше санасы,
Сенсің ел данасы.

Шын сұлу, шын ғажап,
Асыл сөз еккенің.
Өтіпсің сен жасап,
Ақындық мектебін.
Көп зерлеп, кең айттың,
Ұлықтан жасқанбай,
Бәрін де сен айттың,
Біздерге дым қалмай.
Ерекше санасы,
Сенсің ел данасы.

1994

АҚ ТЫРНАЛАР

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Барады аспандатып ақ тырналар,
Тізілген бұлт төсінде ақ сырғалар,
Кетті ғой жылы жаққа жаутаң қағып,
Ғаламат жер бетінде таптырмаған.

Қайырмасы:

Ах-ау, ақ тырналар,
Ақ сырғалар!
Тұңғыш сезім,
Мөлдір кезім.
Толды ғой ақ сырғаға екі көзім.

Кең сайда ойнаушы еді лала гүлдей,
Кеткенін қалды-ау туған дала білмей.
Алыстан ғашық әнін естігенде,
Жүрегім лүпілдейді бала күндей.

Қайырмасы.

Жан зекет сыйлы күндер көрген едім,
Сездім ғой қимай қанат сермегенін.
Тағдырдың жүйрік жүрек бере салып,
Қарашы ұшар қанат бермегенін.

Қайырмасы.

1976

ДҮНИЕ

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Дүние, кешіп жүрмін дауылыңды,
Көтердім арқалатқан ауырыңды.
Өзімді аямадым ажал бар деп,
Сен кейде қимасаң да тәуіріңді.

Қайырмасы:

Сондайда қамықпадым, шарықтадым,
Жырлауға сағынышты жалықпадым.
Тіршілік, бар әуреңмен жақсы екенсің,
Мен сені сүйгенімді анықтадым.

Майысқан қарлығаштың қанатындай,
Жүрегім жүз бүктеліп қалатындай.
Махаббат, менің қанша жазығым бар,
Әуреге өле-өлгенше салатындай?

Қайырмасы.

Дүние – қызыл түлкі бұлғақтаған,
Не берер қызыққанды құр мақтаған?
Ей, қалқа! Көрінбесең көз алдымда,
Баяғы басқан ізің қымбат маған.

Қайырмасы.

1982

ТУҒАН ЕЛІМ, ТУҒАН ЖЕРІМ

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Сүйіп келсе өлкемді күн,
Көрдім кербез жер кеңдігін.
Сексен көлдің саясында,
Серуендеп терсем гүлін,
Туған елім, туған жерім,
Ол – өзіңнің көркемдігің.

Сүйсе сүйсін сүйікті күн,
Сенсіз бақыт жиыпты кім?
Алатаудың аясында,
Әрең жүрсем сыйып бүгін,
Туған елім, туған жерім,
Ол – өзіңнің биіктігің.

Қайырмасы:

Жігеріңді қайтарды кім,
Қуатың мол байқар бүгін.
Сан ғасырдан аман шыққан,
Тамсандырса қайсарлығың,
Туған елім, туған жерім,
Ол – өзіңнің шалқарлығың.

Ай мен шолпан ғашық сырын,
Байқоңырдан тасып бүгін;
Ғарышкерлер есен келсе,
Қарсы аламын тасып жырым.
Туған елім, туған жерім,
Ол – өзіңнің асылдығың.

Көрдім өмір құттылығын,
Шөл далаға шықты гүлім.
Келешектің кереметін,
Дос пен дұшпан ұқты бүгін.
Туған елім, туған жерім,
Ол – өзіңнің мықтылығың.

Қайырмасы.

АҚЫН ІЛИЯС – АРДАҚТЫМ

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Майталман ақындықтың Құлагері,
Абайдың ере туған мұрагері.
Халыққа әйгілі боп атың шыққан,
Шарықта, Жетісудің бұлан ері.

Қайырмасы:

Сөз сарасы салмақтым,
Бар қазақты таңданттың.
Дүлдүлдердің легінде,
Жүрсің елдің жүрегінде,
Ақын Ілияс – ардақтым,
Әнге қосып самғаттым.

Ұшырған Алатаудан қыранымсың,
Ұрпаққа көсем туған ұранымсың.
Теңізде межешамдай жол көрсеткен,
Ақындық мұхитында тың ағынсың.

Қайырмасы.

Тар кезең, бөгеті көп тасы жолдың,
Жазықсыз біреуі едің қасы молдың.
Атанып байтақ елдің үш арысы,
Сәкен мен Бейімбеттің досы болдың.

1994

ТЕКЕСТЕГІ АТ ІЗІ

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Қаракерей Қабанбай мінген Құбасты,
Көргендер талай таңырқап қарап шуласты.
Ай жарым суыт жүргенде жетер бабына,
Құбастай тұлпар қазақта қайтып тумас-ты.

Тайбурылға да теңер едім Қубасты,
Жануар-ай, бірде қатар, бірде асты.
Қырық қап жүкті теңдеген Текес тауында,
Таңбалап кетті қатпары қалың сұр тасты.

Ер Қабанбай келгенде жетпіс сегізге,
Дүлдүлі Қубас жетіпті отыз сегізге.
Тастақта тозбас, мұздақта таймас төрт тұяқ,
Ескек те болды түскенде өзен, теңізге.

Ел өткендей екі аяқтың арасы,
Тастағы ізден тұлпардың тұрқын қарашы.
Аманат жазған қағаз бен қалам секілді,
Тұяқ пен тастың бар екен асыл санасы.

1993

САҒЫНЫШ НАЗЫ

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Ән салма, қалқа,
Ауылды аңсап мен барда.
Онсыз да болам,
Өзімнен өзім дел-сал да.
Көре алмай қалдым,
Көктемде жайлау келбетін,
Аққулы көлге
Жағалай қонған ел барда.

Көре алмай қалдым,
Өртеңге шыққан көгінді.
Тере алмай қалдым,
Тотылар төккен көп үнді.
Аңсады жаным
Майсалы дала қымызын.
Майсары жеңгей,
Масайрап күлген лебіңді.

Ән салма, қалқа,
Ауылды аңсап мен барда.

Онсыз да болам
Өзімнен-өзім дел-сал да.
Аз ғана күндер
Сағынбай жүрген болайын,
Саябыр жасап
Көңілімді менің сен де алда.

1976

ҚҰРМАНҒАЗЫ – КЕМЕҢГЕР

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Құлақ салшы «Сарыарқа» мен «Серперге»,
Дауыл күйлер ұран болып жетті елге.
Құйындатты, Құрманғазы құйғытты,
Арманы көп заман сырын шертерде.

Исатайдай текті еді,
Махамбеттей өртті еді.
Құлагердей төкпелі,
Азаттыққа шақырған,
Дауыл күйлер көп те еді.
Күйдің алтын сарайы,
Күйдің нағыз Абайы,
Құрманғазы – кемеңгер.

Күйге құмар елде жас пен кәрі де,
«Күй ата» деп атап кетті бәрі де.
Өмір толқып, өзгерсе де сан заман,
Құрманғазы құлшынады әріге.

О, Күй ата! Қайта серпіл, бас күйге,
Қарқыны мол заулат еркін жас күйге.
Сен толқынсың – Сарыарқадан, Алтайдан,
Алатаудан қарғып түскен Каспийге!

1993

СЕН ДЕСЕМ...

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Жаным – жалау, желбірейді сен десем,
Сағынғанда жолға шықшы сенбесең.
Жер мен көкке сыймай кете жаздаймын,
Қарақат көздің мөлт еткенін көрмесем.

Лүпілін жүрек жалғатқан,
Көз ілмес таңдар арнатқан.
Әлемде сұлу көрмедім,
Өзіңнен артық таңдантқан.

Сәт тумайды серпілмейтін сен десем,
Тілегің пәк жатқа көңіл бөлмесем.
Шатты күндер жоғалардай шошимын,
Аңсағанда күйіп-жанып келмесең.

Арылып дертті күйіктен,
Кездессең алғыс үйілткем.
Әлемде сұлу көрмедім,
Өзіңнен артық сүйінткен.

Сарқылмайтын күш бітеді сен десем,
Құс боп ұштым қанат байлап кел десең.
Ақ дидарың көз алдымда жарқ етсе,
Қарсы келген қай күшке де көнбес ем.

Ақ ниет тату қолдасып,
Жүргелі шалқып жер басып.
Әлемде сұлу көрмедім,
Өзіңнен артық мен ғашық.

ТЕКЕЛІ

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Жарқырап жатса,
Бұрқырап гүлдер жолдағы,
Түседі еске Текелі.
Бозбала күннің
Бозқарағаны ол-дағы,
Боз ала таулы мекені.

Қайырмасы:

Жетісу төрі Текелі,
Есімнен кетпей екі елі,
Сағыныш сол ма жетегі?
Жайлауда көрген қара көз,
Жаутаңдап кейде өтеді.

Шыдарсың қалай
Елігіп ерте бұрылмай,
Көргенде ғажап жайлауды?!
Желігіп кетті
Желіде тентек құлындай,
Жүрегім менің байлаулы.

Қайырмасы.

Тебіренемін
Естіліп гүлдің дыбысы,
Жапырақ бірге сыбдырлап.
Текелінің
Көк мәрмәр, аппақ күмісі
Есімін айтты сыңғырлап.

Қайырмасы.

ҚАЗАҚТЫҢ СЕРІ ДҮЛДҮЛІ

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Сұлу саз, ғашық әуен аққан селі,
Кемеңгер ақындықтың ақтангері.
Саятшы, бапкер, ұстаз, әділ қазы,
Әншілік әулиесі – Ақан сері.

Қайырмасы:

Қазақтың сері дүлдүлі,
Сегіз қырлы қыран ер.
Ардагер озық үлгілі,
Адамнан туған Құлагер.
Таркатқан әнің шерімді,
Ардақты асыл данасың.
Билесе хандар жерімді,
Биледің елдің санасын.

Мың өнер тал бойында бұлан ердің,
Аз болмас ардагерге сынағы елдің.
Басына бір жігіттің жетпес пе еді,
Жан досы болып өту Құлагердің?!

Қайырмасы.

Пір ме едің?
Періште ме, құдірет пе едің?
Сұлу саз орнатыпсың жыр мектебін.
Адамзат асылысың, Ақан аға,
Туған ел әнмен салған суреттерін.

Қайырмасы.

1991

ЖЕТІСУ

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Әлемнің асыл жері,
Әйгілі ғасыр төрі,
Жоңғардың ала белі,
Қазақтың Алакөлі
Бауырласқан Жетісу.

Алатау алқасы бар,
Айдын көл Балқашы бар,
Ақын қыз Сарасы бар,
Ілиястай данасы бар
Аңыз, дастан Жетісу.

Ақынның қаламынан,
Ұшқан құс жанарынан,
Асылдың тілегінен,
Сұлудың жүрегінен
Үзілмеген Жетісу.

Оянбас әнсіз күнге,
Оранбас нәрсіз гүлге,
Нұр қонған келбетіне,
Жұпарын жер бетіне
Қыз үрлеген Жетісу.

Еркелеп ескен желің,
Өлкеме төккен лебің.
Достыққа, махаббатқа,
Ұлғайтқан үміт-сенім,
Жан қанаты Жетісу.

Сұлуым, еркем менің,
Көкіректі көркемдедің.
Шіркін-ай, қайда барсам,
Қасыма ертер ме едім?!
Жер жаннаты Жетісу.

1993

ОЛ ҚАЗІР ҚАЙ ҚАЛАДА ЕКЕН?

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Кім маған айта алады екен,
Ол қазір қай қалада екен?
Құмарттым күйдім деп,
Ұнаттым сүйдім деп,
Қалайша қайталады екен?

Ол қазір қай қалада екен,
Біреуді айқара ма екен?
Алыста аңсағанын,
Күрсініп шаршағанын,
Ішінен айта ала ма екен?

Ол қазір қай қалада екен,
Желпініп жайқала ма екен?
Күлкісіз күндерінде,
Ұйқысыз түндерінде
Сағыныш байқала ма екен?

Ол әлде, осында ма екен,
Дертке дерт қосуда ма екен?
Өткен күн өкіндіріп,
Көктемдер желпіндіріп,
Еленделп тосуда ма екен?

1994

ОСЫ ҚЫЗ

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Осы қыз маған неге көп қарады,
Жүрекке қарашығы от салады.
Жалғанда жаным қалса жарар еді,
Тірідей неге ішіп-жеп барады?

Осы қыз маған неге көп үңілді,
Бұзбаса жарар еді көңілімді.

Махаббат деген ауыр сырқат қонып,
Өзгертіп жібере ме өмірімді?

Осы қыз маған неге қадалады,
Қоймаса екі көзі жан алады.
Ай жүзі тұла бойды тебірентті,
Тұтқынға қайран жүрек қамалады.

Осы қыз маған неге көп қарайды,
Қимайды, қызықтайды, дос санайды.
Қасынан кетіп қана қалар едім,
Екі аяқ бір басуды қостамайды.

Осы қыз маған неге тесірейді,
Білмеймін, ойда жоқта не тілейді?
Құшақтап екі беттен сүйіп алдым,
Оның да шығып кетсін есі мейлі.

1993

ЖЕТІСУ МЕН КӨКШЕДЕЙ

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Тамсантқан алтын арай таңыменен,
Сүйсінткен жан баураған сәніменен.
Көкшетау Жетісумен жалғасып тұр,
Біржан сал, ақын Сара әніменен.

Жетісу мен Көкшедей,
Бөтен тілек көксемей,
Бабалардай үндесіп,
Даналардай бірлесіп,
Өтейікші, қазағым,
От пен суды бір кешіп.

Балқаштың ғашық болып ақ түніне,
Іленің әуен қосып тәтті үніне,
Оралған сексен көлден аққу-қаздар,
Салады Үкілі Ыбырай «Гәккуіне».

Тойлы ауыл Сырымбетттің саласында,
Көз салсаң оза тартқан қарасынға,
Құлагер шауып жүрген секілденер,
Көкше мен Жетісудың арасында.

Жаңғырса Ақан сері арман әні,
Есінен бар қазақтың қалмағаны.
Ақындық Құлагері Ілиястың,
Тамаша ел мен елді жалғағаны.

1993

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШ АҒА – ЖЕР ИЕСІ

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Данаға асыл теңеу келер бейім,
Шындық мол шырай бұзбай сенер зейін.
Қазақтың Қаныш аға – жер иесі,
«Сүлеймен – су иесі» дегендейін.

Қайырмасы:

Бар қазақтың ұланы,
Баянауыл қыраны.
Түн жұлдызын ашқанда,
Жүзі жайнар аспанда,
Ардақтаймыз арысты,
Жер иесі Қанышты.

Көз салсақ теңіз-дала бел-белеске.
Бәрі де ата-баба жері емес пе?!
Солардың арасынан жез кемедей,
Жезқазған Қанышты айтсаң келеді еске.

Қайырмасы.

Таңданса беу, қазағым, ғасыр саған,
Кен қайда кең даламда ашылмаған?!
Кестелеп ен байлықты дестелеген,
Қаныштай әлемге әйгі асыл данаң.

Қайырмасы.

ҚАНСОНАРДА

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Қансонарды аңыз етер кеңесте,
Абай ата, өзіңді алар ел еске.
Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Әсеттер,
Абылайдың өзі де аңшы емес пе?!

Аң ауламай қайда барып оңайық,
Мен де аңшымын, көрінбесін ол айып.
Қызыл түлкі сұлу қыздай жарқ етсе,
Біз қалайша байқамаған болайық?!

Қыс қыраулы ақпанда,
Аппақ қар жерді жапқанда,
Бұрала толқып бұлқынып,
Орманнан түлкі қайтқанда;
Қыр бетінде қып-қызыл,
Сыландап алау жаққанда;
Қызықтырып, құлшынтып,
Қиядан көзді тартқанда;
Қиқу салып жігіттер
Жүйріктер қыза шапқанда;
Қыңсылаған тазылар,
Төскейде ізін тапқанда;
Біреулер құлап сүрініп,
Кейбіреу тұрып жатқанда;
Хас батырдай саңқ етер,
Қара бүркіт аспанда,
Жанары жайнап жарқ етер,
Қос қанат ұқсап қақпанға.
Залым түлкі жасқанып,
Қан қызуы басқарып,
Тау жаққа тартар сасқанда;
Ұмтылған қыран қашқанға,
Қызығар көзін ашқанда.
Шүйіліп түсер жұп-жұмыр,
Ағыны күшті тастан да.
Тамақтан құшып бұлқынтпай,

Бөкседен қысып жұлқынтпай,
Құмарың қанар басқанда.
Тап осыдан, жігіттер,
Тірлікте қызық асқан ба?!

1995

ДОМБЫРА

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Дүлдүл досым тірлікті бірге кешкен,
Үздігемін үніңе сыр бөліскен.
Реніште тілдестім екі ішекпен,
Қуанышты қақ бөлдім үндеместен.

Қайырмасы:

Көрік берген далама,
Серік болған данама.
Асан Қайғы, Қорқыттың
Күйін құйған санама.
Шертіп, қағып тамсантқан,
Сені ұстауды аңсатқан,
Алғыс айтам бабама.
Бір өзіңсің, домбырам,
Ата мирас мол мұрам
Тастап кетер балама.

Күмбіріңде жылқының дүбірі бар,
Лебіңде жан қалқа сыбыры бар.
«Сарыарқа» мен «Саржайлау» құйқылжыса,
Тыңдаған жан қазақтың сырын ұғар.

Қайырмасы.

Су жорғадай домбырам, құбыласың,
Сонда маған өзіңдей кім ұнасын?
Жер шарына жеткіздің ән төресін,
Ел көргенде дербестік шұғыласын.

Қайырмасы.

ЕЛДІҢ СЫЙЛЫ АҒАСЫ

Бәйкен Әшімовке

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Жас кезінен жарасқан шыдамдылық,
Қолдап жүрді қадамын құдай біліп.
Қан майданда ок кешіп жеңіс көрген,
Қос қанаты талмайтын қыран-жігіт.

Ғұмырында Құлагер шабысы бар,
Еділ, Жайық, Іленің ағысы бар.
Таба білер тың жолды сын сағатта,
Қаны қазақ, Мағжанның намысы бар.

Қайырмасы:

Көкшетаудың түлегі,
Қарағанды тірегі.
Жетісу деп соғып тұр,
Лүпілдеген жүрегі.
Ол – ерекше бағасы,
Елдің сыйлы ағасы.

Қарағанды, Көкшеде, Қызылжарда,
Жетісуда жарқырап ізі қалған.
Саумалкөлдің жігіті сері күнде,
Баянауыл ең ғажап қызын алған.

Қайырмасы.

Айта білмек сыры көп басқа тағы,
Оған куә жұлдызды жақсы атағы.
Не десек те қазақтың Бәйкен аға –
Асыл тұлға, ардақты ақсақалы.

Қайырмасы.

06.07.1997

«АЙТТЫМ СӘЛЕМ, ҚАЛАМҚАСТАН» БАСТАЙЫН

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Думан-тойда ата дәстүр сақтасақ,
Шалқып, толқып ән салмайды қай қазақ?
Басылмайды тыңдаған жан құмары,
«Айттым сәлем, Қаламқасты» айтпасақ.

Қайырмасы:

Жігіт қызға тіл қатты,
Арыз-назын тыңдатты.
Қазақ үшін ән табылмас әлемде,
«Айттым сәлем, Қаламқастан» қымбатты.

Осы емес пе сұлу сазды сурет?!
Осы емес пе құран сөзі құдірет?!
Жас махаббат от құшағын еске алып,
Қайталайық «Қаламқасты» бір рет.

Қайырмасы.

Таңғажайып төгілгенде асыл үн,
Әркім ойлар ең алғашқы ғашығын.
Айта алмайды ешбір ақын Абайдай,
Не болғанын кездескенде жасырын.

Қайырмасы.

Ән сал десең іркілмеймін, саспаймын,
Сырғақтатам бастауындай ақ сайдың.
Барша жанның жабық сырын ақтарған,
«Айттым сәлем, Қаламқастан» бастаймын.

Қайырмасы.

ЖАН ӘКЕМЕ АЛҒЫСЫМ

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Жан әке, атыңды айтсам алаулатып,
Қонады қиядағы маған бақыт.
Самғадым арманыңның ақ жолында,
Қырандай қос қанатты жалаулатып.

Қайырмасы:

Шаңырағың бапталды,
Ақ тілегің ақталды.
Туған елде, жан әке,
Атың мәңгі сақталды.

Желпінді балаларым бау-бақшадай,
Қоймайды ата десе алшақтамай:
Бәрі де басын иіп тәжім етті,
Салтыңа салтанатты ақ патшадай.

Қайырмасы.

Отбасы құт ораса жөргегіме,
Құлшындым өршеленіп өрдегіме.
Мың алғыс айтып өтем, әке, сенің,
Қолыма кең жалғанды бергеніңе.

Қайырмасы.

23.03.2000.
Алматы

МАҚТАНЫШ ЕТЕР ҚАЗАҒЫМ

Төлеген Досмағамбетовке

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Аумаған Мағжан ағамыз,
Мүсінші бар ғой аты аңыз.
Қай жерде көрсек еңбегін,
Даналық дәмін татамыз.

Қайырмасы:

Мүсіндер ғажап елдегі,
Семейде Мұхтар төрледі,
Көкшетауда Шоқан тұр,
Біржан сал мен Ақан тұр.
Қостанайда Ахмет,
Алматыда Қанышым
Биікке құлаш сермеді –
Бәрі де Төлеш еңбегі.

Қырандай көзі қырағы,
Қиядан қарап тұрады.
Ол салған асыл мүсіндер
Адаммен кеңес құрады.

Қайырмасы.

Ақиқат осы байқаған,
Ол басқан құтты, бай қадам.
Мақтаныш етер қазағым,
Есімін айтса бар ғалам.

Қайырмасы.

11.04.2001.
Алматы

КҮМІСЖАН

Күмісшаш Қарашаевaға

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Атыңнан айналайын Күміс деген,
Күншуақ ажарыңнан тыныс көрем.
Оңалды көңіл көркі бір өзіңмен,
Оралды құт-береке ырыспенен.

Қайырмасы:

Ақ күмісім балқыған,
Аққуымсың шалқыған.

Жеткен асыл арманға
Қорғап өтер жалғанда,
Мен боламын сақ қыран.

Күлкіңнен сездім жылы күн шуағын,
Ашылды ажарыңнан нұрлы сағым.
Сен барда сенімім мол болашаққа,
Заңғарға қиядағы бір шығамын.

Қайырмасы.

Қалайша махаббатсыз жүрсін адам,
Сарқылмас шаттығымды білсін ғалам.
Көздеген зор мереке сен туған күн,
Өзгеден артық екен бір сыбағам.

Қайырмасы.

18.01.2001.
Алматы

ӘБІКЕЙ АҒА

Әні Мұратхан Егінбавевтікі

Әнмен аптап, сөзбен мүсін қашаймын,
Қанат қақсын қыран міңез, жас айбын.
Жүрегімнің лүпілімен мәнерлеп,
Әбікей аға әз бейнесін жасаймын.

Қайырмасы:

Ардагері «Алаш» деген намыстың,
Ол да бірі қазақта бар арыстың.
Ең алғашқы болды ұстазы Семейде,
Қос данамыз – Мұхтар менен Қаныштың.

Қия белде ыза-кегі қайнаған,
Сұңқар дерсің қос жанары жайнаған.
Тұлпар дерсің Құлагердей құлшынып,
Керекуге талай жүлде байлаған.

Қайырмасы.

Саңлақ ұлы әйгілі ата Сәтбайдың,
Асыл сырын қалай жабық сақтаймын?
Мағжандармен кетті атылып арманда,
Таңы атса да өз еркімен батпай күн.

Қайырмасы.

Өткізбесе аз ғұмырын тойлы ғып,
Ұлағатты ғибратына тойды жұрт.
Жүзінде тұр жүз кісілік парасат,
Көзінде тұр мың кісілік ойлылық.

Қайырмасы.

13.05.2000.
Алматы

ЖЕЗҚАЗҒАН – ҒАШЫҚТАР ҚАЛАСЫ

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Өзіңе жан құштар әуремен,
Ән болды әр сөзің әу деген.
Ақ жүзің астасты, жан еркем,
Сарыарқа қарсы алған таңменен.
Самал жел Ұлытау саясы,
Жезқазған – ғашықтар қаласы.

Жанарың жайнатқан өңімді,
Жұлдыздай көркейттің көңілді.
Жасымнан жоғалтқан ұлар құс,
Келбетің Кеңгірде көрінді.
Жалғасқан қос жүрек арасы,
Жезқазған – ғашықтар қаласы.

Қара көз мөлт еткен жан улар,
Мезетке болдым ғой зәру-зар.
«Жезкиік» өтеді жарқ етіп,
Достарым, бір көріп қалыңдар!

Жазылар жас жүрек жарасы,
Жезқазған – ғашықтар қаласы.

Жан зекет, шын тату көрмесең,
Өмірге әуре боп келмес ем.
Сені іздеп шарладым әлемді,
Қайтадан туа ғой сенбесең.
Қимастай адамның санасы,
Жезқазған – ғашықтар қаласы.

1994

БІЗ – ҚАЗАҚПЫЗ, АЗАТПЫЗ

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Көкшетау мен Алатаудың арасын,
Қара Ертіс пен Ақ Жайықтың жағасын
Жалғап жатқан қараңдаршы, тәуелсіз,
Қазағымның ұлан-байтақ даласын.

Қайырмасы:

Түркі тектес тіліміз,
Алты Алаштың біріміз.
Тайталасқан тағдырмен,
Жетті әлемге үніміз.
Әлқисса,
Біз – қазақпыз,
Біз – қазақпыз, азатпыз.

Бар сырымды байқа менің көзімнен,
Жарқ етеді ақ боталы боз інген.
Ертеңім бар, ерке туған қазақпын,
Кең даласын Алтын Орда сезінген.

Қайырмасы.

Кербез дала, байтақ атамекенім,
Көз тартады сенің шексіз екенің.
Сыртқы жаудан, ішкі даудан сақтасын,
Сонда аңсаған арманыма жетемін.

Қайырмасы.

АЛТЫНЖАН

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Алтынжанды аяла алтын әнім,
Ата дәстүр сыйлағыш салты мәлім.
Қыз баладай иіліп тәжім етсе,
Көрдік талай ақсақал шалқығанын.

Қайырмасы:

Беу, беу,
Алтынжан...
Төрдің көркі, сәні де,
Жанға дәру әні де;
Не тілесең табылар,
Тал бойынан бәрі де.

Биіктетсе жан жарын көтермелеп,
Ағайынға қиналған етер көмек.
Ақ дастархан жайғанда дос-жаранға,
Шат күлкісі жүректі өтер бөлеп.

Қайырмасы.

Шашылғандай ақ сәуле шарайнадан,
Ақ дидары маңайын арайлаған.
Алтынжанды бір көру – алтын дәурен,
Нұр жұмақта жүрмін деп санайды адам.

Қайырмасы.

08.03.2000.
Алматы

ӨМІР – ӨЛЕҢ
(Мұхаммед Әлиден)

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Өлең жазсам өмірім өңденеді,
Жарылқайды, жақсы жыр дем береді.
Асыл жарым, ардақты достарыммен,
Туған елге құштарлық меңгереді.

Қайырмасы:

Өмір – шабыт шалқыған, өмір – өлең,
Жыр ұялап, ән баурап тебіренем.
Гүл тілдесіп, тал ойнап, жел сипаса,
Ел шетінде жол тосқан сені көрем.

Туған жерсіз демімді ала алмаймын,
Онсыз жүдеп қақ жолда қалардаймын.
Күні сұлу, аспанда айы сұлу,
Туған жерге еш теңеу таба алмаймын.

Қайырмасы.

Елжіресін, жүрегім елжіресін,
Өлең – өмір ішінде сен жүресің.
Қарсы алдымда жарқ етші, көп аңсатпай,
Махаббаттың жалауы желбіресін.

Қайырмасы.

НАҒИМА

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

«Нақыш» дейді ағамыз Нағимасын,
Тапқыш келер асылдың бабын асыл.
«Нәке» деп те аялап еркелетер,
Бір сүйетін мезетті сағынғасын.

«Нәкіш» деп те түрлентіп көріктеген,
Сондай болсын жар сыйлар серік деген.
Біздің ағай сұңғақты сау қайыңдай,
Көп құшақтап «Нақышы» беріктеген.

Қайырмасы:

Толып жатқан саны бар,
Әрбір аттың мәні бар.
«Нәкіш», «Нақыш», «Нәкентай»,
«Нәкежаны» тағы бар.
Аға сөзі – қағида,
Соның бәрі – Нағима,
Нағима, Нағима, Нағима.

«Нәкеш» деп те кей кезде ақылдасар,
Ақылдасса аяқты батыл басар.
«Нәкежан» деп оңаша ойқастаса,
Жан құпия, жарастық шартын жасар.

«Нәкентайы», «Нәкіші», «Нақышы» ма?..
Ат қойғыш-ау келтіріп нақысына.
Жеңешем де сыйға – сый жасағандай,
Бір айтқаны жоқ «шалсың» деп ақысына.

Қайырмасы.

1994

КӨБЕЙСІН СӘБИЛЕР

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Шаттандық тіршілік түрленіп,
Дүниеге шыр еткен үн келіп.
Әулеттің жалғасы жар салды,
Жасалсын бесіктой шілделік.

Қайырмасы:

Толқысын әр үйде
Әлдилі ән-күйлер.

Жыр төгіп келіңдер,
Тезірек тәй-тәйлап желіңдер,
Тіршілік шырағы сәбилер.

Әуелеп «әлдиге» толған ән,
Қазаққа жебеуші бол, ғалам.
Сәбилер көбейсін, көбейсін,
Нығайсын төрге құт орнаған.

Қайырмасы.

Үлестен қалмаңдар тиесі,
Аруақтар қолдасын киесі.
Сәбилер, сендерсің, сендерсің,
Туған жер, туған ел иесі.

Қайырмасы.

24.09.1997

БІР КЕЗДЕСТІМ

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Кездесуді ай мен жұлдыз қолдайды,
Құтты күнде кездестірді жол жайлы.
Бір кездестім, ғашық болдым,
Сөкпеңдер...
Кездеспеген қызды алуға болмайды.

Бір кездестім, сәтті сапар жалғадым,
Аян еттім, отты жырлар арнадым.
Бір кездестім...
Содан кейін ешқашан
Басқа қызбен кездесуге бармадым.

Бір кездестім...
Қызды бойда ақ жалын.
Тіл жетпейді, айту қиын ар жағын.
Бір кездестім...
Содан кейін ешқашан,
Қорғаушыдай қыр соңынан қалмадым.

Бір кездестім...
Тағат тапты арманым.
Дос-жаранға толды төрім, жан-жағым.
Ең ақылды ісім болды жалғанда,
Ең алғашқы кездесуге барғаным.

ЕСІЛДЕГІ АСТАНА

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Қоштасып қарт Алатау астанамен,
Көш тартты Сарыаркаға басты мәрем.
Ақ орда мәртебелі Ақмолаға
Сәт тілеп, байтақ елім айтты сәлем.

Қайырмасы:

Арал, Каспий, Ақ Жайық,
Қызылорда қол жайып,
Бата берді жас қала!
Алтай, Ертіс, Атырау,
Құтты бол деп жатыр-ау,
Есілдегі астана.

Бұл күнде бүкіл әлем таныс маған,
Көшіме көлік қосты ғарыш-ғалам.
Қалықтап қанат жайды ақ арманым,
Азаттық ақ жолында қарыштаған.

Қайырмасы.

Бастасам асыл әнді ақ жүректен,
Ақмола, нұрың жансын ақ тілектен.
Көгілдір туым жайнап желбірей бер,
Қазақты жер шарымен тату еткен.

Қайырмасы.

12.07.1997

АҚ БҰЛАҚ

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Күлкіңнен көңілім жылынған,
Сағындым сені, ақ бұлақ.
Әлемде барлық шырыннан,
Бір жұтым суың жақсырақ.

Әр үйге күнде жететін,
Шелектер толқып, тербеліп.
Аққұба қыз да өтетін,
Жанары жанға дем беріп.

Қоштасты жылдар легі,
Көгілдір көктем, күзімен.
Шыдамас адам жүрегі,
Жүргендей сол қыз ізімен.

Ақ бұлақ, ғажап кескінің,
Ынтыға жұтқан күн нұрын.
Жағаңнан көрдім, естідім,
Мың түрлі бояу сыңғырын.

Бояу мен дыбыс аралас,
Тілдессең ләззат татқандай.
Қараймын саған шала мас,
Ақ маңдай келе жатқандай.

Ақ бұлақ, тоқта, тербелме,
Ғаламат сенсің мен білген.
Сүйейін аңсап келгенде,
Дірілдеп жатқан ерніңнен.

АЛМАТЫДА «ТӘУЕЛСІЗДІК АЛАҢЫ»

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Алатаудың жайнап алтын қабағы,
Салтанатпен шалқып қарсы алады,
Барша қазақ төр төбесі атанған,
Алматыда «Тәуелсіздік алаңы».

Қайырмасы:

Бөгенбайлар барлаған
Исатайлар таңдаған,
Абылайдың арманы,
Желтоқсаным қамдаған,
Қасиетті төрім бар,
«Алтын адам» самғаған.

Қуаныш мол жұпар шашқан гүлінде,
Сыйластық зор кәрі-жастың үнінде.
Барыс мінген батыр ұлан сөйлеп тұр,
Мұнарадан көне қазақ тілінде.

Қайырмасы.

Ашық алаң, биік тұғыр, зор жігіт,
Бара жатыр болашаққа жол жүріп.
Күн сөнбесе тәуелсіздік сөнбейді,
Деп сендірген көкірекке толды үміт.

01.01.2001.
Алматы

ЖАМБЫЛ АТА

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Жамбыл ата, сара сөз, асыл үнсің,
Әлемге әйгі өзің бір ғасырымсың.
Ел шетіне жау келсе, Алатаудан
Жарқыл қаққан от-жалын жасынымсың.

Қайырмасы:

Ақындардың атасы,
Еліме құт батасы.
Терең сөздің өрлісі,
Төкпе толғау селдісі.
Айтыс сөздің белдісі,
Әзіл-оспақ желдісі.
Абыз ата, Жамбыл ата,
Жүз жасаған ер кісі.

Есіміңді құрметтеп етер өлең,
Данышпаным деп халқым мәпелеген.
Аруақ қонған ағасын ұран етіп,
Мұхтар, Сәбит, Күләштар «тәте» деген.

Қайырмасы.

Мақтан етіп, сыйласақ атыңды асыл,
Сен мәңгілік ел-жұрттың қасындасың.
Жетісу мен жер шарын жалғап кеткен,
Адамзатқа тамаша салтың қалсын.

Қайырмасы.

ҚҰНАНБАЙДЫҢ ШӨБЕРЕСІ – ТАМЕРЛАН

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Құнанбайлар қазақта өскен әулет,
Құдай оңдап ортаймас біткен дәулет.
Бәрінің де Әйгерім, Абайы бар,
Жабайы емес, арнайы күткен сәндеп.

Ақсақ Темір тәртібін құра ала ма,
Әлде басқа бір шатақ шығара ма?!
Насыбайы ащы екен, бір атымын,
Сатып жатыр долларға мына бала.

Қайырмасы:

Біздің ағай Құнекең,
Аулымдағы дүр екен.
Асырам деп жасырын
Тобықтыдан атақты,
Шөберенің асылын
Тамерлан деп атапты.

Күлімдейді кісіге өзім деген,
Ақсақал деп алмайды көзін менен.
Қанша қымбат болса да атым насыбай,
Патша болар деген зор сезімменен.

Еміздік пен ойыншық былай қалып,
Қолға қамшы әпер деп сұрайды анық.
Шаптырғаны алысқа ұнап кетті,
Бас игендей бар әлем шыр айналып.

Қайырмасы.

16.08.1997

СӘБИТ АҒА – КЕМЕҢГЕР

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Ағындаса жел жетпес Құлагердей,
Тартынбады алға үздік шыға келмей.
Жамбыл ата баптаса «балуаным» деп,
Қарқындады қажымас бұлан ердей.

Қайырмасы:

«Ботагөзбен» өрледі,
Шоқанды айтып төрледі.
Дән толқытқан қырдағы,
Кен қопарған шыңдағы,
Қой қоздатқан құмдағы

Саңлақтарды жырлады,
Сәбит аға – кемеңгер.

Елге келсе сарқылмас сыр байланып,
Қаумалайтын қалың жұрт тыңдай қалып.
Бар қазақты аралап жүруші еді,
Жер шарындай жылжыған күнді айналып.

Қайырмасы.

Жастық шақтың толқыса ғашық әні,
Қосылуға сандуғаш асығады.
Сәбит десең мөп-мөлдір шықтай таза,
Махаббаттың шуағы шашылады.

Қайырмасы.

ЕСТІГЕНДЕ ӘНІҢДІ

Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Сені бүгін, қалқам-ау, аңсап кеттім,
Қанат байлап келіп тұр шапшаң жеткім.
Талмаураған ән мен жыр аясында,
Жарар еді жарасын жазсақ дерттің.

Қайырмасы:

Аштың өрде сағымды,
Құштар әуен ағылды.
Елжіредім, ес кетті,
Естігенде әніңді.

Саған бүгін ерекше құмарландым,
Сәулесіне шомылдым туар таңның.
Құба жонға сән берген «Жезкиіктің»,
Келіп тұр ғой мойнына тұмар салғым.

Қайырмасы.

Саған бүгін жан зекет, ғашық болдым,
Жанарыңның жарқылын ашық көрдім.
Арнасына сыймаған шулы өзендей,
Сағынышым шыдатпай тасып-толдым.

Қайырмасы.

06.08.2001.
Алматы

СУРЕТ СЫРЫ

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

Бар екен оңашада айтар әнің,
Барғанда ауылыңа байқағаным.
«Отырмын суретіңді көріп қана», –
Деп, сәулем, деміңді үзбей қайталадың.

Бал таңдай, бұлбұл көмей құдіретті,
Жан сырын өлең сөзі сыбыр етті.
Жүрекке жұлдыз етіп сақтапсың ғой,
Сарғайған бала күнгі суретті.

Елестеп тату өскен шуақты күн,
Оралды ортамызға жұмақ бүгін.
Сан жылдар сандығыңда жалғыз жатып,
Махаббат таңы оятқан сияқтымын.

Сол әннен ұқтым талай ғаламатты,
Әкеттім жан құпия аманатты.
Қалқам-ау, сағынғанда өзімді көр,
Толтырмас ескі сурет қанағатты.

1978

АҚҚУ ӘНІ

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

Жылжиды аққу айдында, жылжымайды,
Мұңаяды ол неге, тұнжырайды?
Сыңсып салған әніне тебіреніп
Қамыс басы қамығып, су жылайды.
Су жылайды, тұнжырайды,
Жылжиды аққу айдында,
Жылжымайды.

Қалқиды аққу айдында, қалқымайды,
Баяғыдай бой жазып шалқымайды.
Сыңарынан айрылып қалған күні
Бұл өмірдің қызығы жартылайды.
Жартылайды, шалқымайды,
Қалқиды аққу айдында,
Қалқымайды.

Сырғиды аққу айдында, сырғымайды,
Жақын барып хал-жайын кім сұрайды?
Қатар жүрген күндерді сыйлайықшы,
Біреу ерте, біреу кеш бір құлайды.
Бір құлайды, кім сұрайды,
Сырғиды аққу айдында,
Сырғымайды...

1971

МӘҢГІ ШЫРАҚ

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

Арманыма жетем деуші ем,
Аяласа көктемім.
Бірге кешіп өтем деуші ем,
Өмір-өзен өткелін.
Қабыл алшы ән жетегін,
Кездесе алмай жүр едім.
Махаббаттың мәңгі екенін
Білсе болды жүрегің.

Көрген жоқпын жалғызсырап,
Үзілсе де хабарың.
Көкірегімде жанды шырақ,
Ол өзіңнің жанарың.
Кім кінәлі? Жалғыз сұрақ.
Жауап таппай қинадың.
Көкірегімде мәңгі шырақ,
Ол өзіңнің дидарың.

1982

САРЫАРҚА САМАЛЫ

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

Кербез тау, кең дала, қамар бел,
Жарқырап жатқанын қарашы!
Аймалап сүйгенде самал жел,
Құлпырар адамның санасы.

Самғаған ауылдан ғарышқа,
Дәнді өлке, кенді өлке Сарыарқа.
Құлын-тай секілді жарысқан,
Байқоңыр, Жезқазған, Жаңаарқа.

Ақшатау, Ақадыр, Ақшоқы,
Аққөлдер бау-бақша байлатқан.
Ішінде ойнап жүр ақ тоты,
Қазақтың жүрегі сайратқан.

Келемін Кеңгірді жағалап,
Көрсем деп баяғы құрметпен.
Тебірендім, тау ішін аралап,
Сәкендей аймақты күніренткен.

Жарқ етті қолтықтап Ертісті,
Ержеткен бозбала Жәйремін.
Ризамын, салтанат тең түсті,
Қаракөз, не деген сәнді едің?

Болды ұмыт күндерім аңсаған,
Табылды сағыныш амалы.
Мың алғыс айтамын мен саған,
Мақпал жел, Сарыарқа самалы.

1983

ДОСЫҢНЫҢ КӨЗІН ҰҒАРСЫҢ

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

Көп жұлдыз көкте ай болмас,
Сәулесі жерге жетпейді.
Көрінбей кетсе кей жолдас,
Адал дос тастап кетпейді.
Сүрініп оқыс құларсың,
Таяныш таптың тұрарсың.
Дәрменсіз күнде дәл келген,
Досыңның көзін ұғарсың.

Туыстың дос боп кетуі,
Некен-саяқ неғайбыл.
Досыңның туыс етуін,
Өмірдің заңы санай біл.
Тауға да биік шығарсың,
Жауыңды жеңіп тынарсың.
Ағайын сенбей тұрғанда,
Досыңның көзін ұғарсың.

Жүрсең де қандай жұмақта,
Түссең де қанша сынаққа –
Досы жоқ өмір жұтпен тең,
Достықтың туын құлатпа.
Таяныш таптың тұрарсың,
Сүрініп оқыс құларсың.
Дәрменсіз күнде дәл келген,
Досыңның көзін ұғарсың.

1981

САҒЫНЫШ ДЕГЕН ҒАЛАМАТ

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

Сағынып кетем сені де,
Төгіліп өлең аманат.
Сағынады екенсің мені де,
Көңілге ол да қанағат.

Ауылдасың да сағынар,
Аунап бір қунап кетсе деп.
Қарындасың да сағынар,
Бауырым назар етсе деп.

Ағасын іні сағынар,
Еркелеп қана қайтсам деп.
Інісін аға сағынар,
Ақыл, бір кеңес айтсам деп.

Әкесін бала сағынар,
Жоғымды тауып берсең деп.
Баласын әке сағынар,
Қалқайған бойын көрсем деп.

Сағынып анаң шаршайды,
Сақтаған дәмін татсын деп.
Жолыңды тосып аңсайды,
Тынығып аз күн жатсын деп.

Сағынар үйде аруың,
Өзіңді есен көрсем деп.
Жаныңның дәркер дәруін,
Іздетпей тауып берсем деп.

Сағыныш деген ғаламат,
Жүрекке жүрек орнаса.
Не керек тірлік, азамат,
Осының бірі болмаса?!

1974

ЖЕҢЕШЕ

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

Ауылға барғанда «қайным» деп,
Өзгеден сен қанат жайдың көп.
Шіркін-ай, білгім кеп тебіренем,
Жүгіртіп қойды екен қай міндет?

Қайырмасы:

Есімде кешегім, бүгінгім,
Балдырған күндерге үңілдім.
Жеңеше, алдымда жүгірме,
Өзімнің келіп тұр жүгіргім.

Жүректің лүпілін санасам,
Жасарып кеттім жас балаша.
Ақ көңіл, кең пейіл жеңеше-ай,
Мінезің не деген тамаша?!

Қайырмасы.

Жүрсем де ауылдан шеткері,
Ұзамас көңілімнің кептері.
Ауылымның үлкені болдыңдар,
Үлкендер аттанып кеткелі.

Қайырмасы.

Жарқырап тар үйің сарайша,
Шаттандың достарым молайса.
Анамдай ардақты жеңеше-ай,
Мен парыз ақтармын қалайша?!

1980

ЖӘЙРЕМ ӘНІ

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

Қайда жүрсің,
Қиял болған сәулем?
Сенсіз қызық
Болмас жастық дәурен.
Туған елде
Сұлу жер мен сүйген,
Оның аты, оның аты – Жәйрем.

Жалт қараса
Желген киік саймен,
Жарық жұлдыз
Телміреді аймен.
Сарыарқада
Кен қопарған бір жер бар,
Оның аты, оның аты – Жәйрем.

Асыл еркем,
Аңсағанда қайда ең?
Бар сырымды
Білші осы әннен.
Бір өзіңе
Іңкәр болған жігіт бар,
Жүрген жері, жүрген жері – Жәйрем.

Құшақ жайған
Шалқар дала, таумен,
Көркейеді
Біздер еккен баумен.
Махаббаттың
Жұмағындай қала бар,
Оның аты, оның аты – Жәйрем.

1980

ӘКІМНЕН ШЫҚҚАН БАТЫРСЫҢ

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

Қажеке, ғажап есімің,
Айтып тұр абзал шешімін.
– Мұратқа жет, – деп, – қажымай, –
Ашыпты өмір есігін.

Қайырмасы:

Мағжандай оққа жақынсың,
Қасымдай отқа батылсың.
Ұлытауым қолдаған,
Бақыт құсын жолдаған,
Қазақтың тілін қорғаған,
Әкімнен шыққан батырсың.

Жезқазғанды таң қылған,
Қызылжар нұрын жандырған.
Қазақтың өжет ұлысың,
Атағың құмар қандырған.

Сәкендей арыс тойында,
Бүкіл ел жүрді ойында.
Паш етіп, Сәбит, Ғабитті,
Нар жүгін алдың мойынға.

Елбасы білді қолдауды,
Ауыр ісі қауырт жолдауды.
Есілдей жатсын жарқырап,
Түзеп бер тозған жолдарды.

СӘКЕН АҒА

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

Сұңқар шабыт аққу әнін жалғаған,
Сендей асқақ, Сәкен аға, бар ма адам?
«Тайғақ кешу» бас құрбаны болмасаң,
Білер еді-ау есіміңді бар ғалам.

Аңсағандай аңыз-арман асылын,
Қандай ару демес сені ғашығым?
Жігіттіктің қыраны едің мұзбалақ,
Ақындықтың бастадың бір ғасырын.

Өлең сөздің ғауһар тастай дарасы,
Сенсіз қазақ толмас өмір сабасы.
Саған мәңгі алғыс айтар сексен көл,
Көкшетаудың орман, тоғай, даласы.

Өрде киік өтсе сені еске алар,
Бір көрем деп қимай қарап көз салар.
Әсем әнің тау жаңғыртып, ел кезіп
Жүрді сенен болмағанда еш хабар.

Самғай берші, ақын аға, самғашы,
Бұзылмайды асыл өнер арнасы.
«Жезкиігім» – өз күйігін баса алмай,
«Тау ішінен» шыққан әннің жалғасы.

1994

ӨЗІҢЕ

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

Тіршілік бақша болса жеміс жайған,
Тергенім құшағыма тегіс сыйған.
Сондағы мақтанышым – махаббатың,
Тағдырын бір өзіме тегіс қиған.

Көзіме көрінбесең сені іздеймін,
Іздесем шалқып жатқан теңіздеймін.

Қасымда бейнең серік ұмытпастай,
Көлеңкең қосақталған егіздеймін.

Сыйластық арамызда сүйікті екен,
Қимастық әр мезетін биіктетем.
Оянбас қалың ұйқы жеңгенінше,
Ортаймас алғысымды үйіп кетем.

1969

АЙНАЛАЙЫН, КЕЛ БЕРІ

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

Кең жалғанның алармын ба алғысын,
Ақ дидары ұшырды ғой жан құсын.
Жүрегім-ай, жүрегім-ай, жүрегім,
Ғашық болып қалғаннан сен саумысың?

Қайырмасы:

Өтті азап, болды ғажап
Махаббаттың бергені.
Аялайын, аймалайын,
Айналайын, кел бері.

Әр сөзіңнен естігендей құс әнін,
Қарақат көз кірпігіңмен тұсадың.
Ұмсынып тұр, құлшынып нұр жүзің,
Құштар сәтке шақырғандай құшағың.

Қайырмасы.

Бір кездесу теңелгендей көп күнге,
Аңсап күткен арманыма жеттім бе?!
Қимай қарап, жаутаң етті жанарың,
Сен де маған ғашық болып кеттің бе?

Қайырмасы.

1998

АУЫЛДАСТАР, АРМЫСЫҢ?!

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

Келбетіңнен, туған жер, айналайын,
Сағынышқа дәруің бар ма дайын?
Басқан ізін анамның бір көрсем деп,
Жан-жағыма төгемін жан арайын.

Қайырмасы:

Ауылдастар, армысың?!
Бауыр, достар, бармысың?!
Сағынышым самғатты,
Туған елге жан құсын.

Ауыл шеті алыстан қарай қалған,
Алтын күмбез асып тұр сарайлардан.
Аққу-қаздар айдында сырнайлатса,
Елестейді баяғы арайлы арман.

Қайырмасы.

Елти бердім, шіркін-ай, елти бердім,
Ата-анамды білгеннің кейпін көрдім.
Құрбы-құрдас, ағайын араласқан,
Бәрі осында әлемде мен сүйгеннің.

Қайырмасы.

Салқын өңім әу демде шырайланды,
Көңілімде ән толқып, жыр байланды.
Қайран жүрек жарылып кетер ме екен,
Елді көріп шар басым шыр айналды.

Қайырмасы.

ЗАМАН СЫРЫ

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

Достарың ғажайып жандар,
Қалайша ардақтамайсың?
Дұшпаның қулықпен алдар,
Айласын салмақтамайсың.
Дүние өзгеріп кетті,
Тайғақта жол таппай тұрсың.
Жан-жақта лаулаған өртті,
Жанталас сөндірмей жүрсің.

Інілер жиналған шақта,
Бағытын барламай кеттің.
Шын досың қиналған шақта,
Бір сәлем арнамай өттің.
Ауылдар күтімсіз тұр ғой,
Аруақты сыйласаң етті?
Ағайын бітімсіз жүр ғой,
Бірлігін ойласаң етті?

Бұрқанған дауылға кірдік,
Жандайшап есерге ерме.
Сыйласып сақтайық бірлік,
Есіңнен жаңыла көрме.
Алдыңда өрт пенен жалын,
Сен неге қарайламайсың?
Артында қалың ел барын
Қалайша абайламайсың?

1993

ӨЗІҢСІҢ «ГАУҺАРТАС»

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

Құлшынтып көңілді,
Бұлбұл ма сайраған?
Ғашық наз төгілді,
Сағыныш жайлаған.

Жүректің, шын құмар,
Тапқандай керегін,
Естідім ынтық зар,
«Сәулем-ай» дегенін.

Елтідім, балқыдым,
Жүргендей жұмақта.
Ақтардың жан сырын,
Алғандай құшаққа.
Тыңдап тұр тау мен тас,
Тебіреніп бар ғалам.
Өзіңсің «Гауһартас»
Ән болып жайнаған.

Көз тойды көргенде,
Жүзіңді аңсатқан.
Ақ құсым келгенде
Сәт туды тамсантқан.
Арман ба, жалған ба?!
Кетті өмір думан боп.
Сендей жан жалғанда,
Тумайды, туған жоқ!

11.02.1998

ҚОНАҚ ЕКЕН ҚЫЗ БАЛА

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

Жат жұрттықтан өз арманын іздеген,
Қолыңдағы құс екен ғой қыз деген.
Алыс жолға толқып қанат қағады,
Өз анасы бақыт тапқан ізбенен.

Қайырмасы:

Артта қалып
Ерке күнгі, ерке гүлді мекені,
Екі ғашық,
Жаны ұласып жас отау боп кетеді.
Ауылдастар өскен бірге достасып,
Бауырластар қимай қалар қоштасып.

Құс жолымен жеткен жаңа тұрағы,
Екі жастың сол ынтық зар жұмағы.
Өзге төрде жанып тұрар жарқырап,
Ата-ананың жел тигізбес шырағы.

Қайырмасы.

Ұшып жетер биік жартас, құзға да,
Бұйрық етер алда дәм мен тұз ғана.
Ақ кептердей ел мен елді жалғайтын,
Қолыңдағы қонақ екен қыз бала.

Қайырмасы.

БІР МІН БАР

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

Тіршілік, сенде бір мін бар,
Шаттықтан қайғың көбірек.
Сайрамай талай бұлбұлдар,
Булықты үнсіз еңіреп.

Уақытта өткен бір мін бар,
Жүрісі шымқай асығыс.
Қамығып өткен мың гүл бар,
Қауызын ашпай қапылыс.

Бір мін бар сенде, арманым,
Тым биік құлаш сермейсің.
Білсең де дүние жалғанын,
Аз ғана тыным бермейсің.

Қайтейін, достым, мін демей,
Өзіңді көптеу сүйесің.
Сыздаған жерді іздемей,
Қытыққа тиіп жүресің.

Бір мін бар сенде, інішегім,
Жел сөзге жылдам ересің.

Қатса да қара тірсегін,
Қарайлап артқа келесің.

Жан аға, сенде бір мін бар,
Алыстан салқын сыйладың.
Көңілдің күйін бір тыңдар,
Сәтті күн, сағат қимадың.

Түйіні осы сөзімнің,
Арылмас жүктей жинаған;
Аз емес мінім өзімнің,
Кешірек ұғып қиналам.

1994

ЖЕР ДӨҢГЕЛЕК ЕКЕН

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

Сездің бе аңсағанды?
Көрдің бе шаршағанды?
Шөліркеп шөлдерден өтем,
Көкжиек белдерге жетем,
Сен көрінбейсің,
Жер дөңгелек екен.

Мен шардың бер жағында,
Сен қалдың ар жағында.
Көп күндер өрлеген екем,
Көз жетіп көрмеген екем.
Сен таптырмадың,
Жер дөңгелек екен.

Дөңгелек дөңгелей берді,
Шарладым көрмеген жерді.
Салдың ба басыма кісен,
Ашынып асыға түсем,
Лақтырған тасың болсам,
Бәрібір қасыңа түсем.

1980.
Мәскеу

АЛҒАШҚЫ КЕЗДЕСУ

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

Тосқанда сені таудың бөктерінде,
Тезірек жылжы деуші ем көкте күнге.
Балалық – балғын дәурен қоштасыпты,
Бетіңнен алғашқы рет өпкенімде.

Беу, шіркін! Өткен өмір қайталанса,
Сол жерге шалқып-толқып қайтып барса...
Жалға деп жалғыз сағат жалынар ем,
Тағдырым не керек деп айта қалса.

Тәтті түс әлде сәтті өңім бе еді,
Әйтеуір таңғажайып өмір еді.
Айлы түн, ақ қайыңдар арасынан,
Балдырған ақ дидарың көрінеді.

Құштарлық пәк сезімді басқарады,
Табылмас қимастықтың басқа мәні.
Біз құрған ақ отаудың іргетасы,
Алғашқы кездесуден басталады.

1983.
Мәскеу

ДАЛА – ДАСТАН
(Толғау)

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

О, кең дала!
Ен қызыққа батқаның,
Шалқып-толқып бақытты боп жатқаның;
Мың жеңіліп, мың жеңгенде жауыңды,
Азаттыққа арманыңды сақтадың.

Дала деген – қазақтардың ерлігі,
Дала деген – қазақтардың елдігі.

Мөлдір таза, ніл аспанды, кіл жазық,
Дала деген –
Планетаның кендігі.

Әне, қырда мың-мың киік ойнайды,
Сүңгіп қалқып ақ сағымға бойлайды.
Құдіретті туған елдің даласы-ай,
Соның бәрі толғандырмай қоймайды.

Сұлу Көкше, өр Алатау арасы –
Бәрі тұтас Қазақтың кең даласы.
Сонша жерді сойылымын қорғаған
Бабаларым осал емес шамасы!

Сұлу дала!
Сағымың құт желкенсің,
Сарыаркадай жер төресі өлкемсің.
Қандай жақсы
Қазақ болып туғаным!
О, туған жер!
Тамашасың, көркемсің!

Дала – сұлу!
Дала – кербез!
Дала – паң!
Дала – шұғыла!
Дала – шолпан!
Дала – таң!
Дала – ана бізді сүйген балажан,
Содан болар
Болғанымыз далажан.

Дала – көкпар!
Дала – жігіт, дала – қыз!
Дала – көктем, дала – шілде, дала – күз!
Дала деген – ғарыш жолы, космодром,
Мұның бәрі қайда сыяр даласыз?!

Дала деген –
Әл-Фараби бабамыз,
Қожа Ахмет Яссауидей данамыз.
Түркістанды рухани төр төбе
Деп көтердік тағзым етіп санамыз.

Дала деген –
Киелі хан Абылай,
Абылай да бір, деген де бір «Ә, құдай!»
Арпалыста аруағына сиындық,
Ұлы есімін кеткен жоқпыз танымай.

Дала деген –
Кенесары нар құздай,
Оны айтқанда қатар жүрер Наурызбай.
Дала – біздің Қабанбай мен Бөгенбай,
Дала – Ағыбай өткен жауға алғызбай.

Дала деген –
Ата мирас тіліміз,
Шүкіршілік, тілімізбен іріміз.
Қай қыспақты көрсек-тағы
Жоғалтпай,
Тілін таза сақтағанның біріміз.

Дала деген –
«Сарыарқаның» дабылы,
Дала деген –
«Саржайлаудың» сарыны.
Дала деген – «Аққулардың» саңқылы,
Дала деген – «Ата толғау» ағыны.

Дала деген –
Дана туған Абайым,
Жасап өткен өлең сөздің сарайын.
Ол дара тұр ойшыл ақын, данышпан,
Кейінгілер қарайламай маңайын.

Дала деген – ақтап өткен ақ міндет,
Күй аталар: Құрманғазы, Тәттімбет.
«Серперлетсем», «Көкейкесті» тебірентсе,
Сонда айтарсың күйдің назын таттым деп.

Дала деген – айтыс-тартыс назы көп,
Ол – Төле би, қаз дауысты Қазыбек.
Ол – Әйтеке – үш кемеңгер осылар,
Беу, жас ұрпақ! Осыларға тағзым ет!

Дала – Сырым,
Құнанбайлар, Шормандар,
Есеней мен Ерендердей шоң, паңдар.
Дала деген – Исатай мен Махамбет,
Найза ұшымен болашақты шолғандар.

Дала деген – Қыз Жібек пен Төлеген,
Аттары аңыз пәк махаббат жебеген.
Дала деген – асыл ана – Айғаным,
Орда салып шыққан биік өреден.

Дала деген –
Шоқан, Қаныш ғалымдар,
Ел бағына оза туған дарындар.
Ғылым сарай салып кетті Қанекең,
Енді ол үйде ақыл кені ағын бар.

Дала – Ақан!
Үкілі Ыбырай, Біржандар!
Сал-серілік өнер шыңын құрғандар.
Дала – Мұхит, Жаяу Мұса, Естайлар,
Дала – Мәди – тар қапаста тынғандар.

Дала деген –
Тұлпар жортқан құба бел,
Үздік озып ел қуантқан Құлагер.
Тұлпар сүйгіш, сұңқар сүйгіш болғаннан
Құлагердің өліміне жылады ел.

Дала – Мағжан ұран еткен Тұранды,
Жырларынан сана-сезім құралды.
Дала – Ахмет, Жүсіпбек пен Міржақып,
Халел, Ораз, Тұрарлардан шыр алды.

Дала – Жамбыл!
Өлең сөздің түйдегі,
Дала – даңғыл,
Нұрғисаның күйлері.
Дала – «Гәкку»
Күләш салған Мәскеуде,
Дала деген – Шара апайдың билері.

Дала – Мұхтар
Жеке-дара көрінген.
Дала – Сәкен
Сексен көл боп төгілген.
Дала – анау
Сәбит, Ғабит, Бейімбет,
Дала – Ілияс
Жетісу боп өрілген.

Дала деген –
Бауыржандар, Мәліктер,
Іздері айқын, жорық жолын барып көр.
Дала – Талғат, Сағадат, Қасым, Рахымжан,
Әлия, Мәншүк туған елім дәріптер.

Дала деген – Шәкәрімдей көреген,
Ол жарқ етті рухы биік өреден.
Дала – Олжас, әлемге әйгі арғымақ,
Доска сыйлы, дұшпанына тебеген.

Қос тоты боп,
Бұлбұл болып кешкілік,
Дала сайрар
Қос Роза,
Бибігүл боп естіліп.

Дала деген – маңғаз әні Мақпалдың,
Қайран қалар
Естіген жұрт көз тігіп.

Бүгін дала
Көркі ғажап жайнаған,
Қазақтар да ғарышқа ту байлаған.
Дала – Тоқтар, біздің тұңғыш ғарышкер,
Дала – Талғат, сан жорықтан таймаған.

ДОСҚА СЫР
(Толғау)

Ей, жолаушы!
Бір дәм татып өткейсің.
Бірақ әсте
Аз деп, көп деп сөкпейсің.
Сусын ішіп аттануың сөзсіз ғой,
Бар болса егер бас мүжімей кетпейсің.

«Бар мәзірге»
Біздің қазақ саспайды,
Мейманының аз-көбінен қашпайды.
Нар тәуекел,
Жығылмасқа жолынан,
Жалғыз атын сойып қана тастайды.

Ән саламыз, домбыра да тартамыз,
Тойдағыдай бар өнерді сарқамыз.
Мен айтқан соң «алты ауызын ауылдың»,
«Қонаққәде» сізге сауал артамыз.

Не жақсыны
Біз далаға балаймыз,
Мұхит көрсек «дала ғой» деп қараймыз.
Дала мінез адам көрсек
Өмірде,
Туыс-туған, досымыз деп санаймыз.

Қой соямыз.
Ол – ардақты сыйымыз,
Бірақ оны ел салты деп түйіңіз.
Сыншы көздер, мінші көздер түйілсін,
Еуропадан кем түспейді күйіміз.

Даланы тек ет пен қымыз деп ұқпа,
Көзбен көр де, өз ойыңмен сұрыпта.
Менің елім орыс, қырғыз, өзбекпен
Ежелден дос ортақ салтын ұмытпа.

Қазақ үшін құт-қасиет, мол мұра –
Қоңыр күмбір екі шекті домбыра.
Күйлер заулар
Төкпе, шертпе құбылып,
Көкейіңе дала сырын қондыра.

Салтымыз көп дегдарлықты дәлелдер,
Үйге кіре шаңыраққа сәлем бер.
Үлкендерді ол есіңе алғаның,
Ондай дәстүр бола қоймас бар елде.

Кемпір мен шал қарсы алар деп тұрарсың,
Күтпе оларды, кейін бәрін сұрарсың.
Бәйбішем мен бала-шағам қарсы алар,
Амандасып төр төбеге шығарсың.

Кешір, мейман!
Пендешілік еттім де,
Сөзім ұзап, өзімді айтып кеттім бе?
Бірақ солай ақтармасам жүректі,
Несі тәтті берер шай мен еттің де?!

Сөз жалғайын дегенменен даладан,
Бар қазақтар бұл даладан тараған.
Айта алмаймын, айта алмай жүр талайлар,
Туған жердің қасиетін кім санаған?!

Сертке берік бұл даланың баласы,
Бірақ жеңер қатал тағдыр таласы.

Дархан дала, шексіз дала емес пе,
Өр Алтай мен Атыраудың арасы?!

Беу, мейманым!
Жалықтың ба мақтанға,
Барымды айту әуел бастан тартты алға.
Кемшілікті бүктеп қойды дей көрме,
Сыйласқанда сырын қазақ сақтар ма?

Бізде де, дос, көлеңкелі көп елес
Етек алды, жұрттың бәрі тоқ емес.
Бір азамат таққа отырса әкім боп,
Мың туысы атқа міну жоқ емес.

Жан емеспіз бар шындықты елемес,
Тәуелсіздік оңай шығар төр емес.
Құлқы керең алдампаз бар алаяқ,
Бір тәуірі бірақ олар көп емес.

Бөсу де бар – жеңіл-желпі желбіреу,
Тәсіл де бар – айлакерсіп елжіреу.
Аттан түссе арпалысып өтеді,
Сынай қалсаң жауығады кейбіреу.

Мұның бәрі аздың ісі. Көп берік.
Көп жіберер қырнап, жойып, көмкеріп.
Жігіттер де жоқ емес қой қазақта,
Әділетсіздік төрін кетер төңкеріп.

Әлдеқалай туа қалса тың талас,
Бұл қазағың ырқы жеңбей тыңдамас.
Түс шайқасар, күш байқасар, бірақ та,
Бір-бірінің бетін әсте тырнамас.

Қуанышым – бірлігім зор даламда,
Татулық мол, қастандық жоқ арамда.
Ұсақ-түйек тартыстарды таусылмас,
Тән қасиет деп ұғамын адамға.

Жүгін артам шақ бойыма нардың да,
Тесіп өтем тас өкпесін жардың да.
Бір жеңілі – бастаушы нық жөн сілтер,
Бір ауыры – бөгеттер көп алдымда.

Біз жеңеміз, біз жаралдық намыстан,
Үмітім зор тау арланы барыстан.
Біздің үйге сен де, досым, келіп тұр,
Дала сырын тербеп жақсы табысқан.

2001

АРМАН-ҒАШЫҚ

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

Көктемді жаз келгенде қайтармақпын,
Өткенді өшірместей ән салмақпын.
Пәк сезім, тәтті кезім үзілместей,
Мен сені «сүйдім» деп те айта алмаппын.

Жүретін өмірі ойлап армандасып,
Күн қайда? Кеттік шалғай әрмен басып.
Сағыныш жылдан-жылға ұмыттырмай,
Кетпейсің көз алдымнан арман-ғашық.

Ақ ниет таңға тілек дара ғашық,
Тел өстік жан толқынын сараласып.
Жетуші ең көл шетіне құстай ұшып,
Кеттің бе аққулармен араласып?

1986

АТАМНЫҢ БЕРГЕН АҚЫЛЫ

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

Әркімнің жастай сүйер бар нақылы,
Мәтелі, әзіл-қалжың, қақпақылы.
Ескірмей, естен кетпей дәріс болып,
Атамның маған берген қалды ақылы:

«Алтынды тағу оңай, казу қиын,
Жараны салу оңай, жазу қиын.
Қолыңа билік тисе көңіл жықпа,
Кердеңдеп мықты екен деп казір күйім.

Сеп тигіз киналғанға шама жетпей,
Көппен бол әкімсініп дара кетпей.
Біреуге жәрдем етсең көзге түртпе,
Жөнге сал сүрінгенді мазақ етпей.

Кең жүрек, әдептіден жан аспайды,
Ақ ниет, адал көңіл адаспайды.
Мақтаншақ, өтірікші, ынсапсызды,
Жат түгіл жақыны да аластайды.

Жалқаудың жиналмайтын төсегі көп,
Жаманның таусылмайтын өсегі көп.
Жылмақай, жылпостарға жолай көрме,
Олардан кісі өтпейді кеселі көп.

Топтасып кеңсе ішінде жік құрады,
Асылды ақымаққа жықтырады.
Пәлекет шенді жерге жеткеннен соң,
Өзіне бағынғанды бұктырады.

Жігітпен тер аямай өрмелеген,
Бірге бол ірге бұзып көрме!» – деген.
Есімде ұлағатты сөз асылы:
«Үш жүзге бір қазақты бөлме!» – деген.

ҚАЙДАСЫҢ, КЕҢ ДАЛАНЫҢ ҒАЛАМАТЫ?!

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

«Жезкиік» – махаббаттың аманаты,
Жалғасты есіміңе заман аты.
Сандалып Сарыаркада сағым кудым,
Қайдасың, кең даланың ғаламаты?!

Келмейді баяғыдай алшақтағым,
Бетпақта киік көрмей қан қақсадым.
Алыстан сыңғыр қаққан алтын тұяқ,
Қарашы, үні шықпай аңсатқанын.

Киіксіз қаусап қалды-ау ұлы далам,
Көмескі тартты көзге тірі ғалам.
Жер-көкте жаутаң қаққан сұлулардың,
Көрінбес жезкиіктей бірі маған.

Салды ғой күйік-назы сергелдеңге,
Қамықты Қаракеңгір мен келгенде.
Шіркін-ай, тым болмаса жіберсе екен,
Сәлемін жалау етіп ескен желге.

Екі ішек, қоңыр күмбір әкел маған,
Өлеңге онсыз қалай жетер шамам?
Киіктер жоғалды деп естігенде,
Оянар шырт ұйқыдан Сәкен ағам.

Асыл ән ел аралап шуақтаған,
Берді ғой құты қайтпас қуат маған.
Өмірден Жақсыкелді ерте кетті-ау,
Қайғысы жезкиіктің шыдатпаған.

Айтсаңшы бар сырыңды, алтын далам,
Киіктер қайда жүйткіп, жарқылдаған?!
Күрсініп жер бетіне сыймай тұрмын,
Не дейін одан басқа, халқым, саған?..

Жезкиік – кең даланың арман гүлі,
Жарқ етпей жанға батты салған зілі.
Сұлулар жер бетінде сиреп кетсе,
Не болар адамзаттың қалған күні?

14.02.2003.
Астана

ЖҰЛДЫЗЫҢ ЖАНСЫН, АСТАНА!

Әні Жағыпар Әлімхановтікі

Әлемнің құтты көшінде,
Қонғандай аққу Есілге.
Қанатын жайды Астана
Сарыарқа алтын төсінде.
Асылын әннің арнаймын,
Басылды ескі бар қайғым.
Баянды бақыт орнасын,
Аруағы қолдап Абылайдың.

Жайнатсақ бүгін жолды азат,
Әлі де талай бар ғажап.
Жұлдызың жансын, Ақмола,
Қарап тұр саған бар қазақ.
Алыста жүрген бауырлар,
Жақында сансыз ауылдар,
Тілегі келіп бәрінің
Тез өтсін қарсы дауылдар.

Ақ Орда дәулет құрайды,
Сәулетің болсын шырайлы.
Өркенің өссін, Ақмола,
Бар әлем сені сынайды.
Көңілім ада күдіктен,
Қараймын сөнбес үмітпен.
Бекітіп елдің іргесін,
Жалғайық қанат бірлікпен.

1998

БІР АУЫЗ СӨЗ

Әні Шәміл Әбілтаевтікі

Бір ауыз сөз қасіретті тыяды,
Бір ауыз сөз айықпас дерт жияды.
Бір ауыз сөз әлемге әйгі еткізсе,
Бір ауыз сөз жаманатқа қияды.

Бір ауыз сөз мұхиттарды жалғайды,
Бір ауыз сөз ұран болып самғайды.
Бір ауыз сөз ұшса бақыт құсы боп,
Бір ауыз сөз арсыз жандай алдайды.

Бір ауыз сөз таң шолпанын әперер,
Бір ауыз сөз анаңдай боп мәпелер.
Бір ауыз сөз ұл туды деп қуантса,
Бір ауыз сөз әке өлімін әкелер.

Бір ауыз сөз жан тетігін табады,
Бір ауыз сөз мың әуреге салады.
Қимас жандар көз жұмарда қоштасып,
Бір-ақ ауыз сөз айтысып қалады.

1971

ЖЫЛЫБҰЛАҚ

Әні Шәміл Әбілтаевтікі

Жарқ етсе Жылыбұлақ жасыл бағы,
Көрінер көкшіл мұнар жасырғаны.
Қызылкөл Қаратаудың күміс мөрі,
Шашты Әзиз күмбезінің қасындағы.

Қайырмасы:

Жер көзі – Жылыбұлақ,
Баурады сырың ұнап.
Бал тамған кәусар қайда,
Дәл сенен тұнығырақ?
Таудан да асқаралы,
Құрметтің басқа мәні.
Туған ел деген сезім,
Бұлақтан басталады.

Жүзіңнен, Жылыбұлақ, айналайын,
Ақшеңгел сыбырласқан сайда жайың.
Алпамыс ат суарған асыл бастау,
Гүлбаршын сыйға тартқан айнадайын.

Қайырмасы.

Қаратау қандай ғажап құтты аспаны,
Ел мен жер көрдім сәтті жұптасқанын.
Сыңғырлап Жылыбұлақ сыбырлайды,
Еділе бабамызға күш қосқанын.

Қайырмасы.

1989

ҰЛАРЫМ

Әні Шәміл Әбілтаевтікі

Ұлар құс Ұлытаудағы,
Өзіңнен, сәулем, аумады.
Қабағын серпіп,
Қанатын желпіп,
Жанымды неге баурады?

Қайырмасы:

Қайдасың, қайда, ұларым,
Таркатшы көңіл мұнарын.
Еркелеп келші,
Еліктеп ерші,
Жер-көкте жалғыз құмарым.

Айналам түрлі гүл екен,
Гүл терген жерді жыр етем.
Адасып қалған,
Арайлы арман,
Құс болып іздеп жүр ме екен?

Қайырмасы.

Көңілде көркем елеңге,
Көндігіп мен де келем бе?..
Иланып едім,
Қиналып едім
Махаббат жалған дегенге.

1973

БІР ЖАЛҒЫЗ ЖАРЫМ БАР

Әні Шәміл Әбілтаевтікі

Қызығып жаттайтын
Сүйікті әнім бар.
Қызуы қайтпайтын
Жүректе жалын бар.
Ақ тілек, ақ ниет,
Айнымас арым бар,
Жолыма сәт тілеп
Отырған жаным бар,
Бір жалғыз жарым бар.

Қайырмасы:

Ақ қабақ, паң кербез,
Салтанат, сәнім бар.
Теңеулер тең келмес
Маңдайда бағым бар,
Бір жалғыз жарым бар.

Өзгеге өмірде
Болмастай жаным зар,
Нұр құйған көңілге,
Ақ сәуле таңым бар.
Өмірде өңімді
Сарғайтар сағым бар,
Ол барда төрімді
Жайнатар шағым бар,
Бір жалғыз жарым бар.

Қайырмасы.

ӨРІК ГҮЛ

Әні Шәміл Әбілтаевтікі

Төгілсе тіршілікке көрік гүлден,
Гүлдер көп жер бетінде көріп-білген.
Қарша гүл барша гүлден ерте жетер,
Гүл аспас Алатауда өрік гүлден.

Қайырмасы:

А-а-а-ау,
Гүлдеді өрік тал,
Ақ гүлде көрік бар.
Ақ гүлде – ақ сезім,
Не деген жақсы еді,
Досым-ау, көріп қал, көріп қалшы!

Көктемнің келбетіне дара ғашық,
Өспейді өзге гүлмен араласып.
Өрік гүл – ерте туған сәуір гүлі,
Алғашқы кездескендей бала ғашық.

Қайырмасы.

Кең аспан жұлдыз жаққан кезіндей боп,
Тұтанған жан жүректе сезімдей боп;
Өрік гүл – ерте туған сәуір гүлі,
Қалқаға сүйдім деген сөзіндей боп.

Қайырмасы.

1973

ЕВНЕЙДІҢ БҰЛАҒЫ

Әні Шәміл Әбілтаевтікі

Евней аға ауылы –
Бағанаты деген жер.
Айнабұлақ бауыры,
Ақ қайыңды белеңдер.
Орман-тоғай аралас,
Ой салғандай кемеңгер.

Ата-баба тұрағы,
Көп қайнардың тәуірін,
«Евней аға бұлағы»,
Атап кетті ауылым.
Ақын, ұстаз ақтангер,
Ел сыйлайды бауырын.

Жұтып райхан самалды,
Жаны рахат табатын.
Баурап көрген адамды,
Жүрек отын жағатын.
Ғалым аға тебіреніп,
Кең жаятын қанатын.

Зәмзәм толқып жатқандай,
Ақ бұлақтар жарысқан.
Осы жерде өр киял,
Қол сілтеген алыстан.

Сылдыр, сылдыр көп бұлақ,
Есілді аңсап ағады.
Жағасында тал-құрақ,
Евнейді іздеп барады.
Асыл аға бейнесін,
Жер-су еске алады.

Жердің ғаyһар көркемі,
Бағанаты киелі.
Евней туған өлкені
Көрсең жаның сүйеді.
Бойға қуат, ойға сыр,
Нұр-шапағат үйеді.

ПАЙҒАМБАР БЕРГЕН АМАНАТ

Әні Шәміл Әбілтаевтікі

Алла әмірін рухындай бағалап,
Пайғамбардай кім жеткізер саралап?
Арыстан баб ақсақалға Мұхаммед,
Құрма берді жан тұмардай даралап.
Деді оған: «Қолдап Тәңір жетегі,
Төрт ғасырлық уақыт ертең өтеді.
Жейхун, Сейхун алқабында табыс ет,
Бір жас бала сұрап құлдық етеді».

Жалғыз құрма үлкен сенім танытты,
Тінтсең таппас, тіл астына салыпты.
Мерзім жетіп Яссы шаһар төрінде,
Сол құрманы бала сұрап алыпты.
Сонда ақсақал деді: «Кейде алаштан,
Дән алсаң да алғыс айту жарасқан».
Деді бала: «Балын сордың құрманың,
Жөн болар ма қу тасына таласқан?

Жұтып қойдым, құрманы ойлап сөгілме,
Соқыр сызат түспесін пәк көңілге.
Пайғамбармен жалғастырған әулие,
Маған ұстаз атанарсың өмірде». –
Дана туған өжет бала сөзі екен,
Рәсім солай, рухты қалай тежетем?
Құлдық ұрып құрманы алған жас бала,
Қожа Ахмет Яссауидің өзі екен.

Әмір Темір орнатқанда кесене,
«Қожа Ахмет Яссауиге!» – десе де,
Күндіз салса түнде қирай беріпті,
Тас ғимарат тау болғандай көшеде.
Түнде келіп тарғыл бұқа тайраңдап,
Кетеді екен кесенені ойрандап.
Әмір Темір кеңес құрды сол жерде,
Үлкендермен бар тәсілін ойланбақ.

«Әуел бастан Арыстан бабқа түнесін,
Содан кейін маған келіп тілесін», –
Деген сөзін Яссауидің естіпті,
Жаттағандай құранның бір сүресін.
Аталы сөз, ел сақтаған ғұрыпты,
Сонда барып Әмір Темір ұғыпты.
Сол заманнан әйгілі боп әлемге,
Арыстан баб әулиелік құрыпты.

Байқаңдаршы, аңыз болған құрманы,
Аманатта нұр шапағат бар мәні.

Қожа Ахмет Яссауиге жар болып,
Пайғамбардың сол ғой назар бұрғаны.
Бәрі де айқын бақи сөнбес елестің,
Маңызы көп ғибрат болар кеңестің.
Алла әмірі талабынды қолдамай,
Алдырмайды тар кезеңі белестің.

1992

СҮНДЕТ ТОЙЫ

Әні Шәміл Әбілтаевтікі

Ұлдың тойын ардақтайтын кез келді,
Бастан кештік, соның бәрін көз көрді.
Насыбайдың заты қалды өзгермей,
Ішің білсін, аты ғана өзгерді.

Қайырмасы:

Жігітікке дайындық,
Зор міндетті қайырдық.
Кекіл қиған секілді,
Артық жерін кетірді.
Тілегім сол ұсынған,
Жаңа туған мұсылман,
Жиын топқа бөліндік,
Көп жиналсын көрімдік.

Парыз өтеу – ата-ананың арманы,
Сүндет тойы қилы-қилы бар мәні.
Жыламашы қысқарса да бір мысқал,
Жетеді екен, жетеді екен қалғаны.

Қайырмасы.

Құтты болсын тойларыңыз, ата-ана,
Қосыламыз ел арнаған батаға.
Беу, балақай! Қуанышың көбейсін,
Тарттың бүгін нағыз қазақ атаңа.

1992

АҢСАУ

Әні Шәміл Әбілтаевтікі

Шөліркеген далаға,
Жаңбырлы бұлт болар ма ем?!
Піскен кезде мол егін,
Дикан болып орар ма ем?!
Қайтқан құстар барады,
Еділдетіп Оралмен,
Елге жетіп қалар ма ем,
Ере кетіп солармен?!

Сағынғанда көрінер,
Терезеден ауыл жақ.
Ол да қызық білгенге,
Ол да адамға тәуір шақ.
Самолеттер көктегі,
Ұшса бұлтты бауырлап,
Ішінде мен жоқ болып,
Бара жатыр ауырлап.

1979

БІЛЕК ҚОСАМ ЕЛ ҮШІН

Әні Шәміл Әбілтаевтікі

Шошыма, достым, шошыма,
Күш қосармын қатар кеп.
Исатайдың қосына,
Ту тіккендей Махамбет.

Есерден даңғыл қақ жолда,
Кім бар бағыт сұраған?!
Ескі доспен жат болма,
Ирек жолда бұралаң.

Дарыны дархан жаралған,
Мұхтарға да Абайым,
Сонау алыс заманнан,
Төккен жоқ па арайын?!

Ақылдың кені тереңде,
Сен де терең сұрыпта.
Кенесары дегенде,
Ағыбайды ұмытпа.

Көреген көңіл дәл ұғар,
Сөздің оң мен терісін.
Есті доспен ары бар,
Білек қосам ел үшін.

1991

ҚАЗЫҒҰРТ – ҚАЗАҚ МЕККЕСІ

Әні Шәміл Әбілтаевтікі

Топан су қаптағанда қалқып қалған тауым,
Қазығұрт – киелі жер, дархан алқа, бауым.
Кемесі Нұх пайғамбар қуә Келес,
Куә жарқабағың.
Айғақтар майдан – ғалам,
Ақбураң сайрандаған
Құс қанат далам.

Қайырмасы:

Қазығұрт – Тәңір бөпесі,
Таулардың дархан көкесі.
Мейірбан, қарапайым,
Қазағымның қадір Меккесі.

Ақ ниет жеңеді екен жер, су, аспандарда,
Қазығұрт, ендің солай шежіре, дастандарға.
Өзге тау шіренгенде төктің тілек
Нұрлы ақшамдарда.
Әулие, арман тауым,
Қазағым, өркен бауың
Киелі қауым.

Қайырмасы.

Аймақта шер қозғаған қиял-мұң тербеген,
Қобызбен Қорқыт ата ғажап күй зерлеген.
Жалғады ақ батасын Асан Қайғы
Азат күндерменен.
Тәуелсіз елді көрдік,
Қазығұрт, тойла сергіп,
Келді-ау теңдік.

Қайырмасы.

1992

ЖЕР ҰРАНЫ – ҰЛЫТАУ

Әні Шәміл Әбілтаевтікі

Киелі тау ел назарын телітті,
Сол құдірет жаудың күшін кемітті.
Бабаларым басын қосып үш жүздің,
Қиналғанда Ұлытауға келіпті.

Қара Кеңгір, сары Кеңгір, көп Кеңгір,
Көсем таудың етек-жеңі көктеңбіл.
Осынау жерде көрінеді ерекше,
Күн жарықтық жер бетіне төккен нұр.

Қайырмасы:

Ұларлы жер ұлағатты,
Өр тұлғасы сымбатты.
Бар қазаққа орда болған ақжолтай,
Жер табылмас Ұлытаудан қымбатты.

Көне заман көшін бастап көп үнді,
Кең төскейде Алаша хан көрінді.
Байтақ елге алаш сырын айғақтап,
Көк күмбездер бір көтерді көңілді.

Сандыбай мен Кәдір, Шегір, Бабырды,
Еске салып тау қарайды сабырлы.

«Төрт босаға» – төрткүл дүние елестеп,
Бола түсті бүкіл аймақ қадірлі.

Қайырмасы.

Жөнге көшіп беу, ағайын, қолдаңыз,
Көш құрастық ел болармық жолда біз.
Қарт Ұлытау кіндік төрі қазақтың,
Һәм табиғи, һәм тарихи ордамыз.

Мирас, мұра қалған арғы атадан,
Жаралыпты тау бірлікшіл батадан.
Ұлытауды жөн болады ардақтап,
Қазағымның жер ұраны атаған.

Қайырмасы.

1993

ДӘРІГЕРГЕ

Әні Шәміл Әбілтаевтікі

Аққу құстай махаббатын қорыған,
Сәт күтеміз дәрігердің жолынан.
Зәру, зәузат, бойға шәрбат тарайды,
Жылы, жұмсақ сипап өткен қолынан.

Дәрігерлер, дәрігерлер... дәрігер...
Жедел көмек, жан қорғаушы жәдігер.
Ақ халаттың арасынан жарқ етсең,
Аулақ жүрер ажал деген әбігер.

Қан майданнан әкем жазған хаттардың,
Әр сөзінде «қарындас» боп жатталдың.
Ескі жара сыздатқанда солдаттың
Көз алдында қарлығаштай сақталдың.

Кірпік қақсаң үзілердей гүл шырын,
Алмайсыңдар ай, аптада бір тыным.

Періштелер, келіпсіңдер дүниеге,
Сақтау үшін жүректердің дүрсілін.

Дәрігерім, көп қуансам еркелеп,
Айтар сөзге, салар әнге сен себеп.
Дертке дауа жалғыз сөзің болмаса,
Ұйықтап қана кетер едім ертерек.

1975

ТАЙҚАЗАН

Әні Шәміл Әбілтаевтікі

Бастауынан алақай даңғазаның,
Жарылқанып, ұлғайттым жан базарын.
Түркістанға қарашы, беу, қазағым!
Қайта оралды әйгілі тайқазаның.

Тозбаса да әз аспап көнеленіп,
Қинаушы еді көңілге елең еніп.
Үнсіз қалды қалың ел баяғыда,
«Алып кетті» дегенге көне беріп.

Сөгу қиын есінен танған елді,
Нелер сұмдық әуреге салған еді.
«Алып кетті» ол күнде келместікке,
Қазан түгіл қаншама тарлан ерді.

Қадір тұтсақ қасиетті қазынаны,
Ата мирас қайырдық азын әлі.
Қайта оралған байлықты қазаннан көр,
Айта бермей бәсеке базынаны.

Бауға толған жемістей қаулап пісіп,
Ой толқыды санама салмақ түсіп.
Қожа Ахмет Яссауи жатқан шығар:
– О, тәубе! – деп қайта бір аунап түсіп.

1989

ҚҰРМАНҒАЗЫ

Әні Шәміл Әбілтаевтікі

Елдің зары тебірентсе төңіректі,
Көкірегіңді күй қозғап жегі жепті.
«Кісен ашып», «Түрмеден қашып шықсаң»,
Тіл күрмеулі, домбыраң безілдепті.

Қайырмасы:

Мұхит асып сан елде төр-төрлетіп,
Тыңдаған жан көңілін көркемдетіп,
Күйлерің жүр «Сарыарқа»,
«Серперлетіп!»

Күйзелгенді шақырсаң дауылдарға,
Дауыл етіп домбыраң дамылдар ма?
Дамылдауға көнбеді-ау жалын жүрек,
Жалын күйлер самғады ауылдарға.

Қайырмасы.

Еркін елден ерке күй тыңдасуға,
Тұрғандайсың құмартып шың басында.
Арманыма қанатты арман жалғап,
Бір ғасырдан барасың, бір ғасырға.

Қайырмасы.

ЖЕЗҚАЗҒАН – ЖЕР АСЫЛЫ

Әні Шәміл Әбілтаевтікі

Жезқазған, жігер алдың арыстардан,
Едіге, Алаша хан, Қаныштардан.
Қақтаған қызыл мыс пен ақ күмісің,
Сақтаған асыл аңыз алыстардан.

Қайырмасы:

Жезкиіктің мекені,
Ұлытаудың етегі.
Кен ордасы елімнің,
Кіндік төрі жерімнің.
Қарсақбайдың жалғасы,
Жез дария арнасы.
Қыз Балқаштың ғашығы,
Жезқазған – жер асылы.

Кеңгірге аққу қонса сырласуға,
Жезкиік келер іздеп мұң басуға.
Қосылар асқақтатып ақын Тайжан,
Сырнайы сақ-сақ күліп шың басында.

Қайырмасы.

Құтты жер, киелі жер атамекен,
Жаннатсың жаным сүйер ала бөтен.
Ән салсам тау ішінде Сәкен ағам
Алдымнан жарқ етер деп қарап өтем.

Қайырмасы.

1991

ЖАН ТЫНЫСЫ

Әні Шәміл Әбілтаевтікі

Ақпа-төкпе замана,
Аз ба, көп пе – бағала.
Арал маңы қалың ел,
Не боларын шамала.
Күйзелгеннен күй шықты,
Ашынғаннан үн шықты.
Теңіз құрғап, су таппай,
Ауыр жара ушықты.

Ақпа-төкпе жарықтық,
Аз ба, көп пе – дәл ұқтық.

Көрпеге қарап көсіліп,
Сыр бермей де зарықтық.
Қайдан келсін тыныштық,
Сырқат ауа тым ыстық.
«Ақ тұз» басты аймақты,
Қайда әділет, дұрыстық?!

Ақпа-төкпе тіршілік,
Аз ба, көп пе біршілік?
Арал қайда, су қайда,
Жер барады тұншығып.
Ежелгі бауыр туыстай,
Өсіп едік суыспай.
Бірлесіп көмек етейік,
Бөлісіп суды уыстай.

Ай-әлемге хабарым:
Жоғалмасын Аралым.
Сақтап қалшы, достарым,
Кең даланың жанарын!
Сақтап қалшы, жарандар,
Кең даланың ырысын!
Сақтап қалшы, адамдар,
Кең даланың тынысын!

1990

ОРДАБАСЫ

Әні Шәміл Әбілтаевтікі

Бір қазақты үшке бөліп ордалы,
Қатал заман араларын орлады,
Жоңғар таптап үш Арысым сорлады.
Осындайда жау тойтарып, ел қосар,
Құдай оңдап Ордабасы орнады.

Қайырмасы:

Қара дауыл қан шеңгелді бұрқырап,
Қырып-жойып жау өткенде жұлқылап,

Жұлқылап, жұлқылап, жұлқылап!
Өмір... өлім көз ұшында бұлдырап,
Азып-тозып ел босқанда құлдырап,
Хан сасқанда тұнжырап,
Ордабасы, қостың жігер, ынтымақ.
Бар қазақты ар-намыстың жолында,
Азаттыққа сен шақырдың нұр шуақ!

Оқшыл, кекшіл хан жаңылған қадамның,
Бетін ашқан ардақтысы даламның,
Төле биім салмақтысы санамның,
Қаз дауысты Қазыбек пен Әйтеке,
Найза батпас айласы еді бабамның.

Қайырмасы.

Жан қинаса аққан қан мен бүккен шер,
Жауға кетсе баққан мал мен күткен төл;
Билер сөзін хан-қараға еткен мөр,
Ордабасы, бар қазаққа сен болдың,
Жер төресі, тақ биігі, үлкен төр.

Қайырмасы.

1992

НӘЗІКТІК

Әні Шәміл Әбілтаевтікі

Нәзіктік көрдім,
Тау беткейдің гүлінен.
Нәзіктік сездім ұлымның алғаш
Шүлдірлеген тілінен.
Нәзіктік таттым аялаған анамның
Құлыным деген, көкірек жарған сөзінен.

Көл төскейде құстар салған ән нәзік,
Өзенді өрлей, иіле қалқып
Желбіреп тұрған тал нәзік.

Сырласуға жетпей қалып ұзақ түн,
Миықтан күліп, сығалай туған таң нәзік.

Тіршілік жалғап қауызын жарған дән нәзік,
Ақындардай елгезек, абзал жан нәзік.
Өзгелер тоспай үмітін үзіп кеткенде,
Өлімге қимай ардағын тосқан жар нәзік.

Жаныңды қинап шешімін күткен сыр нәзік,
Ұяға қонған қарлығаштардай,
Жүрекке толған жыр нәзік.
Сүйдім деген сөзіңнен кейін албырап,
Алма беттен қызара тамған нұр нәзік.

Бар екен-ау нәзіктіктің мың сыры,
Біреу ғой бірақ біздерді жалғар
Жүректің нәзік қыл сымы.
Нәзіктен де нәзіктеу деп ойлаймын,
Елімді сүйген жүректің тық-тық дүрсілі.

КЕҢ ЖҮРЕКТІ КЕМЕҢГЕР
Ілияс Жансүгіровке

Әні Шәміл Әбілтаевтікі

Түсіпті қаламыңнан жыр бабымен,
Үнімен, бояуымен, ырғағымен.
Терең ой, нұрлы сезім елжіретіп,
Тебіренем сұлу нәзік сырға кілең.

Қарасам өлең-дария ағысына,
Көнермес көңіл толды табысыңа.
«Құлагер», «Күйші», «Дала» көтеріпті,
Атыңды ақындықтың ғарышына.

Сұңғыла болдың шежіре көзі түздің,
Түрленттің іші-сыртын сөзіміздің.
Түлік мал, түрлі жеміс, шөбіміздің,
Ұшқан құс, жүгірген аң төл атауын,
Жеткіздің тілімізде өзіміздің.

Қатарда бірі емессің саны көптің,
Қазақты сұлу жырға қанық еттің.
Өлеңде Абай жолын жалғастырып,
Жыр-дастан сәтті үлгісін салып өттің.

Саятшы, күйші, бапкер, шабандозсың,
Сайысқа Құлагерді аман қостың.
Ұлымын ақан аға ауылының,
Құлымын жер бетінде саған достың.

ҚОС ЖҮРЕК

Әні Шәміл Әбілтаевтікі

Қайдан келді көкірекке қайран арман жырлар,
Төгіледі-ау көңілдегі қайнар, маржан сырлар.
Көкірегімде күн бар менің,
Сен дегенде жанған.
Махаббатым болса – болмас жалған.

Қайырмасы:

Тербеледі көкіректе әнім,
Тебіренгенде қосыл, шырақ, жаным.
Жүрегімде күн бар менің
Сен дегенде жанған,
Махаббатым болса – болмас жалған.

Мен туғанда сен де тудың, еркем, бірге күліп.
Жан жалғасып отау құрдық, көркем, бірге жүріп.
Жүрегіңде жұлдызың бар
Мен дегенде жанған,
Махаббатың болса – болмас жалған.

Қайырмасы.

1978

КЕРЕМЕТТІ КӨРГЕНДЕ КЕРЕМЕТПЕН

Сағындық Кенжебаевқа

Әні Шәміл Әбілтаевтікі

Сағындықты ардақтап Сәке дейміз,
Жақсы ағаны сыйлаймыз әкедей біз.
Жастық шақтың көп жылғы кеменгерін,
Кемел күнде жас ұрпақ мәпелейміз.

Біздің Сәкен адамды ардақтағыш,
Ардақтағыш жақсыны ар сақтағыш.
Абайлықтың ұшқыны жарқ еткенде,
Ел төріне сән берер ардақты абыз.

Көкейкесті тілекті беріктеткен,
Жылы сөзі көңілді көрікті еткен.
Қаз дауысты Қазыбекті елестетер,
Көсем мінез құдайым беріп кеткен.

Қай белесін көрсе де хал-жағдайдың,
Тарлан көкті өтеді танымай кім?!
Тайғақ кешу, тар жолда доска медеу,
Мәрттігі бар ақжолтай Ағыбайдың.

Өрісі кең өзгермес бай талабы,
Маңайында жас тоғай жайқалады.
Немере мен шөбере ержеткенде,
Атам арыс болған деп айта алады.

Әр қадамын ағамыз төрелеткен,
Жеңгеміз бар жан сырын терең еткен.
Қыз Жібек пен Төлеген осы дерсің,
Керемет көргенде керемет пен.

14.05.1994.
Алматы

АСЫЛ ҰЛЫ ҚАЗАҚТЫҢ
Халел Досмұхамедовке

Әні Шәміл Әбілтаевтікі

Арнаған азат таңға жан өрісін,
Ардақты барша қазақ Халелісің.
Алашқа алтын күмбез орда салған,
Заңғайыр өнер-білім әлемісің.

Қайырмасы:

Асыл ұлы қазақтың,
Арман еттің азат күн.
Алаш деген ұранды,
Алла қолдап тазарттың.
Түрік тектес түбі бір,
Бауыр, досқа наз арттың.

Алты алаш ардагері – Халелісің,
Қаулап тұр, мәңгі көктеп бар егісің.
Елім деп еңіреп жүріп, аңсап өттің,
Қазаққа азат өмір әдемісін.

Қайырмасы.

Махамбет бастап кеткен жортуылдай,
Жорықта жолбарыстай өттің тынбай.
Алаулап Атырау жақтан жарқырайсың,
Сөнбеген жанартауы отты шыңдай.

Қайырмасы.

19.02.1995

АҚ КИІК

Әні Әшірхан Телғозиевтікі

Көп киік ақ киікке Бетпақтағы,
Жолатпай үйіріне кек сақтады.
Жазығы аппақ болып туғандығы,
Тіршілік тағдыр берді шет-қақпалы.

Ол қайтсін, жалғыз жүрді, қасармады,
Қиылды қыршынынан жас арманы.
Есіне түсіп кетсе құрбы-құрдас,
Бір аттап төрт аяқты баса алмады.

Қазақтың сыймай жүрген даласына,
Сұлудың кім көз салмас дарасына?
Күш бітіп, көркі жайнап кетер еді,
Қосылса ақбөкендер арасына.

Болмай ма әр ауылда әр түрлі қыз,
Бар еді біздің де ерке тартымдымыз.
Көз салсақ көлеңкесін бір көруге,
Жұрт сөкті деп: «Пәленше айтулы қыз».

Ей, достым!
Көп сүйіп пе ең, аз сүйіп пе ең,
Көкірегің ада ма еді ақ күйіктен?
Жазықсыз жаралаған ел өсектеп,
Сол бейне аумайды екен ақ киіктен.

1976

ШАРЫҚТАЙ БЕР, АСТАНА!

Әні Әшірхан Телғозиевтікі

Көш бастап дербес елдің жас қаласы,
Жалғасты ата мирас салт-санасы.
Сарыарқа қақ төрінен қанат жайды,
Жаңа өмір, жаңа қарқын бастамасы.
Шарықта, Қазақстан жас қаласы,
Астана – бар қазақтың Бас қаласы!

Абайдай жаттап сөзін ірілердің,
Ардақтап сара жолын тірілердің.
Суыспай сыйысатын кең далама,
Туыпты барлық қазақ бірігер күн.
Шарықта, Қазақстан жас қаласы,
Астана – бар қазақтың Бас қаласы!

Жарқырап көрінісі ұлан істің,
Бой тастап бел-белесі тым алыстың.
Азаттық биігіне шақырады,
Көгілдір туы жайнап қуаныштың.
Шарықта, Қазақстан жас қаласы,
Астана – бар қазақтың Бас қаласы!

ҚҰТТЫ БОЛ, ЖАҢА ҒАСЫРЫМ!

Әні Әшірхан Телғозиевтікі

Қазақта барлық елмен тең болғаны,
Атағы жер-жаһанды кең шолғаны.
Келеміз ата-баба салтын сақтап,
Ар-намыс, бірлік – біздің ел қорғаны.

Қайырмасы:

Кел жаңарып, кел, ғасыр,
Аялашы елді асыл.
Құшақ жайып қарсы алар,
Ертеңім, елім, Елбасым.

«Ақтабан шұбырынды» азапты ұқтым,
Мың күйік, мың бүліктен аман шықтым.
Жол ашып желтоқсанның дүбірімен,
Көгілдір туын тіктім азаттықтың.

Қайырмасы.

Өткен күн ұялатса санама сыр,
Қуантты тәуелсіздік алаңы асыл.
Азатшыл орындалсын бар арманы,
Қазаққа бақытты бол, жаңа ғасыр!

Қайырмасы.

10.06.1999

АЙТЫЛМАҒАН ӘНІМ БАР

Әні Әшірхан Телғозиевтікі

Күн толқып, қызғанышпен ай тыңдаған,
Сағыныш сырын шертер сарқылмаған.
Өзіме-өзім шырқар оңашада,
Құпия бір әнім бар айтылмаған.

Қарайды кейде заман салқын маған,
Ондайдан салтым берік тартынбаған.
Жаныма қиналғанда дем береді,
Сол әнім еш адамға айтылмаған.

Жүректе сағынышым ала бөтен,
Дәл айтпай сұлу сөзбен жанап өтем.
Кей-кейде көңіл бұзып, көкірек жарған
Сол әнді саған қашан салады екем?

ЖЕТПІС ҰЛДЫҢ АНАСЫ

Әні Әшірхан Телғозиевтікі

Сарыағашқа жұмақ орнап жатқандай,
Күн өзгеше туды бүгін ақ маңдай.
Жетпіс ұлдың сүндет тойы жайнады,
Жетпіс ана жетпіс шырақ жаққандай.

Қайырмасы:

Жетпіс бала анасы,
Жетпіс перзент панасы,
Саған алғыс айтып өтер, Оразгүл,
Жер бетінде жетпіс қазақ баласы.

Шаттық қонды жетпіс қыршын қабаққа,
Тап осындай той болған жоқ қазақта.
Жетпіс тентек, жетпіс еркек қосылды,
Жержүзілік мұсылмандық санатқа.

Қайырмасы.

Шашылғандай жердің жетпіс несібі,
Ашылғандай жетпіс сарай есігі.
Әулиедей тарап кетті аймаққа,
Оразгүлдей әкім қыздың есімі.

Қайырмасы.

1992

АУЫЛДА ҚАЛҒАН ҚАРАКӨЗ

Әні Әшірхан Телғозиевтікі

Ауылда қалған қаракөз,
Өзіңсің ғажап мен білген.
Есімде алғаш сүйген кез
Балауса, балғын ерніңнен,
Балауса, балғын ерніңнен.

Тосып тұр бізді өткелде,
Мойыл тал таныс жасыңнан.
Аумайды аңсап жеткенде,
Қаракөз, қара қасыңнан,
Қаракөз, қара қасыңнан.

Киіктей сайда керілген,
Баяулап жетсең шалғайдан.
Құшайын қыпша беліңнен,
Сүйейін айдай маңдайдан,
Сүйейін айдай маңдайдан.

Ән байлап жеттім қанатқа,
Тебірентіп тағат кетірген.
Батайын құштар рахатқа,
Сүйейін тәтті бетіңнен,
Сүйейін тәтті бетіңнен.

1998.
Алматы

ЖЕЗҚАЗҒАН – ЖЕР АСЫЛЫ

Әні Әшірхан Телғозиевтікі

Жезқазған, жігер алдың арыстардан,
Еділе. Алаша хан, Қаныштардан.
Қақтаған қызыл мыс пен ақ күмісің,
Сақтаған асыл аңыз алыстардан.

Қайырмасы:

Жадырашы, жайнашы,
Құт-береке байлашы.
Жез ордасы – Жезқазған,
Ел бірлігі айнасы.

Кеңгірге акку конса сырласуға,
Жезкиік келер іздеп мұң басуға.
Қосылар асқақтатып ақын Тайжан,
Сырнайы сақ-сақ күліп шың басында.

Қайырмасы.

Құтты жер, киелі жер, атамекен,
Жаннатсың жаным сүйер ала бөтен.
Ән салсам тау ішінде Сәкен ағам
Алдымнан жарқ етер деп қарап өтем.

Қайырмасы.

1992

ЖЕЗҚАЗҒАН – ҚАНЫШТЫҢ ҚАЛАСЫ

Әні Әшірхан Телғозиевтікі

Ақ жаңбыр жарысып сәулемен,
Ән болды әр сөзім әу деген.
Сәулетті жас қала оянды,
Кеншілер қарсы алған таңменен.
Самал жел Ұлытау саясы,
Тамаша келбетін қарашы,
Жезқазған – Қаныштың қаласы.

Жарқылы жайнатқан өңімді,
Жұлдыздар жолыма төгілді.
Көшелер көш түзеп, бой жазған,
Мыс қайнар ордасы көрінді.
Жалғасқан жер мен көк арасы,
Сүйсінген Сарыарқа даласы,
Жезқазған – Қаныштың қаласы.

Ару құс келбеті жан улар,
Мезетке боларсың зәру-зар.
Аққулар қалқып жүр Кеңгірде,
Достарым, бір көріп қалыңдар.
Серпілер адамның санасы,
Елестер қазақтың данасы,
Жезқазған – Қаныштың даласы.

1994

АҚҚУ ҚАЛА – АСТАНА

Әні Әшірхан Телғозиевтікі

Есімің ай-әлемге тұрақталып,
Келіпсің Сарыарқаға жұмақты алып.
Көзіме көрінесің, жас Астана,
Есілге қонған аққу сияқтанып.

Орнаса айдыныма алтын маусым,
Ақ қанат, ашық қабақ жарқылдайсың.
Келбетің туған елді сүйсіндіріп,
Құлпырып күннен-күнге қарқындайсың.

Қуансам айналама жар салғандай,
Ғажапсың көрген адам тамсанғандай.
Толқыдым ақ қайыңдар арасынан,
Ауылдас қаракөздер қарсы алғандай.

Іргесі егемен ел беріктенсін,
Қазаққа сұлу тұлғаң көрік берсін.
Сақтасын ішкі даудан, сырткы жаудан,
Әлемнің бар байлығы еріп келсін.

23.09.1998.
Астана

ЖАН ЖАРЫМНЫҢ ДИДАРЫ

Әні Әшірхан Телғозиевтікі

Жан жарыңсыз жайнамайды маңайың,
Жиналмайды айналаңа ағайын.
Ол – дәулетің, ол – мерекең сарқылмас,
Ол – сәулетің, атқан таңдай арайың.

Қайырмасы:

Көкірегіне құйғаны,
Ақ көңілге жиғаны –
Асыл тілек, ақ ниет,
Ата-баба иманы.
Сексен көлдің аққуы,
Алатаудың ақ гүлі –
Жан жарымның дидары.

Күндей жылы, айдай әсем арайы,
Құстай үркек, ақ ботадай жабайы.
Ол осы үйдің періштесі, ол – Ана,
Асыл төрім – ақ ордалы сарайы.

Қайырмасы.

Қыз күніндей қызықтырмай қоймайды,
Бақыт құсы онсыз саған қонбайды.
Сиқыры бар сылаң қаққан кезінің,
Құштар мезет қабағына орнайды.

Қайырмасы.

1993

САҒЫНЫШТАРДАН ЖАРАЛДЫМ

Әні Әшірхан Телғозиевтікі

Сағыныштың сырын айтсам көптеген,
Сағынғаны құмартқаны деп сенем.
Сағындырған мектептесім кездесіп,
Қайран жүрек балғын кездей төкті өлең.

Топ ішінде өжеттігін асырып,
Мені беттен сүйіп алды асығып.
Бір басылды қайран жүрек лүпілі,
Сағынышын жүрген әрең жасырып.

Қуаныштың құшағына қамалдым,
Ажарынан таза шәрбат нәр алдым.
Тап осындай мезетті аңсап, елді аңсап,
Сарқылмайтын сағыныштардан жаралдым.

Қайда жүрсем ойлайтыным жол қамы,
Сол мінезді сағынғандар қолдады.
Бір көруді аңсап, сусап көксейтін,
Қандай жақсы сағынарың болғаны?!

17.09.2000.
Алматы

ЖАҢҒЫРЫҚ

Әні Мүбәрәк Салықовтікі

Біз төліміз отыз екінші жылдардың,
Мен мың өліп, мың тіріліп, шыңдалдым.
Жаңғырығы көз жұмғанша өшпейді,
Қазақ кешкен сол алпауыт мұң-зардың.

Өмір – тартыс дабыл қаққан мәңгілік,
Жаным күйді жабық сырын ән қылып.
Соғыс жылдар алай-дүлей ұшқыны,
Көкіректе қалды мәңгі жаңғырып.

Ауылдағы бауырлардың бүгінде,
Қаяу-мұң бар күңіренген үнінде.
«Шамы сөнді... Малы азайды...» деген сөз,
Жаңғырады жүрегімнің түбінде.

Тоналғанда қолындағы бар мүлік,
Жоғалғанда кейде жөні бар ғұрып.
Кей ағайын жарға соқса шар басын,
Шырт ұйқыдан оятады жаңғырық.

Тар кезеңде жол іздесем мәңгіріп,
Кісінейді жонға қарап сәйгүлік.
Күн күркіреп, жарқ еткенде найзағай,
Тау жаңғырып, көкірегімде жанды үміт.

12.07.1997

НЕ ЖЕТСІН?!

Әні Мұбәрәк Салықовтікі

Кетеді есім ауып аңсағанда,
Әйтпесе жыр толқытып, ән салам ба?!
Не жетсін көзіңе көз түсіп кеткен
Мезетке сағыныштан шаршағанда?!

Келгенде кездесуге іңірдегі,
Күн қайда елжіретер үнің мені?!
Сүйісіп қайта-қайта ләззат алған,
Не жетсін бал шәрбатқа тіліңдегі?!

Ауылдың көл шетінде орманына,
Баяғы көлеңкеміз орнады ма?!
Не жетсін үміт-жұлдыз үндескендей,
Сағынтар қимас жанның болғанына?!

Қаракөз қарасам қияғына,
Жігіттің от тастапты ұяңына.
Қым-қуыт қияметтен жол табатын,
Не жетсін ғашықтардың қиялына?!

06.11.1999

ҰЛЫТАУ

Әні Мұбәрәк Салықовтікі

Арқаның арғымақ төс Ұлытауын,
Қасында жүріп қалай ұмытамын?
Көз тойып, еңсем өсіп ұлы жерде
Жырға орап жүрегімді жылытамын.

Айнала көк теңізге ұқсайды екен,
Кең дала көсем тауды қыспайды екен.
Өзі де ұлылығын ұққандай боп
Кеудесін көтеріңкі ұстайды екен.

Дара шың жазық төскей жер бетінде,
Паңдық бар, парасат бар келбетінде.
Табиғат әдейілеп орнатқандай
Тас қорған қарауылшы ел шетінде.

1968

СИЫНАР ПІРІҢ – АБЫЛАЙ

Әні Мүбәрәк Салықовтікі

Басқарып қазақ баласын,
Хандардың ханы атанған.
Айнала жаудан даласын,
Қорғаумен озған қатардан.

Қайырмасы:

Аруақты кетпе танымай,
Білмесең атын анықта.
Сиынар пірің – Абылай
Төнгенде қатер халыққа.

Елдігін сақтап қазақтың,
Ордалы өрге ту тіккен.
Аңсаған мәңгі азат күн,
Береке, бақыт, бірлікпен.

Қайырмасы.

Бәйгеге жүйрік қосканда,
Саятта қыран құс ілген,
Белдесер жауды тосканда,
Айтып жүр атын ішіңнен.

Қайырмасы.

Іргелес ел боп теңдестік,
Әлемге атым самғады.
Бүгінгі біздің дербестік –
Абылай ханның арманы.

Қайырмасы.

15.09.1999

МҰХТАР АҒА

Әні Мүбәрәк Салықовтікі

Ақтангер ел дүлдүлі дара туған,
Әйгілі ай-әлемге дана тұлған.
Аспанға тік көтеріп елімізді,
Ар-намыска ара тұрған.
Мұхтар аға, Мұхтар аға,
Заңғарсың сен ерекше жаратылған!

Абайдай мұң мен зарын қазағымның,
Қолдағы бес саусақтай таза білдің.
Арпалыс, қуғын-сүргін заманында,
Мағжанға зер сала жүрдің.
Мұхтар аға, Мұхтар аға,
Әмірін жүрегіңнің жаза білдің.

Өмірдің мың астарлы жатты зілі,
Көңілдің өсті бірге тапшы гүлі.
Ақыл мен айғақ еттің ақиқатты,
Тебірентіп таң сыбыры,
Мұхтар аға, Мұхтар аға,
Баурады жас ұрпақты жан сыбыры.

Күн болып сен естіген ұдайы сын,
Абайдан қалай ғана, кім айырсын?!
Айтқаның ашық сабақ жасап тұрған,
Туған елдің шырайысың,
Мұхтар аға, Мұхтар аға,
Сұңғыла қара сөздің құдайысың.

1997

ҚЫЗЫЛЖАР

Әні Мүбәрәк Салықовтікі

Жайлап өңірді өтті бабалар,
Ақын, әншілер, көсем, даналар.
Сегіз серілер сайран құрған ел,
Қазақтың дүлдүлі Шал ақын туған жер.
Арпа-бидайлы дәнді Қызылжар,
Орман-тоғайлы сәнді Қызылжар.

Тулайды көгілдір асау Есілің,
Қайрат шыңдайды асыл есімің.
Ақан, Біржан сал шалқып өткен ел,
Үкілі Ыбырай «Гәккулеткен» жер.
Қысы қыраулы асыл – Қызылжар,
Жазы жазира жасыл – Қызылжар.

Қайсар, қажымас, кербез, керімдер,
Біздің жігіттер – өңкей өрімдер.
Аппақ қайыңдар – алқаң ақ күміс,
Біздің арулар – шымқай Ақжүніс.
Жұтар ауаны сепкен – Қызылжар,
Мағжан ақындай көркем Қызылжар.

СЫРЫМ БАР

Әні Мүбәрәк Салықовтікі

Сырым бар тірі жанға айтылмайтын,
Сағыныш азабынан таң тумайтын.
Өзіңсің ерте туған ерке жұлдыз,
Бір менің жүрегімде жарқылдайтын.

Сырым бар елтіп, балқып, жан тыңдайтын,
Жыр толқып көкірегінде ән тулайтын.
Өзіңсің құштар мезет, іңкәр сезім,
Қызығы көз жұмғанша сарқылмайтын.

Сырым бар ғашық кезді айқындайтын,
Әнге орап, жырға қоспай жан тынбайтын,
Өзіңсің егер өмір қайталанса,
Өтуге қайта сүйіп тартынбайтын.

1973

КЕЗДЕСПЕЙ КЕТКЕН БІР БЕЙНЕ

Әні Мүбәрәк Салықовтікі

Көкше мен Керекудің арасында,
Айнадай Айсары көл жағасында.
Жарқ еткен қимай қарап қарақат көз,
Досыңның кеттің мәңгі санасында.

Қайырмасы:

Аққудай кербез,
Жұлдыздай сөнбес,
Қайдасың, сол арманым?!
Кездеспей кеткен бір бейне,
Біле ме, шіркін, білмей ме,
Жадымда мәңгі қалғанын?!

Есімін жан адамға атамаймын,
Күміс көл куә болған жатады айдын.
Дидарын бір көруге құштарланып,
Аңдаймын, шөліркеймін, қаталаймын.

Қайырмасы.

Есіме бала күнгі жүзің келіп,
Жүрегім лүпілдейді үзімденіп.
Қайдасың көктем күндер, өткен күндер,
Көңілді күмбірлетті күзім келіп.

Қайырмасы.

КҮРСІНБЕ БЕКЕР

Әні Мүбәрәк Салықовтікі

Буының бусап,
Сүймесем сусап,
Дей көрме құрбым әдепсіз.
Қияда қалған,
Қияли арман
Дерті көп жанның бәрі епсіз.
Бұрылмай солға,
Бұлтармай жолда,
Өтпесін үнсіз, сәлемсіз.

Көңілім сен деп,
Кетпесе селдеп,
Сақталар есте гүл өңің.
Алданып қалма,
Қайғыға салма,
Өзгелік менің жүрегім.
Көрместі көрген,
Көнбеске көнген,
Ағалық болар тілегім.

Күрсінбе бекер,
Кездесу өтер,
Айрылып қалма еркіңнен.
Шәрбатқа қанып,
Кетпесем жанып,
Бір өлең алдым көркіңнен.
Қалайын мен де,
Жабайы пенде
Үйренген ескі дертімен.

1980

ЗАБОЙДА

Әні Марат Түсіпбековтікі

Асты да тас,
Үсті де тас ауыл бар,
Жайлаған оны
Забойшы деген қауым бар.
Тірліктегі жанқияр достық соларда,
Қырдағыдан мұндағылар бауырмал.

Бұл ауылдың
Көктем, жазы, қысы жоқ,
Күнде орақ,
Күнде науқан ісі көп.
Жер астында әрбір сәтің санаулы,
Есінеп, елтіп жалтақтап тұрған
Кісі жоқ.

Жеңіс ортақ,
Содан болар меселі.
Ешкімнің жоқ бас сауғалау есебі.
Күндемейді,
Тілдемейді бір-бірін,
Жүгірмейді жер бетінің өсегі.

Тар забойда
Талай тағдыр тоғысқан,
Бірге терлеп,
Тоңса бірге тоңысқан.
Жорықтағы батырларға ұқсайды
Бір қамалды алу үшін соғысқан.

Ойлама, дос,
Осы өмірді осал деп,
Забойға кел жаңа жігер қосам деп.
Қамданып кел
Тәуекелге бел байлап,
Өзге үшін өз кеудемді тосам деп!

ТУҒАН ЖЕРГЕ

Әні Марат Түсіпбековтікі

Туған жер, нұрың көп пе, сырың көп пе?
Қарайсың назданып та, күлімдеп те.
Әуресін қуаныштың баса алмаймын,
Жүрегім лүпілдеп те, дірілдеп те.

Ақ бұлақ қол сілтейді биік қырдан,
Ақ марал жаутаңдайды шығып судан.
Ұқсайды жас күніме – ескерткішке,
Қарағай ақ қайыңды сүйіп тұрған.

Еркелеп сағынышты кеміттірген,
Қымыз жел қытықтайды желіктірген;
Лебі сал бойымды қыздырады,
Құшаққа қуанышпен келіп кірген.

Жарқ етсе суаты мол күміс көлің,
Жартаспен көрдім толқын түйіскенін.
Жағаға жалғыз аққу жақындаса,
Келіп тұр маңдайынан иіскегім.

СЫРЫМ БАР

Әні Марат Түсіпбековтікі

Сырым бар
Үнсіз қалғып, жан тыңдайтын,
Қызығы жүрек сөнбей сарқылмайтын.
Өзіңсің
Көңілімнің көктем шағы
Жыр толқып
Жылы шуақ ән тулайтын.

Сырым бар
Сағынышсыз айтылмайтын,

Кей түндер
Азабынан таң тумайтын.
Өзіңсің
Ерте туған
Ерке жұлдыз,
Махаббат аспанында жарқылдайтын.

Сырым бар
Тау теңселіп, ай тыңдайтын.
Ақтармай
Жадау күндер жан тынбайтын.
Өзіңсің,
Егер өмір қайталанса,
Өтуге қайта сүйіп тартынбайтын.

ҚАРА ӨЛЕҢМЕН ЖАЗЫЛҒАН РОМАНС

Марат Түсіпбековтікі

Кешіп өтсем дарияның кең өткелін,
Мен өткенде қасымда сен өтпедің.
Соның бәрі басылар кездескенде,
Ұмыт болар ұмытпай мезі еткенім.

Реніште құлдырап қамықпаймын,
Терең жатыр жан қинар анық қайғым.
Қинап-қинап соғады ақ қуаныш,
Айдын кезген ақ құстай қалықтаймын.

Қалықтаймын, күлемін аман қонып,
Шарықтаймын шаттыққа санам толып.
Қуаныш пен реніш алмаспаса,
Жүрер ме едік жер басып адам болып?

Көрінгені көктемдей жаз аяғы,
Сұлу екен дидарың бәз баяғы.
Кездесейік тағы да, кездеспесек,
Тіршіліктің қызығы азаяды.

1992

АУЫЛДАСТАР, АРМЫСЫҢ?!

Әні Марат Түсіпбековтікі

Келбетіңнен, туған жер, айналайын,
Сағынышқа дәруің бар ма дайын?
Басқан ізін анамның бір көрсем деп,
Жан-жағыма төгемін жан арайын.

Қайырмасы:

Ауылдастар, армысың?!
Бауыр, достар, бармысың?!
Сағынышым самғатты,
Туған елге жан құсын.

Ауыл шеті алыстан қарай қалған,
Алтын күмбез асып тұр сарайлардан.
Аққу-қаздар айдында сырнайлатса,
Елестейді баяғы арайлы арман.

Қайырмасы.

Елти бердім, шіркін-ай, елти бердім,
Ата-анамды білгеннің кейпін көрдім.
Құрбы-құрдас, ағайын араласқан,
Бәрі осында әлемде мен сүйгеннің.

Қайырмасы.

Салқын өңім әу демде шырайланды,
Көңілімде ән толқып, жыр байланды.
Қайран жүрек жарылып кетер ме екен,
Енді көріп шар басым шыр айналды.

Қайырмасы.

СЕРІ КҮНДЕР, ҚАЙДАСЫҢ?!

Серік Айтмағамбетовке

Әні Марат Түсіпбековтікі

Сағынышым жүрегіңді жайласын,
Сандуғаш боп көкірегіңде сайрасын.
Құрбылармен құлын-тайдай тебіскен,
Сайраны мол, сері күндер, қайдасың?!

Зымырайды уақыт тынам ала алмай
Тебіренемін жан тыныштық таба алмай.
Тербетеді, тілдеседі домбыра,
Қайран жастық қайтып келер хабардай.

Жылдар жылжып бара жатыр әріге,
Артта қалды кешегінің бәрі де.
Маң бәйбіше жұбайларды қыздар деп,
Өзімізді жұбатамыз әлі де.

ҒАШЫҚ ДЕГЕН БАР БОЛСА

Әні Марат Түсіпбековтікі

Ғашық деген бар болса,
Өзіммін ғой ғашығың.
Жасық деген бар болса,
Өзіммін ғой жасығың.

Қасыңда жүрмін байқалмай,
Тату дос, тәтті жақының.
Айтарымды айта алмай,
Таусылды ғой ақылым.

Өзгелік болдың, өзгердің,
Менің де бөлек шатырым.
Еске алып сол бір кездерді
Жырлауға жетті батылым.

НЕМЕРЕЛЕР

Әні Марат Түсіпбековтікі

Еркелетіп тік көтерсем төбеме,
Сол шаттықты байтақ елім көре ме?!
Өз баламнан ыстық тартып барады
Немерелер, немерелер, немерелер, немере,
Немерелер, немерелер, немере.

Бірі – уық, бірі – маған кереге,
Бірі – шаңырақ жетер биік өреге.
Жер бетінде желбіреген жалауым
Немерелер, немерелер, немерелер, немере,
Немерелер, немерелер, немере.

Асыр салса беу, әжесі, елеме,
Тілін байқа, қызық болып келе ме?
Ата салты, елдің даңқы жалғасқан,
Немерелер, немерелер, немерелер, немере,
Немерелер, немерелер, немере.

Ұл-қызыма жеткіншектер ере ме,
Жерден жақұт, көктен жұлдыз тере ме?
Не де болса бір жасардым қайтадан,
Немерелер, немерелер, немерелер, немере,
Немерелер, немерелер, немере.

08.05.2000

САҒЫНТПА

Әні Марат Түсіпбековтікі

Көбейсін ғашық жүрек шат күндері,
Азайсын сағыныштың ақ түндері.
Ашылсын кездескенде айдың жүзі,
Басылсын баяғының салқын желі.

Қайырмасы:

Сағынтпа,
Сағынта көрме, сағынтпа.

Мен саған әлі керекпін,
Сен маған мәңгі керексің,
Сағынтпа, қалқам, сағынтпа!

Балалық бар қызығын қайталайық,
Жоғалған көп жылдарды қайтарайық.
Үздіктім үніңді аңсап, келші бермен,
Менде жоқ бір өзіңе айтар айып.

Қайырмасы.

Аңсатқан әр сағаттың сұрақ бәрі,
Сарғайтты сағыныштың сынақтары.
Жарқ етші көз алдымда еркеленіп,
Лауласын ғашық жүрек шырақтары.

Қайырмасы.

БІРЕУІ ҒАНА КЕЛМЕДІ

Әні Марат Түсіпбековтікі

Кездесу туған жердегі,
Қисапсыз қызық ертегі.
Ертегі сырын айтайын,
Кең екен біздің жер тегі.
Талай сыр толқып желдеді,
Елестер өткен селдеді.
Құрбы-дос естіп жүгірсе,
Біреуі ғана келмеді.

Төгілді өлең термелі,
Көркейді сауық көрмелі.
Жүздесіп өтті мың таныс,
Біреуі неге ермеді?
Өкініш қаулап өрмелі,
Сағыныш көкірек кернеді.
Дос-жаран түгел жолықса,
Біреуі ғана келмеді.

Домбыра заулап пернелі,
Әсем ән қанат сермеді.
Жүз түрлі әуен қосылды,
Бір дыбыс хабар бермеді.
Оралып күндер сернелі,
Кездесу жүрек емдеді.
Көп сұлу аңсап жеткенде,
Бір сұлу неге келмеді?

1990

ДОС БОЛСА

Әні Марат Түсіпбековтікі

Екі жақсы дос болса,
Сыйластығын тыймайды.
Екі жаман дос болса,
Бір есікке сыймайды.

Қайырмасы:

Сыйластығым салтымда,
Қарқын қосар қарқынға.
Адалдығым достарға,
Қалар таза қалпында.

Екі жаман дос болса,
Бірін-бірі қорлайды.
Екі жақсы дос болса,
Бірін-бірі қорғайды.

Қайырмасы.

Екі ақымақ дос болса,
Бірін-бірі таптайды.
Екі ақылды дос болса,
Бірін-бірі сақтайды.

Қайырмасы.

Екі жаман дос болса,
Барар жері болмайды.
Екі жақсы дос болса,
Алла жолын оңдайды.

Қайырмасы.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШ АҒА – ЖЕР ИЕСІ

Әні Марат Түсіпбековтікі

Данаға асыл теңеу келер бейім,
Шындық мол шырай бұзбай сенер зейін.
Қазақтың Қаныш аға – жер иесі,
«Сүлеймен – су иесі» дегендейін.

Қайырмасы:

Бар қазақтың ұланы,
Баянауыл қыраны.
Түн жұлдызын ашқанда,
Жүзі жайнар аспанда,
Ардақтаймыз арысты,
Жер иесі – Қанышты.

Көз салсақ теңіз-дала, бел-белеске.
Бәрі де ата-баба жері емес пе?!
Солардың арасынан жез кемедей,
Жезқазған Қанышты айтсаң келеді еске.

Қайырмасы.

Таңданса беу, қазағым, ғасыр саған,
Кен қайда кең даламда ашылмаған?!
Кестелеп ен байлықты дестелеген,
Қаныштай әлемге әйгі асыл данаң.

Қайырмасы.

1997

СӘНДЕНШІ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Сәнденші, сәуле, сәнденші,
Жүзіңде жарқын арай тұр.
Жабыққан жанға әл берші,
Жарылқап мені қарай тұр.

Түрленіп досың сен десе
Тайынбай өтер өрттен де.
Құлпырып кетем өзгеше,
Тық-тық басып өткенде.

Сәнденші, сәулем, жазып бой,
Сәніңнен жүрек жалғадым.
Әуреге бітпес салды ғой,
Қасыңды керіп қалғаның.

Сәнденіп шашың тарашы,
Түсіріп кербез тамақтан.
Аспанға бір қарашы,
Сүйейін аппақ тамақтан.

1968

САРҚЫЛЫП САҒЫНЫШЫМ ҚАЛМАС ПА ЕКЕН?

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Жүрегім жүзі қайтпас алмас па екен?
Жарқылы жыр жетелеп бармас па екен?
Құрметті бір қонағың әнімді айтып
Жаныңды мың әуреге салмас па екен?

Білем, сен ішқұста боп өкінесің,
Сыр бермей жұрт көзінше бекінесің,
Тыңдай бер тамашалап, оңашада,
Ем іздеп енді кімге өтінесің?

Аңсатпай көктен жұлдыз әперем деп,
Тамсантпан отырғандай Меккеден кеп.
Тебірентем, тебіренемін қимас күндер
Суретін көз алдына әкелем деп.

Ол күндер – нұрлы шуақ арман күндер,
Жоқ еді алдар деген жалған үндер.
Тұнғыш гүл тұншықтырған дәру исі,
Сылқым түс, сиқыр сағым-жалған күндер.

Жүрегім жүзі қайтпас алмас па екен?
Жарқылы жанарыңмен жалғас па екен?
Өзендей көл шетіне жете алмаған,
Сарқылып сағынышым қалмас па екен?

1973

ҚҰС САЙРАН

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Көлдің беті әсем әннің тұрағы,
Қиқу салып құстар сайран құрады.
Күй бітсе де, би бітпеген сияқты,
Жылжи алмай, төс тақасып тұрады. *(2 рет)*

Елге оралған осынау күннің сәттісі-ай,
Махаббатқа елтіп үнсіз жатты сай.
Күз келгенде жырлай-жырлай қоштасып,
Жаз шыққанда наз төгудің тәттісі-ай! *(2 рет)*

Құшақтасып көп сұлулар өтеді,
Құс қонардай көңілім көл боп кетеді.
Шұбатылған ақ көйлектен аумайды,
Су сипаған ақ қанаттың етегі. *(2 рет)*

1970

ТУҒАН ЕЛ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Қара жерге бәйтерек
Жайғандай терең тамырын,
Келемін саған еркелеп,
Ауылым – майса мамырым,
О, туған ел!

Қайырмасы:

Көркем көл,
Қамар бел,
Сағындым жетпей сабырым,
О, туған ел!

Қымыз иіс, қыз иіс,
Жусаны жұпар кең дала.
Біткенше демге үзіліс,
Құмарым менің сен ғана,
О, туған ел!

Қайырмасы.

1972

КІМ МАҒАН АЙТА АЛАДЫ?

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Кім маған айта алады екен?
Ол қазір қай қалада екен?
Күлкісіз күндерінде,
Ұйқысыз түндерінде
Сағыныш байқала ма екен?

Кім маған айта алады екен?
Ол қазір қай қалада екен?
Алаңсыз кезектерде,
Армансыз мезеттерде
Жадырап жайқала ма екен?

Кім маған айта алады екен?
Ол қазір қай қалада екен?
Құмарттым күйдім деп,
Ұнаттым сүйдім деп,
Ол қалай қайталады екен?
Кім маған айта алады екен?..

1972

ЖҮРЕГІМНІҢ ЕЛІГІ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Жанарыңнан жан сезімі төгілген,
Маралым-ай, маған дара көрінген.
Қалқып өтші, шалқып өтші тағы да,
Жүйткіп өтші жүйрік сүйгіш өрімнен. *(2 рет)*

Қоярмысың киял жеңіл қозғамай,
Қызығың мол, су төгілмес жорғадай.
Келбетіңді жер бетінде көргенде,
Жыр төгілер оқыс келген олжадай. *(2 рет)*

Балалықтың балғын туған серігі,
Жастық шақтың ұмсындырған желігі.
Қай қияда жүйткіп бара жатырсың,
Жүрегімнің жастай құмар елігі? *(2 рет)*

ӘЛІ КҮНГЕ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Ақ көйлек құздар – би билеп жүрген қыздардай.
Жүрегім сыздар ауылыңа сенің жүз бармай.
Жүз барып едім, жалғыз рет көрем деп,
«Жүз жарып едің» думанды тойда көлеңдеп.

Қол созса бүгін аспанда жатқан күміс жол:
Көңілдің жүгін басатын жалғыз тыныс сол.

Сырнайлы күзде қатарлап ұшқан тырналар
Әкелер бізден саған да жылы бір хабар.

Телмірсе түнде көзіңнің мойыл қарасы,
Әлі күнге өртеуін мені қарашы.

ҚАРАҒЫМ, ҚАНДАЙСЫҢ?

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Қарағым, қандайсың?
Не құрмет талғайсың?
Жалынды жанарың,
Жадырап арбайсың.

Балқытып, баурайсың,
Жанымды жаулайсың.
Ауылымда ақ қайың,
Сен содан аумайсың.

Телміріп көздерің,
Тереңдеп сөздерің.
Бір қиян, бір зиян,
Еркіне төзгенім.

Кейде алыс самғайсың,
Кейде елтіп, алдайсың.
Алыстан сескенген,
Жаралы аңдайсың.

Құлшынтқан ақ қабақ,
Ұмсынтқан ақ тамақ.
Бал ма екен, у ма екен,
Не сиқыр сақтамақ?

Шын сөзге нанбайсың,
Өртеніп жанбайсың.
Жазығым бар ма еді,
Қалайша қарғайсың?

ӘН ТУАДЫ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Жетісусыз Балқаш көл толмайтындай,
Көкшетауды Сарыарқа қорғайтындай.
Сенсіз жерде көңілім серпілмейді,
Алатауды көшкен бұлт торлайтындай.

Кездеспесек қиямет орнайтындай,
Күрсінуін көкірек жоймайтындай.
Сыйғыза алмай кетер ем жер бетіне
Құпияны жүретін зорға айтылмай.

Ғашықтарды періште қолдайтындай,
Ғаламат бар жасырын орнайтындай.
Кездесе алмай кетсе де жазатайым,
Бірін-бірі көрсем деп ойлайтындай.

Күн батса да, таң атпай қоймайтындай,
Қуаныш бар жан үнсіз тойлайтындай.
Сағынғанда көкіректен ән туады,
Сенсіз қызық мен үшін болмайтындай.

1974

ҚАПЫДА КЕТКЕН КИІКСІҢ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Оралмас күндер қалды артта,
Сен едің биік қиялым.
Сағыныш толы сағатта,
Өлеңге бәрін қиямын.

Жанарыңнан бір ұшқын,
Жүректе жатыр шықпастай.
Табылмай сәтті дұрыс күн,
Тағдырға көндің ұқпастай.

Аңсап бір алғаш көруге,
Жыр арнап тұңғыш ән жаздым.

Ақындық деген шеруге,
Сол күні келген сарбазбын.

Өзіңе де сездірмей,
Өзіме ғана сарнаппын.
Тұрмайды екен сөз жүрмей,
Келеді үзбей жалғаткым.

Қарағай, қайың ұнамай,
Құм басқан көлді сүйіпсің.
Жылағың келіп жыламай,
Қапыда кеткен киіксің.

1972

НЕ ЖЕТСІН?!

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Жан қалқа,
Сені бір күн қарсы алам ба?
Жер-көкке кездестім деп жар салам ба?
Тірліктің тәттілігі осы ма екен,
Не жетсін сағынғанға, аңсағанға?!

Не жетсін
Асылыңды аңсағанға?!
Сарғайтқан сағынышқа тамсанам ба?!
Көңілді бір жеңілтер наз айтысып,
Не жетсін шаршамаска шаршағанға?!

Не жетсін
Бақыты мол көктемдерде,
Шапағат өмірге нұр сепкендерге?!
Не жетсін
Сағынтса да, сарғайтса да
Тірлікте көңіл жықпай өткендерге?!

1970

ЖАДЫМДА ЖАТҚАН БІР ЖЫР БАР

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Жадымда жатқан бір жыр бар,
Жаза алмай жүрмін, қайтейін?..
Жаныма батқан бір зіл бар,
Тазармай жүрмін, қайтейін?..

Сағыныш атты сағым бар,
Өкініш атты ағын бар.
Кей-кейде дүние тек сен боп
Кететін ауыр шағым бар.

Жадымда жатқан бір сыр бар
Жалықпай жаным жаттаған.
Күн болса, сәулем, бір тыңдар
Армансыз бәрін ақтарам.

Сағыныш атты сезім бар,
Айта алмай кеткен сөзім бар.
Кей-кейде дүние тек сен боп
Кететін ауыр кезім бар.

ҚЫРЫҚТЫҢ ҚЫРҚАСЫНАН

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Әй, Шота!
Келіп қалдық қырық жаска,
Ақтарар енді саған сырым басқа.
Асау шақ тежеу бермей өте шықты
Кей-кейде ұрындырып ұрынбасқа.

Кел, енді,
Біз де мінез жүгендейік,
Не бітті, не бітпеді – түгендейік.
Қос колдап құнын білмей шашқан уақыт
Қымбаттар кезі келді, үнемдейік.

Күн қайда махаббатты шырақ тұтқан,
Қияли бола жаздап құмарлықтан.
Қалғанда балалық шақ Сырымбетте
Мәскеуден біздің жастық бір-ақ шыққан.

Тіл қатпай үнсіз тосқан гүлдерім-ай,
Шәрбаттан шаршау білмес түндерім-ай.
Қантсыз шай, қара нанды қаққа бөлген
Сал-сері студенттік күндерім-ай.

Бәйбішем алдымда отыр ай маңдайлы,
Шат күлкі ұлым, қызым жайраңдайды.
Бұл сәтті тек анашым көре алмады,
Сол ғана көкірекке салған қайғы.

Қырық жаз, қырық көктем өтті деп біл,
Келмеске жиырма бесім кетті деп біл.
Бір дөңнен алды-артына дүрбі салар
Сұр белең сумаң етіп жетті деп біл.

Барлаймын қасымызға ергендерді,
Ақпейіл адал дос деп сенгендерді.
Отырмын ойлап осы не жаздым деп,
Сыр бермей сырттан сұмдық тергендерді.

Қорықпаймын біреу оқыс шалады деп,
Болмаса бір жамандық табады деп.
Қиналам жақсылықты жамандыққа
Ол неге айырбастап барады деп.

Ісімнен біліп қандай мән шығарын,
Тасада отыр тәптеш сыншыларым.
Өзім де біткен істің аз екенін
Сезініп, сергек басып құлшынамын.

Жүрмін мен үнемі асығыста,
Емес пе уақыт сыншы заты қысқа?
Өкініш болмасын деп тырысамын
Бір күні кете барсам қапылыста.

ЖЫР КЕЛСЕ...

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Жыр келсе
Жерден жеті табатындай,
Жыр менің
Жерден ұшар қанатымдай.
Тебірентіп,
Толғандырып келген кезде
Мейірім тіршілікке қанатындай.

Жыр келсе
Жаным рахат табатындай,
Бір өзен арна толы ағатындай.
Жырсыз күн
Өмірімді ұрлайды екен,
Таксидің тық-тық соққан сағатындай.

АУЫЛ ЖАТТЫ, АЙ БАТТЫ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Ауыл жатты, ай батты
Айналаны түн жапты.
Аққан жұлдыз аспанда
Жүрегіме тіл қатты.

Таңырқатты, таңдантты
Тамылжыды күй тәтті.
Жарқ еткенде жанарың,
Жүрегімді жұқартты.

Күлім қақты – күн шықты,
Сүйдім деген үн шықты.
Жанарыңнан жас тамды,
Жүрегіме гүл шықты.

АҚҚУҒА НАЗ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Қос көлдің айдынын
Көремін күнімен.
Аққуым қарсы алар
Жан тербер үнімен.
Су көкшіл, аққу ақ
Жап-жасыл жас құрақ.
Телміріп қараймын
Екі көз жаудырап.
Аққу құс саспайды,
Жұптарын ашпайды.
Сұлулық тәкаппар,
Жан сырын ашпайды.
Сұлулар мәз-мейрам,
Су беті мың сайран.
Менің де көңіліме
Салады бір ойран.
Жыр болып баурайды,
Жанымды баулайды.
Ішінде бір сұлу
Өзіңнен аумайды.
Мұңайып қарайды,
Мені дос санайды.
Қызықсың дей ме екен,
Кеудесін тарайды.
Көңілдің шалқуын,
Жүректің балқуын!
Сағынып жатам-ау
Даламның бал суын.

ЖҮРЕК СЫРЫ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Кейде сен елтіп-балқып масайрайсың,
Қызықтан екі аяқты баса алмайсың.
Қуаныш құшағыңды лық толтырып,
Шаттыққа тұншыққандай жасаурайсың.

Бар бақыт өзіңменен бір келгендей,
Дидарың мәңгі сөнбес нұр бергендей.
Жайраңдап, аруана, отырасың
Ұл-қызым етегіңнен гүл тергендей.

Елестеп қайда жүрсем табылғанда,
Еркелеп әлденеге жалынғанда;
Ұзақ түн көз шырымын бір ала алмай
Қасыңда жоқ күндерді сағынғанда.

Ай жүзің құбылғанда толқып жанып,
Шат күлкің сылдырласа шолпыланып,
Ақ тамақ тіл үйіріп ұмсындырса,
Қос алмаң көз жауласа солқыл қағып.

Мойныма еркелеп кеп асылғаның,
Дүниенің жұмағы екен, асыл жарым.
Тек солай қуана бер, жылай көрме,
Мен сенің мәңгі-бақи қасыңдамын.

САНДУҒАШ СЫЛҚЫМ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Сандуғаш сылқым ән салса,
Тыңдамассың сен қалай?
Жүрегің соған тамсанса,
Жырламассың сен қалай?

Көңілдің шалқар шағында,
Көкіректен бұлақ төгілер.

Дүние балгүл бабында,
Жыр-жәрмеңке көрінер.

Қыздырар да жандырар,
Еркіңді сенің қоймай да.
Шабытқа бойды алдырар,
Жырлап қал, жаным, сондайда.

1975

АҚҚУМЕН ҚОШТАСУ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Асыл құсым аспанда ұшып барады,
Сызылып сыр, қиылып мұң шағады.
Қош айтысып аққу салған сол әннен,
Жаным толқып бір суып, бір жанады.

Қайырмасы:

Дана сұлу
Дара кетіп барады,
Талықсиды көкірегі жаралы.
Қимас қылық наз айтқандай еңкейіп,
Жер бетіне ақырғы рет қарады.

Тұрмын үнсіз Сарыарқаның өрінде,
Аққу ізі жатыр бұлтсыз көгімде.
Бұлтқа қарап қалдым үнсіз тебіреніп,
Кетті аққуым зар етіп бір көруге.

Қайырмасы.

Қош, сұлуым!
Сағынышқа қанарсың,
Артыңда бір досым бар деп санарсың.
Жаз шығарда жалғыз жүріп жол тосқан,
Ел шетінен мені іздеп табарсың.

Қайырмасы.

1976

ЖЫРЫМДА КӨҢІЛ НҰРЫМ БАР

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Жырымда көңіл нұрым бар,
Үңіле қарап ұғыңдар.
Жалғыз өзім емес-ау,
Құрбы-құрдас, сырың бар.

Жырымда атқан таңым бар,
Жырымда аппақ арым бар.
Өмірден алдым әр жолын,
Өмірге қайта алыңдар.

Жырымда ызғар мұз да бар,
Тіл тигізбес тұз да бар.
Қуаныш бар, қызық бар,
Аяқтан өткен сыз да бар.

Жырымда қала, дала бар,
Туған ел бар, ана бар.
Болса да қанша бақытты
Жүректе жатқан жара бар.

Жырымда жазым, күзім бар,
Қырық жыл өмір ізім бар.
Осының бәрі жоқ болса,
Мені де жоқ деп сызыңдар.

МОЙЫП ҚАЛАМ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Күздің қоңырсалқынын жаратамын,
Шабыттанып қарсы алам ала таңын.
Бір еңбегім ойға алған бітіп қалса,
Көрінеді биіктеу жаңа тауым.

Күзде ұйқым ала бұлт селдірейді,
Жетер жерін жыр-пырақ белгілейді.

Үйде жатып
Қайтқан құс әнін естіп,
Кәдімгідей жүрегім елжірейді.

Күздің қоңыр түріне тойып қалам,
Өлеңіме суретін ойып салам.
Әттең, дүние-ай!
Жайқалған бәйтеректер
Жапырақсыз қалғанда мойып қалам.

1968

ЖАЗ КЕЛДІ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Жер бетіне жайлаулатып жаз келді,
Ел шетіне аққу ұшып, қаз келді.
Асыл құсым алыс жолдан оралып,
Еш адамға айтылмаған наз келді.

Қайтқан құстар айдын көлге қонады,
Көкірегім қуанышқа толады.
Жұмыр жердің адам ғана екен ғой,
Бір кеткен соң оралмайтын қонағы.

БІР ЖАЛҒЫЗ ЖАРЫМ БАР

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Қызығып жаттайтын
Сүйікті әнім бар.
Қызуы қайтпайтын
Жүректе жалын бар.
Ақ тілек, ақ ниет,
Айнымас арым бар.
Жолыма сәт тілеп
Отырған жаным бар,
Бір жалғыз жарым бар.

Қайырмасы:

Ақ қабақ, паң кербез,
Салтанат, сәнім бар.
Теңеулер тең келмес
Маңдайда бағым бар,
Бір жалғыз жарым бар.

Өзгеге өмірде
Болмастай жаным зар,
Нұр құйған көңілге,
Ақ сәуле таңым бар.
Ол жоқта өңімді
Сарғайтар сағым бар.
Ол барда төрімді
Жайнатар шағым бар,
Бір жалғыз жарым бар.

Қайырмасы.

1970

САУМАЛКӨЛ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Саумалкөл баяғыдай мөлтілдейді,
Көңілім неге бір сәт серпілмейді?
Самал жел өзіңдей боп аяласа,
Лүпілі жүрегімнің еркіндейді.

Көл жатыр бойдағы ыстық сезімге ермей,
Басылмас сағынышым өзің келмей.
Үңілем суретіңді судан іздеп,
Төңіректе тірі жанды көзім көрмей.

Жол жатыр сыңар аяқ сүйретіліп,
Көзге ыстық бұрымыңдай иретіліп.
Асаудай жүген-құрық қалжыратқан,
Келемін сағынышқа үйретіліп.

САҒЫНБАСА

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Ғашық жыр жан баураған ағылмаса,
Ашық сыр ақтарылып ағылмаса,
Көрер ме ем жер бетінде мен қуаныш
Жүрегім еш адамды сағынбаса?

Алдымнан іздегенім табылмаса,
Жүрегім қуаныштан жарылмаса,
Не қызық тіршіліктен табар едім,
Бір адам аңсап, сусап сағынбаса?

Жыр-тұлпар жүдеу тартып арындаса,
Асқар бел алдымдағы алынбаса,
Өмірден өкінішпен өтемін ғой,
Туған ел мен кеткен соң сағынбаса.

1973

ТОП КИІК

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Қара мойыл қос жанары мөлтілдеп,
Жел желпіген еріндері елпілдеп,
Көз алдыңнан бір топ киік өткенде
Қала берер шөптің басы желкілдеп.

Шаң бұрқырар арттарынан екпіндеп,
Сен тұрарсың қанат байлап жеткің кеп.
Жете алмадың, ішің удай ашиды-ау,
Уа, сұлулық, менен алыс кеттің деп.

ЖАНЫМДЫ ҚАЙ ЖЕРГЕ САҚТАЙЫН?

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Ақ толқын тауларды сенделген,
Ойлап ем теңіз деп тербелген.
Тау емес, биікке ұмтылсам,
Өзіңсің досыңа дем берген.

Шыңдарға құлшынсам сені іздеп,
Жүрегім ем таптың дегізбек.
Әу демде тау іші жаңғырды,
Шалғайда жүрсің бе мені іздеп?

Сезімді қалайша шақтайын,
Селк етіп қарайды ақ қайың.
Бәрі бар, тек қана сен жоқсың,
Жанымды қай жерге сақтайын?

ДҮНИЕ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Дүние, кешіп жүрмін дауылыңды,
Көтердім арқалатқан ауырыңды.
Өзімді аямадым ажал бар деп,
Сен кейде қимасаң да тәуіріңді.

Қайырмасы:

Сондайда қамықпадым, шарықтадым,
Жырлауға сағынышты жалықпадым.
Тіршілік, бар әуреңмен жақсы екенсің,
Мен сені сүйгенімді анықтадым.

Майысқан қарлығаштың қанатындай,
Жүрегім жүз бүктеліп қалатындай.
Махаббат, менің қанша жазығым бар,
Әуреге өле-өлгенше салатындай?

Қайырмасы.

Дүние қызыл түлкі бұлғақтаған,
Не берер қызыққанды құр мақтаған?
Ей, қалқа! Көрінбесең көз алдымда,
Баяғы басқан ізің қымбат маған.

Қайырмасы.

1982

ЖҰЛДЫЗ ЖАТЫР ЖҮРЕГІМДЕ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Аспан көрпе емес қой, қағылмайды,
Жоғалтқаным бар еді, табылмайды.
Алатаудың аспанын жарқыратқан
Шолпан жұлдыз қайыра жағылмайды.

Жанбайды ол жұлдыздар легінде,
Көрінбейді құдайдың кілемінде.
Жер-көкте жоқ жұлдызды іздемеңдер,
Жалғыз жатыр ол менің жүрегімде.

МЕНДЕЙ СҮЙЕР ТАППАССЫҢ ДА

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Өңім бе еді,
Түсім бе еді,
Мен соған көп жыл
Түсінбеп едім.
Бір ауыз сөз
Сен жайлы бірақ,
Көкіректен
Түсірмеп едім.

Қайырмасы:

Бір ауыз сөз жоқ сені сынар,
От бастым ба, шоқ бастым ба?

Мендей жігіт кездескен шығар,
Тап мендей сүйер таппассың да.

Күңкілге сені
Сатпаспын да,
Жаманат, сірә,
Тақпаспын да.
Бар сырым осы
Созбайтұғын.
Мен емес босап
Боздайтұғын.

Қайырмасы.

ОРАЛМАС КҮНДЕР

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Оралмас күндер қалды артта,
Сен едің биік қиялым.
Сағыныш толы сағатта,
Өлеңге бәрін құямын.

Қимастық, үміт, жұбаныш
Сыяр ма жеңіл сөзге де?
Қияда жүрсің тым алыс,
Орнатып бақыт өзгеге.

Жанарыңнан бір ұшқын,
Жүректе жатыр шықпастай.
Табылмай сәтті дұрыс күн,
Тағдырға көндің ұқпастай.

Айтылмаған сыр жетім,
Көңілде қалар күйігі.
Таптырмай кетті бір шешім,
Арманның асқар биігі.

Аңсап бір алғаш көруге,
Жыр арнап, тұңғыш ән жаздым.
Ақындық деген шеруге
Сол күні келген сарбазбын.

Жаралы жалғыз құралай,
Құм басқан шөлді сүйіпсің.
Жылдарда күліп жыламай,
Қапыда кеткен киіксің.

1972

ҚАР ЕРІДІ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Қар еріді,
Сағыныш ерімеді.
Түн қысқарды,
Түс көру кемімеді.
Кеудемдегі жүрегім қызық екен,
Көгендегі қозыдай емінеді.

Құстар келді,
Тебірентті, шымшып әні,
Қанат қағып аққулар құлшынады.
Өзіңді ойлау ұлғайып одан сайын,
Менің жаным бір кіріп, бір шығады.

Сағынғандар кездесіп әрі-сәрі,
Маған ол күн, япырым-ау, алыс әлі.
Кеудемдегі жүрегім қызық екен,
Құлыншақпен қырдағы жарысады.

Бұлбұл ма екен, бұлқынып үн шығады,
Байғұс жүрек бәрібір тыншымады.
Көктем өтіп барады,
Ойласаңшы,
Қуанышқа ол қашан тұншығады?

1978

ЖЕЗКИІКТІ КӨРСЕМШІ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Назарыңды бір қиып,
Назды көңіл бөлсеңші.
Мойыл көздер тұңғиық,
Мөлт еткенін көрсемші.

Қуанышқа шалынған,
Тәуір кезде көрсемші.
Сағынышқа салынған,
Ауыр кезде көрсемші.

Сағым бермес кең дала,
Ашық шақта көрсемші.
Есі-дерті мен ғана
Ғашық шақта көрсемші.

Жатылыққа жармаспай,
Жүйріктікке жетсемші.
Жезкиіктен қалмастай,
Жүйткіп қана өтсемші.

1978

КӨКТЕМ КЕЛДІ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Көктем келді, май даусым мамырстан,
Жер құтылды қалың қар, кәрі қыстан.
От сезімдер оянды, мезгіл жетті,
Қобалжытып, құлшынтып, алып ұшқан.

Көктем келді, май маусым мамырстан,
Аққулардай арайға ағыла ұшқан.
Май әкелген махаббат маусымындай,
Жапан дала оянды сағыныштан.

ДЕРТ ШЕКПЕ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Сүйсең ғой сен мені,
Сүйісе алмай өтсек те.
Өлең оқы оңаша,
Оқы да ұмыт, дерт шекпе.

Сағынасың да, әрине,
Сағымыз сынып кетсек те.
Әнімді тыңда сен жайлы,
Тыңда да ұмыт, дерт шекпе.

Жүректе жатқан бір түйін,
Ерімес ырым етсек те.
Өзіңді байқа өлеңнен,
Сонан соң ұмыт, дерт шекпе.

АҢСАУ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Толқын емес теңізді тербететін,
Дауыл емес ұзақ түн желдететін.
Жүрегімнің лүпілі деп ұғыңдар
Жолды аңсаған ауылға тез кететін.

Қайық емес айдында қалқып жүрген,
Шағала емес шалғайда шалқып жүрген.
Ол өзімнің жүрегім, дүрсілінен
Сағынышын алдымен халқым білген.

Бұлбұл емес тоғайда бұлғақтаған,
Тоты да емес тоғайда түн бойы жыр баптаған,
Ол өзімнің жүрегім үні бөлек,
Туған елге бір айтар сыр сақтаған.

ҮМІТ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Үміт деген тілдегі
Сөз емес жеңіл жаттанды.
Жайқалған жүрек гүлдері
Үмітпен ғана сақталды.

Жақсы ұлға ел сүйсінбек,
Сүйіктісі санайды.
Шапағаты тисін деп,
Үмітпен ғана қарайды.

Жау алдында сынақта,
Қарусыз қалдыр, жебемді ал.
Үмітсіз етпе бірақ та,
«Үмітсіз шайтан» деген бар.

ЖЫЛДАР ЖЫЛЖЫП

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Жылдар жылжып, уақыт ізін жасырып,
Кетер деуші ем ескі өкініш басылып;
О, Құдай-ау! Жанған жүрек асырын,
Бара жатыр бұрынғыдан асырып.

Қарлығаштар әзер қанат қағады,
Жібермейді сағыныштың сабағы.
Жүйткіген жел жүз құбылып, қарайлап,
Ол да менің қабағымды бағады.

Дерсің, мейлі, тұшы екен не ащы екен,
Бір жүрекке бүкіл дүние сақшы екен.
Кейде маған сондай да бір ой келер,
Сағынатын адам бары жақсы екен.

КӨҢІЛ НАЗЫ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Ән салма, қалқам,
Ауылды аңсап мен барда,
Онсыз да болам,
Өзімнен-өзім дел-сал да.
Аз ғана күндер
Аңсамай жүрген болайын,
Онан да менің
Көңілімді, сәулем, сен де алда.

Көре алмай қалдым
Биылғы жылдың көктемін,
Ынтығып, балқып
Аққуды аққу өпкенін.
Аққұба қыздың
Ақ қайың кезген маралдай,
Қарашы, көзге
Елестеп қана кеткенін.

Жұтпадым исін,
Гүлдердің шыққан бұрқырап,
Құлыншақ әні
Жайлауда қалды-ау шұрқырап.
Дүркіреп жылқы,
Күркіреп бұлттар өткендей,
Жүректің шетін
Сағыныш кетті-ау жұлқылап.

Аңдамай қалдым
Өртеңге шыққан көгінді,
Тергізбей кетті-ау,
Сандуғаш салған көп үнді.
Саябыр етші,
Әніңді, қалқам, баяулап,
Шыдатпай, шіркін,
Ел шеті көзге көрінді.

Ән салма, қалқам,
Ауылды аңсап мен барда,
Онсыз да болам
Өзімнен-өзім дел-сал да.
Аз ғана күндер
Аңсамай жүрген болайын,
Онан да менің
Көңілімді, сәулем, сен де алда.

1970

АДАМҒА ДОС ТАҢДАРЛЫҚ ЕРІК БЕРГЕН

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Ақылды ақымақпен дос болмайды,
Жаманмен қадір білмес көш толмайды.
Қанаттас тәуір досың болса өмірде
Жүрегің қуаныштан бос болмайды.

Жақсылар жақсылыққа беріледі,
Жамандар жамандыққа семіреді.
Кей жігіт дос боп жүріп өш боп кетсе,
Тірі өлік көз алдында көміледі.

Қырандар қияға ұшар қанаттасып,
Алыстан тілеулесер сабақтасып.
Табиғат теңді теңмен сұрыптайды,
Жатса да алтын-жезі қабаттасып.

Тіршілік таңғажайып көріктенген,
Туған ел, ата-ананы теліп берген.
Бәрінен жомарттығың осы екен ғой
Адамға дос таңдарлық ерік берген.

БИАҒА

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Бел-белестен белгі тастап, Бейімбет,
Шоқжұлдыздан қалған жоқсың кейіндеп.
Қай ауылда тусаң-дағы, бар қазақ
Жан жүрегін тосар саған бейімдеп.

Қайырмасы:

Сәкен ұшқан ғарышта,
Ілияс озған жарыста;
Мағжан жеткен қияда
Сен де жүрсің, Биаға.

Жаралғандай үміт, арман, парыздан,
Адалдығың сүттей аппақ қауыз, дән.
Найзағайлар арасынан жарқ етіп,
Келгендейсің ортамызға аңыздан.

Қайырмасы.

Қилы заман шексең ауыр азабын,
Биаға деп туды бүгін ғажап үн.
Мәңгі-бақи сені ардақтап өтеді,
Дербес ел боп ту көтерген қазағың.

Қайырмасы.

Арыстармен қатарласқан шыңымсың,
Бүгін қайта табысқандар ұғынсын.
Қостанайым қосқан ұлы дүбірге,
Ел бірлігін биіктеткен туымсың.

1994

ОҢБАЙДЫ АҚЫНДЫ АТҚАНДАР!

Әні Мұбәрәк Шәкіровтікі

Қыранға оқ жұмсау қатерлі
Болса да сұмдықты әкелді.
Қай сотқар аямай атты екен,
Көркіне жан жетпес Сәкенді?!
Аз емес дауылпаз тартқан зар,
Жоқ емес ақжолтай ақ таңдар.
Аққуды атқандар сияқты,
Оңбайды ақынды атқандар!
Оңбайды ақынды сатқандар!

Қарақшы қалт етпес сақ па екен,
Қамығып қалды ғой шат мекен.
Жігіттің дүлдүлін Ілиястай,
Қай жендет жасқанбай атты екен?!
Құлагер қызуын сақтаңдар,
Ел кешпес күнәға батпаңдар.
Тұлпарды соққыға жыққандай,
Оңбайды ақынды атқандар!
Оңбайды ақынды сатқандар!

Тағдырдың сұқ көзі қадалды,
Тағы бір дауылпаз қамалды.
Қай сатқын атты екен қаймықпай,
Мағжандай көз қимас адамды?!
Ақтайды арайлы ақ таңдар,
Ақынға жаманат тақпаңдар.
Ұяға өрт салған секілді,
Оңбайды ақынды атқандар!
Оңбайды ақынды сатқандар!

1994

БІРЕУІ ҒАНА КЕЛМЕДІ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Кездесу туған жердегі,
Қисапсыз қызық ертегі.
Ертегі сырын айтайын,
Кең екен біздің жер тегі.
Талай сыр толқып желдеді,
Елестер өткен селдеді.
Құрбы-дос естіп жүгірсе,
Біреуі ғана келмеді.

Төгілді өлең термелі,
Көркейді сауық көрмелі.
Жүздесіп өтті мың таныс,
Біреуі неге ермеді?
Өкініш қаулап өрмелі,
Сағыныш көкірек кернеді.
Дос-жаран түгел жолықса,
Біреуі ғана келмеді.

Домбыра заулап пернелі,
Әсем ән қанат сермеді.
Жүз түрлі әуен қосылды,
Бір дыбыс хабар бермеді.
Оралып күндер сернелі,
Кездесу жүрек емдеді.
Көп сұлу аңсап жеткенде,
Бір сұлу неге келмеді?

1990

АЛҒАШҚЫ ҚАРДЫ КҮН СҮЙІП

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Алғашқы қарды күн сүйіп,
Жасқантты көзді тұрғызбай.
Құйғытып өтті қыз-киік,
Сағыныш мойнын бұрғызбай.

Адасқан мал жоқ еңісте,
Құстар да кетті ұялап.
Сонарда содыр кезіксе,
Сойылға жықтым қиялап.

Басылды аққан саркырап,
Сырласу тентек құдіреті.
Бер жағымен жарқырап,
Сыр бермейді су беті.

Жезкиік, күйің оңалар,
Күн туар аңсау өтелген.
Қар кетер, көктем оралар,
Есен кел жылы мекеннен.

БҮГІНГІ ЖАЗҒАН ӨЛЕҢДЕР

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Алыста жатқан асулар,
Бертіндегі белеңдер.
Сендермен дидарласуға,
Туыпты бүгін өлеңдер.

Оятып намыс, ұятты,
Оңай ма парыз төленбеу?
Сырымды айтар қымбатты
Бүгінгі жазған өлеңдер.

Барласа жүйрік көңілім,
Құйынын кешіп дауылдың.
Жасырмай айтам өмірін,
Шалғайда жатқан ауылдың.

Тәуелсіз болу оңай ма,
Әдеппен айтып шектедім.
Көргенде батам әр ойға,
Қайыршы көп боп кеткенін.

Байлығы жердің таланды,
Байыды құлкы кереңдер.
Іздейді бөгет, амалды,
Бүгінгі жазған өлеңдер.

2000

ӨЛЕҢІМ ТІРІ ЖҮРСЕ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Лүпілі жүрегімнің шапшаңдады,
Қыз-киік қызықтырып қақшаңдады.
Кел, менің жыр пырағым – Құлагерім,
Бой жазсын суыт жүріс ақ шаңдағы.

Тетігін кеншіліктің тапсам-дағы,
Ән мен жыр әу дем сәтке пәс қалмады.
Кел, менің әншіл пірім – сұрша құсым,
Қысылсын аққу-қаздар аспандағы.

Бар менің жетім деген өз биігім,
Шабытым басар талай көз күйігін.
Өлеңім тірі жүрсе – мен тірімін,
Есен бол жер бетінде, «Жезкиігім».

1975

МАХАББАТТЫҢ ТӨРКІНІ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Көктемде көрдім
Құстардың қайтып келгенін,
Жиырма бесім
Еркелеп қалмай ергенін;
Көгалға шығып,
Гүлдерді күндей құшақтап,
Есімнен кетпес
Ең ғажабын тергенің.

Саясы көлдің
Самалға толы дер күні,

Бұйра тал бізге
Бұлқынып лебін желпіді.
Ақ қайыңның
Дәл түбінде сүйістік,
Осынау жер ғой
Махаббаттың төркіні.

Жан-жаққа кеттік,
Жылдардың көшін санаймын,
Қоспады тағдыр,
Ол жазуы талайдың.
Ақ қайыңдар
Дәл қасынан өткенде,
Арасында
Сен жүр ме деп қараймын.

ҒАЖАЙЫП ҚАНДАЙ НҰРЛЫ КҮН?!

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Ғажайып қандай нұрлы күн,
Шақырмай шабыт келгендей.
Жан-жаққа бас шұлғыдым,
Ел-жұртқа сәлем бергендей.

Беу, шіркін, деймін бұлтқа да,
Жаңбыры жерге жабысқан.
Ақ бидай күлді жұптана,
Жел тербеп иық қағысқан.

Дөң асып нөсер тыйылды,
Қарағай, қайың балқып тұр.
Дайында, ақын, сыйыңды,
Ауылдың исі аңқып тұр.

Деп сонда өзім-өзіме,
Жыр жазар ниет бұрмадым.
Жырланып жатыр өзі де,
Бұзбайын дедім ырғағын.

1972

* * *

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Жоқ еді менің жаным үрей күткен,
Ойлашы, оңай ма екен ренжіткен?
Кей кезде жадырасам жалған ұқпа,
Дым сезбей күледі деп дүлейліктен.

Суысып жаның менен бөлінгенде,
Тіршілік орын тосты төрінен де.
Қуаныш ренішпен алмаспаса,
Өмірге өлеңіммен көрінем бе?

Көптен-көп ауырлықты көрген едім,
Айықпас сырқатымсың сен де менің.
Махаббат сойылымен соғып өткен
Кей күндер еске түсіп сенделемін.

КҮЛКІҢ СЕНІҢ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Күлкің сенің – жайдарлы, жайлы күлкі,
Шұбатылған жабағы-тайлы күлкі.
Түнгі дала көгінде жыпырлаған,
Жұлдызы көп ақ малта айлы күлкі.

Әурелейді әдемі жымиғаның,
Топ ішінде сүйгім кеп құриды әлім.
Мен өзімше қуаныш ете берем,
Азсынбаймын татқанда бұйырғанын.

Жас аққудай шыдатпас ұнай қалмай,
Күлген сәтте жарк еткен шырай қандай?!
Күлкің сенің – шырағы махаббаттың,
Мені көрсең қалайша тұрар жанбай?!

1976

ШАБЫТТЫ ШАҒЫМ ЖАСАСЫН!

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Азды күнде көргенбіз,
Алаусыз отта шарпу жоқ.
Аяңшыл қимыл – өнбес іс,
Ақмалта жанда шалқу жоқ.

Шақыртты көңіл аспанға,
Шарықтап шығып құйқылжыр.
Шабытты жырлар жасқанбай,
Шалғайда шалқып, жүйткіп жүр.

Қытықтап қызық наз күлкің,
Қыз-өлең, шабыт ашасың.
Қарқынды шағым, па, шіркін!
Қанатты мезет жасасын!

ЖОЛЫҒЫППЫЗ ЕКЕУМІЗ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Жолығыппыз екеуміз,
Дос-жараның алдында.
Жан-жаққа ертең кетерміз,
Жақсылап көріп қалдың ба?

Жолығыппыз екеуміз,
Думан-тойдың ішінде.
Бір қуаныш етерміз,
Тұрғандай қарап мүсінге.

Жолығыппыз екеуміз,
Түн түндігін жапқасын.
Межелі жерге жетерміз,
Сұқ көзден Тәңірім сақтасын.

СЕНІ ІЗДЕЙМІН

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Сені іздеймін биік шыңға өрлесем,
Аңсап кетем алыс жолда шөлдесем.
Өмір зая өтер ме еді өкінтіп,
Тату-тәтті қимас күндер көрмесем?

Сені іздеймін сұм өмірден түңілсем,
Қатты шаршап, өліп-талып тірілсем.
Шырт ұйқыда төсегімнің алдында,
Күлім қағып келіп тұрдың бүгін сен.

Сені іздеймін әлденеден сасқанда,
Не болмаса бір жаңалық ашқанда.
Шаршадым ғой жер бетінен көре алмай,
Жүрсің бе сен қол жетпейтін аспанда?

БАЛ ДӘУРЕН

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Өзің жоқ, есте қалды әурең,
Келемін арнау жыр алып.
Алыста қалған бал дәурен,
Алдымнан шықшы бұралап.

Ақ дидарың құлпырып,
Қаракат көздер мөлтілдеп,
Тіл мешеу, жүрек ұмтылып,
Не болам тұрсаң елпілдеп?

Жалғыз шықпа жолға да,
Топ ішінде, тойда күт.
Бір көру арман, сол ғана
Болады біздің бойға құт.

МАХАББАТ – БАҚЫТ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Шын махаббат – зор бақыт,
Серттескен сөзін жұтпайды.
Біріне бірін қорғатып,
Тірлікте көңіл жықпайды.

Құстарды тыңдап айдында,
Естимін шексіз көп үнді.
Жарысып шаттық-қайғым да,
Есіме салар жоғымды.

Шын махаббат – зор байлық,
Арманға бірге жетеді.
Нәр іздеп жүрек жалғарлық,
Бірігіп жаны кетеді.

Мейірім қанар сондайды
Көргенде алыс-жақыннан.
Тебіреніп жаным толғайды,
Мезетті ғұмыр татынған.

Жараспас жалған жақындық,
Махаббат зардап шеккесін.
Не дейін саған татырлық,
Өзгелік болып кеткесін?!

1964

АЙДАЙ ЖҮЗІҢНЕН

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Ай жүзіңнен нұр жауар,
Ақшағыл нәзік сәуледей.
Тірліктен жаным не табар,
Өзіңнен келген әуредей?

Аласың десең мазамды,
Әуелде неге жуыттың?

Алатын сенен жазамды,
Бақытым деп туыппын.

Жетерлік мұңым сан жылға,
Сағыныш өршіп жалғадым.
Өкініш айтып тағдырға,
Жыр төгіп, ән-күй арнадым.

Оралсын сәті ойыңның,
Мақсатың болса көздеген.
Жарқ еткен шоқтай мойылдың,
Жалт етер күнін сезбеп ем.

Жыр етіп келем жалықпай,
Махаббат сырын үзілген.
Бөтендік саған танытпай,
Толқимын айдай жүзіңнен.

1969

АЛЫСТАҒАН АҚҚУ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Аққу құс бара жатыр алыстарға,
Тілегін айта алмады таныстарға.
Жүрейін жетер жерін біліп қана,
Екі көз, құс жолынан шалыс қалма.

Ақ кербез кетті шалғай қияларға,
Жат жерде сағынышын тыя алар ма?
Қыс кетпей көктем қайтып келмейді екен,
Қар жатыр құстар салған ұяларда.

СЫР БЕРМЕС

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Көз жасы жігіттің
Көкіректе жатады.
Жалғанбас үміттің
Таңбасы батады.

Жар кетсе суысып,
Ол тағдыр қаталы.
Сыр бермес тырысып,
Шықпастай атағы.

Қорламас өз басын,
Кетпе деп жалынып;
Білдірмес көз жасын,
Кетсе де жарылып.

Үзілген үмітті
Аңсау бар бізде де.
Сынай бер жігітті,
Көзден жас іздеме.

Көрінбес маржаным
Көмулі денемде.
Жете алмас қанжарың
Ар-намыс дегенге.

СЫРЛАСУ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Сыр жетім ғой сызылып ашылмаған,
Адам жақсы арманын жасырмаған.
Ақындар да өтеді іздеуменен,
Бір шындықты әлі де ашылмаған.

Күш-қуатым мол кезім, басылмаған,
Не тосады алдымда ғасыр маған?

Ертелі-кеш Абайдан ғибрат алып,
Қасарысып өмірмен Қасымданам.

Қиын жолдың бер, қане, басын маған,
Қыза түсіп найзағай жасынданам.
Татымды іске басымды аямаймын,
Соны үйретті Шоқандай асыл бабам.

Адал достар алдында асыр салам,
Көз алдымнан кетпейді жасыл далам.
Бақытын бер Қаныштың, беу, тағдырым,
Бермей-ақ қой Жамбылдың жасын маған.

ШЫН ТАТУ

Әні Мүбәрәк Шәкіровтікі

Самалы жоқ жел жүдеу,
Амалы жоқ ер жүдеу.
Қыз Жібектей, Баяндай
Сұлуы жоқ ел жүдеу.

Айдынды өрлей қаз қонар,
Көңілім соған мәз болар.
Құс қонбаған көлдердің
Қызығы да аз болар.

Бетеге бітпес бел жаман,
Белдеуден соққан жел жаман.
Дос болып жүріп өштескен
Қатар-құрбы, тең жаман.

Менсіз жерде сен жүдеу,
Сенсіз жерде мен жүдеу.
Қиялымсың, түсімсің,
Қолыма қонған құсымсың.

Бәрінен де ең тату,
Екеуімізден кім тату?

1965

ӘУЛИЕ

Ілияс Есенберлинге

Әні Жоламан Тұрсынбаевтікі

Алтын арай нұр шашқандай алыстан,
Жан едің-ау құс-киялмен жарысқан.
Кешкен күнін біздің елдің білді әлем,
«Көшпенділер» дүбірімен танысқан.

Қайырмасы:

Бодан күнде бұла күшің,
Дабыл қақты ұлан ісің.
«Абылайлап» атой салған,
Әулиесің шын, арысым.

Белгі тастап қатал күннен мың дәлел,
Сырыңды аштың іштей көптен тынған ер.
«Қahар» десең Кенесары елестеп,
Есіміңді ардақтады туған ел.

Қайырмасы.

Жүргендей боп жаңа керуен басында,
Сыймай кеттің тар құрсаулы ғасырға.
«Алмас қылыш» жарқылымен жол ашты,
Дербес елім шықса жаңа асуға.

Қайырмасы.

1995

ЖЕКЕКӨЛІМ

Әні Жоламан Тұрсынбаевтікі

Арқадағы көл еркесі,
Аққу қонған ән өлкесі.
Жағалауда жүрген кездің
Сағындырды-ау көлеңкесі.

Жеке жаннат, жеке төрім,
Дара ғашық Жекекөлім.
Сені көрмей қанбайды екен,
Тіршілікке менің шөлім.

Қайырмасы:

Наз айтады, мұң кешеді,
Көрмесем де үндеседі.
Шырт ұйқыда қайран жүрек,
Бір өзіңмен тілдеседі.

Көрген түске шырматылған,
Десең, сәулем, кім шақырған?
Менің тұңғыш шаттығымсың,
Балғын күнде бал татырған.
Атса өлке асыл таңы,
Туса көлдің жасыл шағы;
Естілер ме еркеленіп,
Жаным құштар ғашық әні?

Қайырмасы.

Жас аққудай ойнап маған,
Жас еліктей ойнақтаған;
Балғын сәттің жан базары,
Бір күнім жоқ ойлатпаған.
Ән салайын, толғанайын,
Аялайын жан арайын.
Жекекөлге жеке келші,
Махаббатқа оранайын.

Қайырмасы.

АЛМАТЫ ВАЛЬСІ

Әні Жамағат Темірғалиевтікі

Алматым Алатаудың аясында,
Бал бұлақ, асау өзен бәрі осында.
Аққудай жарқыл қаққан аппақ қала,
Қалады ғасырлардың санасында.

Қайырмасы:

Алматым, тірлікте аңсаған арманыма,
Жаннат төрден
Қанат керген
Әнімді бір саған арнадым.

Ақ жаңбыр жауса торғын бұлттар қонып,
Тебіренсе көзі қимай құстар шолып;
Абайдың әніменен қарсы аламын,
Толғанып сыр шертемін Жамбыл болып.

Қайырмасы.

Кім сүймес Қыз Жібектей қыз-қаланы,
Алмаймын айырбасқа жүз қаланы.
Алатау кірпік қақпай, адам түгіл,
Таңертең күн көзінен қызғанады.

Қайырмасы.

16.05.2000

ТАЛДЫҚОРҒАН

(Талдықорған облысы жабылғанда)

Әні Жамағат Темірғалиевтікі

Жетісуға бұйырған мәңгі белгі, хал қалай,
Сыр төгейін сен жайлы әрлі-берлі сан-талай.
Қалай жүдеп қалды деп Талдықорған байқамай,
Ақын Сара ашынған әні келді, жалған-ай.

Қайырмасы:

Беу, Жетісуда жайнаған,
Ғашық еді-ау ай саған.
Жаннат ордам – Талдықорған,
Қанат жайшы қайтадан.

Зар болғандай Құлагер шаңдағына құйғытқан,
Ақын Ілияс қарайды жан-жағына пір тұтқан.
Сең соққандай сенделді баспанасын ту сырттан,
Астанасыз Жетісу қалғанына мұң жұтқан.

Қайырмасы.

Қабақ түйді асулар сан қабатты кешкілік,
Соққылады өзендер жарқабақты тепсініп.
Мұқан аға байлауда Біржан салдай тастүлек,
Мұңайғаны, ағайын, жанға батты естіліп.

Қайырмасы.

12.07.2000

ЖЕТІСУДЫҢ ЖАҢА ӘНІ

(Талдықорған облыс орталығы болғанда)

Әні Жамағат Темірғалиевтікі

Жетісуға бұйырған мәңгі белгі,
Сыр төгейін сен жайлы әрлі-берлі.
Қайта түлеп қалды деп Талдықорған,
Ақын Сара толқыған әні келді.

Қайырмасы:

Жетісу төрі жайнаған,
Сенімен сұлу сай-салам.
Сәулетті қала сәніміз,
Сенімен нұрлы таңымыз.
Баулы қорған, таулы қорған,
Талдықорған, Талдықорған.

Қуанғандай Құлагер шаңдағына,
Ақын Ілияс қарайды жан-жағына.
Алатаудан ерекше сарқырады,
Жеткендей боп Жетісу арманына.

Қайырмасы.

Толқып кетті асулар сан қабатты,
Сүйіп жатыр өзендер жарқабақты.
Мұқан аға әндетті Біржан салдай,
Жалау етіп бақытты махаббатты.

Қайырмасы.

Қайта туды, құтты өлке, мың қорғаның,
Жаннат төрге қарашы нұр қонғанын.
Ел сүйсінді елжіреп, елең етіп,
Нар тұлғасын көргендей Нұрмолданың.

Қайырмасы.

Егемендік нығайтса елдігімді,
Талдықорған, қорғадық теңдігіңді.
Жетісудың жаңа әнін шырқап жатыр,
Балқаш жақтан желпінген жел бүгінгі.

Қайырмасы.

17.01.2001.
Алматы

«АҚҚУДЫ» ТАРТШЫ, ҚАРШЫҒА

Әні Жамағат Темірғалиевтікі

Ағынға қимас бағындым,
Сарынға мұңдас табындым.
Қаршыға, тартшы «Аққуды»,
Нұрғиса күйін сағындым.

Сағындым шуақ күлкісін,
Сағындым дана түр-түсін.
«Аққуды» тартшы, Қаршыға,
Қосайын әнмен жыр құсын.

Саңқылдап аққу тамсантсын,
Қаңқылдап қаздар аңсатсын.
Талмаурат, заулат, тамылжыт,
Көңілдің бұлтын тарқатсын.

Есімнен таңдым жабығып,
Қарайлап қалдым қамығып.
«Аққуды» тартшы, Қаршыға,
Кетпесін жүрек жарылып.

Домбыра келді-ау бабына,
Шанақтан қағыт тағы да.
Нұрағаң бірге жүргендей,
Оралтшы шалқар шағыма.

Таңдантсын, қос ішек ұмсынтсын,
Махаббат маусым үн шықсын.
«Аққуды» тартшы, Қаршыға,
Нұрғиса күйі құлшынтсын.

ЖАН ЖАРЫМНЫҢ ДИДАРЫ

Әні Жамағат Темірғалиевтікі

Жан жарыңсыз жайнамайды маңайың,
Жиналмайды айналаңа ағайын.
Ол – дәулетің, ол – мерекең сарқылмас,
Ол – сәулетің, атқан таңдай арайың.

Қайырмасы:

Көкірегіне құйғаны,
Ақ көңілге жиғаны –
Асыл тілек, ақ ниет,

Ата-баба иманы.
Сексен көлдің аққуы,
Алатаудың ақ гүлі,
Жан жарымның дидары.

Күндей жылы, айдай әсем арайы,
Құстай үркек, ақ ботадай жабайы.
Ол осы үйдің періштесі, ол – Ана,
Асыл төрім – ақ ордалы сарайы.

Қайырмасы.

Қыз күніндей қызықтырмай қоймайды,
Бақыт құсы онсыз саған қонбайды.
Сиқыры бар сылаң қаққан кезінің,
Құштар мезет қабағына орнайды.

Қайырмасы.

1993

ЖАРАЛЫ ЖҮРЕК

Әні Біржан Хасанғалиевтікі

Әнім едің балғын бақта тірегім биік,
Іңкәр шақта көңіл шалқып жүр едім сүйіп.
Қолда кеткен-қиял құстай үзілді үнің,
Зорға жүрмін дауа таппай жүрегім күйіп.

Қайырмасы:

Сен қайдасың, кіршіксіз мөлдір махаббатым,
Қос жанардың көкседім құштар қарақатын.
Жас құлындай мергеннің оғы мертіктірген,
Кел, емдеші зарыққан жүрек жарақатын.

Бақыт көрем ләззат татқан кезімді қызық,
Көксей берем сезімді тұнық.
Көрсең мені көзің сенбей танымай қалар,
Қыршын күннен өзің сүйген өнімді сынық.

Қайырмасы.

Ләйлім едің, болдым Мәжнүн ғашыққа жалшы,
Мейлің, бүгін аспан-көкте жасынға салшы.
Тағат таппай, қабақ жаппай аңсадым сені,
Асыл құсым, ұшып жетіп қасымда қалшы.

Қайырмасы.

30.03.2000

ДАЛА ӘНІ

Әні Біржан Хасанғалиевтікі

Дала десем жеңілденем,
Самал желден көңілденем.
Кең даласыз не болмақшы,
Қазақ үшін өмір деген?
Дала менің – ақ жүрегім,
Айтылмаған ақ тілегім,
Дала десең кең жүремін, мен күлемін.

Қайырмасы:

Көңілімді кербез дала толғантады,
Есім салған, Қасым салған жол жатады.
Абылай ханның ала туы желбірейді,
Көшпенділер тіл қатады.
Көкірегіме гүл байлайды,
Сағым белдер алыстан сағынтады.
Жыр тасқындап, ән заулайды,
Мені есімнен жаңылтады.

Дала десем жанып кетем,
Бәрін бабам салып па екен?!
Алтай, Көкше, Алатаулар,
Шекара боп қалып па екен?!
Жұтып таза таң самалын,
Өзен-көлге жалғанамын,
Аққу-қаздар бірге шырқап, ән саламын.

Қайырмасы.

ТОСА БЕРЕМ

Әні Біржан Хасанғалиевтікі

Есім кетер өзіңді аңсағанда,
Көрген түсім созылды қанша таңға?!
Қособадан қол созған Төлегендей,
Ән саламын әл бітіп шаршағанда.

Қайырмасы:

Аңсатса да ажарың,
Қинаса да азабың,
Тоса берем тарқатпай,
Махаббаттың базарын.

Ел аралап кетеді ғашық әнім,
Сені ертіп келердей асығамын.
Күймесінен Қыз Жібек көрінгендей,
Ерке жүзің елестеп басыламын.

Қайырмасы.

Ай аспанда ән салсам қозғалады,
Қарай-қарай қамыққан көз талады.
Естіген жан көңілін қобалжытып,
Сағынышым сарғайтты боз даланы.

Қайырмасы.

01.04.2000

ҚАЙДАСЫҢ БҰЛ КҮНДЕ?

Әні Біржан Хасанғалиевтікі

Қайдасың, арманым, қайдасың бұл күнде?
Өзіңсіз махаббат маздауы мүмкін бе?
Жан едің жаралған егіз боп қос жүрек,
Шыр етіп келген мені іздеп, бір күнде.
Сағынтты дидарың, көрсем деп аңсадым.
Оқтиген киіктей күйіктен шаршадым.

Сұраймын құстардан, желден де жалынып,
Қаламын сен деп қамығып қалса гүл.

Қайырмасы:

Алыстан қанат жалғап сезімге,
Білсеңші, саған арнап не деймін:
Басқаға өгейсің сен, өзім де
Өзгеге өгеймін.

Сағыныш толқытып, тебіренем ән салып,
Ақ қайың – ескі дос қарайды тамсанып.
Есіме салады бақытты күндерді,
Бетіңнен сүйген, мойныңа қол салып.
Бір көрмей өзіңді жан тағат таппаған,
Басқаның ләззаты, шәрбаты жат маған.
Бір ауыз сөзіңді сақтадым ұмытпай,
Тосамын күнді ақ тілек ақтаған.

Қайырмасы.

21.02.1998

АНАШЫМ

Әні Біржан Хасанғалиевтікі

Анашым, менің анашым,
Тірлікте қорған панасың.
Әлемнің барын сыйлаған,
Ақылың шексіз данасың.
Аққудай нәзік жаны ашыр,
Өзгеден өзге дарасың.
Жүректі жұлып беруге,
Қиналсам үнсіз барасың.

Анашым, биік асқарым,
Сен барда ашық аспаным.
Ән болып әсем құйылды,
Шапағат, шаттық шашқаның.

Бір мінез менен ұғарда,
Ұқсайсың мөлдір мұнарға.
Қызығып сен де қарайсың,
Жанарым менің құмарға.

Қаныктым ойлы сырыңа,
Сүйсіндім ғажап нұрыңа.
Мен түгіл кейде әкем де,
Ұқсайды үлкен ұлыңа.
Тимесін жаттың тіл-көзі,
Өзіңсің маған күн көзі.
Шалқысын біздің шаңырақ,
Жайнай бер алтын күмбезі!

28.04.2003.
Алматы

ҚҰДА КЕЛДІ

Әні Марат Ілиясовтікі

Құда келді! Ауылға құда келді!
Есің неге шықты деп сұрама енді.
Құдашаны көруге құштар едім,
Жүрегіме жүгірмек лаң енді.

Қайырмасы:

Құда менен құдағи сынар енді,
Білдірмейік, той тойлас,
Тынар жерді.
Ән шырқайық,
Ай-аспан жаңғырықсын,
Биге шығар от жанар, бұраң белді.

Құда келді, жеңеше! Құда келді!
Ұмсындыр да, қымсындыр қыран ерді.
Өкшең емес, бөксеңмен басып бар да,
Сақтағаның қайда еді, шығар енді!

Қайырмасы.

Құдалардың қалмасын қызбағаны,
Құдашаны әйтпесе қызғанады.
Не де болса, қуаныш құтты болсын!
Ұлы тойдан ұлағат із қалады.

Қайырмасы.

БАЖАЛАР МЕН БАЛДЫЗДАР

Әні Марат Ілиясовтікі

От екен де шоқ екен,
Уайымдары жоқ екен.
Табиғаттың бергені,
Балдыз, бажам көп екен.

Қайырмасы:

Балдыз болса қаншалық,
Бажа болар соншалық.
Бажалардың шаттысы-ай!
Балдыздардың тәттісі-ай!

Алатауда қос бажам,
Қаратауда бес бажам.
Бала мінез бал қыздар,
Сұлу, кербез, сал қыздар.

Қайырмасы.

Бас тырнасып бажалар,
Бірін-бірі мазалар.
Үлкенімін бажаның,
Маған қандай жаза бар?

Қайырмасы.

ТОЙДАҒЫ ӘН

Әні Марат Ілиясовтікі

Екі бағлан отау құрды, топтасты,
Екі тасқын бір айдынға тоқтасты.
Қыз ұзату тойы дейміз, жігіт ше?
Жігіт бүгін «бостандықпен» қоштасты.

Қайырмасы:

Кәне, сап-сап, тыныштал.
Тойдағылар,
Біз дайынбыз,
Ей, асаба, дұрыстал.
Жанұяның жаралғанын құттықтап,
Тілек айтып,
Шарықтата әнге сал.

Салтанатты той үстінде отырмыз,
Айдын көлде аққу-қаздай отыр қыз.
Қос періште көрінеді көзіме,
Біздер пенде, қарапайым топырмыз.

Қайырмасы.

Біледі ғой қимастықтың өлшемін,
Әке болып, ана болып көрсе кім.
Өз қолымен өзі үзіп бергендей,
Жүрегінің ең кажетті бөлшегін.

Қайырмасы.

ЖАЛЫНЫШ

Әні Марат Ілиясовтікі

Қайда екен дәру-дәрмек жаным тапшы,
Қалқам-ау, махаббаттың бабын тапшы.
От түсті жанарыңнан, жанып барам,
Тіліңнен тамшы тамсын, жақындатшы.

Өзіңсің сұлулықтың асыл тасы,
Құмартқан дос тілегін мақұлдашы.
Өртеніп кетті білем құштар жүрек,
Кірпіктер су себер ме, жақындашы.

Көркіңе көп қарауға ерінбедім,
Шын ғашық боларыңа сенуші едім.
Күйдіріп бара жатыр ыстық құшақ,
Бір сүйші, шырын төксін еріндерің.

1984

ЖЕЗКИІК
(Үшінші түрі)

Әні Иран Ильяшевтікі

Жер сұлуы – жезкиігім аяулы,
Сені көрмей,
Көңіл көптен қаяулы.
Өзіңді іздеп,
Жалғызсырап барғанда,
Қарсы алармысың жаяуды,
Ауылым менің ояулы.

Кім кесті екен егіз жүрек арасын,
Кім жазады
Жазықсыздың жарасын?
Қияға кетіп
Қайырылмауға қисаң да,
Қымбатты жан боп қаласың,
Қымбаттай түсіп барасың.

Түндей тыныш,
Тәтті ұйқыдай жеңіл ең.
Өзің ғой менің
Ережем, бастау емлем.
Қайталап келіп
Қуанту, аңсау мезгілі,
Өкініштерге көмілем,
Өлең болып төгілем.

Балауса едің
Балбыраған балдырған,
Өзгеге салқын
Жүректі жеңіл жандырған.
Бір көрудің зор бақыты бар дейді,
Жүйткіп бір өтші алдымнан,
Бейнеңді естен қалдырман.

1976

САҒЫНДЫМ СЕНІ, ТУҒАН ЖЕР

Әні Иран Ильяшевтікі

Көкшетау Сарыарқаның қақ төсінде,
Салдық бар қос тұмары өркешінде.
Ей, қалқа! Сексен көлді араласақ,
Жұқарған жүрек сырын шертесің бе?

Қайырмасы:

Ажары айдай,
Ләззаты балдай,
Қаракөз жүрек тескен жер.
Бабамның елі,
Сағындым сені,
Кір жуып, кіндік кескен жер.

Қазақтың тарихы бар әр тасында,
Жаңғырды Ақан әні жартасында.
Жалындай Құлагердің желкілдейді,
Көшкен бұлт көкшіл таулар арқасында.

Қайырмасы.

Орнатты Саумалкөлге бабам шатыр,
Жалғызтау етегінде анам жатыр.
Қанша ақын болсам-дағы тілім жетпес,
Бұл жерге түгел сыйып ғалам жатыр.

Қайырмасы.

1991

ӨСИЕТ

Әні Иран Ильяшевтікі

Орансаңдар үлдеге бүлдеменен,
Үндемегем,
Қызғанып, күндемегем.
Маған деген қуаныш кештеу келіп,
Құлашымды қусырып, тіл бөлеген.

Сырымды айтса мінездің ашықтығы,
Күндемеңдер
Көп кой деп ашық күні.
Маған керек тірлікте
Бір-ақ нәрсе,
Ол – адамға адамның ғашықтығы.

Көп жүрмейміз,
Өмірдің қалар жүгі,
Белгілі ғой қара жер тажалдығы.
Бір-ақ нәрсе
Тірліктен сұрайтыным,
Ол – адамның адамға адалдығы.

1976

ҚҰДАЛАР

Әні Иран Ильяшевтікі

Қыз қияға, ұл ұяға қонғанда,
Қуана бер, солар пана, қорған да,
Төрің толқып, кеңейеді өрісің,
Төңірегің құдаларға толғанда.

Қайырмасы:

Ата жолы ұлағат,
Болдырмасын бір ағат.
Құда деген қазақта
Ең ардақты жұрағат.

Бас құдағи кең жазира қабағы,
Сыйға – сыйлық, сыраға – бал табады.
Жас құдаша қос жанары мөлт еткен
Қос жұлдыздай жүректі өртеп барады.

Қайырмасы.

Қуанышты сезіп жаның құп алар,
Құп алар да қызық дәурен құралар.
Қызды ауылға кетті бүгін немерем,
Ертең тағы көбейеді құдалар.

Қайырмасы.

ЕРТІСТЕ ТУҒАН ЕРКЕ ҚЫЗ

Әні Иран Ильяшевтікі

Сөйлесе тәтті тіл қандай,
Жүзінен тамған нұр қандай?!
Жүзімдей үзер жүректі,
Сыңғыры сылқым үн қандай?!

Әндетсе аспан тұнғандай,
Бір өзі мың той құрғандай,
Ғажайып, көркем жан екен,
Таңшолпан жайнап тұрғандай.

Билесең билер бұлданбай,
Сыйласаң сыйлар сынға алмай,
Құлшынып тұрған қыз екен,
Құдаша болып туғандай.

– Бұл кім? – деп сонда сұрасаң,
Құпия, жабық сыр ашам:
Ертісте туған ерке қыз,
Перизат менің құдашам.

БӨРКІҢ-АЙ

Әні Иран Ильяшевтікі

Тентектің көнші еркіне,
Жетейін алған сертіме.
Ажарың аппақ аңсатқан,
Табайын дәру дертіме.

Қайырмасы:

Пай, пай, бөркің-ай!
Бөркіңнен асқан көркің-ай!
Ақ тамағың үлбіреп,
Қарақат көзің мөлдіреп,
Шиедей ернің елжіреп,
Өзіңді көптен аңсаған
Жазылар қашан сұм жүрек?!

Өтеді шапшаң ерке күн,
Махаббат мұңын шертемін.
Бір сүйгізші, қалқатай,
Сағынып жетті тентегің.

Қайырмасы.

Ғашықтық әнін жалғадым,
Сені іздеп қайда бармадым?!
Қос алмаға қол салу –
Жалғанда жалғыз арманым.

Қайырмасы.

БІРЖАН САЛДЫҢ ЖАНБОТАҒА АЙТҚАНЫ

Әні Иран Ильяшевтікі

Жанбота, мені шенеп майырмайсың,
Тоқымды шаптан тартқан айылдайсың.
Хан-төре үмбетінен айырғанмен,
Туған ел құрметінен айырмайсың.

Жанбота! Қырындамай бермен қара,
Деп жүр ғой жаңылған ел сені дана.
Күнде алдап бар қауымның есін алдың,
Шошытқан жоқсың жалғыз мені ғана.

Атыңның қызыққам жоқ озғанына,
Жан-жағың кетіп жатыр өз қамына.
Теңіздей терең тартып толғанамын,
Күйінтіп туған елдің тозғанына.

Шындықты шыры таза құптар халық,
Нәсілін сен қинадың ұқпай қалып.
Күрсінем өзге ағайын оза тартып,
Жүдеген жалғыз үйдей жұтта қалып.

Үйірде тепкі көрген тайымдайсың,
Жөн білмей құрғақ сөзді жай ырғайсың.
Сен мені бүгін төрден айырғанмен,
Туған ел жүрегінен айырмайсың.

Біздің ел заманында ірі ел еді,
Қылығың оңбастай қып дүреледі.
Білмеймін, аласапыран дүние-дүрмек,
Қай күні, қайда барып тіреледі?

1994

ОҚЖЕТПЕС

Әні Кәрім Ілиясовтікі

Тау қайда Оқжетпестей керім, кербез,
Өзге тау ондай нәзік сезім бермес.
Тік қарап тілдесуге жасқандырған,
Қыз қалпы өзгермейтін өзің теңдес.

Бурабай тау етегін айналады,
Екі көз тамашаға байланады.
Оқжетпес суға қарап сыланғанда,
Жан жетпес сені көрем айнадағы.

Жұмбақтас көрсең естен жаңылатын,
Не ғажап сиқыр күш бар табынатын.
Қалғып тұр ұйқылы-ояу мен сияқты,
Түсімде сені көріп сағынатын.

Көкшенің көз тоймайтын ғажабындай,
Сексен көл – сексен сұлу ажарындай.
Оқжетпес ортасында Төлегендей,
Орман-тау думан-тойлы базарындай.

Таулар көп әрбір жерге сүйеу пана,
Деп айтар біреу батыр, біреу дана.
Памирлер, Гималайлар шұбап жатыр,
Оқжетпес жер бетінде біреу ғана.

1972

ЖАУТАҢ ҚАҚҚАН

Әні Кәрім Ілиясовтікі

Махаббат маза бермес шағы ма еді,
Ақ күлкің арбап кетті тағы мені.
Ақ жаңбыр бүркіп өткен қарақаттай,
Қос жанар неге жаутаң қағып еді?

Жасқанбай топ ішінде күлім қақтың,
Жүректің дамыл таппас тілін таптың.
Қайтадан қыз күніңдей қызықтырып,
Өкініш, қапа-наздың зілін жаптың.

Жан сырын тірі жанға сезіндірмей,
Неге әуре болғанымды өзім білмей;
Ақ қайың, ақ дидарың елеңдетіп,
Оралды түндер өткен көзімді ілмей.

Киіктей өрде ойнақшып, заулай тартқан,
Биіктей қарлы шыңы бұлт аунатқан;
Ақ маңдай етегінен қос жанарың,
Есімнен кетер емес жаутаң қаққан.

1994

ЕСІЛГЕ

Әні Кәрім Ілиясовтікі

О, туған жер, торғын тоғай Есілім,
Өр толқының – сәби күнгі бесігім.
Сен жатпасаң өлеңіме бөленіп,
Өзіме-өзім етпес едім кешірім.

Есілді айтсам жаңылғандай есімнен,
Бала болам бір сұңгуге шешінген.
Ой сандығын астан-кестен ақтарсам,
Өзен болам еркін толқып көсілген...

Есілім-ай, сабырлысың, қызбайсың,
Атамекен ескі арнаңды бұзбайсың.
Сарыарқаны төркініндей аралар,
Салтанаты сарқылмайтын қыздайсың.

ҚҰС САЙРАН

Әні Кәрім Ілиясовтікі

Көлдің беті әсем әнге тұнады,
Қаңқылдасып құстар сайран құрады.
Екеу-екеу би билесіп, масайрап,
Жылжи алмай төс тақасып тұрады.

Сарғайтса да сағыныштың тәттісі-ай,
Қуанышқа толып бара жатты сай.
Күз қоштасып, күңірентіп өтсе де,
Жаз келгенде кездесудің сәттісі-ай...

Көз алдымнан құстар қалқып өтеді,
Толқынданып көңілім көл боп кетеді.
Шұбатылған ақ көйлектен аумайды,
Су сипаған ақ қанаттың етегі.

ЖОЛ – ЖҮРЕКТІҢ ӘМІРІ

Әні Кәрім Ілиясовтікі

Беу, жарандар, жол шақырса тартынба,
Жол – тәуекел ата-баба салтында.
Кейінгілер қайталарлық қызығып,
Қандай бақыт ізің жатса артыңда?!

Жол – жақсылық, тіршілікті жалғайды,
Жол – тәуекел, ертеңгіні барлайды.
Кешегісін тез ұмытар жандар бар,
Жол – шежіре, жай сызылып қалмайды.

Жолдар... Жолдар – тіршіліктің тамыры,
Жол – талабың, тағдырыңның Тәңірі,
Тоқсан бағыт таңдаулысын табарсың,
Жол – махаббат, жол – жүректің әмірі.

АҚАН СЕРІ

Әні Кәрім Ілиясовтікі

Тең ортақ өзіңе де, Отанға да,
Болғаны қандай жақсы атаң дана?!
Бір сырлы, сегіз қырлы бар қазақта,
Атасы серілердің – Ақан ғана.

Асыл сөз, сұлу әуен аққан селі,
Әншілік Біржан салдай ақтангері.
Саятшы, бапкер, мерген, әділ қазы,
Шерлі ақын, ойлы ұстаз Ақан сері...

Мың өнер тал бойында бұлан ердің,
Аз болмас ардагерге сынағы елдің.
Басына бір ақынның жетпес пе екен,
Жан досы болып өту Құлагердің?!

Жан еді періштедей парасатты,
Заманның сан азабын дара тартты.

Кең дала келешегін ойлай-ойлай,
Ұлғайтты көкірегінде жарақатты...

Таныткан тар заманда ел тілегін,
Сиынар, сыйлап өтер зор тірегім.
Қазағым, Ақан сері кім десеңдер,
Еркесі еркіндіктің деп білемін.

* * *

Әні Ерсайын Нарымбетовтікі

Қош айтысып кетсең де,
Кінәлап сырттан көрмедім.
Өкініш уын ексең де,
Тірімін ғой, өлмедім.

Жараспасақ жасымда,
Қымбаттығым сезілмей;
Сымбатты деп ашынба,
Көшеде көрсең көз ілмей.

Ойдағыңды таппайсың,
Оралмас алыс көктемнен.
Бұл күнде бекер мақтайсың,
Мақтауың азап сөккеннен.

Жыртық көйлек көп жақын,
Біреуде бар шекпеннен.
Мазасыз етпе, бер рақым,
Бақыт тап қолың жеткенмен.

Ұнамас қайта бүліну,
Ақ тілегім – амандық.
Бұрынғың қапы сүріну,
Ендігің болар жамандық.

САРЫАРҚА

Әні Ерсайын Нарымбетовтікі

Әніме ұйып тына бер,
Төскейім, төрім нар алқа,
Құлагер жорткан құба бел,
Сүйемін сені, Сарыарқа.

Қайырмасы:

Әніме ұйып тына бер,
Құмарың тарқап, жан қалқа,
Сен туған жер, ғажап жер,
Сұлулар елі – Сарыарқа.

Қосылып, сәулем, тың ән сал,
Тыңдасын кербез нар алқа.
Ақан, Сәкен, Біржан сал,
Серілер елі – Сарыарқа.

Қайырмасы.

Бүгінгі дала гүлденіп,
Ән мен дән толған жаңа арқа.
Тың өлке болып түрленіп,
Өзгерген өңір Сарыарқа.

Дәулеті шексіз молшылық,
Сәулеті сұлу, бай алқа.
Ғарышқа тура жол шығып,
Ғарышкер қонған Сарыарқа.

Қайырмасы.

Әніме ұйып тына бер,
Төскейім, төрім бар алқа.
Құлагер жорткан құба бел,
Сүйемін сені, Сарыарқа.

ЕРІНДЕР

Әні Ерсайын Нарымбетовтікі

Нарттай қызыл
Елжіреген еріндер,
Күзгі шие
Пісіп тұрған едіңдер.
Өздеріңнен
Шырын татып оянды,
Сол алғашқы
Отты жалын сезімдер.

Қайырмасы:

Марал көздер –
Тостағандар төгілген,
Өзгелерден
Тым өзгеше көрінген.
Талай жылдар
Таңғажайып өтсе де,
Сағындырып
Шықпадыңдар көңілден.

Махаббаттың
Заңы ма мен сезбеген,
Неге артық
Жаралдыңдар өзгеден?
Нұр алуа ұшқындарың,
Еріндер,
Жүрегімді
Дәлдеп ерте көздеген.

Қайырмасы.

Жылдар өтті
Сан өзгеріс түйісіп.
Ол еріндер
Кетті өзгемен сүйісіп.
Мен де келем
Басқа жанмен, бақыттың

Біздер үшін
Бұйырғанын жиысып.

Сыр ақтардым
Жуырда бір досыма,
Еріндерді
Еске алар деп қосыла.
Сонда ол айтты:
– Ол еріндер солыпты,
Тосын келіп
Көре қалсаң шошыма.

Қайырмасы.

Үнсіз қалдым,
Пәк жүрегім дір етті.
Көргім келмей
Досым айтқан суретті,
Қалсын дедім
Өзгерместей жадымда,
Сол еріндер
Бәз баяғы құдіретті.

ЖАҢА РОМАНС

Әні Ерсайын Нарымбетовтікі

Бір көру арман еді,
Жалған еді.
Үміт наз ұмыт болып қалған еді.
Түсіпті маңдайыңа жалғыз сызық,
Сол ма екен
Өкінішің салған белгі?

Бір шомып қос қарақат тұнығына,
Көңілдің дәру таптым сынығына.
Япырым-ау, қарамашы,
Қадалмашы,
Сұқ сөздер өсек тағар қылығыңа.

Бір суып,
Бір жадырап нұрланасың.
Көз алмай мені бағып ұрланасың.
Самайым сен сипаған күмістенді,
Әрине, сырын іздеп сын тағасың.

Тіл қатпай
Баяғыдай тілсіз ғана,
Қарасаң ашық көңіл мұңсыз қара.
Екі рет қоштасуға әлім келмес,
Жүре бер кетеріңде үнсіз ғана.

ӨЗІҢДІ, СӘУЛЕМ, САҒЫНДЫМ

Әні Ерсайын Нарымбетовтікі

Өзгеден өзге,
Оралып көзге,
Табылдың.
Оқалы құндыз,
Омырауға жұлдыз,
Қалқадан алқа тағындым.
Көре алмай көптен,
Көркіңді көркем,
Өзіңді, еркем,
Сағындым.

Ән келіп сонда,
Домбыра қолда,
Ағылдым.
Назды күй шалқып,
Наздана қалқып,
Ләззатқа зәузат табындым.
Еркелі дәурен,
Елестеп әурең,
Өзіңді, сәулем,
Сағындым.

Аңсатып боска,
Демеспін доска
Жаңылдым.
Керексіп қақсап,
Өзгені аңсап,
Келмейді боска сабылғым.
Ақ марал, марқа,
Ақ бидай, арпа.
Өзіңді, қалқа,
Сағындым.

ҚАТУ КЕЗДЕ

Әні Ерсайын Нарымбетовтікі

Қату кезде,
Сен мені аямаған,
Кім болады дүниеде сая маған?
Сонда отырам анамды есіме алып,
Аздау ұрсып, көбірек аялаған.

Біздің үйдің көбейіп құтты күні,
Араз деген жоқ болса жұрттың үні,
Шытынаған шыныаяқ шыр бұзбаса,
Сол деп білем іргемнің мықтылығы.

Қату кезде
Демеймін «жазығым жоқ»,
Тек тезірек жадыра жазғы күн боп.
Сөйлеп-сөйлеп шаршасаң,
Қасыма кел,
Сенен артық бәрібір қызығым жоқ.

ҰМЫТУ ОҢАЙ ЕМЕС ҚОЙ

Әні Ерсайын Нарымбетовтікі

Күліп тұр,
Күліп те жылайды.
Нұр жүзі бәрібір шырайлы.
Өкініш өртей ме жүрегін,
Жүрегі әлдене сұрайды.

Қайырмасы:

Ұрлана,
Нұрлана сынайды,
Мен-дағы түсінем сыңайды.
Көрсем де көрмеген боламын,
Шыдаймын, ол-дағы шыдайды.

Қайтадан қосылмас арамыз,
Жазылған сияқты жарамыз.
Түйіншек қаларын кім білген,
Әрине, ол кезде баламыз.

Қайырмасы.

Көрінсе киялдан қарамыз,
Жүздеспеу амалын табамыз.
Баяғы кеткеннен мол кетіп,
Күн сайын алыстап барамыз.

Күліп тұр,
Күліп те жылайды.
Нұр жүзі бәрібір шырайлы.
Өкініш өртей ме жүрегін,
Жүрегі әлдене сұрайды.

Қайырмасы.

Ақындар келеді кеңесқой,
Бәрі де ойдағы елес қой.
Ұмытам десең де, ойлашы,
Ұмыту тым оңай емес қой.

БАЙҚАШЫ

Әні Ерсайын Нарымбетовтікі

Байқашы,
Тіршілік қызықты екен,
Өзіңді көргенде
Өзгеше қызып кетем.
Дүние толқыған теңіз болса,
Тоқтаусыз кемедей жүзіп те өтем.

Байқашы,
Ішкенім ас бола алмай,
Масаңсып қаламын,
Біржола мас бола алмай.
Мен сені көргенде шалқып кетем,
Қуанған көзіме жас толардай.

Байқашы,
Мінезім дақ салар ма,
Жасыра білмеймін
Жат көзден сақтанарда.
Көңілдің жүгі ауыр болып тұр ғой,
Көрінбе ауылыңнан аттанарда.

Байқашы,
Тіршілік қызықты екен,
Өзіңді көргенде
Ерекше қызып кетем.
Дүние дауылды мұхит болса,
Дамылсыз кемедей жүзіп те өтем.

АҚ ТОЛҚЫН ТАУЛАРДЫ СЕНДЕЛГЕН

Әні Ерсайын Нарымбетовтікі

Ақ толқын тауларды сенделген,
Ойлап ем теңіз деп тербелген.
Тау емес биікке ұмтылмас,
Өзіңсің жанымды меңгерген.

Шыңдарға құлшынсам сені іздеп,
Жүрегім ем таптым дегізбек.
Әу десем тау іші жаңғырды,
Шалғайда жүрсің бе мені іздеп?

Сезімді қалайша шақтайын,
Селк етіп қарайды ақ қайың.
Бәрі бар, тек қана сен жоқсың,
Жанымды қай жерге сақтайын?

АҚҚУМЕН ҚОШТАСУ

Әні Ерсайын Нарымбетовтікі

Асыл құсым аспанда ұшып барады,
Сызылып сыр, қиылып мұң шағады.
Қош айтысып аққу салған сол әннен
Жаным толқып бір суып, бір жанады.

Дана сұлу дара кетіп барады,
Толықсиды көкірегі жаралы.
Қимас қылық наз айтқандай еңкейіп,
Жер бетіне ақырғы рет қарады.

Тұрмын үнсіз Сарыарқаның өрінде,
Аққу ізі жатыр бұлтсыз көгімде.
Бұлтқа қарап қалдым үнсіз тебіреніп,
Кетті аққуым зар етіп бір көруге.

Қош, сұлуым!
Сағынышқа қанарсың,
Артымда бір досым бар деп санарсың.
Жаз шығарда жалғыз жүріп жол тосқан
Ел шетінде іздеп мені табарсың.

АУЫЛ ӘНІ

Әні Ерсайын Нарымбетовтікі

Іргесі құт ежелден
Біздің ауыл үш көше.
Сұлулықты сезер ме ем
Көзім саған түспесе?

Қайырмасы:

Алаңсызбын, арқам кең
Ғашық сезім билесе.
Бір ауыз сөз айтар ма ем
Ернім саған тимесе?

Ән туар ма шалқыған
Құпия сыр сақтасам?
Жұпар жұтып аңқыған
Жұтым шәрбат татпасам?

Қайырмасы.

Кеттің елден бір түнде,
Босап қалды бір көше.
Сағынуым мүмкін бе
Тіліңе тіл тимесе?

АРМАН-ҒАШЫҚ

Әні Ерсайын Нарымбетовтікі

Көктемді жаз келгенде қайтармақ кім
Өткенді өшірместей ән салмақпын.
Пәк сезім, тәтті кезім үзілместей,
Мен сені «сүйдім» деп те айта алмадым.

Қайырмасы:

Ақ ниет, таңғы тілек дара ғашық,
Төл өстік жан толқынын сараласып.

Жетуші ең көл шетіне құстай ұшып,
Кеттің бе сен аққулармен араласып?

Жүретін өмірді ойлап армандасып
Күн қайда, кеттік шалғай әрмен басып.
Сағыныш жылдан-жылға ұмыттырмай,
Кетпейсің көз алдымнан арман-ғашық.

Қайырмасы.

Ақ тамақ, құралай көз киік бейнең
Елестер ел шетінде биіктерден.
Көктемде көк майсаға құмар едің,
Кеттің бе кең далаға киіктермен?

ТҮСІМ БОЛДЫҢ

Әні Ерсайын Нарымбетовтікі

Түсім болдың
Өңімде көрінбеген,
Серіктесті «қияли өмір» деген.
Сені ойласам күрсінем бұлт сияқты
Ақ жаңбыры көктемде төгілмеген

Түсім болдың
Тұманда бұраңдаған,
Ақ дидарың адаспас құрал маған.
Жер бетінде келбетің белгі тастап,
Сәуле сепкен елеске құмарланам.

Түсім болдың
Сыйлайтын, сиынатын,
Естен кетпес айтуға қиын атың.
Сені ойласам ғажайып сәт орнайды
Жан толқытып ғашық ән құйылатын.

СҮНДЕТ ТОЙЫ

Әні Ерсайын Нарымбетовтікі

Ұлдың тойын ардақтайтын кез келді,
Бастан кештік, соның бәрін көз көрді.
Насыбайдың заты қалды өзгермей,
Ішің білсін, аты ғана өзгерді.

Қайырмасы:

Жігіттікке дайындық,
Зор міндетті қайырдық.
Кекіл қиған секілді,
Артық жерін кетірді.
Тілегім сол ұсынған,
Жаңа туған мұсылман,
Қуанышқа бөлендік,
Көп жиналсын көрімдік.

Парыз өтеу – ата-ананың арманы,
Сүндет тойы қилы-қилы бар мәні.
Жыламашы, қысқарса да бір мысқал,
Жетеді екен, жетеді екен қалғаны.

Қайырмасы.

Құтты болсын тойларыңыз, ата-ана,
Қосыламыз ел арнаған батаға.
Беу, балақай! Қуанышың көбейсін,
Тарттың бүгін нағыз қазақ атаңа.

Қайырмасы.

1992

МҰСАҒА

Әні Юра Айтжановтікі

Қапылыс сөзге
Қиналдым сеніп қалуға.
Келді ғой хабар қайғыға шексіз салуға.
Көкшетауда
Жоқ дейді кербез бауырым,
Ауыл жаққа қиналып жүрмін баруға.

Сенгендей жаның
Қолдағы жалғыз қаруға,
Іздеуші ем аңсап, ағалап ақыл алуға.
Сексен көлде
Жоқ дейді сері бауырым,
Ауыл жаққа сескеніп жүрмін баруға.

Жан еді дархан,
Жаралған лаулап жануға,
Ән-жырдың асқақ, асылын сақтап қалуға.
Жалғызтауда
Жоқ дейді жалғыз бауырым,
Ауыл жаққа жасқанып жүрмін баруға.

1976

ДОСЫҢНЫҢ КӨЗІН ҰҒАРСЫҢ

Әні Юра Айтжановтікі

Көп жұлдыз көкте ай болмас,
Сәулесі жерге жетпейді.
Көрінбей кетсе кей жолдас,
Адал дос тастап кетпейді.
Сүрініп оқыс құларсың,
Таяныш тапсаң тұрарсың.
Дәрменсіз күнде дәл келген,
Досыңның көзін ұғарсың.

Туыстың дос боп кетуі,
Некен-саяқ неғайбыл.

Досыңның туыс етуін,
Өмірдің заңы санай біл.
Тауға да биік шығарсың,
Жауыңды жеңіп тынарсың.
Ағайын сенбей тұрғанда,
Досыңның көзін ұғарсың.

Жүрсең де қандай жұмақта,
Түссең де қанша сынаққа;
Досы жоқ өмір жұтпен тең,
Достықтың туын құлатпа.
Таяныш таптың, тұрарсың,
Сүрініп оқыс құларсың,
Дәрменсіз күнде дәл келген,
Досыңның көзін ұғарсың.

1981

СӨЙЛЕЙДІ ТАҒДЫР СОНДАЙДА

Әні Юра Айтжановтікі

Сағынбай көңіл толғай ма?!
Толғанбай қиял торлай ма?!
Махаббат дерті ой қозғап,
Сөйлейді тағдыр сондайда.

«Ауылға жетер жол қайда?» –
Дей қалшы ұшқан торғайға.
Шырылдап саған тіл қатар,
Сөйлейді тағдыр сондайда.

Елеңдеп көңіл болжай ма?!
Аңсатқан арман ол қайда?!
Дос деген адам қас болып,
Сөйлейді тағдыр сондайда.

Жезкиік қайда, мен қайда?!
Кездесу шаттық жолдай ма?!
Ұшарға қанат таба алмай,
Сөйлейді тағдыр сондайда.

Қияға қыран қонбай ма?!
Алыстан шолсам болмай ма?!
Ел мұңы естен бір кетпей,
Сөйлейді тағдыр сондайда.

1988

АҚ ТІЛЕК

Әні Юра Айтжановтікі

Алыстан байқап
Аққудың жаны пәктігін,
Осы ғой дерсің
Кездеспей кеткен ақ гүлің.
Сәнденіп шалқып,
Әндетіп қарсы алғанда,
Төгілтті ақ құс
Аңсаған жүрек шаттығын.

Бөледі әнге
Әлдилеп өлке, төскейді,
Тебірене толқып
Сағыныш жүгін екшейді.
Әлемге осынау
Әмірші болып махаббат,
Қалар деп мәңгі
Толқыған көңіл көксейді.

Көл жатыр балқып,
Ләззатқа айдын малынып,
Қараймын елтіп,
Күрсінткен жүктен арылып.
Үзілтші, аққу,
Үніңнен үміт еседі,
Тазарсын дүние
Тынысы қалған тарылып.

ДӨҢГІЛАҒАШ

Әні Юра Айтжановтікі

Жолаушы, жөң сұрасаң: «Бұл қай ел?» – деп,
Айтамыз «Гәкку» әнін шырқай кел деп.
«Гүлдерде» «Гүлдер-айшыл» қызымыз бар,
Аузынан қазақ әні тұрған селдеп.

Қайырмасы:

Сарыарқаның төсінде,
Есіл-Көкше көшінде.
Елге құтты бауыры
Дөңгілағаш, Дөңгілағаш,
Әнші Қапаш ауылы.

Сол қызға саулық тілеп сеп береміз,
Сағынтпай келіп қайтса жөптелеміз.
Беу, мейман! Қонған жерің Дөңгілағаш,
Ауылы әнші Қапаш деп келеміз.

Қайырмасы.

Шалқыса сал-серілер ізі сай кеп,
Шырқайды топ алдында сызылмай көп.
Сыйлайды Есіл-Көкше еркелетіп,
Үкілі Ыбырайдың қызындай деп.

Қайырмасы.

17.08.2000.
Бурабай

ЕРКЕТАЙЫМ, ЕРКЕЛЕ

Әні Еркін Слетдиновтікі

Айналайын жанарыңнан,
Ақ боташым, бөбегім.
Әсем әннің арайына
Әлдиледім, бөледім.

Қайырмасы:

Келші, келші,
Еркелеші,
Ақ боташым, еркеле.
Күй зауласын,
Ақ боташым, еркеле.

Домбырадан шыққан үнге
Алтын күлкі арнайсың.
Тез келгендей кейде тілге,
«Іңгәлайсың», жалғайсың.

Қайырмасы.

Ән тыңдасаң шаттанамын,
Сағат сайын өзгеріп.
Көршілерге мақтанамын,
Қылығыңды көз көріп.

Қайырмасы.

1996

ЖЕКЕБАТЫР

Әні Еркін Слетдиновтікі

Жекебатыр
Жеке жатыр ұйықтап,
Көкшетауды еңсеріп тұр иықтап.
Тірі дерсің тау – мүсінді аңғарған,
Адамдарды бара жатқан сұйықтап.

Намыс қозғап,
Қан ойнатып жігерлі,
Ол күзетіп жатыр дербес бір елді.
Күн шығарда көл шетінен зер салсам,
Қайраттанып қасын керіп жіберді.

Жан көзімен
Қарай білсең сенердей,
Тірі жатыр қайғырмасқа еленбей.
Күрсінгенде кірпіктері қозғалды,
«Жер жұмағын бүлдірдіңдер» дегендей.

«Оқжетпеске»
арналғандай зіл бітті,
Сұрша бұлтты тыңдай қалған сырғытты.
Бурабайдай көл төресін былғаған,
Айтып жатты жан түршігер сұмдықты.

Жекебатыр
Жеке жатыр тыныстап,
Жаны үнсіз, рухы сөйлер дыбыстап.
Беу, мырзалар! Әруақ атпай тұрғанда,
Табиғатқа қамқоршы бол дұрыстап.

10.08.2000.
Бурабай

БІЗДІҢ АУЫЛ ҚЫЗДАРЫ

Әні Еркін Слетдиновтікі

Көрші қызбен ерте ойнап, ерте күлдік,
Естеліктер аз емес ерке күндік.
Шаршы топта би билеп, ән шырқасақ,
Оңашада ғашық сыр шерте білдік.

Зәмзәм тамған тілінен,
Бой балқыған үнінен.
Біздің ауыл қыздары,
Бірі сұлу бірінен.

Қос жанары жүректі жаулағандай,
Жылы лебі тиетін жанға балдай.
Қылдай еді биші қыз қыпша белі,
Жас еліктен тұлғасы аумағандай.

Мінезі қандай татымды?!
Көркі қандай тартымды?!
Біздің ауыл қыздары
Бәрі бірдей ақылды.

Аққұба қыз жан еді ең сүйікті,
Тамашаға талайлар көз түйілтті.
Еске түссе дидары тебіренемін,
Біреу атып алардай «Жезкиікті».

Бірге құшқан таң нұры,
Жастай жалғас тағдыры:
Біздің ауыл қыздары,
Таңғажайып барлығы.

1996

ҚАЗАҚТАР КІМДІ СЫЙЛАҒАН?

Әні Абай Әбдіғалиұлынікі

Қазақ қызық халық
Мінезін болсақ милаған,
«Сыйға – сый, сыраға – балын» тыймаған.
Келіспей кетсе келіні мен өз ұлы,
«Мың жылдық» деп
Құдасын қатты сыйлаған.

Бір атым насыбайдан
Көңілі қалып қираған.
Өкпеге қиса,
Өлімге әсте қимаған.
Сескенбес оқтан
Сеніскен тату дос үшін,
Махамбеттер Исатайлықты сыйлаған.

Үлкеннің жолын
Кескектеп кіші қимаған,
Шабыста атты,
Намыста ерді қинаған.
Сақалын сатпай көп көргенге жүгінсе,

Тәлімі бардан
Мәлімі мол деп түй, балам.

Мейманды күтпеу
Ар-ұжданға сыймаған,
Ең асыл дәмін
Қонағым бар деп жинаған.
Қимас досы тұтқиыл келіп қалғанда,
Жалғыз атын сойып тастап сыйлаған.

Сепшіл келер
Шаруаңа да қираған,
Алумен емес
Берумен жаны шираған.
Мал-жаның аман ба десе,
Болмыстың бабын сыйлаған.

Малдан бастап
Есендессе иланам.
Малсыз өмірі
Жасай берді қиралаң.
Кен қопарып
Егін салсақ біз бүгін
Сәлемге де сән кірді деп ұйғарам.

Жаңа өмір келіп
Толағай төксе нұр маған,
Түлігім тоқ,
Ақ дәнге толды тың далам.
Салтыңды сенің дәріс етсем балама,
Жақсыңды жалғап өтер-ау деп,
Біл балам.

ҚИМАЙ КЕТЕМ ДИДАРЫН

Әні Абай Әбдіғалиұлынікі

Елге барам
Қуануға, шалқуға,
Ескі доска
Егіле сыр айтуға.
Әдейі барам анашымның басында
Тұрып қана қайтуға.

Елге барам,
Жер кеңейе жаз шығып,
Естіп қайтам,
Көріп қайтам жақсылық.
Ал, қуаныш-қайғы шеккен үйлерге
Ырым етем бас сұғып.

Елге барам
Сырымбетті сағынып,
Орман кезем
Аңшы құрдас табылып.
Саумалкөлге армансыз бір шомылам,
Ой жүгінен арылып.

Құрбыларым
Сөзбен түйреп қағытар,
Жеңгелерім
Әзіл кілтін ағытар.
Бәрі дұрыс,
Тек анашым жоқ болып
Толғандырар, сағынтар.

Татып қайтам
Ағайынның сый дәмін,
Білем олар
Жата түс деп қинарын.
Аттанарда ата-анамды көргендер
Қимай кетем дидарын.

1970

ЖОРҒА

Әні Абай Әбдіғалиұлынікі

Су жорға жүрісінен жазбағанын,
Денесі қызған сайын маздағанын.
Таңырқап тұрғанымда,
Көрдім, пай, пай!
Құс болып ұшып кете жаздағанын.

Қызықтым ілкім қияс баспағанға,
Бәйгеде бәсі берік саспағанға.
Көзімнен қуанышты жас ыршыды,
Өзгені шаңға көміп тастағанда.

Төрт тұяқ тайпалып көз ілдірмейді,
Ырғағын бұзып өзек тілдірмейді.
Беу, шіркін! Бипыл-типыл, майқаң-қайқаң,
Асау тән, босаң мінез білдірмейді.

Келісті қоян құрсақ жарағаны,
Қыл мойын қызықтырып барады әлі.
Мәреге дара жетіп, қандай жақсы,
Артына аныктап бір қарағаны?!

АҚ ЖАУЫН

Әні Саят Әбдіғалидікі

Сүюші ем өзіңді
Аңсарым ауғанда.
Күн шалып көзіңді
Ақ жауын жауғанда.

Қайырмасы:

Бір хабар сен жақтан
Көп жылдар жетпейді.
Бал шырын мен татқан
Есімнен кетпейді.

Көктемде бір жүрген,
Жадымда жол ізі.
Қаларын кім білген
Қолымда қол ізі?

Қайырмасы.

Алғашқы сөзіңді
Сақтауға жетікпін.
Қоштасқан кезімді
Ұмытып кетіппін.

Сағыныш үйесің
Жүрекке от толып.
Кей-кейде тиесің
Кеудеме оқ болып.

Қайырмасы.

Кетеді тіл шығып,
Аңсарым ауғанда.
Аспанда күн шығып,
Ақ жауын жауғанда.

САҒЫНТАР АУЫЛДЫҢ БАЛАСЫ

Әні Саят Әбдіғалидікі

Мен едім өзгеден асқаның,
Керегі жоқ деуші ең басқаның.
Бұлт басып қай күні кетті екен
Біз тіккен махаббат аспанын?

Қайырмасы:

Махаббат төгілді шарасы,
Теңселді жазира жағасы.
Қимастық сезімдер оралып,
Сағынтар ауылдың баласы.

Білмедің сынайтын өш барын,
Білмедің қиналар дос барын.

Бұздық қой әйтеуір екеулеп
Өмірдің бір ғажап жоспарын.

Қайырмасы.

Алушы ем махаббат мол хаттар,
Қайда екен бұл күні сол хаттар?
Жүрегім гүлденіп, түрленіп,
Жастыққа ескерткіш орнатқан.

КЕЛСЕҢШІ ЖАЛҒЫЗ ӘН ҮШІН

Әні Саят Әбдіғалидікі

Ән келсе кейде сән келмес,
Сән келсе сұлу ән келмес.
Салтанат тойда табылмас,
Өзіңе, қалқа, жан теңдес.

Қайырмасы:

Киіктей биік өрлесең,
Аққу құс болсаң көлде сен,
Келсеңші жалғыз ән үшін,
Мен үшін іздеп келмесең.

Жолықса кейде сан жерлес,
Мен емес паңсып мән бермес.
Құрбының сыйлас бәрі де,
Біреуі саған пар келмес.

Қайырмасы.

Жарқ етсең толқын ән келер,
Төңірек жайнап сәнденер.
Құдайым шабыт шалқытып,
Жабыққан досың әлденер.

Қайырмасы.

АРМАН-ҒАШЫҚ

Әні Саят Әбдіғалидікі

Көктемді жаз келгенде қайтармақ кім,
Өткенді өшірместей ән салмақпын.
Пәк сезім, тәтті кезім үзілместей,
Мен сені «сүйдім» деп те айта алмаппын.

Ақ ниет, таңғы тілек дара ғашық,
Тел өстік жан толқынын сараласып.
Жетуші ең көл шетіне құстай ұшып,
Кеттің бе аққулармен араласып?

Жүретін өмірді ойлап армандасып,
Күн қайда, кеттік шалғай әрмен басып.
Сағыныш жылдан-жылға ұмыттырмай,
Кетпейсің көз алдымнан арман-ғашық.

Ақ тамақ, құралай көз, киік бейнең,
Елестер ел шетінде биіктерден.
Көктемде көкмайсаға құмар едің,
Кеттің бе кең далаға киіктермен?

КҮЙШІ ЖІГІТ – ҚҰМАРЫМ

Әні Өріктүл Әділбекованікі

Он саусақ перне қуып зыр жүгіріп,
Төгілтсең күй өресін, күйші жігіт;
Жүректің жан құпия қылын шерттің,
Сүйсең де, сүймесең де жүрші біліп.

Қайырмасы:

Төгілтші күйді төкпелі,
Төкпелі, кейде шертпелі.
Осы екен ғой бой балқып,
Жүректің күй боп кеткені.

Ғажап қой «Серперлетіп» тамсантқаның,
Толқын күй сылап-сипап, жан сақтадым.
Домбыраң менсіз жерде түзелместей,
Келмейді маңайыңнан алшақтағым.

Қайырмасы.

Емес ем осал жауға алдыратын,
Қайтейін күйден тапсам жан мұратым.
Ерке күй, кербез жігіт әлегін-ай,
Көрмесем болды басым қаңғыратын.

1992

АНАЖАН

Әні Өріқгүл Әділбекованікі

Шаңырақ құрған қаладан,
Келер деп жолға қараған.
Ауылда жүрген еленděп,
Кетпейді бейнең санадан...
Анажан.

Баянды бақыт қалаған,
Айға да күнге балаған.
Балдырған күндер есімде,
Бойыңа лебің тараған...
Анажан.

Тең көрмес маған жан адам,
Жаралдың нәзік балажан.
Құлындай ерке құлшынтып,
Патшадан артық санаған...
Анажан.

Шықпастай тату шарадан,
Қыл өтпес болсақ арадан.
Асылын берген мінездің,
Кетейін сенің садағаң...
Анажан.

1994

БОСАТЫП ЖІБЕР ҚҰР АТТЫ

Әні Өрікгүл Әділбекованікі

Тұтатып жібер шырақты,
Шошытып алма пырақты.
Жайласын бастау бұлақты,
Босатып жібер құр атты.

Теректі дауыл құлатты,
Тамшы су дала сұрапты.
Сенсіз де тағдыр сынатты,
Босатып жібер құр атты.

Жайнасын жазы шуақты,
Жұлдызы жансын тұрақты.
Өз еркі кімге құмартты,
Босатып жібер құр атты.

Толқытсын мөлдір суатты,
Тербелтсін балғын құрақты.
Бір дүлдүл көрсін жұмақты,
Босатып жібер құр атты.

1990

ГҮЛӘЙІМ

Әні Өрікгүл Әділбекованікі

Қырық қыздың отаны Қарақалпақ,
Кезің ғажап баяғы басқан алшақ.
Басқан алшақ ел едің дербес, өктем,
Өткенді айтсақ жоқ емес мақтанар шақ.

Қайырмасы:

Сақтап азат келбетін,
Қарақалпақ шырайын,
Дегізбеген ел жетім,
Ол – қыз патша Гүләйім.

Македония шыққанда шаһарынан,
Естіген ел шошыған қаһарынан.
Хан Ескендір сескенді Қарақалпақ,
Қыз патшалы әлемге атағынан.

Қайырмасы.

Келді Ескендір, жасқантты атар таңды,
«Келді, жеңді», сұм тағдыр қатал тынды.
Жарты Азия жайнаған барын алса,
Қарақалпақ жеріне бата алмады.

Қайырмасы.

Бейбіт күнде қыз патша қастанар ма?!
Қырық қызды жорықта бастады алға.
Ескендірге ес кірді десек-тағы,
Самұрықтан аққуды сақтады Алла.

Қайырмасы.

Нұрға бөлеп Төрткүл, Шымбайымен,
Арал, Әму толқыды ыңғайымен.
Бағынбаған ешкімге Қарақалпақ,
Бағың жанып сол кезде шын байып ең.

Қайырмасы.

БӘРІ ДЕ ЖАЛҒАН

Әні Өріқгүл Әділбекованікі

Жан жарың едім,
Сен барым едің.
Күн туды дүшпан
Алғандай кегін.

Қайырмасы:

Алыстап арман,
Қанатым талған,

Кездесті кезең,
Адасып қалған.
Махаббат, бақыт,
Бәрі де жалған.

Бәрі де бекер,
Татқан бал-шекер.
Сыйластық өшсе,
Қимастық кетер.

Қайырмасы.

Көңілде түнек,
Сөнді асыл тілек.
Лүпілдей бермей,
Сөніп қал, жүрек.

Қайырмасы.

Көрсем де бөтен,
Қызғаныш етем.
Құдай-ау, неге
Сағынып кетем?!

Қайырмасы.

1995

АҢСАДЫМ

Әні Өрікгүл Әділбекованікі

Ақ марал едің пәк жаның,
Кездеспей көптен шаршадым.
Өзіңдей аппақ гүл көрдім,
Лапылдап тұрған ақ жалын...
Аңсадым.

Түбінде жалғыз аршаның,
Сайрады құстар таң сарын.
Ақ тоты ғажап үзілтті,
Тебірентіп бүкіл жер шарын...
Аңсадым.

Көбейтіп көлдің мұң-зарын,
Іздей ме аққу жан жарын?
Еріксіз бірге қосылып,
Аққуға ауды аңсарым...
Аңсадым.

Шыдармын дейсің қанша күн,
Үздікті жүрек хал шағын.
Сұраймын сені келсе кім,
Арнаймын сәлем барса кім...
Аңсадым.

БЕУ, БЕУ, АРМАН...

Әні Өріқгүл Әділбекованікі

Досынан жанын аямас,
Семсері даяр дұшпанға.
Жаяуға сепшіл паналас,
Жүрегін жаяр ұшқанға.
Жортқанда жолдан қосылар,
Сәулесін жағып үміттің;
Осындай адал досы бар,
Қанаты талмас жігіттің.
Беу, беу, арман...
Дүние жалған.

Кездессең көңіл оңалып,
Шешімін табар сан сұрақ.
Сезімдер тәтті оралып,
Көкірекке жағар шамшырақ.
Бір көрсең мәңгі аңсатқан,
Дәруін табар зәрудің.
Осындай адал жар тапқан,
Жұлдызы сөнбес арудың.
Беу, беу, арман...
Дүние жалған.

Тапқандай жақұт алмасты,
Кездесті бақыт сұраған.
Біздің де тілек жалғасты,
Достыққа күмбез құраған.
Мейірбан мінез нұсқалы,
Жақсыға салты ұнаған.
Осындай жанның дұшпаны
Арылмас ауыр күнәдан.
Беу, беу, арман...
Дүние жалған.

1994

АЛМАТЫМ

Әні Өрікгүл Әділбекованікі

Атына ғашық жер беті,
Аққудай аппақ келбеті;
Аялап жатқан Алатау,
Сәулет пен дәулет перзенті...
Алматым.

Жалғасып дала, ауылмен,
Айқастың асау дәуірмен.
Арыстар кетсе арманда,
Соғысты кештің дауылмен...
Алматым.

Оранып асыл сезімге,
Жайнадың шалқып өзің де.
Байтақ ел құтты іргесін,
Бекіттің бодан кезіңде...
Алматым.

Арманы Абай, Жамбылдың,
Жүйесін таптың даңғылдың.
Азаттық ауыр жолында,
Желтоқсан болып жаңғырдың...
Алматым.

Барлаушың мінген барысқа,
Қарап тұр жетер алысқа.
Көгілдір туды көтеріп,
Бастадың елді намысқа.
Алматым.

САУМАЛКӨЛ

Еркін Әуелбековке

Әні Мәриям Қожахметованікі

Саумалкөл баяғыдай мөлтілдейді,
Көңілім неге бір сәт серпілмейді?
Самал жел өзіңдей боп аяласа,
Лүпілі жүрегімнің еркіндейді.

Қайырмасы:

Саумалкөл бір көруге асыққаным,
Барады асыққаннан тасып қаным.
Қайтадан бозбала боп көрейінші
Кездессе бала күнгі ғашықтарым.

Көл жатыр бойдағы ыстық сезімге ермей,
Басылмас сағынышым өзің келмей.
Үңілем суретіңді судан іздеп,
Төңіректе тірі жанды көзім көрмей.

Қайырмасы.

Жол жатыр сыңар аяқ сүйретіліп,
Көзге ыстық бұрымыңдай иретіліп.
Асаудай жүген-құрық қалжыратқан,
Келемін сағынышқа үйретіліп.

ҚАНАТЫМНАН ҚАҚПАШЫ

Әні Мәриям Қожахметованікі

Құлындай қия белден кісінеген,
Сүйгеннің құлы екен ғой кісі деген.
Жан едім сертке берік мәрт мінезді,
Дүниеде саған ғана кішірейем.

Ұзақ таң сағынышқа оратылам,
Жыр жазам тосып жатқан жол атынан.
Көп ойдың әуресінде ұйқы жеңбей,
Бір сөздің іздеушісі бола тұрам.

Кездессең келер толқып ішіме өлең,
Көрінер асқар таудай кіші белең.
Қақпашы қанатымнан талпынғанда,
Бәрібір шырт ұйқыда түсіне енем.

1979

РОМАНС

Әні Мәриям Қожахметованікі

Ақ толқын тауларды сенделген,
Ойлап ем теңіз деп тербелген.
Тау емес биікке ұмтылсам,
Өзіңсің жаныма дем берген.

Шыңдарға құлшынсам сені іздеп,
Жүрегім ем таптым дегізбек.
Әу десем тау іші жаңғырды,
Шалғайда жүрсің бе мені іздеп?

Сезімді қалайша шақтайын,
Селк етіп қарайды ақ қайың.
Бәрі бар,
Тек қана сен жоқсың,
Жанымды қай жерге сақтайын?

ОЙЛЫ КЕЙПІН ҰНАТАМ

Әні Мәриям Қожахметованікі

Ойлы кейпін ұнатам жазғы орманның,
Тап осылай ойлантар наз қонған күн.
Теңіздегі толқындай толқып-толқып,
Түсінесің бір толқу аз болғанын.

Күн көрінсе кешкі бұлт балағынан,
Сәуле аумайды сәулемнің тамағынан.
Көлеңкесі боз бұлттың барады озып,
Көлді айналған ақбөкен саяғынан.

Соның бәрін көргенде біріндетіп,
Шабыт келер шалғайдан іңірлетіп.
Мен де жауам жаңбырдай таңда тынған,
Түні бойы шатырды дүрілдетіп.

1978

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШ АҒА – ЖЕР ИЕСІ

Әні Ахат Байбосыновтікі

Данаға асыл теңеу келер бейім,
Шындық мол шырай бұзбай сенер зейін.
Қазақтың Қаныш аға – жер иесі,
«Сүлеймен – су иесі» дегендейін.

Қайырмасы:

Бар қазақтың ұланы,
Баянауыл қыраны.
Түн жұлдызын ашқанда,
Жүзі жайнар аспанда,
Ардақтаймыз арысты,
Жер иесі – Қанышты.

Көз салсақ теңіз-дала бел-белеске.
Бәрі де ата-баба жері емес пе?!

Солардың арасынан жез кемедей,
Жезқазған Қаныштy айтсаң келеді еске.

Қайырмасы.

Таңданса беу, қазағым, ғасыр саған,
Кен қайда кең даламда ашылмаған?!
Кестелеп ен байлықты дестелеген,
Қаныштай әлемге әйгі асыл данаң.

Қайырмасы.

1997

ЖЕР ҰРАНЫ – ҰЛЫТАУ

Әні Ахат Байбосыновтікі

Құлагердей тұрған өрде тыныгып,
Қарапайым көрінеді ұлылық.
Кең даланың қақ төсінде тау жатыр,
Атын айтсаң кетер жаның жылынып.

Өр тұлғасы маңғаз, кербез, сымбатты,
Ұларлы жер баба сырын тыңдатты.
Бар қазаққа орда болған ақжолтай,
Жер табылмас Ұлытаудан қымбатты.

Баурайында Қорқыт үні еседі,
Абылай – ұран, Ағыбай – дүбір көшеді.
Ақын Тайжан сырнайлатып ән салса,
Тілдеседі Қаныш аға кешегі.

Киелі тау ел қиялын телітті,
Сол құдірет жаудың күшін кемітті.
Бабаларым басын қосып үш жүздің,
Қиналғанда Ұлытауға келіпті.

Сандыбай мен Кәдір, Шегір, Бабырды
Еске салып Ерден жатыр сабырлы.

«Төрт босаға» – төрткүл дүние елестеп,
Бола түсті бүкіл аймақ қадірлі.

Мирас, мұра қалған арғы атадан,
Жаралыпты тау бірлікшіл батадан.
Ұлытауды жөн болады ардақтап,
Қазағымның жер ұраны атаған.

1993

ҮШ АРЫС

Әні Төлеу Қосановтікі

Кең даланың кемеңгер перзенттері,
Аңыз-дастан атқарған міндеттері.
Үш сұңқарын, үш тұлпар, үш арысын,
Ғаламат қой туған ел құрметтеуі.

Қайырмасы:

Жаңа өмірге жар салып,
Азат таңды қарсы алып.
Еңіреп туған елім деп,
Абайдың інілері,
Қазақтың ірілері-ау –
Сәкен, Ілияс, Бейімбет.

Өлең-жырдың әлемін ашқанында,
Сол үшеуі тұрады бас жағында.
Үркерленіп барады үлкенденіп,
Үш жұлдызым туған ел аспанында.

Қайырмасы.

Ақсұңқарын дауылпаз, бұлан ерін,
Күйші дала құс қанат Құлагерін;
Үш арысын қайтарып құшағына,
Ардақтайды, салтанат құрады елім.

Қайырмасы.

АСТАНАДА «БӘЙТЕРЕК»

Әні Ерұлан Қанапияновтікі

Тереземнен көрініп тұр «Бәйтерек»,
Одан артық құлшындырар қай себеп?
Бүкіл елге нұр шапағат шашқанын
Сипаттауға сөз жетпейді, ән керек.

Қайырмасы:

«Бәйтерек» – байтақ елдің бойтұмары,
«Бәйтерек» – бақыт құсы, жан шуағы.
Көтерген жалынымен жердің шарын,
«Бәйтерек» – Астананың шамшырағы.

Талмаураған тамашаны сүйеді,
Бойға қуат, жанға жылу үйеді.
Тұла бойы гауһартастай жайнаған,
Құт орнасын «Бәйтерекке» киелі.

Қайырмасы.

Қасиетіне жас пен кәрі сенеді,
Келер күнге үміт, сенім жеңеді.
Қазақстан Еуразия төсінде,
Өзі де зор «Бәйтерек» боп келеді.

Қайырмасы.

05.12.2003.
Астана

БУРАБАЙДЫҢ АУАСЫ-АЙ!

Әні Ерұлан Қанапияновтікі

Оқжетпестің етегінде көл қандай,
Сұлулыққа көкірегің толғандай.
Жұмбақтастың тасасында талмаурап,
Ләззат алған күндер қайда шөл қанбай?

Қайырмасы:

Жағалауға барайық,
Ғаламатқа қанайық.
Қос аққудай сүйіскен,
Жан шырағын жағайық.
Тау мен көлдің арасы-ай,
Құштар жүрек дауасы-ай.
Махаббатқа малшынған,
Бурабайдың ауасы-ай!

Тау ішінде ояу жатыр Айнакөл,
Сыр бөлісіп, сыбырлайды майда жел.
Аққу әнін естіп ару қайындар,
Билеп жатқан тап осындай қайда жер?!

Қайырмасы.

Отыр деме тәтті қиял, түсті айтып,
Көкшеге кел, күн суымай, құс қайтып.
Әр күн сайын Бурабайдың ауасы,
Береді екен бір жылыңды қысқартып.

Қайырмасы.

2003.
Астана

АҚҚУ ЕЛІМ – ҚАЗАҚСТАН

Әні Ерұлан Қанапияновтікі

Есімің ай-әлемге тұрақталып,
Келіпсің Сарыарқаға жұмақты алып.
Көзіме көріндің, жас Астана,
Аққу құс қонған сияқтанып.

Іргесі егемен ел беріктенсін,
Қазаққа сұлу тұлғаң көрік берсін,
Қазақстаным гүлдене берсін.

Орнаса айдыныма алтын маусым,
Ақ қанат, ашық кабақ жарқылдайсың.
Келбетің елімді сүйсіндіріп,
Сен күннен-күнге қаркындайсың.

Іргесі егемен ел беріктенсін,
Қазаққа сұлу тұлғаң көрік берсін,
Қазақстаным гүлдене берсін.

Қуансам айналама жар салғандай,
Ғажапсың көрген адам тамсанғандай.
Толқыдым ақ қайыңдар арасынан,
Ауылдас қаракөздер қарсы алғандай.

Іргесі егемен ел беріктенсін,
Қазаққа сұлу тұлғаң көрік берсін,
Аққу елім гүлдене берсін.

ҚЫЗЫЛЖАРДЫҢ ҚЫЗДАРЫ

Әні Ерұлан Қанапияновтікі

Көрші қызбен ерте ойнап, ерте күлдік,
Естеліктер аз емес ерке күндік.
Шаршы топта қосылған ән шырқасақ,
Оңашада ғашық сыр шерте білдік.

Бал тамғандай тілінен,
Аумас жайлау гүлінен.
Қызылжардың қыздары
Бірі сұлу бірінен.

Қос жанары жүректі жаулағандай,
Ақ дидары тірі жан таңғалардай.
Өңі жайнап кететін ән салғанда,
Ертегіде арудан аумағандай.

Көркі қандай тартымды?!
Мінезі қандай татымды?!
Қызылжардың қыздары
Бәрі бірдей ақылды.

Осылар ғой жүректің нәр алғаны,
Осыларда балалық бар арманы.
Аппақ еді-ау, ұяда жұмыртқадай,
Ішіндегі ең артық жаралғаны.

Бірге құшқан таң нұры,
Жастай жалғас тағдыры;
Қызылжардың қыздары
Жас аққудай барлығы.

1996

«АЙНАЛАЙЫН, ЖАНЫМ»

Әні Ерұлан Қанапияновтікі

Аққу құсым жан баураған көлде,
«Жезкиігім» сая болған шөлде.
Махаббатым, сарқылмаған еркем,
Отыр шалқып алдымдағы төрде.

Қайырмасы:

Маған сендей кім төзді?
Жан жылуын кім сезді?
Жүрегіңде мәңгі-бақи
Сақтап қал,
«Айналайын, жаным» деген бір сөзді.

Жайлап жүрген кең даланың төсін,
Қабылдайық асыл достар көшін.
Күлкің жайсаң, жаның майса мөлдір,
Көңілдерін құрбылардың өсір.

Қайырмасы.

Сақтап келем сал табиғат заңын,
Бұлт баспайды біздің аймақ таңын.
Күн берді ме, түн берді ме тілге,
Деген сөзді «Айналайын, жаным».

Қайырмасы.

СӘБИЛЕР – ТІРШІЛІК ШЫРАҒЫ

Әні Ерұлан Қанапияновтікі

Бұтада бүршіктей түрленіп,
Дүниеге шыр еткен үн келіп.
Әулеттің жалғасы жар салды,
Жасалсын бесіктой, шілделік.

Қайырмасы:

Толқысын қуаныш бұлағы,
Көбейсін «әлди» ән тұрағы.
«Іңгәлап» жыр төгіп келіңдер,
Тезірек тәй-тәйлап желіңдер,
Сәбилер – тіршілік шырағы.

Әуелеп «әлдиге» толған ән,
Шалқысын, жебеуші бол, ғалам.
Қазақтар көбейсін, көбейсін,
Төріне дербестік орнаған.

Қайырмасы.

Көп болсын шын бақыт үлесі,
Аруақтар қолдасын киесі.
Сәбилер, сендерсің, сендерсің,
Туған жер, туған ел иесі.

Қайырмасы.

ШӘКІРТІҢ ТҰР ӘН САЛЫП

Нұрғиса Тілендиевке

Әні Сағат Кәртеңбаевтікі

Нұраға!
Сені қатты сағындым,
Наз төгілтті сағым күн.
Жыр тасқындап жүректен,
Толқып ән боп ағылдым.
«Ата толғау» ағынды,
Жер мен көкте самғады.
Сырнай-керней сарынды,
Аққу үні талмады.
Бар қазақты баураған
Күй төресін жалғады. *(2 рет)*

Нұраға!
Күй төгілтіп, шырқап ән,
Қосылғандай гүлді алаң.
Жас жігіт тұр сен баулып,
Маңдайынан сипаған.
Асыл күйді даңқы асқан,
Қандай адам ұқпайды?
Сенің ғана саңқ еткен,
Сұңқар даусың шықпайды.
Күйдің кербез күмбірін,
Көлде құстар құптайды. *(2 рет)*

Нұраға!
«Құстар әні» алыста,
Бара жатыр ғарышта.
Асыл аға, жан аға,
Жұлдыз болып қарышта.
Қандай ғажап әуені,
Туған елді жайлаған?!
Сағыныштың сәлемі,
Бойда қуат қайраған.
Шәкіртің тұр ән салып,
Күйге қанат байлаған. *(2 рет)*

30.08.2003

АСЫЛ ҚАЛА – АЛМАТЫ

Әні Сағат Кәртеңбаевтікі

Алматы – көлде аққудай әсем қала,
Махаббат саялаған.
Бар қазақ басын иген көсем қала,
Алатау аялаған.
Атқан таң бір көруге аңсап жетсе,
Күн батар қимай қарап бәсең ғана.
Алматы – адамзатқа ашық қала,
Бар әлем дидарына ғашық қала.

Алматы – ауа райы құбылмалы,
Құштарлық табындырған.
Осында ән мен күйдің тұғырлары,
Көрмесең сағындырған.
Осында сал жігіттер аңсап жүрген,
Әлемнің ең тамаша сұлулары.
Алматы – адамзатқа ашық қала,
Бар әлем дидарына ғашық қала.

Жұлдыздай көш басқарған үркердегі,
Еркіндік бастамасы;
Алматы – бар қазақтың үлкен төрі,
Оңтүстік астанасы.
Хауа ата, Хауа анамен ала келіп,
Апорттың таңдап алып түскен жері.
Алматы – адамзатқа ашық қала,
Бар әлем дидарына ғашық қала.

10.11.2003.
Алматы

ГҮЛ МҰҢЫ

Әні Серік Қойлышевтікі

Жақындап қалса алыстағы жарық таң,
Жетеді маған ғарыштағы дыбысы.
Естілді гүлдің жас сұлудай қамыққан,
Талмаураған, жабыққан талма тынысы.

Қайырмасы:

Білесің бе, көңілі неден қаяулы?
Селк етсем әлде сүйсінгені ме?
Естілді гүлдің мұңайып карап аяулы
Үнілеп ауыр күрсінгені де.

Ұмсынып қарап ел шетінде көргенде,
Жарқ ете түсті жанарынан шық тамшы.
Сеп берсемші зарыққан жанға шерменде,
Бар сырын айтпай үнсіз ғана ұқсамшы.

Қайырмасы.

Қасынан жақын алабұртып өткенде,
Ұққандаймын көкірегіне түйгенін.
Шыдай алмай тіл қатуға ол жеткен бе,
Жасырмады бір мені ғана сүйгенін.

2003.
Алматы

«АҚҚУ» КҮЙІ

Әні Серік Қойлышевтікі

Аққөлге құстар келді жарқыл қағып,
Құлын-тай билеп кетті қарқынданып.
Күйлерін Нұрғисаның құйқылжытты,
Аққулар сырнай-керней саңқыл қағып.

Қайырмасы:

Дүние күй-толқынға көмілгендей,
Қайтейін ғаламатқа көңіл бөлмей?!
Жарқ етті ақ қанаттар арасынан,
Күлімдеп күй патшасы көрінгендей.

Ұйқыда көрген түске табыныш па?
Өңімде құс-сезімге бағыныш па?
Елеске сыңар аққу елеңдесе,
Малшынып мен де кеттім сағынышқа.

Қайырмасы.

Ақ самал, шырын саумал есті жел де,
Үн қалды талмаураған кешкі көлде.
«Отырар сазы» ма деп қайран қалдым,
Аққөлде «Аққу» күйін естігенде.

Қайырмасы.

ҚОС ЖҮРЕКТЕР

Әні Серік Қойлышевтікі

Ақыл жетті басуға ғашық дертті,
Жан тілегін ақ ниет мақұл етті.
Ажарына таңырқап жүргенімде,
Жанарына жүрегім батып кетті.

Қайырмасы:

Ашық жүрек,
Ғашық жүрек
Аяласты, алмасты.
Қос жүректер,
Дос жүректер
Махаббат боп жалғасты.

Енді бізге жоламас сағым-қайғы,
Дауыл, желді бірлесіп қабылдайды.
Қосақтасып қос жүрек бара жатыр,
Одан артық қуаныш табылмайды.

Қайырмасы.

Бірін бірі армансыз еркелетер,
Үбір-шүбір өмірге ерте жетер.
Ерен-ғайып күндердің бар қызығын
Кейінгі жас ұрпаққа ертегі етер.

Қайырмасы.

05.05.2002

АТТИЛА

Әні Марат Омаровтікі

Көшпелі көне замандар
Көксеген ортақ санам бар,
Ғұндарға ұрпақ санаңдар.
Шыңдар мен құмдар жалғасты,
Сан қилы ұлттар қолдасты,
Атилла бастап жолды ашты.

Қайырмасы:

Аттила – сара жол салған,
Аттила – дауылпаз тарлан.
Аттила – жұлдыздай жанған,
Аттила – ежелгі арман.

Еділ мен Рейн қанаттас,
Дұшпанын бетке қаратпас,
Қосылды елдер сабақтас.
Қиратты жауын самсаған,
Жеңіске жетті аңсаған,
Аттила бәрін бастаған.

Қайырмасы.

Аттила – тарлан всемогущий,
Аттила – надежда в мечтах,
Аттила – маяк наш могучий,
Аттила – звезда в небесах.

22.02.2004

САҒЫНЫШ ТӨККЕН САНДУҒАШ

Мәдина Ералиеваға

Әні Марат Омаровтікі

Ақ дидарың лала гүлдей жайнаған,
Әр жүрекке әнмен жүлде байлаған,
Ару едің дәру берген зәруге,
Сағыныштың сандуғашы сайраған.

Қайырмасы:

Жұлдыздар көкте ағылды,
Аққулар естен жаңылды.
Ақбөкен бұзды сағымды,
Ақ жүзің сонда елестеп,
Мәдина, сені, Мәдина...
Бар қазақ қатты сағынды.

Сен дегенде селк етеді күрең бел,
Көлде құстар бірін-бірі түгендер.
Аңсау-сусау дерті қаулап жүректе,
Сағыныш боп желбірейді жібек жел.

Қайырмасы.

Ел тыңдаса тәтті әніңді шаттанып,
Өте шықтың ойда жоқта аттанып.
«Сағыныш-ай» деген үнің самғап жүр,
Ғашықтардың жан-жүрегін ақтарып.

Қайырмасы.

Әуеніңде сарыны бар құстардың,
Сезім сырын сендей таза ұстар кім?!
Ақ Баяндай сағынышқа малшынған,
Сен жалауы тіршілікке құштардың.

Қайырмасы.

04.02.2004

КЕШ ҚАЛҒАН ЖОҚПЫЗ БАҚЫТТАН

Әні Марат Омаровтікі

Тамаша күндер
Көңілдің күйін тасытқан,
Туыпты бізге
Аңсатып жүрген ашық таң.
Асықпа, сәулем,
Биікке біз де жетерміз,

Кеш қалған жоқпыз,
Кеш қалған жоқпыз бақыттан.

Махаббат ғажап,
Аялап жанды балқытқан,
Құштарлық жеңіп,
Рахатқа жанды малшынтқан.
Қайдасың, сәулем,
Қияға қанат сермейік,
Кеш қалған жоқпыз,
Кеш қалған жоқпыз бақыттан.

Аумайды жүзің
Жаралған нәзік жақұттан,
Сағатым сәтті
Қанатты биік қалқытқан.
Шырқашы, сәулем,
Селк етсін сергек жүректер,
Кеш қалған жоқпыз,
Кеш қалған жоқпыз бақыттан.

ЖАН ТАЛАБЫ

Әні Ержан Тастамбековтікі

Асыл гүлдер,
Ашық үндер...
Айлы түндер,
Ғашық күндер...
Қайдасыңдар, қайдасыңдар?
Өткендей бар сан ғасырлар.
Сағындырмай, жалындырмай,
Сағым нұрын жалғасыңдар.

Арайлы аспан,
Жұлдыз шашқан...
Құмар басқан,
Сәтті ашқан...

Баяғыдай аяласын!
Сезім селі қамаласын.
Рахат табар, ләззат алар,
Жан талабын жаңаласын.

Жайна, сәнім,
Сайра, әнім...
Өртеп жалын,
Қызды қаным...
Аққу қайтты біздің жаққа,
Дертті жылдар кетті ұзаққа.
Қанықтыршы, жанып кірші,
Кел, аяла, кел құшаққа.

05.12.2006.
Астана

АСТАНА ТАҢЫ

Әні Ержан Тастамбековтікі

Ажары ашық,
Аймаққа ғашық
Жан-жаққа нұры тарайды.
Есілді өрлеп,
Көсілді төрлеп
Ақ сәуле алтын арайлы.

Қайырмасы:

Күлімдеп шалқып,
Арудай балқып,
Әр үйден жалғыз жанғанда,
Астана таңы,
Құлпырды сәні
Сұлулық аспас жалғанда.
Шақырды алыс арманға,
«Ақ Орда» сәлем алғанда.

Келбеті айдай,
Жас қала қандай

Күн нұры сүйіп, құшқанда?!
Шарықтап жаны,
Қалықтап әні,
Дос түгіл мақтар дұшпан да.

Қайырмасы.

Көгілдір жалау,
Ақ күміс алау
Мәңгілік бірлік құрғандай.
Өзгерді өмір,
Көркейді көңіл
Сарыарқа қайта туғандай.

Қайырмасы.

01.12.2005.
Астана

ЖЕЗКИІК

Әні Жақсыкелді Сейіловтікі

Жез қанат, күміс бауыр киік көрдім,
Дәруі сол ма дерсің күйік-шердің.
Жез марал жүреді екен арасында,
Қаптаған Бетпақтағы киіктердің.

Жезкиік, біздің жаққа қалай келдің?
Жолымды тіке кесіп жанай бердің.
Адамның көздеріндей екі көзің,
Япырмай, дәтім шыдап қалай көрдім?

Дәл саған құрмап еді торды ешкім,
Ғайыптан душар болдың,
Сорды кештің.
Жан едім мен де сертшіл далада өскен,
Сен-дағы жалтармадың жолды кестің.

– Асықпа,
Көрейінші жөндеп қана,
Кетпесін жаңа тиген меңдеп жара.

Ет кесіп өз етімнен берсем-дағы,
Жөніңе жіберейін емдеп қана... –

Дедім де қоя бердім, ұстамадым.
Қасымда қал демедім,
Қыстамадым.
Тілеймін суық жақтан есен қайтып,
Жылы құм мекенінде қыстағанын.

Түс тербеп
Жаздың мөлдір, қысқа таңын,
Тұзақтап жезкиікті ұстатамын.
Баяғы қызыл ішік киген қызға,
Жез қамзол сол киікті ұқсатамын.

Құмарым қайта көріп қанар ма екен?
Әл бітіп салқын жүрек жанар ма екен?
Болмаса суық қолды бір сұр мерген,
Дәл көздеп киікті атып алар ма екен?

Сұлуды адам жаны қимайды екен,
Беймезгіл еске түсіп қинайды екен.
Жезкиік, сені аңсаған кездерімде,
Бір өзім кең далама сыймай кетем.

Бір өзім Сарыарқама сыймай кетем,
Бір өзім кең дүниеге сыймай кетем.

1970

АСЫЛ ЖАР

Әні Илья Жақановтікі

Айды көрсем қабағыңа ұқсайды,
Ақша бұлттар тамағыңа ұқсайды.
Күнді көрсем күлімдейді көзіңдей,
Барлық әлем қызықтырар өзіңдей.

Жолға шықсам жол ұзарып кетеді,
Сағындырған бейнең іздеп жетеді.
Орнағандай аңсап күткен жұмағы,
Барлық әлем махаббат боп тұрады.

Сені көрсем құлшынады көңілім,
Содан болар, менің ғажап өмірім.
Қызық екен ғашықтардың қиялы,
Барлық әлем жүрегіме сияды.

1983

ҚАРАҚАЛПАҚ САЗЫ

Әні Нәжметдин Мұхамединовтікі

Не болмақ сенсіз менің күнім ертең,
Құштарлық саған деген туыпты, еркем.
Шырқашы, шырқай берші балқып-толқып,
Әніңді дутарыммен қуып, шертем.

Жүрекке саған ғашық гүл тағылды,
Үзімтал, үміттесер үн табылды.
Махаббат арыз-назын төгілдіртші,
Қосайын әуеніңе дутарымды.

Туғандай Арал толар күн тағы да,
Қалқатай, құлақ салшы мұң-зарыма.
Лүпілі қос жүректің қосылып тұр,
Қарындас, құлақ салшы дутарыма.

Сарыны жан баураған назы көркем,
Шырқашы қарақалпақ сазын, еркем.
Әмудің толқынындай әуелетші,
Әніңді дутарыммен қуып, шертем.

1998.
Нүкіс

ҒАСЫР ЖЫРЫ

Әні Базарбай Жұманиязовтікі

Ленинградты от қоршауда сынаған,
Жау қысқанда не көрмеді бұл адам?!
Сол күндерде қайғы кешкен қарт Жамбыл,
Жыр боратты қорғасыннан құраған.

Қайырмасы:

Алатаудан алаулатып,
Жетті сәлем жалаулатып.
Ашыққандар алды азық,
Тарыққандар тапты қазық.
Төкті Жамбыл өлең-кенін,
«Ленинградтық өрендерін».

Тыңдай қалшы, түсінбейді кім ғана,
Бар қайғыны айтар зарлы үн нала.
«Мамам өлді... ағам өлді... біз жоқпыз», –
Деп жазыпты дәптеріне бір бала.

Қайырмасы.

Саған риза сәби-құрбан сол бала,
Саған риза өз анамдай сорлы ана.
Бір өлеңге ғасыр кегін сыйғызған,
Жамбыл ата, бұл заманда сен ғана.

Қайырмасы.

Ленинградты көрсем бүгін нұрланам,
Нұрланамын, толғанамын арнап ән.
Пушкин, Шоқан ізін басып Жамбыл жүр,
Қиын күнде бірлескендей бар ғалам.

Қайырмасы.

18.08.1995

КҮЙ АҒА, НҰР АҒА

Әні Алтынбек Қоразбаевтікі

Сазгерлік әлемнің сәні де сен,
Сарбазы, саңлағысың әрі көсем.
Нұр аға, жер бетінде есен жүрген,
Қазақтың асыл күйі, әні де сен.

Қайырмасы:

Әулие Қорқыт ата ұранысың,
Күй аға, Нұр аға.
Сазгерлік әлемінің қыранысың,
Ән аға, Нұр аға.

Әсем саз от-найзағай жасынысың,
Туған ел жүрегінде асыл үнсің.
Жаңғыртқан «Отырар сазы» өткенімді,
Бүгінгі әрі жаңа ғасырымсың.

Қайырмасы.

Күн күліп, жан толқыткан таң самалы,
Секілді естіген жан тамсанады.
Нұрғиса деген сөзден күй төгіліп,
Нұрғиса деген сөзден ән тамады.

Қайырмасы.

06.04.1995

ЖАНЫМНЫҢ ЖАҚСЫ КӨРГЕН АДАМДАРЫ

Әні Нариман Үлкенбаевтікі

Батқан күн ұялғандай қараңдады,
Атқан таң сараң жандай қадамдады.
Сондайда қуат беріп құлшындырды,
Жалғасып қыран қанат бар арманы,
Жанымның жақсы көрген адамдары.

Бірге өскен біз жайлаған замандағы,
Дос-жаран бірдей қымбат маған бәрі.
Солардың арасында жарқ етеді,
Жұлдыздай мені іздеген ғаламдағы,
Жанымның жақсы көрген адамдары.

Тамаша көлде аққудың таранғаны,
Таранып қимай қарап қадалғаны.

Дәл сондай пейілі – жаз, көңілі – көктем,
Ғажап қой мөлдір, таза жаралғаны,
Жанымның жақсы көрген адамдары.

Бір көру маған қуат, маған дәрі,
Жезкиік сағым бойлап алаңдады.
Дәл сондай сағынышы сарқылмайтын,
Жүрсінші жер бетінде аман бәрі,
Жанымның жақсы көрген адамдары.

1993

«ЖАН СӘУЛЕМДІ» АЙТҚАНДА

Әні Балнұр Балғабекқызы Қыдырбектікі

Жан құлшынар «Жан сәулемді» айтқанда,
Қайталаймын қоңыр кеште, ақ таңда.
Аңсағаным көз алдыма келеді,
Әннен шәрбат, әннен ләззат татқанда.

Қайырмасы:

Арналғандай бір маған,
Таң қалғандай бұл ғалам;
Ән шалқытқан,
Бой балқытқан,
Жан толқытқан бір адам,
Ол – Нұрғиса, Нұрағаң.

Көкірегім қоңырау қаққан секілді,
Ойдан кетпей, бойдан тағат кетірді.
Менің мөлдір махаббатым ұялшақ,
«Жан сәулемді» айта-айта жетілді.

Қайырмасы.

Бақыт құсы ән боп ұшып жеткендей,
Бүкіл әлем жан сәулем боп кеткендей;
Сүйсінемін «сүйдім» деген жалғыз сөз,
Жүрегімнен жүзіп қана өткендей.

Қайырмасы.

ЕРТІСТЕ ТУҒАН ЕРКЕ ҚЫЗ

Әні Қалдыбек Құрманалиевтікі

Жүзімдей тәтті тіл қандай?!
Жүзінен тұрмас нұр тамбай.
Үзеді-ау қайран жүректі,
Үзімі шәрбат үн балдай.

Билесең билер бұлданбай,
Сыйласаң сыйлар сынға алмай.
Құлшынып тұрған қыз екен,
Құдаша болып туғандай.

Әндетсе аспан тұнғандай,
Өртендің, күйдің дым қалмай.
Ажары жайнап ұмсынтар,
Ғашық боп елтіп тұрғандай.

Еркелеп келсе жасқанбай,
Шыдамас бойың мастанбай.
Қарақат көздер жарқ етер,
Махаббат тойын ашқандай.

«Бұл кім?» деп сонда сұрасаң,
Құпия, жабық сыр ашам.
Ертісте туған ерке қыз,
Перизат менің құдашам.

1996

МӘҢГІЛІКТІҢ КӨРКЕМ САЗЫ

Жақсыгелді Сейіловке

Әні Ахмедия Есмұқановтікі

Берсе тағдыр асыл жанды,
Елің сүйер сендей ерді.
Көркем сазың көкірек жарды,
Қақ бөлісіп қайғы-шерді.

Әуелесе әнің шалқып,
Болдың сазгер арқалы.
Бебеулетсең баян тартып,
Жан құмары таркады.

Қайырмасы:

Төгілгендей арай,
Таң шуағы жайнар.
Домбыра мен сырнай,
Әнге қанат байлар.
Құлшын сен де өмір
Тусын назды үндер.
Әнге толса көңіл,
Жеңіл өтер түндер.

Сылқым өзен сылдыр қағып,
Қосылғанда қамыс, тал;
Көкіректерде жұлдыз жанып,
Есіңді әнің ұстар.
Әр шырқауың көңіл ашар,
Әр толқыны көшті жарып.
Әр тармағын өмір ашар,
Әр сөзін біз еске алып.

Қайырмасы.

1997

АДАМДАР, АҚҚУЛАРДЫ АТПАҢДАРШЫ

Әні Ескермес Иманбаевтікі

Аққу құс айдын көлді паналайды,
Қарайды бермен қарай, қарамайды.
Көлдегі қамысты емес, құрақты емес,
Ол менің жүрегімді аралайды.

Әніне мезеттер бар тебірентетін,
Құштарлық тұла бойды меңгертетін.
Адамдар, аққуларды атпаңдаршы,
Көрмейік ару құсты көлде жетім.

Мамық төс, ақ тамағы бұлғақтайды,
Маңайды көзбен шолып тіл қатпайды.
Көлде емес, көңіл теңіз толқынында,
Жүргенін біліп, білмей сырғақтайды.

Аңсаймын, асыл құсқа асығамын,
Орнайды онсыз жерде басыма мұң.
Адамдар, аққуларды атпаңдаршы,
Сақтайық мәңгілікке ғашық әнін.

1974

ТУҒАН ЕЛІМ, ТУҒАН ЖЕРІМ

Әні Сұлтанғали Лұқпановтікі

Сүйіп келсе өлкемді күн,
Көрдім кербез жер кеңдігін.
Сексен көлдің саясында,
Серуендеп терсем гүлін,
Туған елім, туған жерім,
Ол – өзіңнің көркемдігің.

Ғасыр жолын қайтарды кім?
Аралыңды айқарды кім?
Тың игеріп, тау қопарған,
Тамсандырса қайсарлығың,
Туған елім, туған жерім,
Ол – өзіңнің шалқарлығың.

Сүйсе сүйсін сүйікті күн,
Сенсіз бақыт жиыпты кім?
Алатаудың аясында,
Әрең жүрсем сыйып бүгін,
Туған елім, туған жерім,
Ол – өзіңнің биіктігің.

ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ

Шота Уәлихановқа

Әні Темірәлі Бақтыкереевтікі

Ғаламат қайдан десең бір өзінде,
Жақсылық жылу төгіп тұр көзінде.
Жүрегі асылдардың желбірейді,
Ақжарқын, әділ, таза мінезінде.

Елгезек айға ұмтылған баладайын,
Жаратпас мөлтек мақтан алақайын.
Жүрекке жүрек қосып жүреді екен,
Ел-жұртпен тіл табысып қарапайым.

Қорқыттай мәңгі жұмақ жер іздеген,
Жәдігер ақ ниетін негіздеген.
Елде бар өнерпазбен сыйлас, тату,
Дариядай барын қосқан теңізбенен.

Жан-жаққа жауыр бұлттай еліктегіш,
Өтеді ол бар өнерін төгіп тегіс.
Арасын ағайынның жалғап жүрер,
Оң мен сол, кем-кетігін көріп тегіс.

Шексе де шерлі күндер көңіл қалған,
Ол үшін болмас осынау өмір жалған.
Атай бер кемеңгер деп жақсы адамды,
Ел мен ел арасына көпір салған.

14.08.1995.
Алматы

АЛЫСТАП БАРАМЫН ЖАҒАДАН

Әні Қ.Бишімбаевтікі

Кең жалған әр күнін санаған,
Көңілде қобалжу, бар арман.
Туған жер, көркіңнен көз жазып, *(2 рет)*
Алыстап барамын жағадан.

Жанары мың толқып қараған,
Жан анам шықпайды санадан.
Желкендей қияда шарықтап, *(2 рет)*
Алыстап барамын жағадан.

Сыйласқан келгенше шамадан,
Тату дос қыл өтпес арадан.
Ағайын-бауырлар қол сілтеп, *(2 рет)*
Алыстап барамын жағадан.

Немерем жанарын қадаған,
Тілегі болса екен қалаған.
Болашақ күндерге сәт тілеп, *(2 рет)*
Алыстап барамын жағадан.

Асқандай көп тізім шамадан,
Жасқандым жүректе жарадан.
Артымда, туған ел, сені ойлап, *(2 рет)*
Алыстап барамын жағадан.

АҚҚУҒА НАЗ

Әні Төлеухан Қайырбековтікі

Қос көлдің айдыны –
Жүректің ай-күні.
Аққулар қарсы алар,
Барсам да қай күні.
Көз алмай қарайды,
Мені дос санайды.
Сылқым құстар жайнаған,
Не деген арайлы?!

Аққулар саспайды,
Жұптарын ашпайды.
Сүйіскен жас аққу,
Сүйсінте бастайды.
Жанымды баурайды,
Өзіңнен аумайды.

Ақ қанат гүл жайған
Аққулар мәз-мейрам.
Құлшынған жүрекке,
Ұмсынтып салды ойран.
Қараймын күнімен,
Тыңдаймын түнімен.
Аппақ құстар тамсантты
Махаббат үнімен.

Саңқылда, аққуым,
Көбейсін шалқуың.
Шіркін-ай болады-ау
Осыған зар күнім.
Жанымды баурайды,
Есімнен қалмайды.

14.02.2001.
Алматы

ҚАЙДАСЫҢ, ҚАЙРАН, АЛҒАШҚЫ?

Әні Төлеутай Ибраевтікі

Ауылдың шетін аралап,
Көктемім, күзім жалғасты.
Жастық шақ берген аманат,
Қайдасың, қайран, алғашқы?

Балдырған сезім ұялшақ,
Жандырған жалын бетінде.
Есімнен кетпес құмар шақ,
Қалдырған ауыл шетінде.

Сен едің жүзің жаққан нұр,
Қыз-қиял іңкәр балапан.
Қызуын әлі сақтап жүр,
Мойныңа тиген алақан.

Жүгіре басқан келді еске,
Көлеңкең күміс айдында.

Мас еттің мені сол кеште,
Құлшынып құшақ жайдың да.

Ақ маңдай, нәзік қиғаш қас,
Күткендей сәтті жол тілеп.
Құлыншақ білек, қолаң шаш,
Өтеді көзден желбіреп.

Сағыныш бойға әл берген,
Салады еске салмасты.
Талмаурап тәтті таң көрген,
Қайдасың, қайран, алғашқы?

1990

БІР КЕЗДЕСТІМ

Әні Самат Мәдиевтікі

Бір кездестім... Сәт қанатын жалғадым,
Тамашаға таңданудан талмадым.
Бір кездестім... Содан кейін ешқашан
Басқа қызбен кездесуге бармадым.

Махаббатты періштелер қорғайды,
Жүздесуге көп шақырды жол жайлы.
Бір кездесіп, ғашық болсам сөкпеңдер,
Кездеспеген қызды алуға болмайды.

Бір кездестім... Қызды бойда бар жалын,
Ләззат таттым, айту қиын ар жағын.
Бір кездестім... Көл қорыған қызғыштай,
Енді қайтып қыр соңынан қалмадым.

Бір кездестім... Тағат тапты арманым,
Дос-жаранға толды төрім, жан-жағым.
Ең ақылды ісім болды жалғанда,
Ең алғашқы кездесуге барғаным.

АҚҚУЫМ – КЕРБЕЗІМ

Әні Мэлс Керейбаевтікі

Аққуым – асылым,
Айдында әндеткен.
Сағынып ғашығын,
Біздерден хал кеткен.

Қайырмасы:

Аққуым – кербезім,
Жетсеңші қасыма.
Жаппайды көл көзін,
Мен күтем асыға.

Сипатың ғаламат,
Айдында таранған.
Ерке құс аманат
Мен үшін жаралған.

Қайырмасы.

Келер деп себептер
Етейін жорамал.
Қайда екен мезеттер
Мойныңа оралар?..

АҚ ТІЛЕК

Болат Сағдиевке

Әні Ақтоты Райымқұлованікі

Қабыл ал сый өлеңді, Болат інім,
Өлеңім – бар егісім оратұғын.
Алатау етегінде шарықтадың,
Тұғырың биік болсын қонатұғын.

Сұрақ көп бұл нарықта шешілмеген,
Бір амал табарына өзім сенем.
Жүрегім сені көріп лүпілдейді,
Келгендей Ертіс көшіп Есілменен.

Болатжан, құтты болсын елу жасың,
Қиратар кезің нарық тау мен тасын.
Сұм заман түлкіленді, қыран боп шал,
Өнерің күннен-күнге жалындасын.

Менің бар талантты дос дейтінім,
Өнерге күнде қарқын қос дейтінім.
Сондағы ақ тілеуім біреу ғана –
Басыңа бақыт қонсын өшпейтұғын.

НЕМЕРЕЛЕР

Ержан Белгозиевтікі

Қанат жайса салтанатты сайраным,
Шырқап салар шарықтатып қайда әнім?
Немерелер құлыншақтай құлшынып,
Ортасында жайлау болып жайнадым.

Қайырмасы:

Бірі – уық, бірі – маған кереге,
Бірі – күмбез жетер биік өреге.
Өз баламнан неге ыстық көрінді,
Немерелер... немерелер... немере?..

Еркелетсең еркелетер бар еркең,
Ертең келін әкеледі сал еркең.
Қуаныштың құшағына бөленіп,
Шөбереге жететін бол, жан еркем.

Қайырмасы.

Күмбезіңе күлімдеген күн бітсін,
Төріңде ойнап шөберелер күлдіртсін.
Біздің шаттық – туған елдің шаттығы,
Жас ұрпақтың ақ жолына гүл бітсін.

Қайырмасы.

02.05.2000

ҚЫЗЫЛЖАР

Әні Жоламан Тұрсынбаевтікі

Ақ қайың асыл аймағы,
Сарыарқа алтын айдары.
Абылай «Ақ үй» орнатқан,
Қызылжар қала жайдары.
Ертеңге еркін ұмтылған,
Дәулет пен сәулет бір туған.
Қызылжар, дархан қаласың,
Тәуелсіз елде құлпырған.

Жатқандай ғашық жыр құрап,
Көшелер қандай нұр жұмақ.
Айдыны толған аққу-қаз,
Толқыған Есіл сылдырап.
Ұл-қызың қайсар жаралған,
Атадан мирас нәр алған.
Айбының асқақ, Қызылжар,
Аумаған берік қамалдан.

Сезімді қайтіп шақтайын?
Саябыр қалай сақтайын?
Қол созған ару-шыршаға,
Ән-шолпы неге тақпайын?
Бақшаңда бұлбұл сайраған,
Ән-күйге толы айналаң.
Қызылжар – өнер төрісің,
Серілер ізі жайнаған.

05.12.2003.
Астана

КҮЛШІ, ЕРКЕМ

Әні Қайырбек Сыздықовтікі

Күлші, еркем, күлші, еркем,
Бойға шуақ таратайын,
Дүрсілін жүрегіңнің санатайын.

Қимылың қызық екен, қарап тұрсам,
Баланың ойынындай қарапайым.

Қайырмасы:

Еркем,
Шіркін-ай, жан бар ма екен
Сенен көркем?

Жадыра, жадыра, жайма-шуақ еркеленіп,
Қалмасын айтар сөзің келтеленіп.
Тыңдайын тынысымды баяу алып,
Ақырын домбырамды шерте беріп.

Қайырмасы.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫН «ОҚУШЫЛАР САРАЙЫН»

Әні Мыңжасар Маңғытаевтікі

Балаларға шаттық берген арайы,
Өнер, сайыс, ән базары маңайы.
Құтты болсын мерейтойың, мерекең,
Алматыда «Оқушылар Сарайы!»

Жас ұрпаққа ерлік жасар орын бар,
Ата мирас елдің даңқын қорыңдар.
Отан үшін шыбын жанын аямас,
Бауыржан мен Рахымжандай болыңдар.

Алда ағалар түрлі өнермен жетілді,
Қырандар бар Ғанилардай өтімді.
Қазақ халқын таза сүйе біліңдер,
Қайсар ақын Мағжан аға секілді.

Дербес елдің болашағын қолпаштап,
Жайна, Сарай, жас ұрпаққа жол бастап!
Қазақстан шаңырағын шалқытып,
Құт оралар елге бірлік орнатсақ.

ҚҰЛАГЕРГЕ

Әні Дәнеш Рақышевтікі

Беу-беу, шіркін!
Қайран Құлагерім-ай,
Терең көл боп кеппей жатқан терің-ай.
Бүкіл қазақ аңыз етіп сақтаған,
Топырақтағы ай таңбалы мөрің-ай.

Сұлулардай
Қарғап өткен көрікті,
Оза білген мал да зорлық көріпті.
Жүректерге жүлде салған жануар,
Бір сотқардың сойылынан өліпті.

Арқаланып ел шуына көтерген,
Ақырғы рет мәреге есен жетер ме ең?!
Болсам егер ат айдаушы Бөрібай,
Сені сақтап өзім мерт боп кетер ме ем?!.

1975

САРБАЗ ӘНІ

Шәкен Рақышұлынікі

Ұлың, туған жер,
Сарбаз, қыран ер.
Өшпес бақ қонған,
Жолым сәт толған.

Қайырмасы:

Асыл даңқым бар,
Айқын салтым бар.
Жерді жау баспас,
Берген антым бар.

Азат байтақ ел,
Алға баса бер.
Дұшпан жол таппас,
Достар мол жақтас.

Қайырмасы.

Қайсар құрдық сап,
Барлап тұрмыз сақ.
Сарбаз қол бастар,
Қосыл, кел, жастар.

Қайырмасы.

Ашық-жарқын ай,
Ғашық салтын-ай!
Қызға жан пида,
Тарттым ән сыйға.

Қайырмасы.

10.08.2005.
Астана

ДРУГ
(Перевод Геннадия Колесникова)

Музыка Анатолия Уманцева

Геологу в пути бывает туго.
Искать руду – не собирать грибы.
Любой из нас упорно ищет друга,
Идя к нему дорогами судьбы.

Припев:

Тот, кто легко, с улыбкой лжет другому,
Тот, я уверен, друга не найдет.
Друзья мои, скажу вам наперед,
Что вовсе не попутчик я такому.

Я ненавижу тех, кто льстят и лгут,
Такие трусят встретиться глазами.
Исподтишка такие в спину бьют
И над чужими тешатся слезами.

Припев.

А кто родился радости дарить,
Тот, кто рожден лечить чужие раны,
Тот станет счастлив поздно или рано,
Тот не один, а с другом будет жить.

Припев:

Тот, кто легко, с улыбкой лжет другому,
Тот, я уверен, друга не найдет.
Друзья мои, скажу вам наперед,
Что вовсе не попутчик я такому.

СЕСТРА МИЛОСЕРДИЯ
(Перевод Геннадия Колесникова)

Музыка Анатолия Уманцева

Как искусный и меткий стрелок,
Мне болезнь прямо в сердце попала.
Только жизнь моя не пропала –
Крепок жизни моей волосок.

Припев:

Среди ночи, средь белого дня,
Если вновь захандрю, застрадаю.
Как любимую женщину, я
Милосердья сестру вспоминаю.

Боль была и глуха, и остра,
И отчаянье душу сосало.
Приходила ко мне медсестра,
Успокаивала и спасала.

Припев.

Вновь ко мне возвращалась мечта,
И любовь, и надежда, и вера.
Этих ласковых рук теплота,
Я скажу вам, друзья, откровенно.

Припев.

Все мы в жизни порою больны.
Но всегда в роковую минуту
Сестры нежные руки кладут нам
На горячие бледные лбы.

Припев:

Среди ночи, средь белого дня,
Если вновь захандрю, застрадаю.
Как любимую женщину, я
Милосердья сестру вспоминаю.

ПОЭТУ

(Перевод Геннадия Колесникова)

Музыка Анатолия Уманцева

Будь скромнее, поэт,
Не стучи себя в грудь.
Соловьиные ночи бывают тихи.
Кто ты есть – скажут людям твои же стихи...
И народную мудрость в пути не забудь!

Ведь не зря эта мудрость издревле гласит
То, что бочка пуста, если сильно гудит.
Не пируй слишком рано, кичливым не будь
И на людях, поэт, не стучи себя в грудь.

БЕЛАЯ БЕРЕЗА

(Перевод Татьяны Кузовлевой)

Музыка Ирины Силантьевой

Качается березка и печально
Округе шепчет про свое житье.
В ней наша юность, видно, не случайно:
Слова любви ищу в листве ее.

Здесь к нам заря тянулась ранней ранью,
Здесь, у березы белоногой, я
Ждал с черноглазой девочкой свиданья,
Здесь рвал цветы, волненье затая.

Гляжу я на березку, и незримо
Вновь песнями душа моя полна.
Лишь тень мелькнет – ищу я тень любимой.
Вот – словно рядом. Нет... Но где ж она?
Я с березкой говорю, как прежде:
– Тоскует ли любимая моя?
Приходит ли она сюда в надежде?
Расспрашивает ли она, где я?

Казалось мне, без нас сиротства воздух
Согнет березку, но и нынче вновь
Мне листья золотые, словно звезды,
Напоминают первую любовь.
Минуло время, но, сдержав дыханье,
К березке я взволнованно иду,
Как будто снова первое свиданье
Я с черноглазой девочкою жду...

ЛЕБЕДЬ БЕЛАЯ

(Перевод Владимира Туркина)

Музыка Михаила Чуева

Улетела лебедь белая
В далекие края –
Птица самая красивая,
Любимая моя.
До зимы еще не скоро,
Осень – рядом, наяву.
Почему я так упрямо
Все весну к себе зову?

Сиротливые озера
Ждут прилета белых птиц.

Млечный Путь в туманной дымке,
Не найдешь его границ.
Где ты, где ты, лебедь белая?
Где укрылась ты зимой?
Мои чувства следом тянутся,
Огибая шар земной.

Знаю, что в краю ненашенском
Белой лебеди – скучней.
Я хочу быть вместе с лебедью,
Я хочу быть рядом с ней.
Вот уже зима обрушилась,
Белый снег поверх гнезда,
Словно это лебедь белая
Возвратилась навсегда.

САРЫАРҚА

Әні автордікі

Әніме ұйып тына бер,
Төскейім, төрім нар алқа.
Құлагер жортқан құба бел,
Сүйемін сені, Сарыарқа.

Әніме ұйып тына бер,
Құмарың тарқап жан қалқа.
Сен туған жер ғажап жер,
Сұлулар елі – Сарыарқа.

Қосылып сен де тың ән сал,
Тыңдасын кербез бай алқа.
Ақан, Сәкен, Біржан сал,
Серілер елі – Сарыарқа.

Ақ орда құрған Абылай,
Атына даңқы сай алқа.
Абай, Шоқан, Ыбырай,
Даналар елі – Сарыарқа.

Әніме ұйып тына бер,
Төскейім, төрім нар алқа.
Құлагер жорткан құба бел,
Сүйемін сені, Сарыарқа.

1958

СУСЫН ЖҰТШЫ, АҒАТАЙ
Айтахмет Салықовқа

Әні автордікі

Нәр татпай жүзің жұқарып,
Қалыпсың жүдеп мұқалып.
Сағынып, аңсап келгенде,
Сағынтқан ұлың бергенде,
Сусын жұтшы, ағатай.

Зәмзәм тосып жалынып,
Келінің отыр қамығып.
Інілерің иіліп
Зәрудей сұрар қиылып,
Сусын жұтшы, ағатай.

Құрдастарың келіпті,
Біздерге бермей ерікті,
Бұйырады ішсін деп,
Төсектен жерге түссін деп,
Сусын жұтшы, ағатай.

Күрең ат тұр елеңдеп,
Өзіңді қашан көрем деп,
Жалынышпен жан ұғар
Кісінейді жануар,
Сусын жұтшы, ағатай.

Ауылдың көл, су, бұлағы,
Бір жұтсын деп тұнады.
Есіркеп Есіл, Қамсақты
Мөлдірін тосып аңсапты,
Сусын жұтшы, ағатай.

Жетімдер сені сүйетін,
Батасын қарттар үйетін,
Саулығыңды тілейтін,
Ауырлап қалсаң жүдейтін,
Сусын жұтшы, ағатай.

Балдыз-бажаң қасында,
Жездейлер тұр қасында,
Жаутаңдап бәрі қарады,
Жалыныш еткен талабы,
Сусын жұтшы, ағатай.

Қос немерең сұрайды,
Ішпесең олар жылайды,
Ішпесең жауым сынайды,
Ішпесең тауым құлайды,
Сусын жұтшы, ағатай.

КӨКШЕТАУ

Әні автордікі

Көкшетау өзге таудың тәубесіндей,
Қызығы құмартқан қыз әуресіндей.
Көлдегі Оқжетпестің суреті
Сұлудың айнадағы сәулесіндей.

Бурабай тауды айналып жатқан екен,
Жұмбақтас суға белден батқан екен.
Ақбура шөлі қанып дөң асқанда,
Қай сотқар көзі қиып атқан екен?!

Қос өркеш көшкен бұлтты өкшелейді,
Сал бойын сандықтастар дестелейді.
Сыры мол ел аралап аңыз болған,
Қазағым еркелетіп «Көкше» дейді.

Қарағай қатпар тасты тесіп өскен,
Бәйтерек көкке бойы жетіп өскен.

Ақ балтыр ақ қайыңдар жарқ еткенде,
Тал ойнап, қамыс басы желкілдескен.

Тас бұлақ тау ішінде сарқырaған,
Еркелеп елге таныс ән құраған.
Мөп-мөлдір, көкшіл, таза су түбінде
Құмқайрақ сары алтындай жарқыраған.

Көрген жан тамашаға беріледі,
Екі аяқ бір аттауға ерінеді.
Аспаннан күн сәулесін қуа келген
Ақ жаңбыр жалт-жұлт етіп себіледі.

Аққу-қаз екеу-екеу ойнайды екен,
Нәзік жан махаббатқа тоймайды екен.
От құшақ күйдірсе де шер тарқамай,
Сақ қыран шүйілсе де қоймайды екен.

Жан-жаққа бас айналып жаутаңдайсың,
«Ат үсті» келсең-дағы қайта алмайсың.
Әу десең орман-тоғай жаңғырығып,
Аузыңа түскен сөзді айта алмайсың.

Күлімдеп күміс шырша кеңес дейді,
Ну орман тыңдай қалып жел еспейді.
Жалғызтау Үкілі Ыбырай сырын айтса,
Сырымбет анам болып елестейді.

Не деген сүйкімді ауа, әсем көрік,
Барады көрген сайын әсемденіп.
Айыртау Ақан, Біржан сияқтанса,
Оқжетпес қарай қалды Сәкенденіп.

Көңілді кең далаға бұра бердім,
Құмарттым толқынына құба белдің.
Тербелген ақ бидайдың арасында,
Ор болып ізі жатыр Құлагердің.

Ән десең «Гәккулеткен» әнші дайын,
Күй десең «Көкейкесті» күйші дайын.
Би десең біздің ауыл қыздарындай,
Бұраңдап шыға келер биші қайың.

Айтқаным көргенімнен аспағандай,
Екі көз шыр айналар тостағандай.
Көгеріп көк белбеудей Есіл жатыр,
Көкшетау әудем жерге тастағандай.

Тау – қорған атам қазақ жалауы бар,
Тау – көсем «Абылай хан алаңы» бар.
Тау – дана Шоқан өскен баурайында,
Тау – батыр Мағжан айтқан Баяны бар.

Тау – сері сексен көлі етегінде,
Барады сексен сұлу жетегінде.
Япырмай, соның бәрін қияр ма екем,
Соңыра көз жұмылып кетерімде?..

1971

СЕРІ КҮНДЕР, ҚАЙДАСЫҢ?!

Серік Айтмағамбетовке

Әні автордікі

Сағынышым жүрегіңді жайласын,
Сандуғаш боп көкірегіңде сайрасын.
Құрбылармен құлын-тайдай тебіскен,
Сайраны мол, сері күндер, қайдасың?!

Зымырайды уақыт тыным ала алмай,
Тебіренемін жан тыныштық таба алмай.
Тербетеді, тілдеседі домбыра,
Қайран жастық қайтып келер хабардай.

Жылдар жылжып бара жатыр әріге,
Артта қалды кешегінің бәрі де.
Маң бәйбіше жұбайларды қыздар деп,
Өзімізді жұбатамыз әлі де.

ҚАРАҒЫМ, ҚАНДАЙСЫҢ?

Әні автордікі

Қарағым, қандайсың?
Не құрмет талғайсың?
Жадырап күлсең де,
Жалындап жанбайсың.

Жанымды баурайсың,
Жүректі жаулайсың.
Көлдегі көгілдір
Аққудан аумайсың.

Бір қиян алдайсың,
Бір зиян арбайсың.
Үзілмес үміттің
Шырағын жалғайсың.

Құс болып сайрайсың,
Жұлдыз боп жайнайсың.
Жасымнан сүйсең де,
Қасымда қалмайсың.

Қарағым, қандайсың?
Не жауап арнайсың?
Жазығым бар ма еді,
Қалайша қарғайсың?

ҚАМСАҚТЫ

Әні автордікі

Ауылымның өзені алдымда,
Ол келді, әлде мен бардым ба?
Балалық базары аңсатты,
Жағаңда қалдырған Қамсақты.

Таусылмай айтар наз іңірден,
Ұрсады-ау апам деп жүгірген.

Өзіңдей қарайлап жан-жақты,
Жүгіріп барады Қамсақты.

Алғашқы кездескен кезімдей,
Жүректе жылт еткен сезімдей.
Сүйіскен толқындар тамсантты,
Сыбырлап ағады Қамсақты.

Сен берген ақ түбіт бөкебай
Секілді желбіреп өтеді ай.
Сағындым, сағыныш шаршатты,
Жағаңа жетсемші, Қамсақты.

1976

ЖАСҚАНЫП ЖҮРМІН БАРУҒА

Мұса Асайыновқа

Әні автордікі

Қапылыс сөзге
Қиналдым сеніп қалуға.
Келді ғой хабар қайғыға шексіз салуға.
Көкшетауда
Жоқ дейді кербез бауырым,
Ауыл жаққа қиналып жүрмін баруға.

Сенгендей жаның,
Қолдағы жалғыз қаруға,
Іздеуші ем аңсап, ағалап ақыл алуға.
Сексен көлде
Жоқ дейді сері бауырым,
Ауыл жаққа сескеніп жүрмін баруға.

Жан еді дархан,
Жаралған лаулап жануға,
Ән-жырдың асқақ, асылын сақтап қалуға.
Жалғызтауда
Жоқ дейді жалғыз бауырым,
Ауыл жаққа жасқанып жүрмін баруға.

1976

ҚАЙДАСЫҢ?..

Әні автордікі

Қайдасың?..
Сағыныш толған ішім.
Ерекше қуанып ем,
Сендей дос болғаны үшін.
Отырмын тебіреніп жан жайлауда,
Көкіректе көнбейді ән байлауға,
Домбыра жетектейді «Саржайлауға».

Қайдасың?..
Кешегі әнің қайда?
Ойлашы, естімесе
Тіршілік жаңылмай ма?
Көкіректе көнбейді ән байлауға,
Біздің ел құмар болды «Саржайлауға».

Қайдасың?..
Жүрегім лүпілдейді,
Ол қайтсін, қалқам-ау,
Сағынып түтіп жейді.
Оралды асығыс таң жайлауға,
Көкіректе көнбейді ән байлауға,
Досым-ау, бір салсаңшы «Саржайлауға».

1977

АҚҚУ ЖЕТКЕН

Әні автордікі

Бар еді тату күндер аққуды өпкен,
Барады баурап үні «Гәккулеткен».
Сарыарқа сырнайлатқан сәні келді,
Жыл құсы елге оралып былтыр кеткен.

Қайырмасы:

Аққу-қаздар саңқылдайды,
Көлде құстар ән тыңдайды

«Гәккулеткен».
Осы екен ғой
Біздің жаққа аққу жеткен.

Ғаламат көзге алыстан көрінгенің,
Айдынның жан саяхат төріндемін.
Махаббат қуанышқа шомылғанда,
Қарашы ән нөсері төгілгенін.

Қайырмасы.

Қуансам бақытыма тап болардай,
Қиналдым ару құсқа ат қоя алмай.
Ей, қалқа! Таң мезгілде сырласайық,
Толқынға тербетіліп жатшы оянбай.

Қайырмасы.

1977

ТИМЕШІ

Әні автордікі

Тиме бұлбұлға, еркімен сайрасын,
Тиме жұлдызға, ерекше жайнасын.
Тимеші екі ішек үндессе,
Сағыныш толқыны байлансын.

Тиме аққуға, үзбесін саңқылын,
Тиме қыранға, бұзбасын қарқынын.
Тимеші маған да тебіренсем,
Алсыншы аңсаған жан тыным.

Тиме елікке, жүрегі бекінсін,
Тиме киікке, түлегі жетілсін.
Тимеші маған да ән салсам,
Көкірегім бір дертін кетірсін.

1979

АҚ БӨПЕМ

Әні автордікі

Біздің үйде кеше бір бала туды,
Шаңырағым көтерді жаңа туды.
Кім десеңдер,
Айтайын, ақ бөпешім,
Ауыл-аймақ қуанар Дана туды.

Қайырмасы:

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бөпем менің ақбөкен.
Өз балаңнан немерең
Неге сонша тәтті екен?

Әулетіме бір сәби бала келді,
Жаңа шаттық бастауын ала келді.
Ақ тотыдай әндеткен кім десеңдер,
Мың жылда бір туатын Дана келді.

Қайырмасы.

Алақайлап айылды жимай тұрмын,
Қуанғаннан жер-көкке сыймай тұрмын.
«Ата» деген жақсы ғой, бәйбішемді
«Әже» деуге, шіркін-ай, қимай тұрмын.

Қайырмасы.

20.07.1982

ОРАЛҒА

Әні автордікі

Қыздай жас құрдасым деп дәріптедім,
Жасыңды білмегенім анық менің.
Отыздың ортасында тұра тұрмай,
Қырыққа сен де келіп қалып па едің?

Қайырмасы:

Ой-хой, жалған-ай!
Ай-хай, арман-ай!
Кеше ғана айрылмастай көрінген,
Жастық шақтың тым алыста қалғаны-ай.

Жігіт жоқ бұл жалғанда қылмас жорық,
Мақтанып отыр деме тым мас болып.
Отызда қырындауға сәт түспеді,
Қырықта өтейікші құрдас болып.

Қайырмасы.

Адамдар дос табады сыйлас жерден,
Жақсы ғой сыйласқаны қимас пендең.
Алдымнан сексен сұлу өтсе-дағы,
Жігітпін жер бетінде құрдас терген.

Қайырмасы.

Сезбесем жаз өткенін күзге дейін,
Япырмай, сені неге қыз демейін?
Ар жағын құдай өзі бере жатар,
Өтейік құрдас болып жүзге дейін.

Қайырмасы.

1992

АҚАН СЕРІ

Әні автордікі

Ұқсаған тұлпарға да, сұңқарға да,
Болғаны қандай жақсы атаң дана?!
«Бір сырлы, сегіз қырлы» бар қазақта,
Атасы сериліктің – Ақан ғана.

Сұлу саз, асыл жырдың аққан селі,
Кемеңгер әншіліктің ақтангері:
Саятшы, бапкер, ұстаз, ел ағасы,
Жан досы Құлагердің – Ақан сері.

Жын емес, пері де емес тақсыр күлген,
Тозған ел дүлдүлі еді бапсыз жүрген.
Жасқантқан Жәңгір ханды Исатайдай,
Сарыарқа патшасы еді тақсыз жүрген.

Аспанда шарықтаса «Қараторғай»,
Сырымбет сырласады дара толғай.
Дүниеден Құлагер мен Ақан өтіп,
Қызыққа қалды біздің дала толмай.

1992

ЖЕТПІС ҰЛДЫҢ ПАНАСЫ

Оразгүл Асанғазықызына

Әні автордікі

Сарыағашқа жұмақ орнап жатқандай,
Күн өзгеше туды бүгін ақ мандай.
Жетпіс ұлдың сүндет тойы жайнады,
Жетпіс ана жетпіс шырақ жаққандай.

Қайырмасы:

Жетпіс бала анасы,
Жетпіс перзент панасы.
Саған алғыс айтып өтер, Оразгүл,
Жер бетінде жетпіс қазақ баласы.

Шаттық қонды жетпіс балғын қабаққа,
Дәл осындай той болған жоқ қазақта.
Жетпіс тентек бір-ақ күнде қосылды,
Жер жүзілік мұсылмандық санатқа.

Қайырмасы.

Басылғандай жердің жетпіс кесірі,
Ашылғандай жетпіс сарай есігі.
Әулиедей тарап кетті аймаққа,
Оразгүлдей әкім қыздың есімі.

Қайырмасы.

САУМАЛКӨЛ

Бәйкен Әшімовке

Әні автордікі

Саумалкөл, айналайын келбетіңнен,
Сендей көл көрмей келем жер бетінен.
Шомылсам көк толқынға құндақталып,
Жатқандай сәби болып тербетілем.

Алыстан бір көруге асыққаным,
Барады асыққаннан тасып қаным.
Қайтадан бозбала боп кетейінші,
Кездессе бала күнгі ғашықтарым.

Саумалкөл, көңіл толқып сырласқаным,
Жол тосып жүрген шығар құрдастарым.
Жағаңда жастық шақтың ізі жайнап,
Төгілер айтылмаған жыр-дастаным.

Белгілі шаттығым мен саған қайғым,
Сағыныш салған дертті баяндаймын.
Күлімдеп айдыныңа ай қонғанда,
Қаракөз жарқ етер деп алаңдаймын.

1993

БІРЛІК ТУЫ – БИАҒА

Әні автордікі

Бел-белестен белгі тастап Бейімбет,
Шоқ жұлдыздан қалған жоқсың кейіндеп.
Қай ауылда тусаң-дағы байтақ ел
Жан жүрегін тосар саған бейімдеп.

Қайырмасы:

Сәкен ұшқан ғарышта,
Ілияс озған жарыста,
Мағжан жеткен қияда
Сен де жүрсің, Биаға.

Кер заманның өткерсең көп азабын,
Туды бүгін «Биаға» деп ғажап үн.
Мәңгі-бақи сені ардақтап өтеді,
Жер бетінде есен болса қазағың.

Қайырмасы.

Сырт айналса ауыр күнде дос талай,
Қостамады өзің туған Қостанай.
Ұмытқан жоқ Сәбит, Ғабит ағалар,
Нар тұлға деп сыйлап естен тастамай.

Қайырмасы.

1994

НАҒИМА

Әні автордікі

«Нақыш» дейді ағамыз Нағимасын,
Тапқыш келер асылдың бабын асыл.
«Нәке» деп те кей-кейде еркелетер,
Тап қасында жүрсе де сағынғасын.

Қайырмасы:

Әрбір аттың мәні бар,
Әрбір аттың әні бар.
«Нәкіш», «Нақыш», «Нәкентай»,
«Нәкежаны» тағы бар.
Аға сөзі – қағида,
Соның бәрі – Нағима,
Нағима, Нағима.

Атын талай түрлентіп көріктеген,
Сондай болсын жар сыйлар серік деген.
Біздің ағай сұңғақты сау қайыңдай,
Сылап-сипап жеңешем беріктеген.

Таң атысы, қысқа күн батысына,
Ат қойғыш-ау ағамыз «Нақышына».
Жеңешем де сыйға – сый жасағандай,
Бір айтқан жоқ «шалсың» деп ақысына.

КЕРБЕЗ КӨКШЕ

Әні автордікі

Сал Көкше, ерке Көкше, сері Көкше,
Жер-ана жаратыпты сені ерекше.
Көз арбап көк мұнардың арасында,
Ақбура айға ұмтылған қалады есте.

Қайырмасы:

Көгілдір орман – көркем жер,
Абылай қонған сеңсең бел.
«Гәккулеткен»,
«Аққу жеткен»
Кербез Көкше, сексен көл.

Құлагер бой жазғандай бел-белесте,
Қиядан бөлеп қойдың нұрлы елеске:
Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай
Әндетіп қарсы алғандай Оқжетпесте.

Қайырмасы.

Сексен көл Көкшетауды сырнайлаған,
Секілді сексен сұлу күй байлаған
Ақ балтыр ақ қайыңдар билегенде,
«Қош» деуге аттанарда қимайды адам.

Қайырмасы.

1997

КӨКІРЕК ЖАРҒАН

Әні автордікі

Көкшетау, төбең биік мұнар ма еді?
Қайғы-шер екеумізге құмар ма еді?
Сұм жалған қайта-қайта сынатпаса,
Мұң шалған ән көңілге тұнар ма еді?

Қайырмасы:

Беу, беу, арман,
Дүние жалған.
Естілді елдің даусы
Көкірек жарған.

Жабылды жазықсызға пәле қандай,
Қимайсың өлді деуге сана бармай.
Қиядан ақын Мағжан елестейді,
Атылған Ақбураға қарағандай.

Қайырмасы.

Мекені Біржан салдай қыран ердің,
Ішіңнен қасірет жұтып тына бердің.
Жасымнан оза шығып соққы көрген,
Өзім де біреуімін Құлагердің.

Қайырмасы.

1997

АҚ ҚАЙЫҢ

Әні автордікі

Көрсем-дағы ақ қайың
Алатаудың бауырында.
Тұрғандайсың әрдайым
Біздің ауыл маңында.

Қарағайлы жас орман
Қоюлана қалыпты.
Алтын шұғыла тек саған
Төккендей бар жарықты.

Өткен сайын қасыңнан
Көз алмастан қараймын.
Бірге өскен жасымнан
Ауылдаска балаймын.

Көңіл шетін ақтарып,
Кейде есіңе аларсың.
Мен кеткенде аттанып,
Қимай қарап қаларсың.

1954

ШӘКІРГЕ

Әні автордікі

Жетпіске, Шәкір, жылдам келіп қалдың,
Егделік есік-төрін көріп қалдым.
Алпысты алшаң басып жүре тұрмай,
Жетпіске қалай ғана көніп қалдың?!

Қайырмасы:

Ах-ау, арман,
Дүние жалған.
Жастық шақ – Жезкиігім
Қайда қалған?!
Білдік шаба желуді,
Көктен жұлдыз теруді.
Көксетпейді жиырма бес,
Сағынамыз елуді.

Біз емес жалт бұрылып шегіншектер,
Жетпістің қайда апарар жерін тексер.
Жетпіске Шәкір жетті деген сөзге,
Қамығып қалған шығар келіншектер.

Қайырмасы.

Жүруші ек бірге оқыған бала болып,
Бұл жетпіс салды саған дара жорық.
Дәуірдің тәуірі өтті ауырына,
Жетермін мен де ертең ара қонып.

Қайырмасы.

30.05.1999.
Алматы

КҮЙ ТАРТАМЫН

Әні автордікі

Күй тартамын таңертең,
Тыңдай қалшы, жан еркем!
Толқып-толқып құшағыңа қайтамын.
Күй тартамын іңірде,
Күйді жаным бүгін де,
Көргенімді саған ғана айтамын.

Қайырмасы:

Таңертең...
Жан еркем,
Саған ғана айтамын.

Күй тартамын түсімде,
Жанған оттың ішінде,
Алаулаған ақ жалынға шырмалған.
Күй тартамын кештетіп,
Күйді көкірек, ес кетіп,
Қайда ғана бара жатыр сұм жалған?!

Қайырмасы.

Күй тартамын оңаша
Қалың тұман ораса,
Ауылдардың абайладым тозғанын.
Күй тартамын өрімтал,
Күйді жүрек сезімтал,
Ойран салған қайдағыны қозғадым.

Қайырмасы.

Күй тартамын ертемен,
Тарқамады шер-шемен,
Қырда көрдім құлқыны тар түлкіні.
Күй тартамын қанша күн,
Тарта-тарта шаршадым,
Қоңыр күмбір бұзып кетті ұйқыны.

Қайырмасы.

ЕСІЛГЕ ҚОНҒАН АҚҚУЛАР

Әні автордікі

Есілге қонды аққу-қаз,
Ақ қанат сылқым сусылдап.
Жағада тұрып болдым мәз,
Аңсаған әннен сусындап.

Қайырмасы:

Айдынның беті жайнады,
Естіліп ерке саңқылдар.
Жүрекке жалау байлады,
Есілге қонған аққулар.

Қызығып асау Есілге,
Аз емес ойға түйгенім.
Есімде ауыл кешінде,
Бетіңнен алғаш сүйгенім.

Қайырмасы.

Қарағай, қайың желпінді,
Құстарға қарап анталап.
Биледі менің еркімді,
Жер-көкке қонған махаббат.

Қайырмасы.

Ән туды еркін төгіліп,
Тулады жүрек бір демде.
Ажарың кетті көрініп,
Аққуды аққу сүйгенде.

Қайырмасы.

САҒЫНДЫМ

Әні автордікі

Бір ата, бір ана баулаған,
Өзім ең, көзім ең аумаған,
Сен барда ойлап па ем, бауырым,
Жел жақтан келер деп жау маған.

Қайырмасы:

Көңілден кетпей бір,
Көз жасым кеппей жүр.
Дүниеде еш адам
Өзіңе жетпей жүр,
Сағындым, сағындым, сағындым.

Қайғыдан жүрегі жарылды,
Жан анам өзіңді сағынды.
Қай күні қай жігіт әкетер
Артыңда жас қалған жарыңды?

Қайырмасы.

ОРЫНБЕККЕ

Әні автордікі

Орынбек, келіп қалдық алпыс жасқа,
Егделік әкеліпті салтын басқа.
Хал-жайды бәйбішелер біледі ғой,
Не дерміз көңіл кеткен қарындасқа?

Жасымнан тату өскен егіз бе едік,
«Беу, достым, мұның қалай?» дегізбедің.
Елудің кең жайлауын тастап шығып,
Алпыстың ақ боранын неге іздедің?

Жастық шақ өте шықса қарамай да,
Табарсың өкініштен шала пайда.
Нарыққа қарық болмай жүргеніңде,
Аңсайтын жас тоқалды шама қайда?

Әйтеуір қартайдым деп асықпағын,
Тоқтатып, кісен салар уақытқа кім?
Тіршілік әр мезетін ардақтайық,
Көрерміз әлі талай ғашық таңын.

1993

МАХАББАТ КІМДЕРДІ СЫНАМАС?

Әні автордікі

Махаббат кімдерді сынамас,
Достан да ақыл, жөн сұрамас.
Қоштасып біз кеттік жан-жаққа,
Қос ішектей бір әуен құрамас.

Адасқан адамдай еркінен,
Сарғайып сағыныш дертінен,
Жүрмісің жасқанып амалсыз
Ғашықтық шарпыған өртінен?

Бейкүнә жүрегің жаңылсын,
Біреу кеп жалынсын, табынсын.
Ойлашы, өмірде тап мендей
Сүйер жан қалайша табылсын?

Өзгерсе тағдырдың жұмағы,
Өкініш көкірекке тұнады.
Сұм ажал жеткенше басылмас,
Алғашқы махаббат сынағы.

1962

ҮШ ЖЕҢГЕМ

Әні автордікі

Алматыдан аттандық Қызылжарға,
Шақырғаннан қалмадық қызық барда.
Желе жортып келеді көлігіміз,
Жеңіл қайық секілді жүзіп алға.

Қайырмасы:

Кім осындай түс көрген:
Ұшқан құстай үш көлден,
Ғабит аға тойына
Бара жатыр үш жеңгем,
Үш жеңгем, үш жеңгем,
Үш жеңгем, менің үш жеңгем.

Көрінеді үлкені райғүлдей,
Жайнап отыр кішісі шырайгүлдей.
Құрдас жеңгем еңлік гүл секілді,
Мен келемін хал-жайын сұрай білмей.

Қайырмасы.

Өрік-мейіз, тұрғандай жүзім дайын,
Үш жеңешем қарайды үзім-қайым.
Қастарында қалт етпес үш ағам бар,
Қызғышы көп көлдерге қызықпайын.

Қайырмасы.

13.06.2002

КЕМ КӨРМЕЙМІЗ ТІРІДЕН
Жәнібек Кәрменовке

Әні автордікі

Жәнібек, домбыраң ба, елесің бе,
Келесің тойлы кеште кеңесуге.
Шарықтап, аспандатқан қанат талмай,
Асқақ ән қалды туған ел есінде.

Қайырмасы:

Манарбектей нұрлы етіп,
Жүсіпбектей түрлентіп,
Кемпірбайдай күңірентіп,
Әсет салтын құрып ең.
Сенің асыл бейнеңді,
Кем көрмейміз тіріден.

Кербез ән қалықтаса ұзап барып,
Елтуші ек, көңіл өсіп, қуат дарып.
Тік шыркап, жарқ еттің де өте шықтың,
Тал түсте аққан жұлдыз сияқтанып.

Қайырмасы.

Аққу-қаз саңқыл қақса сахарадан,
Үніңді үзбей сақтар Отан-анаң.
Ұйқыдан Ақан сері аунап түсіп,
Шәкәрім мың алғысын айтар саған.

Қайырмасы.
Дүлдүлдер дүбіріне қосқан өнер,
Жан едің қай сайысқа қосса сенер.
Қайғысы Құлагердің аз болғандай,
Өзіңмен қалды-ау кетіп «Бес қарагер».

Қайырмасы.

1994

КӨКШЕТАУ – ӘСЕМ ӘН ҚАЛА

Әні автордікі

Көкшетау – асыл қала Арқадағы,
Жыр кернеп, ауасынан ән тамады.
Аққу-қаз саңқыл қақса көл шетінде,
Көрген жан «Гәккулетіп» қарсы алады.

Қайырмасы:

Сәулеті сұлу сән қала,
Дәулеті алтын дән қала.
Сал-серілер ордасы,
Көкшетау – әсем ән қала.

Оятса бау-бақшаны таң самалы,
Тотықұс токсан толғап қарсы алады.

Көлде ән, көшеде ән көңіл шалқып,
Адамның еске түсер аңсағаны.

Қайырмасы.

Келбетін көзге оралтса сылқым елес,
Түзелер аққу-қазбен біздің кеңес.
Бірауық тыңдай қалсаң айналаны,
Бір ауыз ән салмауың мүмкін емес.

Қайырмасы.

Ақ қайың тау етегін өрлей өскен,
Сәлемін жеткізеді желмен ескен.
Қаракөз жарқ етердей елеңдеймін,
Базарын балалықтың бірге кешкен.

Қайырмасы.

26.09.2002

ҒАБЕҢДІ СҮЙГЕН ЕРІНДЕР
Раиса Мұхамедияроваға

Жан екен сұлу ғаламат,
Арудың дәру асылы.
Ғабитпен шеккен махаббат,
Дананың дара ғашығы.

Жанары оттай жайнаған,
Қыз қалпы келбет, сәні де.
Лықсып қаны қайнаған,
Толықсып тұрды тәні де.

Шыдасын қайтіп ет жүрек,
Қалмассың көрмей шеткері.
Қағады бүлкіл елжіреп,
Ғабеңнің сүйген беттері.

Тараған аңыз, қызық жыр,
Табысқан ынтық дер кезде.

Нұр шашқан осы қызыл гүл,
Ғабеңдей сылқым кербезге.

Отырды толқып, балбырап,
Тал бойы әсем керім дер.
Ушығып кетті албырап,
Ғабеңді сүйген еріндер.

14.06.2002.
Қызылжар

ТҮН ОРТАСЫ АУҒАНДА

Сөзі Қасым Аманжоловтікі
Әні Кәкімбек Салықовтікі

Түн ортасы ауғанда,
Отырсың, жігіт, нені ойлап?
Кімнің атын жазасың,
Қайта-қайта шимайлап?

Махаббаттың бұлбұлы,
Жүр ғой сенен алыстап.
Ол естімес үніңді,
Шақырсаң қайта дауыстап.

Кетті ғой ол қайрылмай,
Жат жүрекке не амал?
Ұйықта, достым, қайғырмай,
Түсіңде көр де, ләззат ал.

1958

ДОМБЫРАҒА ҚОЛ СОҚПА

Сөзі Абай Құнанбаевтікі
Әні Кәкімбек Салықовтікі

Домбыраға қол соқпа,
Шымырлатып бір-бірлеп.
Жүрегім, соқпа, қой, тоқта,
Жас келер көзге жүр-жүрлеп.

Қайғылы көңілім қайдағы,
Бұрынғымды жаңғыртар.
Қайратты алып бойдағы,
Басымды қайғы қаңғыртар.

Онан да жылы жүзіңмен
Кел, жарым, қара бетіме.
Жылы, тәтті жауап айт,
Іштегі қайғы, дертіме.

Іштегі ескі жалынды
Сөндір жаңа қылықпен.
Сөйлесші жақсы, жағымды,
Мендей көңілі сыныкпен.

Күйлі-күйсіз бәйгеге,
Қажыды көңілім көп шауып.
Көп қинамай әр неге,
Енді семір ем тауып!

1969

ОЯНШЫ, ДОСЫМ, ҰЙҚЫҢНАН

Мұқан Төлебаевқа

Сөзі Сырбай Мәуленовтікі
Әні Кәкімбек Салықовтікі

Қабағы таудың қатулы,
Қапсағай қалың бұлт төніп.
Ұзатып жолға ақырғы,
Алматы саған шықты еріп.

Қайырмасы:

Көктемің келді өзіңнің,
Сызылтып тағы сиқырлы ән.
Көктемдей еді сезімің,
Ояншы, досым,
Ояншы, досым,
Ояншы, досым, ұйқыңнан.

Тоқташы ажал, азалы үн,
Артында қанша күй қалды?!
Басында сынсып зарлы өлең,
Қия алмай елің қиналды.

Қайырмасы.

Жүлдені алған шын дарын,
Жүйрігім еді жоқ теңі.
Қазағым, сенің ұлдарың,
Талантты сондай көп пе еді?!

Қайырмасы.

1960

СОҒЫСТАН ҚАЙТҚАН СОЛДАТТАР

Сөзі Сырбай Мәуленовтікі
Әні Кәкімбек Салықовтікі

Жаутаңдап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға
Жолыңды тосып ана жүр.
Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар?!
Көрдің бе ұлын ананың,
Соғыстан қайтқан солдаттар?

Кешікпей жарым келер деп,
Төрінен сайлап орынды.
Батысқа қарап елеңдеп,
Ару жүр тосып жолыңды.
Көтерді бәрін ауырдың
Азамат болып арды ақтар.
Көрдің бе жарын арудың,
Соғыстан қайтқан солдаттар?

Кетерде солдат жарының
Ішінде қалған ана жыл.

– Көкемді айтпай танырмын, –
Деп бір сәби бала жүр.
Қайрылмай қалай кетесің,
Хабарсыз қалай ол тоқтар?
Көрдің бе ұлдың көкесін,
Соғыстан қайтқан солдаттар?

Қаралы қағаз жіберіп,
Қаншама қайғы салды оқтар?!
Барады үнсіз түнеріп,
Соғыстан қайтқан солдаттар!

ҚЫЗЫЛ ІҢІР, ҚЫЗЫЛЖАР

Сөзі Ғалым Жайлыбайдікі
Әні Кәкімбек Салықовтікі

Қызылжарда қызарды қызыл іңір,
Көңілімнің ерітті мұзын іңір.
Көк Есілдің көкмайса арасында,
Естен кетпес күндердің қызығы жүр.

Қайырмасы:

Қызыл іңір, Қызылжар,
Қызыл қайың, қызыл тал.
Соның бәрін, қалқатай,
Жанарыңа тізіп ал.

Төбемізге төнгенде көктегі бұлт,
Көңілімде қызарды өшкен үміт.
Қызылымен есімде қызуымен,
Қызылжарда ақ қайың кешкен ымырт.

Қайырмасы.

Қызыл іңір, Қызылжар,
Қызыл қайың, қызыл тал.

Қайда екенсің, қалқатай,
Үнің бұлбұл, тілің бал?

Шоқ-шоқ қайың, шоқ қайың, топты қайың,
Ақ самалды өлеңмен толтырайын.
Қызыл іңір қызығы аңсатқанда,
Ақ қайыңдар ішінде мен тұрайын.

Қайырмасы.

Қызыл іңір, Қызылжар,
Қызыл қайың, қызыл тал.
Қызыл шырай қалқатай,
Жанарымда жүзің бар.
Қызыл шырай қалқатай,
Жанарыңда жүзім бар.

05.03.2003.
Алматы – Астана

МАЗМҰНЫ

Нұрғиса Тілендиев

Жезкиік 3
Ақындық пайғамбары – Абай ата 3
Ерке бала 4
Әйгерімнің әні 5
Әйгерімнің алғысы 6
Әлқисса 6

Еркеғали Рахмадиев

Ақ тырналар 7
Сөйлейді тағдыр сондайда 8
Сәкен аға 9
Әлди жеңгем 10
Еске алайық 10
Аққудың көгілдірі 11
Құдаша неше жылдық болады екен? 12
Осынау әнге салғайсың 13
Ақан сері 14
Тіршілікке құштарлық 14
Сүйші, сүйші, ерінбе 15
Сағынтпа 16
Жаса, біздің Ұлытау! 16
Сарыарқа 17

Кенжебек Күмісбеков

Аққуым, оралдың ба айдыныңа? 18
Құс базары – Қорғалжын 19
Асқақтасын асыл ән 20
Дүлдүлдердің бірлігі 21
Көкшетау – дархан, думан жер 22
Сағыныш сазы 22
Беу, Ақмола – астана! 23
Сері күндер, қайдасың?! 24
Ел шетіндегі елестер 25

Әсет Бейсеуов
Дүниеде мен сүйетін бір адам бар 26
Қайдасың, қайран, алғашқы? 26
Абай әнін қыз айтты 27
Адамдар, аққуларды атпаңдаршы 28
Арал кеуіп барады 29
Мағжан назы 29
Көкаршын – Қазығұрттың елтаңбасы 30
Қаскеленде құдаша 31
Оралшы, аққулар – арулар 32
Аңсадым 32
Бір тамаша ән үшін 33
Біз – қазақпыз, азатпыз 34
Салшы, қалқам, Татьянаның әніне 35
Мағжан – Ақындықтың Абылайы 36

Ескендір Хасанғалиев
Кездесу мен қоштасу 36
Ғажайып сөз «айналайын» 37
Ташкент лирикасы 38
Балқандағы сағыныш 39
Туған ел 39
Ақынның домбырасы 40
«Алтын құмдағы» тебіреніс 41
Болгария түндері 42
Дос тілегі 42
Жәйрем әні 43
Ақсұңқар қанатында 44
Әлемнің сегізінші ғаламаты 45
Салық полициясы 46
Сардар әні 47
Біз де ертең сардармыз 47
Шыңғыс аға 48
Қызылжарым, Көкшетауым 49
Той-думан 50
Бірлік төрі – Астана 51
Ардагерлер 52
Мой Кызылжар и мой Кокшетау 53

Інім бар 54
Қайдасың, еркем? 54
«Қазтрансойл», шарықта! 55
Асыл достар 56
Дарико 57
Дариконың тойындағы тебіреніс 58
Жасай бер, мұнайшылар! 59
Құбыршылар әні 60

Мұратхан Егінбаев

Ғашық кез 60
Үш арыс 61
Сен – менің жалғыз жарымсың 62
Абайым 63
Ақ тырналар 64
Дүние 65
Туған елім, туған жерім 66
Ақын Ілияс – ардақтым 67
Текестегі ат ізі 67
Сағыныш назы 68
Құрманғазы – кемеңгер 69
Сен десем... 70
Текелі 71
Қазақтың сері дүлдүлі 72
Жетісу 73
Ол қазір қай қалада екен? 74
Осы қыз 74
Жетісу мен Көкшедей 75
Қазақтың Қаныш аға – жер иесі 76
Қансонарда 77
Домбыра 78
Елдің сыйлы ағасы 79
«Айттым сәлем, Қаламқастан» бастайын 80
Жан әкеме алғысым 81
Мақтаныш етер қазағым 81
Күміжан 82
Әбікей аға 83
Жезқазған – ғашықтар қаласы 84

Біз – қазақпыз, азаттыз 85
Алтынжан 86
Өмір – өлең 87
Нағима 87
Көбейсін сәбилер 88
Бір кездестім 89
Есілдегі астана 90
Ақ бұлақ 91
Алматыда «Тәуелсіздік алаңы» 92
Жамбыл ата 92
Құнанбайдың шөбересі – Тамерлан 93
Сәбит аға – кемеңгер 94
Естігенде әніңді 95

Жағыпар Әлімханов

Сурет сыры 96
Аққу әні 97
Мәңгі шырақ 97
Сарыарқа самалы 98
Досыңның көзін ұғарсың 99
Сағыныш деген ғаламат 100
Жеңеше 101
Әкімнен шыққан батырсың 102
Жәйрем әні 103
Сәкен аға 104
Өзіңе 104
Айналайын, кел бері 105
Ауылдастар, армысың?! 106
Заман сыры 107
Өзіңсің «Гауһартас» 107
Қонақ екен қыз бала 108
Бір мін бар 109
Жер дөңгелек екен 110
Алғашқы кездесу 111
Дала – дастан 111
Доска сыр 116
Арман-ғашық 119
Атамның берген ақылы 119

Қайдасың, кең даланың ғаламаты?! 120
Жұлдызың жансын, Астана! 122

Шәміл Әбілтаев
Бір ауыз сөз 122
Жылыбұлақ 123
Ұларым 124
Бір жалғыз жарым бар 125
Өрік гүл 125
Евнейдің бұлағы 126
Пайғамбар берген аманат 127
Сүндет тойы 129
Аңсау 130
Білек қосам ел үшін 130
Қазығұрт – қазақ меккесі 131
Жер ұраны – Ұлытау 132
Дәрігерге 133
Тайқазан 134
Құрманғазы 135
Жезқазған – жер асылы 135
Жан тынысы 136
Ордабасы 137
Нәзіктік 138
Кең жүректі кемеңгер 139
Қос жүрек 140
Кереметті көргенде керемепен 141
Асыл ұлы қазақтың 142

Әшірхан Телғозиев
Ақ киік 142
Шарықтай бер, Астана! 143
Құтты бол, жаңа ғасырым! 144
Айтылмаған әнім бар 145
Жетпіс ұлдың анасы 145
Ауылда қалған қаракөз 146
Жезқазған – жер асылы 147
Жезқазған – Қаныштың қаласы 147
Аққу қала – Астана 148

Жан жарымның дидары 149
Сағыныштардан жаралдым 149

Мүбәрәк Салықов
Жаңғырық 150
Не жетсін?! 151
Ұлытау 151
Сиынар пірің – Абылай 152
Мұхтар аға 153
Қызылжар 154
Сырым бар 154
Кездеспей кеткен бір бейне 155
Күрсінбе бекер 156

Марат Түсіпбеков
Забойда 157
Туған жерге 158
Сырым бар 158
Қара өлеңмен жазылған романс 159
Ауылдастар, армысың?! 160
Сері күндер, қайдасың?! 161
Ғашық деген бар болса 161
Немерелер 162
Сағынтпа 162
Біреуі ғана келмеді 163
Дос болса 164
Қазақтың Қаныш аға – жер иесі 165

Мүбәрәк Шәкіров
Сәнденші 166
Сарқылып сағынышым қалмас па екен? 166
Құс сайран 167
Туған ел 168
Кім маған айта алады? 168
Жүрегімнің елігі 169
Әлі күнге 169
Қарағым, қандайсың? 170
Ән туады 171

Қапыда кеткен киіксің 171
Не жетсін?! 172
Жадымда жатқан бір жыр бар 173
Қырықтың қырқасынан 173
Жыр келсе... 175
Ауыл жатты, ай батты 175
Аққуға наз 176
Жүрек сыры 177
Сандуғаш сылқым 177
Аққумен қоштасу 178
Жырымда көңіл нұрым бар 179
Мойып қалам 179
Жаз келді 180
Бір жалғыз жарым бар 180
Саумалкөл 181
Сағынбаса 182
Топ киік 182
Жанымды қай жерге сақтайын? 183
Дүние 183
Жұлдыз жатыр жүрегімде 184
Мендей сүйер таппассың да 184
Оралмас күндер 185
Қар еріді 186
Жезкиікті көрсемші 187
Көктем келді 187
Дерт шекпе 188
Аңсау 188
Үміт 189
Жылдар жылжып 189
Көңіл назы 190
Адамға дос таңдарлық ерік берген 191
Биаға 192
Оңбайды ақынды атқандар! 193
Біреуі ғана келмеді 194
Алғашқы қарды күн сүйіп 194
Бүгінгі жазған өлеңдер 195
Өлеңім тірі жүрсе 196
Махаббаттың төркіні 196

Ғажайып қандай нұрлы күн?! 197
«Жоқ еді менің жаным үрей күткен...» 198
Күлкің сенің 198
Шабытты шағым жасасын! 199
Жолығыппыз екеуміз 199
Сені іздеймін 200
Бал дәурен 200
Махаббат – бақыт 201
Айдай жүзіңнен 201
Алыстаған аққу 202
Сыр бермес 203
Сырласу 203
Шын тату 204

Жоламан Тұрсынбаев
Әулие 205
Жекекөлім 205

Жамағат Темірғалиев
Алматы вальсі 207
Талдықорған 207
Жетісудың жаңа әні 208
«Аққуды» тартшы, Қаршыға 209
Жан жарымның дидары 210

Біржан Хасанғалиев
Жаралы жүрек 211
Дала әні 212
Тоса берем 213
Қайдасың бұл күнде? 213
Анашым 214

Марат Ілиясов
Құда келді 215
Бажалар мен балдыздар 216
Тойдағы ән 217
Жалыныш 217

Иран Ильяшев
Жезкиік 218
Сағындым сені, туған жер 219
Өсиет 220
Құдалар 220
Ертісте туған ерке қыз 221
Бөркің-ай 222
Біржан салдың Жанботаға айтқаны 222

Кәрім Илиясов
Оқжетпес 223
Жаутаң қаққан 224
Есілге 225
Құс сайран 225
Жол – жүректің әмірі 226
Ақан сері 226

Ерсайын Нарымбетов
«Қош айтысып кетсең де...» 226
Сарыарқа 228
Еріндер 229
Жаңа романс 230
Өзіңді, Сәулем, сағындым 231
Қату кезде 232
Ұмыту оңай емес қой 233
Байқашы 234
Ақ толқын тауларды сенделген 234
Аққумен қоштасу 235
Ауыл әні 236
Арман-ғашық 236
Түсім болдың 237
Сүндет тойы 238

Юра Айтжанов
Мұсаға 239
Досыңның көзін ұғарсың 239
Сөйлейді тағдыр сондайда 240
Ақ тілек 241
Дөңгілағаш 242

Еркін Слетдинов
Еркетайым, еркеле 242
Жекебатыр 243
Біздің ауыл қыздары 244

Абай Әбдіғалиұлы
Қазақтар кімді сыйлаған? 245
Қимай кетем дидарын 247
Жорға 248

Сәят Әбдіғали
Ақ жауын 248
Сағынтар ауылдың баласы 249
Келсеңші жалғыз ән үшін 250
Арман-ғашық 251

Өріқгүл Әділбекова
Күйші жігіт – құмарым 251
Анажан 252
Босатып жібер құр атты 253
Гүләйім 253
Бәрі де жалған 254
Аңсадым 255
Беу, беу, арман... 256
Алматым 257

Мәриям Қожахметова
Саумалкөл 258
Қанатымнан қақпашы 259
Романс 259
Ойлы кейпін ұнатам 260
Ахат Байбосынов
Қазақтың Қаныш аға – жер иесі 260
Жер ұраны – Ұлытау 261

Төлеу Қосанов
Үш арыс 262

Ерұлан Қанапиянов
Астанада «Бәйтерек» 263
Бурабайдың ауасы-ай! 263
Аққу елім – Қазақстан 264
Қызылжардың қыздары 265
«Айналайын, жаным» 266
Сәбилер – тіршілік шырағы 267

Сағат Кәртеңбаев
Шәкіртің тұр ән салып 268
Асыл қала – Алматы 269

Серік Қойлышев
Гүл мұңы 269
«Аққу» күйі 270
Қос жүректер 271

Марат Омаров
Аттила 272
Сағыныш төккен Сандуғаш 272
Кеш қалған жоқпыз бақыттан 273

Ержан Тастамбеков
Жан талабы 274
Астана таңы 275

Жақсыкелді Сейілов
Жезкиік 276

Илья Жақанов
Асыл жар 277

Нәжметдин Мұхамединов
Қарақалпақ сазы 278

Базарбай Жұманиязов
Ғасыр жыры 278

Алтынбек Қоразбаев
Күй аға, Нұр аға 279

Нариман Үлкенбаев
Жанымның жақсы көрген адамдары 280

Балнұр Балғабекқызы Қыдырбек
«Жан сәулемді» айтқанда 281

Қалдыбек Құрманалиев
Ертісте туған ерке қыз 282

Ахмедия Есмұқанов
Мәңгіліктің көркем сазы 282

Ескермес Иманбаев
Адамдар, аққуларды атпаңдаршы 283

Сұлтанғали Лұқпанов
Туған елім, туған жерім 284

Темірәлі Бақтыкереев
Жақсылықтың кепілі 285

Қ. Бишімбаев
Алыстап барамын жағадан 285

Төлеухан Қайырбеков
Аққуға наз 286

Төлеутай Ибраев
Қайдасың, қайран, алғашқы? 287

Самат Мәдиев
Бір кездестім 288

Мэлс Керейбаев
Аққуым – кербезім 289

Ақтоты Райымқұлов
Ақ тілек 289

Ержан Белгозиев
Немерелер 290

Жоламан Тұрсынбаев
Қызылжар 291

Қайырбек Сыздықов
Күлші, еркем 291

Мыңжасар Маңғытаев
Құттықтаймын «Оқушылар Сарайын» 292

Дәнеш Рақышев
Құлагерге 293

Шәкен Рақышұлы
Сарбаз әні 293

Анатолий Уманцев
Друг 294
Сестра милосердия 295
Поэту 296

Ирина Силантьева
Белая береза 296

Михаил Чуев
Лебедь белая 297

Кәкімбек Салықов
Сарыарқа 298
Сусын жұтшы, ағатай 299
Көкшетау 300
Сері күндер, қайдасың?! 302
Қарағым, қандайсың? 303

Қамсақты 303
Жасқанып жүрмін баруға 304
Қайдасың?.. 305
Аққу жеткен 305
Тимеші 306
Ақ бөпем 307
Оралға 307
Ақан Сері 308
Жетпіс ұлдың панасы 309
Саумалкөл 310
Бірлік туы – Биаға 310
Нағима 311
Кербез Көкше 312
Көкірек жарған 312
Ақ қайың 313
Шәкірге 314
Күй тартамын 315
Есілге қонған аққулар 316
Сағындым 317
Орынбекке 317
Махаббат кімдерді сынамас? 318
Үш жеңгем 318
Кем көрмейміз тіріден 319
Көкшетау – әсем ән қала 320
Ғабеңді сүйген еріндер 321
Түн ортасы ауғанда (*Сөзі Қасым Аманжоловтікі*) 322
Домбыраға қол соқпа (*Сөзі Абай Құнанбаевтікі*) 322
Ояншы, досым, ұйқыңнан (*Сөзі Сырбай Мәуленовтікі*) 323
Соғыстан қайтқан солдаттар (*Сөзі Сырбай Мәуленовтікі*) 324
Қызыл іңір, Қызылжар (*Сөзі Ғалым Жайлыбайдікі*) 325

КӘКІМБЕК САЛЫҚОВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

ТОҒЫЗЫНШЫ ТОМ

ЖЕЗКИІК

ӘНГЕ ОРАНҒАН ӨЛЕҢДЕР ЖИНАҒЫ

Жауапты редакторы *Қуат Құрмансейіт*
Техникалық редакторы *Раушан Тұрлынова*
Суретші-дизайнер *Жеңіс Қазанқапов*
Корректоры *Бибісара Рахатова*
Компьютерде беттеген *Динара Кенжебекова*

Басуға 21.08.09 қол қойылды.
Пішімі 84x108 $^{1}/_{32}$. Қаріп түрі «Таймс».
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 18,06.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 0172.

ISBN 9965-35-763-3



«Фолиант» баспасы,
010000, Астана қаласы, Ш.Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды.
010000, Астана қаласы, Ш.Айманов көшесі, 13